Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘӨЖ: 378.091.12:373.3(043) Қолжазба құқығында

СИХАЕВА АКГУЛЬ МЕЙРХАНОВНА

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау

8D01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
п.ғ.к., қауымд. проф.
Г.Т.Сәдуақас

Шет елдік кеңесші:
PhD, профессор
М.А.Сөзер (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 3
АНЫҚТАМАЛАР 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 5
КІРІСПЕ 6
1 АРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 16
1.1 «Арт-технология» ұғымының педагогикалық-психологиялық категория ретіндегі ғылыми еңбектерде қарастырылу жайы 16
1.2 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мәні, құрылымы 28
1.3 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері 38
2 АРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫ МОДЕЛЬДЕУ 53
2.1 Арт-технологиялар болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құралы ретінде 53
2.2 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мүмкіндіктері 65
2.3 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі 75
3 АРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ 94
3.1 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың бастапқы диагностикасы 94
3.2 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесі 115
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері 135
ҚОРЫТЫНДЫ 154
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 157
ҚОСЫМШАЛАР 168

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957

«Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149

Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5750 болып енгізілді

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. –Астана, 2025 http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989.

Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы. https: //adilet. zan. kz/kaz/docs/P2300000248

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Арт-технология – «арт», яғни өнер, шығармашылық және технология, яғни арнайы мақсатта жинақталған оқу мен тәрбиенің түрін, әдістері мен тәсілдерін, амалдарын анықтайтын педагогикалық және педагогикалық заңдылықтардың жүйесі.

Арт-терапия – медициналық бағыт, емдеп ықпал ету.

Арт-педагогика – оқыту мен тәрбиелеу заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы.

Өнерді үйрету – адамның сыртқы дүниенің кескінін көшіріп салу ғана емес, қайта туындату.

Courcera – жалпы бұқара халық пайдалануы үшін 2012 жылы Стэнфорд университетінің информатика ғалымдары Эндрю Ын және Дафна Коллер негізін қалаған оқу платформасы.

MOOC.org – Massive Open Online Courses –2012 жылы MIT және Гарвард университетінің ғалымдары негізін салған тегін онлайн білім беру курстары.

Kahoot! – 2012 жылы Норвегия жаратылыстану және техника ғылымдары университетінің студенттері мен оқытушылары негізін қалаған ойын арқылы оқыту платформасы.

Kami – PDF форматында берілген материалдарды түрлі өңдеулер мен өзгерту арқылы меңгеруге, сақтауға комментарийлер беруге, студент/ оқушы тапсырма орындау процесінде жетекшілік етіп отыруға өте ыңғайлы веб сервис.

Nearpod – бір платформаны қолдана отырып, нақты бір мезгілде, нақты уақыт режимінде интерактивті сабақтарда презентация, интерактивті бейнелер қолданып, ойын арқылы оқыту, оқу процесін жазып алу мүмкіндігі бар оқыту режимі.

Кәсіби педагогикалық даярлық – бұл арнайы педагогикалық білім жүйесін, жалпы және ерекше іскерлікті, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық орындау үшін дағдыларды меңгеру процесі.

Педагогикалық іс-әрекет – лауазымдық міндеттерін орындауда еңбек нәтижесіне қызмет құралдары арқылы қол жеткізу бағытындағы функциялардың, әрекеттердің, операциялардың жиынтығы.

Болашақ білім педагогінің кәсіби іс-әрекеті – оның педагогикалық процесте субьект-субьектілік өзара әрекеттесуінде оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеу, әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын атқарудағы әрекеттер жиынтығы.

Цифрлық контент – цифрлық құрылымдарда пайдалануға арналған және аралас, электронды, мобильді, желілік оқыту технологияларында жүзеге асыруға бағытталған оқу материалдарының жиынтығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚРЗ – Қазақстан Республикасының Заңы

ҚРМЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖОО – жоғары оқу орны

Абай атындағы ҚазҰПУ – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

БОПӘ – бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

ОБ – оқу бағдарламалары

ББББП – болашақ бастауыш білім педагогі

ЭТ – эксперимент тобы

БТ – бақылау тобы

ББР – білім беру ресурстары

ЖИ – жасанды интеллект

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

БӨЖ – білім алушының өзіндік жұмысы

ДББР – дәстүрлі білім беру ресурстары

ЦББР – цифрлық білім беру ресурстары

СЖБАТ – студенттің жеке білім алу траекториясы

ЮНЕСКО (UNESCO) – Біріккен ұлттар ұйымының білім, ғылым және мәдениет ұйымы (United nations educational, scientific and cultural organizations)

АКТ – ақпараттық коммуникациялық технологиялар

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық жаңару тұлғаның мәдени дамуына, эстетикалық талғамына және қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына қойылатын талаптарды тереңдете түсуде. Осыған байланысты білім беруде көркемдік мәдениетті қалыптастыру тұлғаның дүниені сезінуін, өзін тануын және құндылықтық бағдарларын дамытуға бағытталған маңызды міндет ретінде қарастырылады. Оның мазмұны өнер туралы білімді меңгеру мен көркемдік әрекет дағдыларын игеруді қамтып, адамның туындыны өзіндік пайымдауына, эмоциялық әсерін түсінуіне және шығармашылық арқылы ойын білдіруіне мүмкіндік береді. Өнермен осындай белсенді байланыс барысында жалпыадамзаттық құндылықтар тұлғаның ішкі сезімімен, жеке тәжірибесімен және саналы таңдауымен ұштасады. Сондықтан білім беру үдерісіне көркемдік-шығармашылық әрекетті мақсатты енгізу эстетикалық мәдениетті, эмоциялық сезімталдықты және адамгершілік жауапкершілікті өзара сабақтастықта дамытудың педагогикалық негізін Арт білімнің компоненттері құрайды.

Осы орайда Президент Қ.Ж. Тоқаев Қазақстан Халқына жолдауларында еліміздегі адами капиталды дамытудың маңыздылығына мән беріп: «...Адам капиталын дамытушы негіздердің бірі – білім беру саласы. Білім беру саласының қызметкерлері оқу-тәрбие дамыту категориясы аясында білім алушыларға білім беріп қана қоймай, өскелең ұрпақты қоғамға, өмірге дайындап, әртүрлі жағдайлардан шешім таба алуға үйретуд» деп айтады [1]. Бұл құжатта, болашақ мамандарды кәсіби даярлауға аса мән берудің маңызы өте жоғары. Сондай-ақ біз, арт педагогиканың негізгі сипатты ерекшелігін ескеруіміз керек, ол өнер құралдары мен көркемдік-шығармашылық әрекетке негізделген. дамып келе жатқан білім беру әлеуеті. Мұндағы әлеует, біздің ойымызша, әлеуметтік ортадағы келеңсіз құбылыстардың алдын алу жұмыстарында – қазіргі жастардың теріс әрекеттерінің алдын алу жұмыстарында ерекше сұранысқа ие.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында педагогті кәсіби даярлаудың маңыздылығы айқындала келіп, оны жетілдіру шаралары былай берілген: «Болмыстың өзгеруіне және озық білім беру практикасына сәйкес «педагог құзыреттерінің шеңберін» – «Педагог» кәсіби стандартын енгізу жоспарлануда, ол білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтердің кәсіби даму траекториясының бірыңғай бағдарына айналады» [2]. Осы ретте болашақ педагогтерді кәсіби даярлау ісіне ерекше көңіл бөлінуде екенін, оған жаңашылдықтар енгізіп, дамыта түсу көзделіп отырғанын, түптеп келгенде, педагогтерді кәсіби даярлау мәселесінің өзектілігін көрсетеді.

ЮНЕСКО ұйымы ересектерге білім беру ерекшеліктерін зерттей отырып, көптеген зерттеулердің нәтижесінде ересектер тәрбиесінің негізгі қағидасын: «Ересек үшін оқу қызық болуы керек» деп тұжырымдады [3]. Педагогикалық мағынада көңіл көтеру эмоционалды өрлеуді, әрбір қатысушының әрекетке жеке қатынасын, оның мағыналарды жеке түсіндіру құқығын, көркем-педагогикалық

тәсілдің құрамдас бөліктері болып табылатын топтағы бейресми атмосфераны білдіреді және оны оқу процесіне қосу қажеттілігін тағы бір рет растайды.

Арт-технологиялардың болашақ педагогтерді даярлаудағы әлеуеті өнердің адам тәжірибесін көркем бейнелер арқылы жеткізуімен, дүниені танудың сезімдік және ұғымдық қырларын байланыстыруымен айқындалады. Көркем шығарманы қабылдау, түсіндіру және шығармашылық әрекетке қатысу барысында адам қоршаған болмысты өзінің сезімімен, ойымен және өмірлік тәжірибесімен сабақтастыра ұғынады. Аталмыш үдеріс тұлғаның өзін тануына, өзгенің жан дүниесін түсінуіне, эстетикалық талғамы мен құндылықтық ұстанымдарының қалыптасуына мүмкіндік береді. Нақтырақ айтсақ, арт-технологияларды кәсіби даярлыққа енгізу болашақ педагогтің өнер туындыларын білім мен тәрбие міндеттеріне сәйкес қолдану, көркемдік мазмұнды баланың жас ерекшелігіне бейімдеу және оның өзін шығармашылықпен танытуына жағдай жасау қабілеттерін дамытуға бағытталады. Өнерде жинақталған мәдени тәжірибені педагогикалық мазмұнға айналдыру арқылы болашақ маман білімді баланың сезімімен және жеке тәжірибесімен байланыстыру жолдарын меңгереді. Демек, арт-технологиялардың кәсіби даярлықтағы маңызы көркемдік әрекет арқылы педагогикалық ойлауды, эмоциялық сезімталдықты және шығармашылық шешім қабылдау қабілетін өзара бірлікте дамытуымен сипатталады.

Арт, яғни көркем өнер адамның ақыл-ой және физикалық шеберлігін білдіреді. Нақты айтқанда, арт-көркем өнер табиғаттан айрықша, адамның жасампаз қуатынан туындаған жасанды дүние болып табылады. Табиғаттың жасампаздығы мен арт туындысы екі түрлі нәрсе екені белгілі, көркем өнер бұйымы адамның қажырлы еңбегінен туындайтын нәрсе. Бірақ адам жасағанының барлығы көркем өнер туындысына айнала бермейді. Шебердің қолынан шыққан бұйым ғана көркем өнер, яғни арт деңгейінде бағаланады. Осы тұста көркем өнердің адамзат қоғамында атқаратын маңызды функцияларының, мәдениетті қалыптастырушы және жасампаздығымен өзгерте алушы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық пен байланысты жалғастырушы функцияларының болашақ педагогтерді даярлауда жаңа дидактикалық мүмкіндіктер етіп қолдану жолдарын танудың заманауи маңызы зор [4].

Арт-технология инновациялық оқыту технологияларының бір бөлшегі бола отырып, болашақ педагогтердің шығармашылық қабілетін дамытуға, ынтымақтастық пен мамандықты меңгеруге, ықыласын арттыруға сенімді тірек болатын педагогикалық жүйе бола алады [5]. Негізгі мәселе болашақ бастауыш мектеп педагогтерін дайындауда арт-технологиясының үздік қырларын айқындау мен оларды тиімділікпен дидактикалық процесте қолдану болып табылады. Бұл ретте болашақ педагогтердің кәсіби даярлығының маңызы жоғары.

Даярлық – тұлғаның бір нәрсе істеуге келісім беруі және өз үлесін қосуға мүдделі екендігін білдіретін термин, белгілі бір мәселеде көмектесуге оның толық дайын екендігінің белгісі, бір нәрсені істеуге дайын болу немесе толықтай дайын болуы. Педагогтің кәсіби дайындығының мазмұнын келесілер құрайды:

мұғалімдік мамандыққа оң қатынас, педагогтың алуан түрлі әрекеттеріне оң қатынас, тұрақты кәсіби қызығушылықтар, педагогикалық іс-әрекеттің тұрақты мотивтері, оның нәтижелеріне қатысты жауапкершілікті сезіну, кәсіби іс-әрекеттің адекватты талаптары, тұлғаның сапалары, мінездің сипаттары, кәсіби маңызды білімдер, біліктер, дағдылар, оларды жұмылдыруға және белсендіруге қабілеттілігі, дамытылған педагогикалық қабілеттер, кәсіби міндеттерді шешудегі өзбетінше әрекет ету, эмоциялық, еріктік, сезімдік аймақтардың дамығандығы, қабылдаудың, зейіннің, ойлаудың тұрақты кәсіби маңызды ерекшеліктері [6].

Болашақ бастауыш білім педагогтерін дайындауда бұл міндетті іске асырудың тиімді бір жолы ретінде арт-технологияны қолданудың теориялық негіздерін жүйелеу және сол теориялық негіздерді тірек еткен практикалық технология жүйесін әзірлеу міндетін шешу маңызды. Университетте білім беруде дәріс, семинар, практикалық сабақтарда, аудиториядан тыс тәрбие жұмыстарында өнер туындыларын дидактикалық әдіс ретінде қолдану жолы бір басқа. Ал көркем өнер мүмкіндіктерін болашақ педагогтерді дайындауда жүйелі арт-технология ретінде пайдалану арқылы дәстүрлі білім беру жүйесі дидактикалық жағынан байытыла түседі [7-9].

Мәселенің ғылымда қарастырылу деңгейі. Болашақ білім педагогінің кәсіби даярлығы проблемасына қатысты зерттелген жұмыстар аз емес. Педагогтің кәсіби даярлығы әр түрлі ғылымдар тұрғысынан зерделенген. Атап айтсақ:

- Б.С.Гершунский [10], Л.И.Анцыферова [11], С.Г.Вершловский [12], М.В.Кларин [13] және т.б. болашақ педагогтің кәсіби даярлығын диалектиканың заңдары мен категорияларымен байланысты және үздіксіз және дискреттілік контекстіндегі тарихи процесс ретінде қарастырған;
- әлеуметтанушы ғалымдар Ф.Р.Филиппов [14], Қасымова Р.С. [15], Аңламасова Г.А. [16] және т. б. Болашақ педагогтің кәсіби даярлығының әлеуметтік факторларға тәуелділігін анықтаған;
- Л.М.Митина [17], С.Л.Рубинштейн [18], Ж.И.Намазбаева [19] және т.б. психолог ғалымдар өз еңбектерінде тұлғалық қарама-қайшылықтардың психологиялық ерекшеліктерін саралаған;
- Э.Ф.Зеер [20], А.М.Новиков [21], О.Л.Шабалина [22], Н.М.Яковлева [23], Н.Д.Хмель [24], Н.Н.Хан [25], Г.Т.Хайруллин [26], Г.С.Саудабаева [27] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде болашақ білім педагогінің кәсіби даярлығының теориялық және практикалық құрамдас бөліктерін кіріктіру мәселелері зерделенген;
- бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда кәсіби-дидактикалық құзыретін қалыптастыру (Барсай Б.Т. [28]); кәсіби іс-әрекетке даярлау (Джанбубекова М.З. [29]); білім беру технологиялары негізінде даярлау (Уайдуллақызы Э. [30], Мулдабекова К.Т. [31], Оспанбекова М.Н. [32], Сартаева Н.Т. [33], Асылжанова Д.Е. [34]), әлеуметтік зияттылығын дамыту (Умирбекова А.Н. [35]); метақұзыреттілігін дамыту (Жанадилова Қ.Б. [36]); инновациялық әрекетке даярлау (Стамбекова Ж. [37]); креативті құзыреттілігін қалыптастыру

(Нағымжанова Қ. [38], Нұржанова С. [39], Жұмаш Ж. [40]); ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау (Жияшева Ж. [41]); көптілді оқытуға даярлау (Кыдырбаева Г.Б. [42]) бойынша жоғарыдағы ғалымдар өз зерттеулерінде қарастырған;

- арт-технологияның негізі халық ауыз әдебиетінен бастау алған М.Әуезов [43], ал Ы.Алтынсарин [44], А.Байтұрсынұлы [45] өнер-білімнен іздестірген;

- арт-педагогиканың, көркем өнердің өзіндік ерекшеліктері туралы теория Маслоу А. [46], Роджерс К. [47] Пономарев Я.А. [48], Айтбаев А.Б. [49], Касен Г.А. [50] , Небесаева Ж.О. [51], Мынбаева А.К. [52], Мадалиева З.Б. [53], Елкина М.В. [54], Нүрке М. [55] және т.б. еңбектерінде айқындалған.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерге жасалған талдау арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау мәселесінің арнайы зерттелмегенін көрсетті. Мәселенің көкейкестілігін талдау барысында арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау процесін жүзеге асыруда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында, оның теориялық және әдістемелік негізделуі арасында қарама-қайшылықтар бар екендігі айқындалды:

– арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауға қоғамның сұранысы мен оның практикада жүзеге асырылмағандығы арасында;

– арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби іс-әрекетке даярлау қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің теориялық, әдістемелік тұрғыдан жеткіліксіздігі арасында;

– арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби іс-әрекетке даярлауды жоғары оқу орны білім беру процесіне ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы арасында.

Айқындалған қарама-қайшылықтар зерттеу жұмысымыздың негізгі мәселесін анықтады, ол арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және оның әдістемелік жүйесін ұсынып, тәжірибеде жүзеге асыру қажеттілігімен анықталады. Аталған қарама-қайшылықтардан туындаған зерттеу мәселесі бізге тақырыпты **«Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби іс-әрекетке даярлау»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты – арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, оның әдістемелік жүйесін әзірлеп, тиімділігін педагогикалық тәжірибелік-эксперименттен өткізу.

Зерттеу нысаны – ЖОО-да болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау үдерісі.

Зерттеу пәні – арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау әдістемесі

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, оның әдістемелік жүйесі дайындалса, әзірленген

әдістемелік жүйенің құрылымдық-мазмұндық моделі тәжірибеге ендірілсе, онда арт-технология негізінде болашақ педагогті педагогикалық кәсіби әрекетке даярлау толыққанды жүзеге асырылады, өйткені әрбір студенттің көркем өнердің қуатын дидактикалық тұрғыдан пайдалануына, көркем өнер мен шығармашылық әдістерді игеруіне, шығармашылық талғамының қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

Зерттеу жұмысының алдына қойылған зерттеу мақсаты мен ұсынылған ғылыми болжам зерттеу жұмысының **келесі міндеттерін** шешу қажеттілігін алға қояды:

1. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау.
2. Арт-технологияларды болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың тиімді құралы ретінде сипаттау.
3. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау.
4. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.
5. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесін дайындау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауда білім беру ресурстарының дәстүрлі және инновациялық түрлерін тиімді пайдалану заманауи педагогикалық іс-әрекетке даяр, практикаға бағдарланған, кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған, бәсекеге қабілетті, жасампаз педагогтерді даярлауға септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін: қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму заңдылықтары, болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби әрекетке даярлауда арт-технологиялық жүйесін қолдану жүйесіндегі кәсіби іс-әрекеттің, арт-технологияның, цифрлық контентті пайдаланудың ұғымдық мәні мен маңызын, бастауыш білім педагогтерін кәсіби әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін философиялық және педагогикалық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан талдау арқылы танылған ғылыми мәліметтер құрайды.

Зерттеу көздеріне: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, жалпыға міндетті бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты, зерттеу жұмысының тақырыбы мен мақсат-міндеттеріне, зерттеу логикасына сәйкес отандық және шетел ғалымдарының философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектері мен зерттеулері, бастауыш білім беру деңгейінің пәндік оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен құралдар, интернет-ресурс пен электрондық оқу құралдары, мерзімдік баспасөз беттері және ғылыми-әдістемелік ақпараттар, бастауыш сынып мұғалімдерінің іс-

тәжірибесі және озат үлгілері, зерттеуші автордың жеке педагогикалық тәжірибесі алынды.

Зерттеу әдістері. Теориялық әдістер: ғылыми танымның педагогикалық, психологиялық, теориялық дидактикалық, әдістемелік-технологиялық, цифрлық дидактикалық салаларын талдау, жинақтау, топтастыру, қорытындылау, жалпылау, жалқылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу. Эмпирикалық әдістер: Google сауалнама, бақылау, диагностикалау, тәжірибе жүргізу, эксперимент нәтижесін бақылау, нәтижелерді математикалық және статистикалық талдау, сараптау.

Зерттеу кезеңдері. Зерттеу 2021-2024 жылдары аралығында жүргізіліп, өзара байланысты үш кезеңді құрайды.

Бірінші кезеңде (2021-2022 жылдар) Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогін кәсіби даярлау тақырыбы бойынша философиялық, көркем өнер теориясы бойынша, педагогика бойынша, психология, дидактика, әдістеме, жаңа педагогикалық технологиялар теориялық бастау көздері мен арт-технологияларды білім беру процесінде пайдалану әдістемесі, озық технологиялар бойынша еңбектер мен зерттеулерге талдаулар жүргізілді. Осы бірінші кезеңде зерттеу жұмысының мақсаты мен оған қол жеткізу үшін шешілуі тиіс міндеттердің мазмұны анықталды, диссертацияның ұғымдық аппараты нақтыланды, зерттеудің бағдарламасы белгіленді. Бірінші кезеңде бастауыш білім педагогін жаңа заман талаптарына сай кәсіби даярлаудың жан-жақты қырлары, қолданылатын жаңа технологиялар, соның ішінде арт технологиялардың әлеуеті мен мүмкіндіктері практикада қаншалықты деңгейде пайдаланылып жатқандығы туралы мәліметтер жинақталып, ізденіп отырған мәселенің қазіргі жай-күйі анықталды.

Екінші кезеңде (2022-2023 жылдар) жүргізілген жұмыстар, негізінен, арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеумен, ұсынылатын модельдің іске қосылу логикасы мен әдістерін жүйеге түсіріп, біртұтас әдістемесін әзірлеумен, педагогикалық тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңін ұйымдастырып, әдістеменің тиімділігін тексерумен байланысты жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2023-2024 жылдар) арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау әдістемесі сыналған педагогикалық тәжірибелік-эксперимент жұмысының қорытынды бақылау кезеңі өткізіліп, алынған нәтижелерге бағалау мен түзетулер жасалынды, жалпы зерттеу жұмысының түйінді нәтижелері жинақталып, зерттеудің қорытындысы жасалынды. Студенттердің арт-технологияларды танып-білу және өз болашақ қызметінде қолдана білу дағдылары түрлі қырынан, атап айтқанда, субъективтік қырынан, яғни студенттің өзінің арт-технологияны педагогикалық кәсіби әрекетінде тиімді пайдалануға даярлығы өзінің бағалауы және объективтік қырынан, яғни жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысы бойынша алынған нәтижелерді талдау қорытындысы бойынша анықталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы

- арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- цифрлық контент арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың тиімді құралы ретінде сипатталды;

- арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктері анықталды;

- арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесін дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттен тексерілді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы: «АРТ-технология теориясы және әдістемесі» деп аталатын арнаулы курс дайындалып, бастауыш білім педагогін кәсіби даярлау процесінде қолданылды. «Арт технология: теория және практика» оқу-әдістемелік құралы мен «КӨРКЕМ» атты цифрлық контентті дидактикалық қоржын-папкасын» құрайтын «Арт-клуб» жұмысын жүргізудің әдістемелік-технологиялық кешені әзірленді.

Арнайы курс материалдары мен «Арт-клуб» жұмысын жүргізудің әдістемелік-технологиялық кешенін студенттер және бастауыш сынып мұғалімдері қолдана алады.

Зерттеудің қорғауға ұсынылатын қағидалары

1. «Арт-технология» ұғымы тұлғаның өзін танытуы мен дамуында тірек болатын көркем шығармашылықтың әдістері, амалдары және техникаларын дидактикалық процесте қолдану жүйесі ретінде жан-жақты функцияланады. «Арт-технология – тұлғаның өзін-өзі танытуына, шығармашылық әлеуетін ашуға және жан-жақты дамуына ықпал ететін көркемдік-шығармашылық әдістерді, тәсілдер мен техникаларды білім беру процесінде педагогикалық мақсатқа сәйкес жүйелі қолдануға негізделген технология түрі»;

«Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» студенттердің арт-технологияның құраушы барлық компоненттері мен тетіктеріне, байланыстары мен қатынастарына сәйкес педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелі болуын айқындайтын кәсіби-тұлғалық сапаларын кіріктіре дамытуға негізделген педагогикалық үдеріс»; «Арт-технология» ұғымы мен «арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» түсінігінің нақтыланған мәні мен олардың құрылымы оқыту процесін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негізін жасаудың базасы болып табылады; Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдіснамалық негізін жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік, инновациялық-технологиялық тұғырлары құрайды.

2. Арт-технологиялар білім алушының оқу нәтижелеріне қол жеткізуі үшін қолайлы көркем өнер әдістерін меңгеруге тірек болатын, шығармашылық білімдік орта ұйымдастыруға бағытталған, білім берудің сапасын көтеруге болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауға қатысатын құралдар жүйесі ретінде танылды.

3. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктері арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық құрал ретінде меңгеруге ынталандыру, педагогикалық, пәндік және көркемдік білімді өзара кіріктіру, кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды шығармашылықпен модельдеу және шешу, өзіндік шығармашылық тәжірибені болашақ педагогикалық әрекетке көшіру, сондай-ақ кәсіби іс-әрекетті талдау, бағалау және жетілдіру арқылы болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын қамтамасыз ететін өзара байланысты мүмкіндіктер жиынтығы ретінде негізделеді.

4. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау процесінің құрылымдық-мазмұндық моделі – бұл күтілетін нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған, даярлау процесінің өзара байланысқан аксиологиялық-мотивациялық, гнесиологиялық-танымдық, іс-әрекеттік-рефлексивті компоненттерінен құралып, оларды сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштері анықталған, іске асыру әдістері мен құралдары нақтыланған, нәтижелердің деңгейлік сипаттамалары белгіленген біртұтас құрылым болып табылады.

5. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесіне кіретін «АРТ-технология теориясы және әдістемесі» деп аталатын арнаулы курс пен «Арт-клуб» жұмысын жүргізудің әдістемелік-технологиялық кешені, студенттерге және экспериментке қатысушы топтарға дәріс оқитын оқытушыларға арналған «Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби дайындауға арналған оқу ресурстары» тақырыбы бойынша «КӨРКЕМ» атты цифрлық контентті дидактикалық қоржын-папкасы» дайындалып, тәжірибеге ендірілді.

Зерттеу базасы: тәжірибелік-эксперимент жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бастауыш білім беру кафедрасында жүргізілді.

Зерттеудің талқылануы мен жариялануы. Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша 7 ғылыми еңбек жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналдарда, 2 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 4 мақала жақын және алыс шет елдерде өткізілген халықаралық-практикалық конференция материалдарында жарияланды.

Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі журналда:

1. The impact of art technologies on teachers professional preparation in fine arts: anexploratory study in the context of Kazakhstan//Journal of Education and e-Learning Research Vol. 13, No. 3, 38-48, 2026 ISSN(E) 2410-9991 / ISSN(P) 2518-0169 https://doi.org/10.20448/jeelr.v13i3.8970 56-процентиль (A.M. Sikhayeva 60%, G.Saduakas 10%, A.Kurmanbekova 10%, R.Yelubayeva 10%,, M.Zhailauova 10%).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі журналдарда жарық көрген ғылыми мақалалар:

2. Арт технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауды модельдеу//Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(85), 2025 ж. (143-156 б). https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.014 (А.М. Сихаева 80 %, Г.Т.Сәдуақас 10%, Н.А.Шынтаева 10%);

3. Methodological Framework for Training Future Primary School Teachers Using Art Technologies// Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия үлттық университетінің Хабаршы. Педагогика, психология, әлеуметтану сериясы. Том 153, №4, 2025(273-289бб) doi.org/10.32523/3080-1710-2026-154-1. (А.М. Сихаева 80 %, Г.Т.Сәдуақас 10%, А.С.Мехмет 10%,).

Қазақстанның ғылыми журналдарында жарық көрген ғылыми еңбектер

4.«Болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудағы ART-технологияларының ролі» // Глобальная наука и инновации: Центральная Азия. Международный научно-практический журнал.Астана, Қазақстан, №2, апрель 2024. 97-100стр. ISSN 2664-2271 (А.М. Сихаева 80 %, Г.Т.Сәдуақас 20%).

Жақын және алыс шет елдерде өткізілген халықаралық-практикалық конференция материалдары

5.«Арт-технологиялар негізінде білім беру-кәсіби маман даярлаудағы маңызды фактор»//«Türk Dünyası Eğitim Bilimleri Uluslararası Kongresi-II» атты конференция жинағы. 16-18 караша 2022 жыл. 428-436 б. -Анкара, Түркия. А.М. Сихаева 80 %, Г.Т.Сәдуақас 20%).

6.Кәсіби маман даярлаудағы ART-технологияларының ролі //Педагогика и психология в современном мире: теоретические и практические исследования» атты LXX Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. -Ресей, Мәскеу, №4(70), апрель 2023 жыл. - 48-59 б. ISSN 2541-9862

DOI: 10.32743/25419862.2023.4.70.356369 А.М. Сихаева 80 %, Г.Т.Сәдуақас 20%).

7.Кәсіби маман даярлау заман талабы//«Педагогика и психология в современном мире: теоретические и практические исследования» атты LXX Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы.-Ресей, Мәскеу, №5(83), май 2024 жыл. 136-142б. ISSN 2541-9862 А.М. Сихаева 80 %, Г.Т.Сәдуақас 20%).

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.Кіріспенің мазмұны зерттеу жұмысының өзектілігі, зерттеу нысаны мен зерттеу пәні, теориялық-әдіснамалық негіздер, зерттеу әдістері, зерттеудің теориялық және практикалық жаңашылдығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдардан тұрады.

Бірінші тарау «Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері» деп аталады. Мұнда «арт-технология» ұғымының педагогикалық-психологиялық категория ретіндегі ғылыми еңбектерде қарастырылу жайы сипатталып, арт-технологиялар

негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мәні, құрылымы және психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалды.

Екінші тарау «Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауды модельдеу» деп аталынып, осында цифрлық контент арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құралы ретінде сипатталды. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемесі, оны жүзеге асырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Модельдің компоненттері және оларды жүзеге асыру технологиясы нақтыланды.

Үшінші тарау «Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың тәжірибелік-эксперимент жұмысы» деп аталып, мұнда педагогтік тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының құрылымы, жүргізу логикасы, әдістемелік құрамы мен іске асыру жолдары, тәжірибелік-эксперимент жұмысының анықтау кезеңі, қалыптастыру кезеңі, бақылау кезеңдерінің мақсат-міндеттері айқындалып, әр кезеңге белгіленген міндеттерді шешу бойынша жұмыстар орындалды. Қорытындыда зерттеу жұмысы бойынша түйіндер мен зерттеу процесінде нақтыланған ұсыныстар жасалынды.

1 АРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Арт-технология» ұғымының педагогикалық-психологиялық категория ретіндегі ғылыми еңбектерде қарастырылу жайы

Адам баласының дүниеге келген соң жүретін жолының барлығы даму болы табылады. Өмірдегі әрбір жаңа қадамы ескіге айналып, оның орнына жаңа қадамдар жасалып жатады, ол тағы солай болады. Даму – табиғат пен қоғамдағы қозғалыс пен өзгерістің ең жоғарғы түрі. Даму бағытты болады, кері қайтпайды, материалдық және идеалдық нысандардың даму барысында өзгеруі белгілі бірзаңдылықтар негізінде болады. Осы үш қасиеті дамуды басқа өзгеру процестерінен айрықшалап тұрады. Даму нәтижесінде нысанның жаңа деңгейдегі сапалық болмысы жасалынады, ол – ішкі мазмұнының құрамы мен құрылымының өзгерісі ретінде танылады [56].

Даму процесінің адам баласының жас ұрпағына игілікті болуы үшін арнайы білім беру мен тәрбиелеу жүйесі құрылып, оның сандаған формалары мен түрлері қолданылады. Педагогикалық технологиялар түрлі әдістемелерден, амал-тәсілдерден, құрал-жабдықтардың үйлесімді қолдана отырып, өзара сабақтаса байланысқан оқу мақсаттарынан, оларды жүзеге асырудың жүйелі жолынан құралатыны белгілі [57].

Барлық педагогикалық технологиялардың әдіснамалық негіздері осы технологияны жүзеге асырудың тиімділігін анықтаған идеялардан құралатыны белгілі. Ал педагогикалық технологияның мазмұны болса, білім мазмұнымен, оқу мақсаттарымен, оқыту әдістемесімен, мұғалім мен оқушының тұтас педагогикалық процесті құрайтын екіжақты дидактикалық әрекетінен құралады.

Қазіргі кездегі бастауыш сынып мұғалімін дайындау жүйесінде білім беруді дамытуға, қоғам сұранысына дер кезінде сапалы дайындығымен жауап бере алатын толыққанды заманауи тұлға дайындауға қажетті барлық мәселелер қамтылды деп айту қиын. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби маңызды құзыреттілік қасиеттерінің қатарында тұлғаның қоғам талаптарына дайын болу, бейімделу, шығармашылық әдістер мен шығармашылыққа баулитын технологияларды еркін қолдана білу сияқты қабілеттер болуы тиіс екені белгілі. Болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың өзекті міндеттерінің бірі олардың кәсіби даярлығын шыңдаудың жаңа жолдарын анықтау, оны теориялық және практикалық тұрғыдан негіздеу болып табылады. Заман дамуына сай, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби дайындауды биік деңгейлердегі технологиялар негізінде ұйымдастыру талабы да дамып келеді. Өйткені заманауи педагогикалық технологиялар мұғалімдердің уақыт талабымен үндесетін қызметін қажет етеді. Оған қоса, заманауи педагогикалық технологиялар мұғалімдердің жан-жақты болуын керек етуде және болашақ мұғалімдердің өзара бірлесе әрекет етуін қажет етуде.

Осы бағытта арнайы зер қойып қарастырылатын бір маңызды бағыт болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауды арт-технология

құралдары негізінде жүргізу болып табылады. Заманауи педагогикалық технологиялардың жүйесінде өзіндік орнын нақтылауға бет алып, жан-жақты қарастырылып келе жатқан жаңа педагогикалық технологиялардың бірі арт-технологияның өзіндік ерекшеліктері мол.

Арт-технологияның мағынасы «арт» яғни өнер, шығармашылық және технология, яғни арнайы мақсатта жинақталған оқу мен тәрбиенің түрін, әдістері мен тәсілдерін, амалдарын анықтайтын педагогикалық және педагогикалық заңдылықтардың жүйесі дегенді білдіретіні белгілі [58]. Ал Арт-технологияның негізгі мақсаты адамның көркем мәдениет негіздерін қалыптастыру және көркем дамуы болып табылады. Арт-технологияның педагогикалық және психологиялық негіздерін зерделеу барысында тұлғаның көркем даму ерекшеліктері анықталады. Соған сүйеніп, тұлғаны көркем дамытудың бағытталған жүйесі әзірленеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби дайындауда шығармашылықпен дамытуды көздейтін, сырттан алынған білімді өзінің ой-санасында жүрегімен шығармашылықпен өңдеп-өзгерте алатын ерекше бағыттағы арт-технология роботтанып келе жатқан, экологиялық жағдай күрделеніп келе жатқан қазіргі және болашақ заман үшін аса қажет оқыту жүйесі болмақ. Өйткені арт-технология болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзін қоршаған ортамен үйлесімді гармониялық қарым-қатынас орнату. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби дайындауда арт-технология негізінде шығармашылық бағытта тәрбиелеу арқылы оның өмірге деген өзінің көркем қатынасын, әсем көзқарасын, гуманистік ұстанымын қалыптастыру мүмкіндіктерінің аясы кеңейеді. Жан-дүниесіне де сыртқы әсем қарым-қатынас арқылы жақсылықтар мен игі құндылықтарды жинақтайды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзінің кәсіби дайындалу процесінде оқып, білім алып, өмір сүрудің ішкі жан-дүниесінің шынайы әсемдік жолын сырттан емес, ішкі және сыртқы үйлесімді байланыс арқылы өз құра алатын деңгейге жетуі керек. Десек те, шығармашылық тәрбие оңайлықпен жүзеге асырылып, тез нәтиже алатын процесс емес. Шығармашылық психологиясын зерттеген Я.А.Пономаревтің пікірінше, шығармашылық дегеніміз адам жасампаздығының нәтижесі, жаңаның жасалуы. Бір жағынан алғанда, өмірдің өзі – шығармашылық және ол дамуға жетелейтін өзара әрекеттесу болып табылады [59].

Болашақ кәсіби педагогтерді дайындау процесінде өнерді педагогикалық құрал ретінде пайдалана отырып, арт-технологиялық жүйе құру студенттерді кәсіби педагогтік қызметке дайындау процесінің жаңа қырдан танылған қолдаушысы болып табылады. Мұндай қолдаудың теориялық және әдіснамалық негіздері арт-технологияның өнер мен педагогиканың түйіскен нүктесіндегі мүмкіндіктері мол жаңа жолды табуға тірек жасайды.

Қазақстандық ғалымдар А.Б. Айтбаев, Г.А. Касеннің айтуынша, шығармашылық пен өнердің адамның жанын ғана емес, тәнін де емдеуге қолданған тәжірибе деректері ежелгі Грецияның қалаларынан табылған. Әсіресе, театр өнері адамның ерік-жігерін қуаттандыратын құралға айналған. Музыка өнерінің мазмұнын би, поэзия, әуеннің бірлігі ретінде таныған. Платон, Пифагор,

Аристотельдің еңбектерінде музыка өнері адам жанының нәрлендіруші, емдеуші қуат күші ретінде анықталған [60].

Осы еңбекте авторлар ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, арт-педагогиканың төмендегідей базалық функцияларын анықтайды (сурет 1).



Сурет 1 – Арт-педагогиканың базалық функциялары

Бұлардың өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп өтейік. Арт-технологияның катарсистік функциясы адамның ой-санасын, жан-дүниесін жағымсыз, ауыр ойлардан, жай-күйден тазартады. Реттеушілік функция болса адамның жүйке тозуынан, психикалық қысымынан, жан-дүниесінде өтіп жататын психосоматикалық процестерді реттеп, жайлы көңіл-күйін үлгілеп өрнектейді. Ал коммуникативтік-рефлексивтік функциясы адамдардың өзара сөйлесуі барысында туындайтын қателіктерді түзетеді, өзгелерді де, өзін де бағалауды қалыптастырады. Диагностикалық функциясы сурет салғызу арқылы салған адамның сол кездегі жай-күйін білдіреді. Терапиялық функциясы болса, адамды өнер туындыларының көмегімен емдеп, қолдап, тұлғаплық тұтастығын сақтауға тірек болады. Гуманистік функциясы адамның тұлға ретіндегі бабымен дамуын көздейді, сол арқылы жақсылық пен жамандықты, достық пен зұлымдықты, күш пен әлсіздікті тепе-теңдікте сақтауға қажетті бағытта қалыптастыруды көздейді.

Осы ғалымдардың еңбегінде арт-педагогиканың алғашқы көріністерін ежелгі Египет пен ежелгі Үнді, ертедегі парсы және ежелгі Қытай елдерінің мәдениетінен көруге болатыны да атап көрсетілген. Ежелгі өркениеті дамыған елдердің айшықты жарқын дәстүрлері мен мәдениеті қазіргі күнге дейін сақталып келе жеткен көпмәдениетті, көпдінді өнер туындылары көп өркениеттілікті танытады. Бала кезінен өнердің көптүрлілігін көріп өскен

баланың санасындағы білімі терең тарихтан, көптүрлі діни нанымнан, би, музыка, скультура, архитектура, эпос-жырлардан құралады.

Сайып келгенде, қазақ фольклорының бай қазынасындағы әрбір шығарманың арт-педгогикалық, арт-терапиялық қуаты зор деп сеніммен айтуға болады. Сондай қуаты зор туындылардың бірі – «Бесік жыры». Бесік жырының арт-педагогикалық және арт-терапиялық қуатын нейропедагогикалық тұрғыдан қарастырсақ, әрине, катарсистік функцияның бесік жырын айтып отырған Ана үшін қызмет ететінін түсінуге болады. Сөзсіз, баланың бесікте жатқан кезінен құлағына құйып алатын бесік жырының маңызы үлкен. Бірақ бұл жерде «Бесік жыры» жас Ананы Аналық деңгейге көтеріп, басқа әлеуметтік-коммуникативтік рөлге енгізіп жатқанын түсінуіміз керек. «Бесік жырының» арт-педагогикалық мол мүмкіндігі сонда, оны айтып отырған жас Ана баласының амандығын, болашағын, жақсы тәрбиесін, денінің саулығын ойлайтын биік парасатты Аналық қасиеттерді санасынан ашып, күн сайын өзінің ой-өрісін және жауапкершілігін күшейтіп отырады. Төмендегі жыр жолдарын талдап қарайық:

Бөбегім-ау!

Әлди, әлди, бөбегім,
Жұбанбайтын не дедім.
Бөбегімді емізіп,
Бесігіне бөледім.
Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым.
Түлкі жортпас түлейден
Жол салдырған қарсағым.
Әлди, әлди, бөбегім-ау!
Әлди, әлди, әлди қақ,
Ер жеткенде жылқы бақ,
Үлкен таудан түлкі қақ,
Тәңір берсін басыңа бақ.

Әлди, әлди, бөбегім-ау!
Әлди, әлди, тайлағым,
Өрістегі шаңдағым,
От басында ойнағым,
Сүт бетінде қаймағым.
Әлди, әлди, бөбегім-ау!

Әлди, әлди, оймағым,
Оймағыммен ойнадым.
Күнде әлдилеп сүйсем де
Қызығыңа тоймадым.
Әлди, әлди, бөбегім-ау

Бұл бесік жырының бір ғана түрі екені белгілі, бірақ бір жырда берілген Ананың қаншама арманы, үміті, сүйіспеншілігі тәрбиеленіп жатқанын және бесік жырының арт-педагогикалық потенциалы қалайша қызмет ететінін көреміз. Ал анасының сүтін емген нәрестенің құлағына естілетін жайлы әуен иірімдерінің миға қаншалықты жағымды әсер етіп, денсаулығына және рухани саулығына қажетті қуат беріп жатқанын түсіне аламыз. *«Қойдың жүні қалпағым»* деген жолдарда қойдың жуас бірақ, сары бүйені шайнап жейтін қасиеті және қалпақтың басты қорғайтыны сияқты, Анасын қорғайтын бала өссін деген арман көрініс береді. *«Түлкі жортпас түлейден Жол салдырған қарсағым»* деген жыр жолдары түлкі қанша айлакер болғанымен, оның өз із сала алмайтын түлейлерден өтіп кететін қарсақтың қасиетін танитынын және сондай болса деген Ана арманын көреміз. Осының барлығы баласын тербетіп «Бесік жырын» шырқап отырған Ана үшін үлкен релакс, терапиялық және тәрбиелік педагогикалық процесс.

Дәл осылай, «Тұсау кесу» жырының да сәбиге қаратып айтылғанымен, шын мәнісінде тұтас қоғамға арналған арт-педагогикалық әдіс екенін атап кеткімізі

келеді. Әлі есін жинамаған сәби «Тұсау кесер жырының» мазмұнын түсінбейтіні белгілі. Ал осы жырды тыңдап отыратын қауым да, айтып отыратын адам да үлкен әлеуметтік жауапкершілікті сезінеді. Өйткені жырда қоғамға байланысты көп мәселелер «қоғамға тағы бір адам баласы аяғына тұрып кірді, бірге тәрбиелейміз» деген арт-педагогикалық тәсіл қолданылады. Қоғамға өз аяғымен басып кірген жас сәбиді қоғам ән мен жыр айтып қарсы алады.

«Тұсау кесер» жыры

Қаз-қаз балам, қаз, балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
Қаз-қаз балам, қаз, балам,
Тоқымыңды жаз балам,
Қадамыңды қарайық,
Басқаныңды санайық.
Қаз-қаз балам, жүре ғой,
Балтырыңды түре ғой.
Тай құлын боп шаба ғой,
Озып бәйге ала ғой,
Қаз баса ғой қарағым,
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса ғой.
Асулардан аса бер.
Жүгіре қойшы құлыным,
Желбіресін тұлымың,
Елгезек бол, ерінбе.
Ілгері бас шегінбе.

Бұл жырдың мазмұнындағы «күрмеуді шешу» - баланың жеке бағымнан қоғамға кіруіне рұқсат ету, көмектесу, ал қоршап тұрған алқа топтың баланы қуана қарсы алуы дегенді білдіреді. Ал «*Тай құлын боп шаба ғой, Озып бәйге ала ғой, Құтты болсын қадамың, Өмірге аяқ баса ғой, Асулардан аса бер, Желбіресін тұлымың, Елгезек бол, ерінбе, Ілгері бас шегінбе»* деген жолдары - тыңдаған барлық адамның санасына нейрондық деңгейде жетіп, жүрегін жылытып, қуаттандыратын бата сөздер екені көрініп тұр. Сондықтан бұл жерде «Тұсау кесер» жыры тұсауы кесілген баланың және ата-ана, туыстың және әсіресе, қоршаған алқа топ қауымның жақсылығына жасалған, тәрбиелік маңызы зор арт-педагогикалық әдіс болып табылады.

Қазақ халқының ертегілері, мақал-мәтелдері, ұлттық ойындары, мән-жыры, күйі, қолөнер мен зергерлігі, соғыс-жауынгерлік және ат әбзелдері, ұлттық тағамы, атамекеніндегі әрбір тас пен тауға, сай мен суға арналған арнау-жырлары, түптеп келгенде, арт-педагогикалық туындылар болып саналады. Ұлы Абайдың:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойынына кірер денең,
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,

Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең, – деген өлең жолдарына арт-педагогикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, соның барлығы адам баласының өмірінің әрбір сәтінде қуанышын да, қиындығын да арт-терапиялық әдіспен тегістеп, жан-дүниесінің «дауылдарын» қайтадан орнықтырып отыратын амал ретінде қолданғанын көреміз.Қазақ Даласының тұңғыш қоңырауы болған Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде тұнып тұрған дидактикалық креативтіліктің және арт-педагогиканың болмысын айқын тануға болады. «Өнер-білім» - шын мәнінде «арт + білім беру», «арт + педагогика» деп

атауға келеді, немесе осы сондай білімді меңгерген оқушының нәтижесі ретінде «өнер-білім» деп атауға келеді. Осы өлеңнің жолдарынан үзінді келтіріп өтеміз:

Өнер - білім бар жұрттар

Өнер - білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды;
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып - жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды;
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді;
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай,
Білгендерге осылар
Бәрі - дағы анықтай,
Білмегенде танықтай;
Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай;

Бұл жолдардағы «Өнер-білім бар жұрттар» деген фразаның өзінде қаншама ақпараттық жүк бар екенін өлеңдегі сөйлемдерді талдау барысында анық көруге болады: «*Тастан сарай салғызды; Айшылық алыс жерлерден, Көзіңді ашып - жұмғанша, Жылдам хабар алғызды. Аты жоқ құр арбаны, Мың шақырым жерлерге, Күн жарымда барғызды. Адамды құстай ұшырды»* деген айтылымдардың өнер мен білімді егіз ұстаған қазақ халқының көрегендігін танытады. Сонымен қатар, Абайдың:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан, – деген жолдары және қазақтың «*Өнерді үйрен де, жирен»* деген мақалы қазақ халқының өнерді білім деп, білімді өнер деп, бірінен екіншісін айырмай қарағаны деп тануға негіз бар.

Сонымен бірге, Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабындағы қазақ фольклорын талдауының барлығы, педагогикалық тұрғыдан тереңдей талдайтын болсақ, осы кітапты арт-технологияның қазына-кеніші деп анықтауға болады.

Қазақ күйлерінің арт-терапиялық кереметін «Ақсақ құлан» күйінің шығу тарихын оқып отырып бірден түсінеміз. Ал қазақты рухтандыратын, жақсылыққа, игілікке жетелейтін Құрманғазы күйшінің «Сарыарқа», «Адай» күйлерін, Дина Нұрпейісованың күйлерінен, Тәттімбеттің, Абылдың, Қазанғаптың, Ықыластың, Сүгірдің, Нұрғиса Тілендиевтің, Шәміл Әбілтайдың, Айгүл Үлкенбаеваның т.б. күйшілердің шығармаларын арт-педагогикалық материал ретінде пайдалану арқылы болашақ педагогтерді дайындаудың және бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің құнарлы көзін аша аламыз. Ал ұлттық ойындар мен ұлттық киімдердің, зергерлік өнерлердің де арт-педагогикалық мол мүмкіншіліктерін талдап, заманауи педагогикалық процеске қосу керек. Осылайша, арт-технологияның бастау көзі төл өнеріміздің, өз мәдениетіміздің, төл фольклорымыздан табылатынына көз жеткіздік.

Сонымен қатар, арт-педагогиканың шетелдік білім беру жүйелерінде педагогикалық категория ретінде орнығу көріністеріне шолу жасап өтілді. Солардың бірі заманауи Индиядағы арт-педагогиканы дамыту туралы жазылған

мақала. Усама Камар өзінің қазіргі Индиядағы білім беру жүйесіндегі көркем өнердің орны туралы мақаласында өнермен білім беру және тәрбиелеу Үнді елінде 100 000 жыл бойы жүргізіліп келе жатқанын, ең заманауи деген өнер мектебінің өзіне 2 ғасыр толатынын жазады. Бүгінгі күні мектеп мұғалімі осыдан 10-20 жыл бұрынғы мұғалімнен аса биік жағдайда. Өйткені қазіргі мұғалім интернет, слайд-шоу, бейнефильмдер арқылы оқушыларды өнер туындылармен танысытрып, өнер материалдары арқылы білім бере алады. Өнер оқушылардың дүниетаным көкжиегін кеңейтеді және өзінің болмысын тануға көмектеседі. Өнер арқылы балалар өзінің ішкі дүниесін сыртқа білдірудің көптеген жолы бар екеніні түсінеді, мүмкіндігінше соларды қолданып үйренеді. Өнер баланың қызығушылығын туындатып, тек қалыпты бір бағытта ойлауды емес, зерттей отырып ойлауды, ойын тәсілдері арқылы өзіндік талдаулар жасап, өз дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруды үйретеді [61].

Көрші Қытай Халық Республикасында мектеп оқушылары мен жоғары білімді маман дайындайтын барлық жоғары оқу орындарында көркем өнер білімін міндетті білім компоненті етіп туралы мемлекеттік деңгейде бірнеше құжат қабылданған. 1987 жылы ең алғаш рет өнерді жалпы білімнің маңызды компоненті ретінде оқыту туралы құжат қабылданса, 1989 жылы 1989-2000 жылдарға арналған метептерде көркем өнер білімін маңызды компонент ретінде енгізудің ұлттық бағдарламасы қабылданған. Осы 1989 жылы «балалар мен жастардың көркем өнер білімін күшейту туралы» құжат, ал 1995 жылы барлық болашақ педагогтердің көркем өнер білім алуы туралы құжат қабылдаған. Қытайда бастауыш және орта мектепте оқытуда оқушылардың көркем өнер білім алуы маңызды міндет саналады. Арнайы музыка, сурет сабақтарынан басқа оқушыларға ән шырқау, музыкалық білім, көркем сурет, декоративті-қолөнер, сурет өнерін танып-білу сияқты білім меңгерту көзделген. Осылардан басқа қосымша «Актив курс» атты курс негізінде көркем өнер білімін меңгертуге арналған сыныптан тыс іс-шаралар жүйесінің бағдарламасы бекітілген [62].

Ал қазіргі Жапонияда білім беруде нейропсихологиялық тұрғыдан келуді ұстана отырып, арт немесе көркем өнерді мектеп оқушылары мен студенттерге меңгертудің жаңа жолдарын ашқан. Мысалы, адамның миының екі жарты шары да музыканы жақсы қабылдайтыны туралы жаңалық бұрынғы айтылып келген яғни музыканы тек мидың оң жақ жарты шары қабылдайды деген идеядан анағұрлым озық болды. Музыка тәрбиесі арқылы оқушылар да, студенттерде өздерінің сезімдік және интеллектуалдық қырларын дамыта алады деген прогресситі пікір ұсынылады. Атап айтқанда көркем өнер яғни арт-педагогика арқылы балалар мен студенттердің өнерге деген махаббаты оянады, өнердің шынайы болмысы туралы білім алады, өнердің маңызын түсінуге ұмтылады. Оның нәтижесі олардың ойлау әрекетінің жақсы дамуына және эстетикалық сезім байлығын молайтуға жетелейді [63].

Біз қарастырған тағы бір еңбек – египеттік ғалым Махитаб Хамаманың «Мысырдағы көркем білім берудің (*art education*) үлгілері» деп аталады. Автор осы еңбегінде Египеттің ежелгі дәуірден бері өзіндік көркем өнермен әлемге мәлім екенін айта келе, табиғат пейзажының байлығын көркемдік білім алуға

серпін беретін қуатын пайдалану жолдарын көрсетеді. Сонымен қатар, елдегі көркемдік білім берудің түптамыры сонау ежелгі, «қолөнер мен кәсіби біртұтас «өнер» деп аталған» дәуірлерден басталғанын айтады. Автор 1937 жылы Мысырға да әлемдік көркем өнер білім беру қозғалысы жеткенін және осы қозғалыстың нәтижесі мысырлық мектеп оқу бағдарламасында жаңа мәнге ие болғанын атап көрсетеді [64].

Бауырлас Түркиядағы арт-педагогика саласындағы саясат бойынша мәселелері туралы қарастырып өтсек, көркем өнер негізінде білім беру мен тәрбиелеу Түркия Республикасының Конституциясымен, білім беру мен оқытуды реттейтін заңнамалармен, мемлекеттік бағдарламалармен, жоспарлармен және даму бағдарламаларымен реттеледі, деп атап көрсетілген. Сонымен бірге, арт-білім берудің басымдығын қоғам түсіністікпен қабылдауы үшін, арнайы өнер саласындағы ағымдағы жағдайы, Мәдениет министрлігі, Ұлттық білім министрлігі, Даму министрлігінің осы бағыттағы есептері мен құжаттары талданғаны айтылады. 2014 жылы мәдениет, өнер және білім беру салаларындағы ынтымақтастық туралы құжатқа қол қойылып, арт-педагогиканың негізі қаланады. Бұл құжаттың маңызды үш мақсаты келесідей анықталған:

- оқушылардың көркем өнер бағытындағы дамуы қолдау және дамыту;
- білім беру жүйесі мен кәсіби мәдениет және өнер әлемінің жақындасуы және интеграциясы;
- білім алушыларға өнердің ішкі сан саласынан ақпарат беріп, олардың көркем санасын қалыптастыру және нығайту, білім алушылардың өнер мен көркем өнер иелерімен кездесуіне мол-мол мүмкіндіктер жасап, олардың көркем таланттарының ашылуына ықпал ету.

Түркия Республикасында білім беру жүйесінде арт-педагогиканы қолдануды жақсарты және сол арқылы білім беру сапасын жақсарту үшін пайдалануға ұсынылған стратегиялар белгіленген:

- арт-педагогика арқылы білім алудың қолжетімділігін жақсарту және білім беру сапасын жақсарту;
- арт-педагогика негізінде білім беруді жақсарту және көтеру үшін қолданылатын стратегиялар [65].

Еуропа елдеріндегі білім беру саласында арт-технологияны қолдану туралы қарастыратын болсақ, еуропалық елдердегі мектепте екі мақсат қойылатынын атап өтуге болады:


- біріншісі – білім алушыларға білім жүйесін ұсыну;
- екіншісі – білім алушылардың тұлғалық дамуын кең арналы әлеуметтік және мәдени кеңістікте ұйымдастыру.

Бұл жердегі жалпы білім алу жүйесін ұсыну арқылы білім алушыларың трлі құзыреттіліктерін, яғни білім, дағдылар, қарым-қатынастарын қалыптастыру көзделеді. Ал білім алушылардың тұлғалық дамуы түрлі рухани, моралдық, әлеуметтік және мәдени кеңістікте өтіп жататыны белгілі. Оның мазмұнында білім алушылардың өздері өмір сүріп отырған ортаны дұрыс түсінуі, білім алушылардың жеке басының жан-жақты дамуы орын алады. Бұл екі мақсат,

еуропалық ғалымдардың пікірінше, білім алушылардың еуропалық мәдени байлығы туралы мол білім алу мүмкіндіктерінің артуы арқылы жүзеге асады [66]. Көрсетілген құжатта еуропалық білім алушылар – Еуропа мен әлемнің болашақ азаматтары, сондықтан оларға тез өзгермелі дүниеде туындап жатқан проблемаларды шешу керек жағдайда қажетті бірқатар құзыреттіліктер қалыптастыру міндетті деп атап көрсетілген. Осылайша, 2006 жылы Еуропалық Кеңес және Еуропалық Парламент өмір бойы оқудың маңызды құзыреттіліктерінің Еуропалық шегін қабылдады.Ол құзыреттіліктері келесі жүйеде бекітілген: ана тілінде қарым-қатынас жасау, шет тілінде қарым-қатынас жасау, математикалық құзыреттілік және ғылым мен техникадағы базалық құзыреттілік;, цифрлық құзыреттілік, оқып білім алуды үйрену, әлеуметтік және азаматтық құзыреттілік, бастамашылдық сезімі мен іскерлігі болуы, мәдени сана және өзін таныта білуі.

Осының ішіндегі «Мәдени сана және өзін таныта білуі» деп аталған 8-құзыреттілікті қарастырып өтеміз, өйткені Еуропалық ая бойынша оқушылардың көркем өнер білімі мен тәрбиесі туралы сөз қылғанда, көбіне осы 8-құзыреттілікке көп сүйенеді. Болашақ мұғалімдер аталмыш құзыреттілікті қалыптастыруда оқу мен тәрбие процесінде идеяның, сезімдері мен көңіл-күйінің, эмоцияларының түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында, атап айтқанда, музыкада, орындаушылық өнерінде, әдебиетте, сурет өнерінде шығармашылықпен көрініс табуы.

Еуропалық Кеңес бекіткен осы құжатта осы (8-ші) құзыреттілікпен байланысты қажетті білім, дағды, қатынастардың мынадай түрлері көрсетілген (сурет 2).



Сурет 2 – Еуропалық Кеңес бекіткен осы құжатта осы (8-ші) құзыреттілікпен байланысты қажетті білім, дағды, қатынастар

Еуропалық Кеңес құжатында атап көрсетілгеніндей, өнер арқылы тәрбиелеу арқылы білім алушылардың жан-дүниесін байытып, рухани азықпен кемелдендіретін аса зор қуатты әлеуметтік және мәдени интеграциялық қозғалыс ретінде танылған. Білім алушыларды бір орталыққа жинап, ортақ жобалар жасауға тірек болатын арт-педагогиканың мүмкіндіктері білім алушыларды төрт бағыт бойынша қолдайды, олар:

- психологиялық дамуы жағынан;
- әлеуметтік-мәдени дамуы жағынан; тәни дамуы жағынан;
- когнитивтік дамуы жағынан [66,б. 5].

Өнер арқылы білім беру мен тәрбиелеу білім алушыларды мәдениет пен өнер туындыларына өз сезімдері мен ой-толғаныстарын музыка, қимыл мен қозғалыстар түрінде шығармашылықпен білдіруіне үйретіп, білім алушыларды рухани байлыққа кенелтеді. Білім алушының дүниеге көзқарасын қалыптастыруына және өзгелерге еліктемей өзіндік таным жолын жасауына мүмкіндіктер туғызады. Арт-технологияның қызметі сонда білім алушының өнер арқылы рухани кемелдікке жетелеп, білім алуына және өзіндік мәдени және эстетикалық бағдарлар табуына тірек болу екені анықталады.

Арт-технологияны білім беру жүйесінің мектеп, колледж, жоғары оқу орны деңгейлерінде қолданудың ерекшеліктері туралы жазылған қазақстандық зерттеушілердің мақалаларында, еңбектерінде арт-технологияның жан-жақты мүмкіндіктері қарастырылған. Бұл ретте жоғарыда сөз етілген А.Б. Айтбаев, Г.А. Касеннің [60], Ж.О. Небесаеваның [67], А.К. Мынбаева, А.А. Булатбаева [68], С.А.Жолдасбекова, Д.П.Мадиева, Г.С. Каратаеваның [69] т.б. еңбектерді атап өтеміз.

А.Б. Айтбаев, Г.А. Касен өз кітабында арт-педагогика әдістерінің нақты практикалық қолданыс мүмкіндіктері зор екенін жан-жақты үлгілер арқылы дәлелдейді.

Ж.О. Небесаеваның диссертациясында болашақ көркем-шығармашылық мамандарын дайындауда арт-педагогиканы қолдану жүйесі зерттелген. Автордың пікірінше, оқушылардың көркем-шығармашылық әрекетін басқаратын болашақ мұғалімдерді дайындаудың өзіндік ерекшеліктері келесі мазмұн арқылы танылады:

- біріншіден, бұл бағыттағы мұғалімдерді дайындаудың негізінде олардың болашақ оқушыларының көркем-шығармашылық процесінің табысты болуын қамтамасыз ететін ішкі механизмдерді айқындау тұруы тиіс, яғни жасайтын жұмысының ойдағы бейнесін қалыптастыру, оны нақты материалда жүзеге асыру, дайын жұмысқа сыни баға беру, өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- екіншіден, болашақ педагогтер болашақ өз оқушыларының шығармашылық процесін модельдей алуға дайын болуы тиіс, оқушыларды тек әдістемелік нұсқаулармен бос отырғызып қойғанша, оларға тапсырмаларды, әдістерді, амал-тәсілдерді таңдау мүмкіндігін беру өте дұрыс болатынын болашақ педагогтер түсінуі тиіс;
- үшіншіден, болашақ педагогтерді арт-технология негізінде дайындау бір жағынан қарағанда, көркем өнерді игертудің нақты процестерін саналылықпен

түсінуі арқылы жүзеге асырылады, ал екінші жағынан қарағанда, көркем өнер бейнесін жасауға өз интуициясын тірек етіп келуі арқылы жүзеге асады. Бұл болашақ шығармашыл педагогтерді дайындау барысына да, шығармашыл оқушыларды оқыту барысына да бірдей қатысты [67,б. 179].

Ал С.А.Жолдасбекова және басқа да авторлар тобының мақаласында болашақ педагогтерді дайындауда оларды арт-технологиялық әрекетке қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған.

Мақала авторлары болашақ көркем еңбек мұғалімдерін дайындауда арт-технологияны қолдану жолдары туралы қарастыра келе, арт-технологияның мазмұны педагогикалық, психологиялық білім мен өнер түрлерінің туындыларын біріктіру болып табылатынын және ол процестің жүзеге асырылуы арт-педагогикалық құралдар мен арт-педагогикалық әдістердің көмегімен мүмкін болатынын атап көрсетеді. Ал оның құрамдас бөліктері (компоненттері) көркем шығармаларды көркемдік қабылдауды ұйымдастыру, көркем шығармамен өзіндік жұмысты ұйымдастыру, зерттеу әдісі ретінде көркем шығармамен жұмыс істеу түрлері алынған [69,б. 120].

Мынбаева А.К., Сеилханова М.Е., Смайлова А.Е. авторлығымен жарық көрген «Арт-педагогика. Педагогтің дидактикалық креативтілігі» атты монографиясында арт терапияны арт технологиялық жүйеде қолданудың ерекшеліктері туралы қарастырылады. Арт-технологияға берілген анықтамасында авторлар оны тұлғаның өзін танытуы мен дамуында тірегі болатын көркем шығармашылықтың әдістері, амалдары және техникаларының жүйесі деп таниды. Сонымен қатар, авторлардың пікірінше, арт-технология студенттердің өз тұлғасын өздері бағалауына дағдыландыру арқылы болашақ педагог кәсіби жолында тұлғалық дәрежеге өсіру мүмкіндіктеріне ие технология болып табылады. Арт-технология мен психодраманы синтездеу негізінде қуыпшақ терпаиясын қолдану арқылы болашақ педагогердің қоғамда өмір сүріп, қызмет ету барысындағы өмірлік күрделі жолдардан өту иммунитеттерін дамытуға қажетті бірден-бір икемді технология болып табылады [68,с. 15]. Аталған монография авторларының шешімді тұстарының бірі дидактикалық креативтілікті болашақ мамандардың өз кәсібінде шығармашылық білім ортасын құрудың стимулы ретінде тануы деп айтуға болады. Дидактикалық креативтілік дегеніміз зияткерлік құндылықтарға деген ұмтылысты, қабылдауға бейімділікті, жаңашыл идеяларға деген қызығушылық пен кәсібінде қолдануға деген ынтасын білдіреді. Коммуникативтік креативтілік пен дидактикалық креативтілікке ие болған студент ең жақсы мұғалімнің болмысын танытады.

Арт-технологияның мол мүмкіндіктерін зерттеген, практикада қолданып тиімділігін тексерген ғалымдардың бір легі – ресейлік педагогикалық салада осы бағытта біраз жұмыс жасаған, зерттеулер жүргізген ғалымдар мен жас ғалымдар.

Арт-технологияның ерекшеліктері туралы Е.Н. Решетникова [70] және Л.Р. Бакеева [71] арт-технологияны білім беру саласында қолдану туралы жазған мақаласында арт технологияға анықтама бере келе, оны сонымен бірге «көркем-шығармашылық технология» деп те атайтынын көрсеткен. Талдау барысында ресейлік ғалымдардың көпшілігінің арт-педагогика мен арт-терапияны

араластыра қолданылатыны байқалды. Ал осы авторлардың біз үшін құнды пікірі – арт-технология мен арт-терапияны аралас түрде емес, жігін айыра қарастыру керек деп айтқаны. Біз де осы ойды қостаймыз, өйткені ресейлік ғалымдардың көпшілігінің зерттеуінде арт-терапия мен арт-педагогиканы араластыра қолдануынан көптеген әдіс-амалдарды қайсысына қалай қолдану маңыздылығы көмескіленіп, одан әрі қателіктер туындауы мүмкін деп ойлаймыз.

Медведева Е.А., Левченко И.Ю., Комиссарова Л.Н. Добровольская Т.А. авторлығымен шыққан «Артпедагогика и арттерапия в специальном образовании» деген кітабында [72] «арт-педагогика» мен «арт-терапия» деген терминдердің ұқсастығы тек алғашқы компонентінде екенін айта келе, «екінші компоненттерінің» бағыты, мақсаты мен міндеттері, технологиясы мен мазмұны басқаша екенін түсіндіріп көрсетеді. «Арт-терапия» – медициналық бағыт, емдеп ықпал ету, ал «арт-педагогика» – оқыту мен тәрбиелеу заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы деп айтады.

Л.Д.Лебедеваның зерттеу еңбектерінде қарастырылған арт-педагогика, көп ретте, науқас адамдарды емдеуге арналған арт-терапиялық әдістер мен оның педагогикалық негіздемесі [73].

Жасөспірімдердің шығармашылығын дамытуда арт-терапия құралдарын қолдану туралы мәселені қарастырған өзінің кандидаттық диссертациялық зерттеуінде А.В. Гришина, негізінен, арт-терапиялық құралдар туралы айтады. Автордың гуманистік педагогика тұрғысынан қарастыруын және балалардың өзіндік тұлғасын дамытуда тиімді педагогикалық құралдарды іздеуден жалықпау керектігін айтқан пікірін құптаймыз [74].

Қазіргі кезде бұрынғы кеңестік догмалық білім беру жүйесін «аңсайтындар» бары да белгілі. Оларға ештеңені өзгертпей, оқушыларды тып-тыныш отырып, не айтылса, соны тыңдау, соны қайталап айтып беру және репродуктитвтік деңгейдегн жоғары көтерілмеу дұрыс болып көріндеі. Шығармашылық деңгей, креативтілік деңгей мүлде қажетсіз болып отырғанын да атап кету керек.

Ал арт-технологияны қолдана отырып болашақ бастауыш мектеп мұғалімін дайындау мүлде бөлек, жоғары тұрған міндет болғандықтан, оның қажеттілігі туралы сөз етудің өзі бірқатар педагогтерге артық болып көрінуі де мүмкін екенін ескереміз және түсінеміз. Бірақ қазіргі жас студенттер, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері – 7-8 жасынан ақпараттық-коммуникациялық технологияны өздері меңгеріп, қолдана алатын, заманның өзгеріс беталысы мен ағындарын аңдай алатын сауаты жоғары тұлғалар. Олардың мектепке мұғалім ретінде қызмет етуге барған уақытында алдында отыратын оқушылар да ақпараттық-коммуникациялық технологияның түрін тұрмыста, қоғамдық орындарда қолдану әдістерін меңгеріп келеді.Сондықтан ендігі міндет болашақ педагогтердің оқушылардың технократтық бағытпен қатаңдап кетпей, өнердің, мәдениеттің өнімдерін білім мен тәрбие арқылы игеріп, өз өмірінің эстетикалық сұлулығын да, жанға жайлылығын да, қоғам өмірінің тыныштығын да құндылық деп санайтын тұлға ретінде қалыптасуын көздеу, соған университет кезінен бастап дайын болу. Ал болашақ педагогтерді дайындау жүйесінде осы міндеттің тиімді

шешілуі жан-жақты қамтамасыз етілуі керек. Бұл міндетті шешуге арт-технология жүйесі толыққанды тірек бола алады.

Жоғарыда айтылған ғылыми тұжырымдарды қорыта келе, біз «арт-технология» ұғымына төмендегідей авторлық анықтама береміз: Арт-технология – тұлғаның өзін-өзі танытуына, шығармашылық әлеуетін ашуға және жан-жақты дамуына ықпал ететін көркемдік-шығармашылық әдістерді, тәсілдер мен техникаларды білім беру процесінде педагогикалық мақсатқа сәйкес жүйелі қолдануға негізделген технология түрі».

Осы анықтаманы басшылыққа ала отырып, «арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» ұғымының мәнін төмендегідей тұжырымдаймыз: Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау – студенттердің арт-технологиялардың теориялық-әдіснамалық негіздері мен әдістемелік ерекшеліктерін меңгеруіне, оларды бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық мақсатқа сәйкес тиімді әрі шығармашылықпен қолдану біліктерін, дағдыларын және кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастыруға бағытталған мақсатты, жүйелі педагогикалық үдеріс.

Осылайша, арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мәнін тереңірек ашу оның мазмұндық ерекшеліктерін, құрылымдық компоненттерін және олардың өзара байланысын ғылыми тұрғыдан қарастыруды қажет етеді.

1.2 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мәні, құрылымы

Болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың заманауи талаптары кәсіби білім беру мен кәсіби педагогика жүйесіне жаңа тұрғыдан келу қажеттігін көрсетіп отыр. Болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауда бүгінгі күні мемлекеттік тапсырысты сапалы орындауға қажетті жаңа жолдарды, қоғам сұранысын қанағаттандыратын жаңа жолдарды енгізу қарастырылуда. Ол жаңа жолдардың ғылыми-әдіснамалық негіздері, ғылыми-теориялық жүйесі және әдістемелік-технологиялық тетіктері арнайы зерттеу негізінде айқындалуы тиіс екені белгілі. Жаңа инновациялық технология жүйесін ғылыми және практикалық түрде меңгерген болашақ бастауыш білім педагогтері бүгінгі күні шынайы үлкен сұранысқа ие болып отыр. Өйткені оқытудың жаңа стандарттары мен жаңа мазмұнды оқу бағдарламалары, білім берудің жаңа тетіктері іске қосылып жатқаны белгілі.

«Педагог» кәсіптік стандартында болашақ педагогтерді даярлауға қатысты келесілер айтылған: «...2) педагогтерді даярлау мен біліктілігін арттырудың, басқа қызмет салаларындағы мамандарды қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз болып табылады; 3) кәсіби өрлеу құзыреттілігін мамандыққа дайындалудан және оған кірісуден бастап педагогикалық шеберлікке дейін сипаттайды; ... 7) педагогке өзгерістер мен инновациялық процестерге белсенді жауап беріп, оқыту мен тәрбиелеуде

лидерлік қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді; 8) педагогтердің кәсіби дамуының навигаторы болып табылады» [75].

Бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау процесі мұғалімнің тұлғасы мен кәсібилігін қалыптастыруға бағытталып ұйымдастырылатыны белгілі. Бастауыш білім мұғалімінің әлеуметтік тұлғасының, шығармашылық тұлғасын дамытудың көпқырлы мәні жаңа инновациялық технологияларды игеруімен байып, толыққанды бола түседі. Болашақ бастауыш білім педагогтерін даярлау процесінің шынайы өмірмен тығыз қарым-қатынаста болуы үшін қоғамға қажетті педагогикалық технологиялардың университетте білім алу кезінде, дер кезінде меңгеруі маңызды болып табылады. Өмірдің барлық әсемдігін сезініп, өзінің болмысындағы адами, тұлғалық және кәсіби педагогтік мүмкіндіктерін ашуына және сол қалыпта болашақ шәкірттеріне өнер арқылы білім беру әдістерін тиімділікпен меңгеруге даярлау студенттерге барлық педагогикалық жағдаяттарды, идеяларды, басқаның ойын, пікірін, ортаға қойылған проблеманы терең түсінуіне негіз болады.

Арт-технология негізінде білім беру үшін студенттердің өнер мен педагогиканың бірлескендегі зор қуатын түсінуі, сезіну, игеруі және меңгеруі керек. Ол қуаттың көзі өнердің мазмұнынан туындайтын рухани күш пен педагогиканың (дидактикалық және тәрбиелік мүмкіндіктерінің) түйіскен нүктесінде ашылады.

Көркем өнер нені болса да қатаңдатпайды, шек қойып, адамның ой-өрісін қамап тастамайды. Өнер адамның көзіне, ойлауына, естіп-тыңдауына сан түрлі мүмкіндіктер береді. Өнермен тәрбиеленген адам соның қайтарымы ретінде өзі де өнер туындыларын шығарады немесе өнердің ерекше тылсым күшін пайдалану арқылы өзінің кәсіби жұмысын атқаруды үйренеді.

Осылайша, арт-технология өнердің осы әсем еркіндігін қолдану арқылы, студенттерге білім мазмұнының жан-жақты байланыста меңгерілуіне және өзінің болашақ педагог кәсібіне шығармашылықпен ұмтылуына негіз қалайды. Бұл айтылғандар жүзеге асырылуы үшін яғни болашақ бастауыш білім педагогы мамандығына саналы және шығармашылықпен даярлануы үшін студенттер арт-технология жүйесі негізінде өнер туындыларымен, көркем өнер, көркем әдебиет туындыларымен сусындайтындай дәрістер мен практикалық сабақтар ұйымдастырылуы қажет деп ойлаймыз.

Арт-технология болашақ бастауыш білім педагогтерін болашақ кәсібінде тек көркем өнер түрлерін пайдалануды ғана емес, өздерінің де осы процеске толығымен қосылып, дәстүрлі оқыту әдістемесінің шектеуінен шығып, жақсыны өсіруге белсенділікпен кірісуіне керекті біліммен, әдістемелермен, сабақ жоспарларымен қамтамасыз етеді.

Арт-технология – болашақ бастауыш білім педагогтеріне оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыруда, сабақ беруде түрлі технологияларды қолдануға, түрлі бағытта кеңею мүмкіндігі мол технология. Арт-технологияның мәні келесі белгілермен танылады:

- арт-технология педагогика мен өнердің өзара әрекеттесуін білдіреді;

- өнер құралдарын қолдана отырып оқыту, тәрбиелеу, дамыту дегенді білдіреді;

- көркем мәдениет негіздерін қалыптастырып, дамытуды білдіреді;

- өнер мен педагогика әдістерін нақты қажет тұста комбинациялай қолдана отырып, көркем өнердің түрлерін жасауды өз тәжірибесі негізінде меңгеруін білдіреді.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мәні – осы білім беру процесін кәсіби тұрғыдан ұйымдастыруға қабілетті педагогтерді өнердің потенциалды қуатымен және тиімді амал-тәсілдерімен жүзеге асыру. Арт-технологияның тұлғаның шығармашылығын, креативтілігін дамытумен байланысты қуатты әлеуеті қазіргі қазақстандық қоғамның даму барысына да сәйкес келеді. Сонымен бірге, арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың маңыздылығы заманауи адамдардың жеке өмірінде өнердің орны төмендеп бара жатқанымен де байланысты өзекті бола түседі.Сондықтан да арт-технологияны болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың процесінің өнер және мәдени қырынан қосылған қоры деп тануға негіз бар. Осы жаңа аспектісі арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби тұлғалық жүйесінде жаңа сапалы компонент орын алып, болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуеті өнер арқылы креативтілігі мен шығармашылығы байып, мектепке барған кезіндегі түрлі педагогикалық жағдаяттарды шешуге, сабақтардың құрылымы мен мазмұнын, оқушылармен қарым-қатынасымен жаңа сапалы қырынан түрлендіруге қалыптасады. Осындай ерекшеліктері арқылы арт-технология болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлайтын педагогикалық процестің мақсатындағы өнер мен көркем шығармашылық әдістерінің топтасқан жиынтығы ретінде орын алады.

Арт-технологияның түпнегізін адам көңілінің түкпірінде жатқан уайымнан емдейтін «өнер терапиясы» деп аталатын арт-терапиямен байланыстырушы ғалымдар ретінде З.Фрейд [76] пен К. Юнг [77] аталады. Ал арт-технологияның тұлғаның үйлесімді дамуымен байланысты анықтаған ғалымдар ретінде А.Маслоу [78] және К.Роджерс аталады [79]. Олардың атап көрсетуінше, көркем туындыны жасап шығаратын шығармашылық акті адамның жан-дүниесінде жинақтаған тәжірибесінің өзгеріске түскенін, жаңа сапалы түзілім жасалып жатқанын білдіреді. Біз де осы пікірмен келісеміз, себебі, арт-технология негізінде болашақ кәсіби педагогті даярлаудың педагогикалық негіздері әлі де толыққанды анықталған жоқ.Білім беру саласында арт-технологияны пайдаланудың негіздемелері бірте-бірте қолға алынып қарастырылып келеді. Нақты жүйеленген теориялық және тұжырымдамалық негіздеме болмауы да біздің зерттеу тақырыбын таңдауымыздың бір себебі болып отырғанын атап кетеміз. Арт-технологияның болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлауды кәсіби педагогтерді даярлау және педагогикалық технологиялар теорияларының аяларында қарастырудың дұрыс екеніне көз жеткіземіз.

Арт-технологияның қолданылатын әдістер мен тәсілдер жүйесі алға қойылған педагогикалық мақсат пен міндеттерді шешудің құралы болып

саналады. Көркем өнер амалдарын меңгеру және сол арқылы жаңа өнер дүниесін жасау түрлі техникаларды араластыра қолдануды және мүлде жаңа араластыра қолдануды керек етеді. Арт-педагогиканың әдістері, негізінен төменде көрсетілген міндеттерді шешуге қызмет етеді:

- біріншіден, өнердің түрлі құралдары арқылы білім алушының қоршаған ортаға деген эстетикалық қатынасын дамытады;
- екіншіден, көркем мәдениетке, өнерге деген құштарлығын, эстетикалық талғамын дамытады;
- үшіншіден, білім алушының белгілі бір өнер түріне бейімділігін жетілдіріп, өзінің ой-түсінігін сыртқа шығарудың бір түрі ретінде өнерді таңдауға қалыптастырады;
- төртіншіден, студенттерге өздері меңгеріп жатқан кәсіби педагог білімін сапалылықтың жоғары шығармашылық деңгейіне көтеруіне мүмкіндік жасайды;
- бесіншіден, кәсіби білімін шыңдауда өнер мен дидактиканың ұштасу жолдарын тануға қажетті дағдылар қалыптастырады.

Ғалымдардың айтуынша, болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мәнін оның келесідей шешетін міндеттері арқылы да айқындала түседі, ол міндеттер қатарында:

- адамның шығармашылық дағдыларының ашылуы және дамуы;
- эмоциялық-адамгершілікті қасиетінің шыңдалуы;
- адам өзіндік бағасын жақсы біліп, өзіндік санасын биіктерге ұмтылу арқылы дамытуы;
- арт-технология адамда өзінің ішкі жан-дүниесіндегі қайшылықтарды шешіп, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда туындаған мәселелерді шеше алу дағдыларын қалыптастыру;
- тіл табысу, сөйлеу, сөйлесу, сұхбат құру дағдыларын жетілдіріп, басқаларға әлеуметтік тұрғыдан қолдау жасауға, өзара «сенім көпірін» қалыптастыруға қажетті шеберліктерді қалыптастыру;
- өзінің шынайы сезімін сыртқа шығарудағы әсем дағдыларды қалыптастыру [80].

Арт-технология өзінің мазмұны жағынан болашақ бастауыш білім педагогтерін оқыту мен тәрбиелеу процесінің тұтастығына үйлесе кірігіп, оқыту мен тәрбиелеудің бағытын жаңа заман талаптарына сай сұлулықпен толықтыратын ерекшеліктерге бай болып келеді. Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» деген кітабында: «Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол жөпшенді ыстық, суық, аштық, жалаңаштық, сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, нәзік үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынданарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне осындай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы», – деп көрсеткен [81].

Арт-технологияның дидактикалық және тәрбиелік әлеуетінің мол және күштілігі сондай, сол арқылы оқыту мазмұнын және тәрбиелеу мазмұнын түбегейлі де өзгерте алады. Өйткені өнер мен білім арқылы ғылым мен күнделікті өмірдің өзара тығыз байланысын тануға және түсінуге, білім мен практиканы қатар игеруге тірек болатын әдіс-амалдар мен жолдар өте көп.

Арт-технологияның күтілетін нәтижесі туралы айтар болсақ, ғалымдардың зерттеулері мен практик-мұғалімдердің тәжірибесін талдаған еңбектерде жекелеген арт-педагогика әдістері нәтижеге жеткізбейтінін, арт-педагогиканың бірнеше әдістері мен түрлері өзара кіріктіріле қолданылғанда ғана белгілі бір нәтижелер алуға болатыны туралы ойларын ортаға салады [82].

Ағылшынның көрнекті философы, ақын-жазушысы Герберт Рид өзінің «Өнер арқылы білім беру» [83] атты кітабында өнерге сүйене отырып білім берудің әлеуметтану, психологиялық, философиялық негіздері туралы кең жүйеде қарастырады. Осы зерттеу еңбегінде Герберт Рид өзінің педагогикалық тұжырымдамаларын мәдени-философиялық және эстетикалық көзқарастары тұрғысынан баяндайды. Герберт Ридтің айтуынша, адам қол жұмысымен айналысқан кезде, оның мәні мен болмысы өзара жақын болады, өйткені адамның ой-қиял, шабыты рационалды ойлаудан қашық кетпейді және оның шығармашылық сезімі пайдалы бұйымдарды өндіруден алыстамайды. Ал заманауи ғасырымызда адам баласы қолмен жұмыс жасаудан гөрі мимен, ойлаумен жұмыс жасауды негізгі етіп алғандықтан, адам баласы өзінің сол тұтастығын жоғалтып алды. Яғни адамның ой-қиялы, мен шығармашылығы оның қол еңбегімен тікелей және жақын байланыстан ажырап қалып отыр.

Нақтырақ айтатын болсақ, Герберт Ридтің пікірінше, сонау Қайта өрлеу дәуірінен бастап, адамды «теориялық субъект» ретінде дамыту жолы ұсталынып келеді. Ал теориялық субъект (заманауи адам) өз-өзінің интуитивтік-эмоциялық аясының тарылып, көптеген ой-сезімі, шабыты, шығармашалығы басылып қалып жатқанын да сезбей келеді. Соның барлығы адамның өз қоғамынан өзі жаттануына алып келе жатқаны да белгілі. Заманауи өнердің көру, есту, тілдік, кинестетикалық аялардағы туындылары адамның психикасының терең қатпарларына да әсер ете алатындай деңгейде жасалып келе жатқаны белгілі. Сол арқылы адам баласының өз өмір сүріп отырған ұжыммен, топпен, әлеуметтік ортамен, қоғаммен қарым-қатынасын үзбей және тепе-теңдікте болатындай қалыптастыруына ұмтылыс жасап келеді. Осы бағытта алып қарағанда, яғни өнердің адамды өз өмір сүріп отырған ортасымен жақындатуға ұмтылатын функциясын педагогикалық мақсатта пайдаланып, ол байланысты педагогикалық технологиялық жүйе ретінде құру қажетті танылады. Герберт Ридтің теориясына сүйенсек, баланың ең алғаш қолына қалам ұстап қағаз бетіне иректер салуының өзінде оның дүниетанымы туралы белгілер бар болуы мүмкін. Бала есейе келе, мектепке келгенде, иректердің белгілі бір тәртіппен салынған формалары әріптерді құрайтынын, одан сөздер, одан сөйлемдер құралатынын түсінеді. Түрлі геометриялық формалар жасайды, сызбалар сызады. Дәл осы кезде баланың тек сыртқы дүниеге еліктеп, солардың бейнесін жасауға ғана дағдыландырылмау керек. Ең бастысы, сол өнер туындыларын тануы арқылы

өзінің де ішкі әлемінде құралатын өнер туындыларын сыртқа түрлі формада шығаруға үйрету керек.

Түйіндеп айтқанда, өнерді үйрету дегеніміз – адамның сыртқы дүниенің кескінін қайта туындату, көшіріп салу ғана емес. Біз де Герберт Ридтің айтқанына қосыла отырып, өнер арқылы оқыту дегенді адам баласы ішкі жан-дүние әлеміндегі ритмді, бояуларды, сөздер ағынын, драмаларды, түрлі көркем бейнелерді сыртқа өнердің бір формасы арқылы шығара білуі болып табылады деп ойлаймыз. Өйткені Герберт Ридтің қайта-қайта баса назар салып айтатыны - осы дүниеде тек ғылым таныған деректер ғана бар болып танылмауы керек, кез келген адамның инстинктісі мен интуициясы таныған нәрсенің де бұл өмірде орын алуы мүмкін екеніне білім беру барысында орын берілуі керек.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мәні, құрылымы туралы Герберт Ридтің және Иньмэй Ван зерттеуіне сүйене отырып көрсетуге болады. Герберт Рид пен Иньмэй Ван айтуынша, өнер арқылы тәрбиелеудің аспектілері төмендегідей болып келеді (кесте 1) [84].

Кесте 1 – Герберт Рид пен Иньмэй Ван жіктеген өнерге сүйеніп тәрбиелеп, білім берудің аспектілері

A	Visual education – Көру тәрбиесі	EYE - КӨЗ	Design - Дизайн	
B	Plastic education – икемді қозғалыс тәрбиесі	TOUCH – икемділікке тәрбиелеу	Design - Дизайн	
C	Musical education – музыка тәрбиесі	EAR – Құлақ арқылы тәрбиелеу	Music - Музыка	Eurhitmics Ырғақ, ритм
D	Kinetic education – кинетикалық қозғалыс тәрбиесі	MUSCLES – Бұлшық ет қозғалысы арқылы тәрбиелеу	Dance - Би	Eurhitmics Ырғақ, ритм
E	Verbal education – тіл, сөз тәрбиесі	SPEECH – Тілін дамыту	Poetry - Көркем сөз, поэзия	
F	Constructive education – конструктивтік, құрастыру тәрбиесі	THOUGHT – Ойлауын дамыту	Craft – қолөнермен шұғылдандыру	

Сонымен қатар, олардың ойынша, оқыту тәжірибесінде көру және икемділікке тәрбиелеуді бөліп қарастыру қиын, олардың екеуі де адамның сыртқы дүниені қабылдауында біртұтас қабылданады, сондықтан оны дизайн деп белгілеуге болады. Ал, би мен музыка болса, олар да функционалдық бір тектен шығады деуге болады. Шынында, бұл категориялар түрлі дәрежеде өзара тоғысып келеді (айталық, би мен драма, дизайн мен қолөнер). Бірақ бұл топтарды өнер арқылы оқытып-тәрбиелеу барысында басқаша да топтауға болады, тек олар біздің психикалық процестеріміз бөлінетін осы төрт функцияның көрінісі болуы керек. Герберт Рид осы айтқанын көрнекі түрде мынадай 2-кесте арқылы көрсетеді:

Кесте 2 – Герберт Ридтің өнерге сүйеніп тәрбиелеп, білім беру сипаттама жіктемесі

I.	DESIGN - Дизайн	corresponding to сәйкес келеді	SENSATION сенсорлық
II.	MUSIC AND DANCE – Музыка және би	.. ..	INTUITION интуиция
III.	POETRY AND DRAMA – Поэзия және драма	.. ..	FEELING сезім
IY.	CRAFT - Қолөнер	.. ..	THOUGHT Ой, ойлау

Герберт Рид түйін сөзінде өзінің өнер туралы айтқанында оны білім беру мен тәрбиелеу процесі деп түсінетінін, ал білім беру мен тәрбие туралы айтқанда, көркем өнер процесін айтатынын, әрбір білім алушының өзінің жасампаздығын көрсете алатын процесті айтып тұрғанына баса назар аударады. Герберт Ридтің кітабындағы көптеген идеялары арт-педагогиканың, арт-технологияның маңызды тетіктеріне айналатын әлеуеті мол тұжырымдар деп бағалауға болады. Алдағы тармақтарда да осы құнды ойлар бізге теориялық және практикалық басшылыққа алынады.

Халықаралық деңгейде жарық көретін «Өнер арқылы білім беру» («International Journal of Education Through Art») журналында жарияланған халықаралық деңгейдегі жобалар мен еңбектер әлемдегі өнер арқылы білім беру орын алып, мәселесінің біртіндеп шешіліп, қарастырылып жатқанын көрсетеді [84,p. 2].

Осы журналдағы материалдарды талдау барысы өнер арқылы білім беру мәселесінің қазіргі кезде әлемнің өте көп елінде қолға алынып отырғанын көрсетеді. Журналдың ресми құжаттар, есептер мен эсселер берілген бөлімінде берілген материалдар арт-технология үшін де қажет.

Журналда өнер мен оқыту-тәрбиелеуді біріктіру бойынша зерттеген ғалымдардың бірі авторлардың бірі Эллиот В. Эйснердің «Білім беру саласы өнерден не үйрене алар еді?» дәрісінің мәтіні жарияланған. Эллиот В.Эйснердің пікірінше, көркем туындыларды жасап шығару үшін қажетті ойлаудың ерекше формалары тек оқушылар мен студенттерге ғана керек емес, ол біздің оқу бағдарламасын жазуымыздан бастап, оқыту процесіне кіргенімізге дейінгі процесті түгел қамтуы керек [85].

Шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау барысы көрсетіп отырғанындай, өнер – ерекше тәжірибе. Сондықтан өнер арқылы оқытып-тәрбиелеу – студенттердің өздерінің ішкі ой-санасынан, жан-дүниесінен жаңа тәжірибе қалыптастыру дегенмен бірдей түсініледі. Ал ғылыми білім - ғалымдардың ашқан жаңалығы мен түйген теорилық тұжырымдарын меңгерту. Оның маңызы - алдына салған ізбен жүретін жолды түсінуге үйрету. Арт-технологияны ғылым мен өнердің әдіс-тәсілдерін бірдей ұстай алатын оқыту-тәрбиелеу жүйесі деп санауға болады. Арт-технологияның басқа педагогикалық технологиялардан басты ерекшелігі – оның ғылым нәтижелері мен өнер нәтижелерінің түйіскен

нүктесінде пайда болуы және ол жаңа түзілімнің педагогикалық процесс үшін қолдануға тиімді болуы (сурет 3).



Сурет 3 – Арт-технологияның түпнегізінде жатқан салалардан түзілуі

3-суретте көрсетілген ғылым салаларына педагогика, физиология, медицина, психология, кибернетика, нейропсихология, мәдениеттаным, өнертану, әлеуметтік, тіл білімі, әдебиеттану, сәулет сияқты көптеген ғылымдар алынып отыр. Ал өнер саласында жалпыадамзаттық өнер туындылары, ұлттық өнер, құндылық, мәдени және рухани мұралар, адамның жеке басының өнерпаздық қабілеті тағы басқа толып жатқан салалар енеді. Осы дүниетанымның екі маңызды саласының, атап айтқанда, ғылым мен өнердің, екеуі екі жақтап келіп, адам баласының өмірдегі барлық тіршілігінің аса қажетті тетіктерін іске қосатынын түсінсек, қаншама жылдар бойы арт-технологияның мүмкіндігін елемей келе жатқанымызды да педагогикалық тұрғыдан түсінуге болады.Арт-технологияның арт-терапиядан іргетасы ұқсас болғанымен, бағыттары мүлде басқа екендігін айқындап алғандықтан, бұл жерде дене саулығын жан саулығымен бірге дамытатын, шыңдайтын, болашақ ұрпақты сәулелі санасымен оқытып-тәрбиелеуге дайындалып жатқан болашақ бастауыш педагогтеріне қажетті кәсіби білім негізінің құрамында арт-технология туралы да білім мен дағдылар жүйесін меңгертудің маңызды өзектілігі алға шығады. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мәселелерін шешуге арт-технологияның инновациялық мүмкіндіктерінің әлеуеті үлкен, сол мүмкіндіктерді болашақ бастауыш педагогтерін кәсіби даярлау процесіне енгізудің теориялық және практикалық мәселелерін жүйелеудің өзектілігі танылады.

С.В.Стариковаңың атап көрсетуінше, арт-технологиялар болашақ педагогтердің кәсіби біліктілігін қалыптастыруда маңызды өнер-мәдени-білімдік ресурстардың көзін тауып бере алады. Әсіресе, арт-технологияның ерекше мәні болашақ педагогтерге креативтілігін қалыптастырып, дамытуда айқын танылатүседі [86].

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымы оның мазмұн күрделілігімен байланысты болатыны белгілі. Негізінде, арт-технологияны қолданып болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауды бірнеше кезеңде жүргізуге болады:

- бірінші кезеңде «Арт-технологияның теориялық және практикалық негіздері» тақырыбындағы арнайы курс ретінде өткізу және «Арт-клуб» жұмысына қатыстыру;
- екінші кезеңде кафедра оқытушыларымен келісе отырып, «Арт-технологияны бастауыш мектепте жекелеген пәндерді оқыту процесінде қолдану» деген семинар ретінде әрбір пәнді оқыту әдістемесі бойынша курстардың мазмұнына сыналап енгізу;
- үшінші кезеңде студенттердің педагогикалық практикасында арнайы сабақтар жүйесінің сценарийін құрғызу және сабақ өткізу;
- төртінші кезеңде курстық, дипломдық жұмыс тақырыбы ретінде ұсыну.

Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін дайындау процесі студенттерге болашақ педагог ретінде көркем мәдениеттің табиғатын түсінуге үйретеді. Сонымен қатар, Н.Ю.Сергеева болашақ бастауыш білім педагогтеріне өнер туындысындағы эстетикалық қуат көзін тани білуге, өнер туындыларын талдай білуге және кәсіби педагогке дайындалу барысында студент кездегі жастық ой-сезімін, шабытын, өз қиялын шығармашылық туынды ретінде сыртқа шығара білуге үйретеді [87].

Болашақ педагог ретінде білім беру барысында болатын орасан зор өзгерістерге дайын болу, өзінің және болашақ оқушыларының дүниеге көзқарастарының әсемдік әлеммен терең және сенімді байланыста болу дағдыларын қалыптастыру керек. Болашақ педагог өзінің кәсіби шеберлігін шыңдауға университет бітірген соң емес, университеттегі кезінен бастап дайындалуы керек. Арт-технология болашақ педагогтердің рухани әлемінің әсем болып жетілуіне және университет бітірген соң өз бетімен кәсіби білімі мен шеберлігін жетілдіруге қажетті білім мазмұны мен әдіс-тәсілдер жүйесін меңгертуді көздейді.

Бастауыш сынып оқушыларына білім беріп, оларды тәрбиелейтін педагогтің ерекше нәзік сезімі мен адамның жан-дүниесін ерекше түсіне алатын сезімталдығы болуы қажет екені белгілі.Өйткені бастауыш сынып оқушыларының өмірге таза, ашық және толық сеніммен қарайтын ерекшелігі оларды оқытып-тәрбиелеуде арт-технологияның маңызы зор болатынын дәлелдейді.Өнер туындыларын тек таныстыру емес, оқушылардың өз білімін, тәрбиесін, танымын өнер арқылы сыртқа білдіруі, өнер әдістерінің көмегімен санасына түйіп алуы балалардың жас ерекшелігіне аса тән және ерекше. Бастауыш сынып балаларының ән айту, би билеу, сурет салу, музыка, қолөнер, өлең оқу, драмалық қысқа шығармаларды оқу процесіндегі іс-әрекеттерінің дене, сезім, ой, сөз – барлығы біртұтас және әсемдікпен қызмет етіп тұрады және олардың барлығы табиғи әрі шынайы көрініс болады. Ал, балалардың шығармашылық туындыларында терең эмоциялылық, балалық қылықтардың білім алушы ретіндегі саналылықпен үйлесімділігі, барлық қабылдаған білімдік

ақпаратын терең жанашырлықпен немесе барынша қуанумен қарайтын болмысы – болашақ бастауыш сынып педагогының кәсіби дайындықта екенін яғни студент кезеңінде басынан кешкен, таныс, дағдыланған күйі болуы керек екендігін М.Ю.Алексеева өз еңбегінде қарастырған [88].

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауда студенттерге берілетін білім мазмұнында оқыту-тәрбиелеу мен өнердің өзара байланысына сыни тұрғыдан талдау жасай білу дағдылары қалыптастырылады. Сонымен қатар, студенттердің оқыту-тәрбиелеу мен көркем білім берудің арасындағы айырмашылықты тани білуі де маңызды болып табылады. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мәнін арттыра түсетін жұмыстар - студенттерге арт-технология туралы теориялық курс және практикалық дағдылар қалыптастыру семинарларын жүргізумен қатар, «Студенттерге арналған АРТ-КЛУБ» ашып, жұмысын жақсы жолға қойып, студенттерді қатыстырып, өнер негізінде оқытып-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мәні онда қолданылатын оқыту-тәрбиелеу жұмыстарының формаларының түрлері мол болуымен, әдіс-тәсілдерінің мол болуымен, құрал-жабдықтарының сапалылығымен де сүбелі бола түседі. Ондай жұмыс түрлері жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыс, түрлі жобалар орындау тағы басқа көздеген нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жұмыстар болып табылады. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауда:

- студенттердің оқу процесінде жиналып қалатын ішкі сезімдері мен қиналыстарын сыртқа шығаруға мүмкіндік беретін, тілден, әдебиеттен, қолөнермен айналысу, ән айту, би билеу, домбыра тарту, поэзия оқу, драмада рольде ойнау, ұлттық ойын ойнау, ұлттық салт-дәстүрімізден көріністер көрсету сияқты түрлі көркем шығармашылық әрекеттер орындатылады;
- «Жүрегіңе үңіл, содан тапқаның шын асыл» деп Абай үйреткендей, студенттер өз сезімдері мен өз ойларына, қолынан жасалып шығып жатқан өнер туындыларына, көркем туындыларға берген тілдік бағалауларына өзі де зер салып, соның нәтижесінде өзінің сезімі мен жан-дүниесінің толғаныстарына назар салуды, байқауды үйренеді, мұндай рефлексия жасау үлкен жеңілдік береді;
- арт-технология негізінде жаңа өнер туындысын, жаңа көркем шығармашылық туынды жасап шығаруы студенттердің жан-дүниесін ауырлықтардан жеңілдететін ең қауіпсіз тәсіл болып табылады;
- арт-технология жүйесіндеі әдістер арқылы студенттер өз басынан өткен кейбір ыңғайсыз жағдаяттарды ой елегінен қайта өткізіп, аудиторияда, оқытушымен ақылдаса отырып, сырттан талдау жасауға дағдыланады, ал мұндай амал адамға үлкен жеңілдік береді;
- студенттер бұрыннан өзіне әбден таныс сияқты осынау әлемге, ортасына, өзіне басқаша көзқараспен қарауға дағдыланады, өйткені арт-

технология жүйесіндегі әдістерді үйрену деген сөз – өзіңді қоршаған әлемді өз жаңаша деңгейіңе лайықтап ұйымдастырып, жүйеге түсіре алу дегенді білдіреді.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мәні мен құрылымы туралы талдау барысын түйіндей келе, бұл жұмыстың практикалық мәні екі бағыттан тұратыны анықталды деп айта аламыз. Оның бір бағыты – студенттердің жеке басын тұлғалық дәрежеде қалыптастыруда арт-технологияның мол мүмкіншіліктерін пайдалану. Екінші бағыты - студенттерді кәсіби бастауыш білім педагогы ретінде даярлау. Соңғы бағыт бойынша болашақ мұғалімдерге бастауыш сынып оқушыларына қызықты арт-педаогикалық әдістер үйретіледі. Арт-технологиялар студенттерді көркем шығармашылық әдістерді өзінің жеке тұлғасын дамыту үшін де, кәсіби шеберлігін шыңдау үшін де, шәкірттері мен айнала әріптестерін үйрету үшін де мол-мол әдіс-тәсілдер жүйесін жүйелейді. Өйткені арт-технология – ғылым және өнер әдістерін қатар қолдана алады, бұл технологияның адамды жан-жақты дамуына серпін мен қуат берер ерекшелігінің мәні осында.

1.3 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың педагогикалық және психологиялық негіздері

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауды ұйымдастырудың, жүйеге түсірудің, әдістері мен амал-тәсілдері жүйесінің, шарттарының, принциптерінің, болашақ кәсіби педагогтің психологиялық портретінің педагогикалық және психологиялық негіздерін тану зерттеудің өзегінде тұратын маңызды мәселе екені белгілі.

Болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауда әрбір тұлғаның заманауи білім беру процесіне келіп қосылған шағында ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын» талдау барысында арт-технология негізінде болашақ кәсіби педагогті дайындауда назарда ұсталынатын мәселелер анықталды. Сол құжаттағы белгіленген лауазымдық міндеттер арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлауға арналған зерттеу міндеттерімен ұштасатынын көруге болады. Құжатта көрсетілген лауазымдық міндеттердің келесі іріктелгендері зерттеу жұмысымыздың міндеттерімен сәйкес келеді: «... - білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға жәрдемдеседі;

- ... қарым-қатынастың іскерлік стилі мен сөйлеу этикетін сақтауға үйретеді;
- ... оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады;
- оқу процесінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады;
- интерактивті оқу материалдары мен цифрлық білім ресурстарын пайдаланады...;
- кәсіби құзыреттілігін арттырады».

Сонымен бірге осы құжатта кәсіби құзыреттілікке қойылатын келесі талаптар да арт-технология негізінде бастауыш білім педагогын даярлауға байланысты зерттеу жұмысымыздың міндеттеріне жақын келеді:

«1) «педагог»:

... - білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету;

- кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгеру, сандық білім беру ресурстарын қолдану; ...
- 2) педагог-модератор:
- оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен құралдарын қолдану» [89].

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың педагогикалық негіздерін жүйелеудің бастауын «ҚР Білім туралы Заңына» сүйеніп жазылған жоғарыда аталған құжаттан бастауымыздың себебі – қазақстандық педагогтердің біліктілік сипаттамасы қандай болып бекітілгенін және зерттеу жұмысымыздың көздеген нәтижесінің бір нүктеде тоғысатынын көрсету. Дегенмен, болашақ бастауыш білім педагогын жаңа педагогикалық инновациялық технологиялар негізінде, соның ішінде арт-технологиялар негізінде, кәсіби даярлаудың педагогикалық және психологиялық негіздері толыққанды қарастырылып, мәселелер шешілді деуге әлі де ерте. Өйткені болашақ бастауыш білім педагогын арт-технология негізінде кәсіби даярлау туралы арнайы және жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізілмей келгендіктен, бұл мәселенің педагогикалық негіздері мен психологиялық негіздері де жүйеленбей келеді.

Педагогикада жаңа инновациялық технологиялардың білім мен тәрбие үдерісінің басты екі субъектісі яғни оқытушы мен студенттің арасындағы дидактикалық қарым-қатынастың жаңа түрлері мен әдіс-тәсіл, амалдарын жаңа жүйеге жинақтаған формасы болып табылатыны белгілі. Бұрыннан белгілі әдіс-тәсілдердің өзара жаңаша комбинацияда орналасып, сонымен қатар жаңа дидактикалық элементтермен өзара орайласып, қойылған мақсат пен оған жету үшін белгіленген міндеттер парадигмасын шешуге қарай бағытталуын көрсететін жаңа педагогикалық технологияның теориялық негіздері де өзіндік жаңалықтарды айқындайды.

Болашақ бастауыш білім педагогын заманауи кәсіби даярлауда бұрынғыдай тек белгіленген білім мазмұнымен ғана қаруландырып қоймай, әр студенттің болашақ кәсіби тұлға екендігін ден қойылады. Оның шығармашылық қабілеттерін оның кәсіби мүмкіндігіне айналдыруға, оның өзін студенттің бойына сіңіріп, өз бетімен әрі қарай іздене алатын әдістермен жарақтандыруға беталыс ұстанады.


Осымен де байланысты В.Г.Колосов арт-технология инновациялық педагогикалық технология қатарында қарастырылып, болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлау үдерісінің ғылыми-теориялық негіздерін анықтап, практикалық әрбір қадамы дидактикалық тұрғыдан көзделген мақсатқа бағыттаған [90].

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың педагогикалық негіздері студенттерді болашақ педагог мамандығының шеберлігін, кәсіби педагогиканың әрбір ішкі қалтарысын, заман өзгерісі мен заманауи оқушының даму заңдылықтарын жете меңгеріп, соны ұтымдылықпен іске асыра алатын тұлғаны қалыптастыруға тірек болатын теориялық тұжырымдары дегенді білдіреді. Арт-технология негізінде даярланған кәсіби бастауыш білім педагогы – өнер мен биік мәдениеттің негіздерін жақсы меңгерген маман, өз ісінің хас шебері, бастауыш мектепте білім беру мен тәрбиелеудің мақсат-мазмұнын жете меңгерген маман. Арт-технология – болашақ педагогтерге өзінің табиғи мүмкіндіктерін өнердің бай қазыналы ресурстарын және оның жасампаздық (созидательный) әдістерін меңгере отырып жүзеге асыруға жол ашатын педагогикалық технологияның бірі. Әрине, бұл жерде болашақ бастауыш білім педагогтерінің сана мен жүректің терең иірімдерінде орналасқан ақыл-ойының, сезімдерінің, өмірлік құштарлығы мен ерік-жігерінің өз болмысын қалыптастыруға қосыла көмек беру жолдарының да маңыздылығын атап өту керек. Өйткені студент, болашақ бастауыш білім педагогы ретінде, өзінің даярлық процесіне ерекше түсіністікпен қарап, өзінің шебер педагог ретінде қалыптасуына өзі де саналылықпен қатысуы міндетті. Осылайша, арт-технология студентті болашақ бастауыш білім педагогы ретінде даярлану барысында әрі даярланушы объект ретінде, сонымен қатар, өзінің даярлығына өзі де белсенді қатысатын субъект ретінде таниды және бейімдейді.

Бастауыш білім педагогының ерекшелігі оның болашақ мектептегі қызметінде тілші де, математик те, әдебиетші де, суретші де, әнші де, дүниетанытушы да, тәрбиеші де болып, сан қырлы ғылым негіздерінен, өнер негіздерінен білім беретін мұғалім болуында. Бұл мәселені феноменологиялық тұрғыдан қарауға да болар еді. Өйткені бастауыш білім педагогының тұлғасы педагогика мен өнердің шеберлік негіздерінен құралған тұлға ретінде танылады.

Бастауыш білім педагогы үшін «жігітке жеті өнер аз» деп қазақы тілмен айтқанда, тек педагог болу ғана жеткіліксіз болады. Бастауыш білім педагогы жеті өнерді, мүмкін болса, одан да көп өнерді меңгерген тұлға болуы керек, өйткені мамандығының ерекшелігі осындай. Бастауыш білім педагогының шеберлігі оның кәсіби дайындығының және өз ісін кәсіби тұрғыдан басқаруы арқылы танылады. Бастауыш білім педагогын арт-технология негізінде кәсіби дайындаудың педагогикалық негізінде оның ішкі тармақталған бағыттарын анықтау маңызды орын алады. Сол арқылы әр бағыттың өзіндік педагогикалық заңдылықтары мен талаптарын айқындап, барлығын ортақ педагогикалық дидактика және тәрбие заңдылықтарымен түйіндеу мүмкін болады деп санаймыз. Ол үшін арт-технологияның ішкі жүйесінің жіктемесін анықтап алу керек. Жіктемеге сүйене отырып, арт-технологияның педагогикалық және психологиялық негіздері қарастырылады. Арт-технология жүйесінің іштей сарапануы ықпал ету белсенділігі бойынша жүргізіледі, мазмұндық құрылымы бойынша, психологиялық жайлылығы бойынша, қолданылу барысы бойынша, өнердің және әрекеттің белгілі бір түріне жатқызылуы бойынша анықталады. Одан әрі тармақталатын жіктемесінде арт-технологияның пассив және белсенді

формалары, құрылымының дайындалған немесе еркіндігі бойынша, әдістердің студент үшін көріп, соны қайталайтын репродуктивтік немесе эстетикалық /продуктивтік болып ұсынылуы бойынша, өнердің импровизациялық, бейнелеу-қолданбалы, музыкалық, бейнелік түрлері көрсетіледі. Төмендегі 4-суретте арт-технологияның жіктемесі ұсынылып отыр.



Сурет 4 – Арт-технология жүйесінің жіктемесі

Арт-технология жүйесінің ішкі құраушы компоненттерінің жіктемесі 4-суретте көрсетілгендей, ірі бес топқа, ал олар өз кезегінде әрі қарай 15 тармаққа тарайды. Бұл көрсетілген тармақтардың өздері онан әрі қарай көптеген әдістерге

жіктеледі. Осының барлығы, біртұтас педагогикалық процесте, яғни арнайы курс пен «Арт-клуб» қызметінде жүзеге асырылады.

Арнайы курстың білім мазмұны дәрістерде теориялық негіздері арқылы және семинарларда студенттердің өзінді ғылыми-практикалық ізденістері арқылы жүзеге асырылады. Ал, лабораториялық сабақтар болса, «Арт-клуб» қызметі арқылы іске асырылады. Студенттердің өз бетімен орындайтын жобалық-креативтік жұмыстары «Арт-клуб» қызметін жетілдірудің әлеуметтік, эстетикалық-педагогикалық, креативтік-шығармашылық, экономикалық яғни маркетинг-менеджменттік тақырыптарымен байланысты орындатылды.

Бастауыш білім педагогын арт-технология негізінде кәсіби дайындаудың педагогикалық негіздерін жүйелеуде кәсіби педагогке қойылатын мемлекеттік, қоғамдық-әлеуметтік талаптарды студенттерге меңгерту көздеген нәтиженің бірі екендігі назарда ұсталынады.

Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлауда студентте қалыптастырылатын құзыреттіліктің үш деңгейі анықталды. Олар – болашақ бастауыш білім педагогының жалпымәдени құзыреттілігі, жалпыкәсіби құзыреттілігі, арт-технология негізінде кәсіби даярлық құзыреттілігі (сурет 5).



Сурет 5 – Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлауда студентте қалыптастырылатын құзыреттіліктің үш деңгейі

Бұл жерде жалпымәдени құзыреттілік болашақ бастауыш білім педагогына заманауи қоғамда өмір сүруіне мүмкіндік беретін, Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени қоғамның толыққанды мүшесі бола алатын, қоршаған ортасымен өзара жеке және кәсіби педаог ретінде бейбіт және гуманистік, сыйластықты қарым-қатынаста болатын, заманауи ақпараттарды іздеп таба алатын, өңдеп, өзертіп, сақтай алатын, өзінің діни, ұлттық, мәдени, кәсіби бірегейлігін бейбіт және гуманистік принциптерді ұстана отырып көрсете алатын тұлғаға тән болып табылады. С.Л.Троянскаяның көрсетуінше, жалпымәдени құзыреттіліктің құрамында келесі компоненттер болады:

- жалпымәдени және гуманистік, зияткерлік деңгейін дамыту және жетілдіру құзыреттілігі;
- білім – адамзаттың мәдени даму тарихының нәтижесі екендігіне сүйене отырып, білімнің мәдениетті дамыту функциясын тану және қолдана білу;

- жалпыадамзаттық және қазақ ұлттық өнері мен мәдениетінің қорын білім беру мақсатында жинақтап, мәдени-білімдік ресурс қалыптастыру;
- әлемдегі, қазақстандық қоғамдағы жалпымәдени процестерді және құбылыстарды талдай білу құзыреттілігі;
- өз кәсібі аясында белгілі бір шешімдері үшін жауапкершілікті қабылдай алу құзыреттілігі [91].

Ал жалпыкәсіби құзыреттілік – болашақ бастауыш білім педагогын даярлаудағы ең маңызды құзыреттілік. Бұл құзыреттілік жүйесінде болашақ бастауыш білім педагогының жемісті мұғалімдік қызметі үшін маңызды тұлғалық және кәсіби сапалы қасиеттері мен қабілеттері жинақталған [92]. Жалпыкәсіби құзыреттілікке, біздің ойымызша, келесі компоненттер енеді.

- Болашақ бастауыш білім педагогы кәсібіне қажетті ақпаратты іздеп, жинақтап, өңдеп, сақтап, жаңа ақпараттар құрастыра алатын ақпараттық-білімдік құзыреттілік.
- Болашақ бастауыш білім педагогы ретінде қазақ тілі, математика, әдебиеттік оқу, шет тілдері, сурет, музыка т.б. пәндердегі ілім беру және тәрбиелеуге қатысты жан-жақты кәсіби міндеттерді шешу құзыреттілігі.
- Бастауыш білім жүйесін, ондағы сабақ барысын, біртұтас педаогикалық процесті ұйымдастыру және басқару құзыреттілігі.
- Білім беру және тәрбиелеу процесіне қатысты басқалармен тіл табыса алатын, сөз шеберлігі шыңдалған академиялық шешендік құзыреттілігі.
- Құрастыру шеберлігі жетілген, жобалау қабілеті жоғары, алдағы уақытқа педагогикалық жоспар жобалай алатын, еңбек нарығында уақыттың тиімділігін түсініп меңгерген кәсіби құзыреттілік.

Ал зерттеу тақырыбымыздан туындайтын болашақ бастауыш сынып педагогының нақты арт-педагогикалық құзыреттіліктерге келесілер жатқызылады.

- Болашақ бастауыш білім педагогы ретінде көркем ойлау, көркем пайымдар құру, көркемдікті бағалау, көркем дүниені тани білу құзыреттілігі.
- Өнерді зерттеу мен оның ұтымды әдістерін білім беру процесіне әкелу және қолдана білу құзыреттілігі.
- Кісілікке тәрбиелеуге, өмірді босқа өткізбей, оның мәнін әсемдікпен толтыру, мейірімді болу және соған тәрбиелеу, өнер туындыларын өмірлік қуат ретінде, білім алудың көркем жолы ретінде тану құзыреттілігі.
- Көркем ойлауын, өнерлі ойлауын дамыту, жүйелі, бірізділікпен, сыни, креативтік-шығармашылық, икемді ойлауын дамыту құзыреттілігі.
- Сөйлеу шеберлігі, шешендік, өзгелермен тіл табысу, мәнерлеп оқу құзыреттілігі.
- Өзінің тұлғасын, қоршаған ортасын және болашақ шәкірттерін арт-технология негізінде дамытуға және тәрбиелеуге өнер мен көркем әдістердің табиғаты туралы теориялық білім мазмұны арқылы да, «Арт-клуб» арқылы арт-

педагогика туралы теориялық білімін нақты практикалық дағдыларды қалыптастырумен бірге жетілдіру құзыреттілігі.

Зерттеу жұмысымызға байланысты, басты назар болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлауда арт-технологияны меңгерген студенттің кәсіби құзыреттілігіне аударылып отыр.

Арт-технологияның педагогикалық негіздерін тануда оның принциптерін нақтылау да маңызды болып табылатыны белгілі. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың педагогикалық негіздерін жүйелеуде педагогикалық принциптерді анықтаудың да мәнісі үлкен. Зерттеу тақырыбымызға байланысты педагогикалық принциптерді үш топқа бөліп жүйелеу дұрыс болады.

Оның бірінші тобындағы принциптер:

- кәсіби педагог даярлаудың гуманистік бағыты принципі [79,б. 212];
- кәсіби педагог даярлаудың үздіксіздігі және сабақтастығы принципі;
- кәсіби педагог даярлаудың практикалық басымдығы принципі [93].

Екінші топқа іріктелінген принциптер дидактиканың жалпы принциптері:

- кәсіби педагог даярлау процесінің ғылымилылығы принципі;
- қолжетімділік принципі;
- көрнекілік принципі.

Үшінші топқа, яғни жалпыдидактикалық принциптермен қатар, арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың принциптерінің қатарында іріктелінген педагогикалық принциптер:

- арт-технология теориясының іргелілігі принципі;
- арт-технология негізінде кәсіби даярлаудың саналылық принципі;
- арт-технология дәрістері мен практикалық сабақтарында студенттердің белсенділігі принципі;
- өнер мен педагогиканың интеграциялығы принципі;
- тіл және әдебиетке, сурет, музыка, қолөнерге байланысты пәндердің өзара кірігуі принципі;
- мобильділік принципі (тез, уақытылы әрекетке кірісу);
- технологиялылық принципі;
- болашақ бастауыш білім педагогын даярлаудың кәсіби-мақсатты принципі;
- тәжірибеге лайықталып бейімделу принципі.
- арт-технологияның өнермен, көркем шығармашылықпен әлеуметтік-мәдени сәйкестілігі принципі;
- болашақ бастауыш білім педагогын даярлауда оқылатын барлық пәндерге, курстарға құндылық көзқараспен қарау принципі [94].

Көрсетілген педагогикалық принциптер өзара байланысты және олар бірін екіншісі толықтырып, өзара бір бастауыш білім педагогын арт-технология негізінде кәсіби дайындаудың педагогикалық принциптерінің жүйесін құрайды.

Бастауыш білім педагогын арт-технология негізінде кәсіби дайындаудың педагогикалық негіздерінің маңызды категориясы – білім мазмұны [95].

Бұл жерде арт-технологияның теориялық және практикалық қырлары арнайы курс ретінде біртұтас білім мазмұнын құрайтынын атап кетеміз. Ол білім мазмұны «АРТ-технология теориясы және әдістемесі» деп аталатын арнаулы курстың біртұтас теориялық және практикалық қырлары анықталған бағдарламасында сағат санына лайықталып берілді.

Арт-технологияны қарастырған ғалымдардың еңбектері мен зерттеулерін талдай келе, бастауыш білім педагогын арт-технология негізінде кәсіби дайындау курсының білім мазмұнында мына мәселелер қамтылды:

- арт-технологиялар туралы ұғым, анықтамасы, мәні, жіктемесі;
- арт-технологияның бастау көздеріне тарихи шолу;
- өнер мен педагогиканың байланысы;
- арт-технологияның психологиялық ерекшеліктері; К.С. Станиславский шығармашылық теориясы;
- өнер мен мәдениет (рухани және материалдық мәдениет) туындыларына талдау жасау;
- арт-технологияның гуманистік бағыттары [96];
- «арт-технология» мен «арт-терапия» ұғымдарына салыстырмалы талдау;
- арт-технологияның функциялары;
- кітап оқудың, поэзияны, драмалық шығармаларды мәнерлеп, рөлге бөліп оқудың арт-технология жүйесінде алатын маңызды қызметі;
- музыка, би, сурет салу, саздан, гипстен мүсіндер жасаудың арт-технологиядағы маңызды орны [97];
- қолөнер бұйымдарының ерекшеліктерін тану және қолдан бұйымдар жасау (ханд мейд);
- қазақ ұлттық танымы мен ұлттық педагогикасындағы ән мен бидің, домбырадағы күй мен қобыз күйінің адамның сезімдік-эмоциялық көңіл-күйіне ықпал етуін, тәрбиелік мәнін талдау;
- қазақ ұлттық дене шынықтыру жаттығулары мен атқа мініп сейіл жасаудың арт-технологиядағы тәрбиелік орны;
- заманауи арт-технологиялар;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) және цифрлық контент [98].

Білім мазмұнында белгіленген мәселелерді оқытудың дәріс, семинар, лабораториялық сабақтар, өзіндік жұмыс, аудиториядан тыс «Арт-клуб» жұмысына белсенді қатысу, жобалар орындау, ойын технологиялары, инновациялық аниматорлық әркеттер сияқты оқыту және тәрбие формалары арқылы жүзеге асырылды.

Бұл жұмыстардың тақырыптары мен мазмұндарына сәйкес жүзеге асырылатын әдістері, амал-тәсілдері де айқындалып, бір жүйеге түсірілді. Әдістерді жүйелеуде олардың атқаратын, орындайтын міндеттері де анықталды. Тиімді әдіс-тәсілдер жүйесі болашақ бастауыш білім педаогтерінің кәсіби шығармашалық қабілеттерін ашып, студенттердің жеке тұлғасының ішкі мүмкіндіктері мен әлеуетін арттырады.

Жоғарыдағы арт-технологиясының жіктемесі берілген суретте көрсетілген әдістердің тегі мен түрлеріне тоқтап өту керек. Арт-технологияның болашақ бастауыш білім педагогін даярлауда студентерге ықпал ету белсенділігі бойынша әдістер пассив және белсенді (актив) деп бөлінген [99].

Пассив әдістер қатарында көрсетілген сурет қарау, сурет бойынша жұмыс жүргізу, ұсынылған кітапты оқу, оқытушы ұсынған музыканы тыңдау әдістері, виртуалдық немесе тікелей музейлердегі мұраларды тамашалау студенттің ой-санасындағы ішкі процестерді тек сырттан қабылдау арқылы іске асырады.

Студенттің белгілі бір өнер туындысы жасалуында ақыл-ойы, ой-санасы мен қолы, денесі (ән айту, би, қолөнер туындысы т.б.) толығымен әрекет жасау барысында қолданылған әдістер белсенді әдістер болып табылады.

Мазмұндық құрылымы бойынша әдістердің құрылымы алдын ала оқытушы тарапынан әзірленіп, студенттердің тек сол берілген алгоритммен жүруі міндеттеліп тапсырманы орындату оқытушының қалауымен немесе талабымен орындалатын арт-әдістер болып табылады.

Ал студентке күтілетін нәтиже ғана көрсетіліп, оған қандай жолмен, қандай материалмен, қандай әдістермен жету жолын студенттің өз еркіне қарай таңдауын ұсыну құрылымы еркін әдістер болып саналады.

Арт-материалмен жұмыс жасау барысында студенттерге психологиялық тұрғыдан жайлы сезім, жақсы көңіл-күй орнату мақсатында да әдістер екі түрге бөліп қарастырылады. Студентке оқытушы өнер туындысын таныстырып, талдап, ерекшеліктерін түсіндіріп беріп, соңынан студентке сол айтқандарды айнытпай қайта орындауын талап етуде репродуктивтік әдістер қолданылады. Репродуктивтік яғни нұсқаны көрсету бойынша қайталап орындау әдістері бастапқы кезде көбірек қолданылуы мүмкін, бірақ ол әді біртіндеп продуктивтік яғни өнімді өзі жасайтын әдістерге алмасуы қажет.

Эстетикалық арт-әдістерді қолдануда оқытушы студенттерге, мысалы, күй тыңдату арасында орындату арқылы, өнер туындысынан ой-санасына, жан-дүниесіне рухани қуат беретін эстетикалық ләззат алу деңгейіне жету әдістерін қолдануды үйретеді.

Арт-материалмен жұмыс жасау барысында қолданылатын әдістердің де сапалық деңгейі түрлі болады.

Қолданыстағы бір өнер туындысын талдап, түсіндіре отырып, студенттің зер салып бақылауына, өзіндік ерекшеліктерін табуға үйрету барысында пайдаланылатын әдістер бар.

Сонымен қатар студенттің өзінің белгілі бір креативтік-шығармашылық тақырыпқа байланысты өнер туындысын жасауына, сол туындысын жан-жақты түсіндіріп, басқалардың зейін қоюы үшін түсіндіруінде де қолданылатын әдістер де бар.

Оған қоса, қолда бар арт-материалды дәрісте немесе семинарда оқытушының пайдалануына болады.

Ал оқытушы дәрісті интерактивті дәріс түрінде өткізетін болса, аз уақыт бөліп, студенттерге алдымен дәріс алдында өнер туындысын өз қолымен жасауын ұсынады. Мысалы, қазақ оюларын қию, алдын ала студенттерге қайшы

қағаз алып келуді тапсырса немесе оқытушы жеткілікті етіп реквизиттерді дайындап алса, бұл өте қызықты дәріс болады. Студенттер өздері ою қиған соң, қазақ оюларының ерекшеліктерін баяндаған дәрісті тыңдауы өте қызықты ғана емес, жаңа сапалы деңгейде өткіледі. Тыңдай отырып, зер салып бақылап отырады.

Осы мазмұндағы бір жақсы әдістер қатарында оқытушы мен студенттің бірігіп өнер туындысын жасау әдістерін атауға болады. Бұл жерде ән айтуда, өзара пікірлесіп, бірлесіп аранжировка жасау жолдарын табуға немесе гипстен, саздан түрлі пішіндер, құмыра т.б. жасауда, сурет салуда екі авторлық өнер туындысын жасау барысы туралы айтылып отырғаны белгілі. Осындай әдістер арқылы ынтымақтастық педагогиканың қуатты күш екеніне көз жеткізу болашақ педагогтер үшін үлкен тағылым да болатыны сөзсіз деп ойлаймыз.

Енді әдістердің өнердің түрлеріне немесе орындалатын әрекет түрлеріне қарай жіктелуіне тоқталамыз.

Арт-контекст әдістерінің ерекшеліктері студент толығымен өнер туындысын тануға, талдауға, қайта жасауға, өзі ойлап табуға арналған барлық жағдай толық қамтылған ортада қолданылады. Би үйрену, ән ойлап шығару немесе ойын әдісі арқылы қағаздардан құрап «Жаңа қала» салу, «Киіз басу», портрет салу т.б. әдіс-амалдарын толық бір тақырыпқа арнап, студенттер өздерін ерекше креативтік-шығармашылық лабораторияда отырғандай сезінетіндей күй орнату керек. Бұл арт-контекстік әдістердің ерекшелігі студентке өзінің және болашақ бастауыш сыныпта оқытатын оқушыларының жай-күйін басынан шынайы түрде өткеру мүмкіндігі берілетіндігінде. Мұнда:

- өнер туындысы жасап шығару процесін басынан кешу арқылы студент өзінің ішкі ойынан өріліп шыққан өнер туындысын жасайды;
- осы жасалынған өнер туындысының «қай кірпіші қандай екенін, қалай құрылғанын» көріп отырады;
- сол бастан кешкен жай-күйін соңынан сөзбен жеткізіп айтып беруі тапсырылғандықтан, студенттің бақылауы да кең диапазонда болады, сөйтіп материалдың сапасы мен өзінің қабілетіне бақылау жасайды;
- жасалған өнер туындысы өзінің шығармашылық қабілетінің қаншалықты деңгейде екенін өзіне де айқын көрсетеді;
- ойын арқылы еркін шығармашылық процеске енген студентте ішкі толғаныс пен сезім толқындары да өтіп жатады, сол арқылы сананың терең иірімдері іске қосылып, өз тәжірибесі ғана емес, есте сақталған басқа адамдардың да тәжірибесі арқылы (оқыған кітап, естіген әңгіме, көрген кино, көрген тәжірибе эпизоды т.б.) жасау мүмкіндігі бар.

Негізінде, студент өнер туындысымен танысқан соң алғашқы рет көріп отырса да, интуициясымен дәл сондай етіп жасауға кірісіп кетуі де мүмкін, бұл «интуицияның феномендік танымы» деп аталады [60,с. 100].

Арт-педагогиканы қарастырған ғалымдар келесідей арт-әдістерді атап көрсетеді:

Изо-педагогика арт-әдісі. Сурет-бейнелеу құралдары мен студенттің жеке тұлғасы дамуына мүмкіндіктер беретін әдістер қолданылады, атап айтқанда,

сурет салу, түр мен түсті кең пайдалану, сурет арқылы жобалап диагностикалау әдістері [100].

Құмды қолдану арт-әдістері. Бұл әдісті белгілі психолог К. Юнг ұсынған [77,с. 114]. Негізінен, балаларға қолдануға арналған сияқты болғанымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде болашақ мұғалімдерді даярлауда да белсенді қолдануға болатын әдіс. Бұл әдіс арқылы орындалған суреттерді қарау және талдау арқылы тактильді сезім мүшелері жетіледі. Сонымен бірге, түрлі сюжеттегі құм суреттерін салу арқылы ішкі көптеген ой операциялары іске асырылып, тілі дамып, зейіні мен есте сақтау қабілеті жетіледі. Өйткені құммен сурет салу және құмнан салынған суреттерді қарау арқылы адамның тереңде жатқан сезімдері жұмыс жасай бастайды.

Саз балшық және ермексаз қолдану арт-әдісі – иленетін материалды қолдану және сол арқылы эмоциялық интеллектіні дамыту. Ескірсе де, көңілден кетпей жүрген түйткілді сезімдерді сыртқа шығаруға күші жететін, жаңа сезімдер туындататын, өзінің сезімдерін сезіне алатын жайлы жағдай орнататын тиімді әдіс [60,с. 88].

Қуыршақты қолдану арт-әдісі – болашақ бастауыш білім педагогы үшін өте пайдалы және кәсіби даярлығында педагог тұлғасын қалыптастыруға көптеген әлеуетті ішкі мүмкіндіктерін ашуға сеп болатын әдіс. Әлеуметтік бейімделу, эмоциялық қиыншылықтардан арылу, қажыр-күшін қор етіп жинақтап алуға мүмкіндік беретін әдіс ретінде бағалау болып табылады.

Фотоға түсіру арт-әдісі – фотоға түсірілген көптеген материалдарды студенттерге ұсына отырып, фото-шығармашылығына баулу ғана емес, психолоиялық және педагогикалық тұрғыдан жаңа идеялар табуға жетелейтін тиімді әдіс. Топтағы студенттерді отбасылық фото-суреттеріне компьютер арқылы тақырыптық виртуалды экскурсия жасауға болады. Мысалы, «Балалық шаққа саяхат», «Менің курстастарым» т.б.

Бетті гримдеу/ бояну-сылану/ арт-әдісі – әсем келбет «жасап», рөлге еніп, түрлі ішкі жан-дүниенің қозғалысқа түскенде қалып қойған теріс, жағымсыз әсерлерін кетіру мүмкіндігі мол әдіс.

Hand-made – «қолмен жасау» – студенттердің өз қолымен түрлі қолөнер бұйымдарын жасауға машықтануына мүмкіндік беретін әдіс. Өзінің идеясынан туындаған қолөнер туындыларын жасауда негативтік әсер, ауыр сезімдерін кетіруге бірден-бір мүмкіндігі зор әдіс. Қазақ халқының (барлық халықтардың), әсіресе, әйелдерге кесте тігу, киім тоқу, алаша тоқу, киімдерге ою өрнектеу, моншақтардан өрнектер түзу сияқты ісмерлікті жасау барысында ыңылдап немесе қосылып ән айтып отыруы – ішкі жайды реттеуге арналған табиғи психологиялық көмек ретінде қолданылған әдісі.

Драмалық арт-әдіс – белгілі бір көркем әдеби шығарманы мәнерлеп оқу, драмалық шығармалардан үзінділер оқу, шағын қойылымдарда рөл ойнау – адамның жан-дүниесін, сезімдер тоғысуын, ақыл-ойын үлкен биіктерге көтере алатын ең тиімді арт-әдіс. Басқа адамның жай-күйіне түсініп, мейірбан болуы да осындай рөлдерді ойнау арқылы қалыптасатын әдіс. Қазақта «Менің орнымда сен болсаң не істер едің?» деген тамаша психологиялық арт-әдіс бар екені белгілі.

Сол кезде ақыл берілген адам, тыңдаушы адам сөйлеп тұрған адамның жай-күйін менталды түрде сезіне алады, сонда ғана шынайы түсіністік орнайды [101].

«Ерте, ерте ертеде...» арт-әдісі – болашақ бастауыш білім педагогын даярлауда ең тиімді болып табылатын әдіс. Бұл әдістің ерекшелігі ертегі айту арқылы ертегінің мазмұнындағы насихатты ұғындыру және басқа адамдардың өмірлік тәжірибелерін меңгерту екені белгілі. М.Әуезовтің «Абай жолы» романында он үші жасар Абайдың әжесі Зереден ертегі-аңыздар айтып беруін сұрағандағы ерекше әдісін үйреніп алу керек: *«Е-е-е, Бұлдыр-бұлдыр күн өткен, Бұрынғыдан кім өткен?»* деген әдістің дидактикалық қуаты сонда, бұл айтылымдар, шын мәнінде, кез келген адамның санасындағы, жадындағы сақталған тарихи «кілтті» бұрып, сыр сандықты ашу үшін керек «пароль» сияқты қызмет етеді. Немесе «*Ерте, ерте, ертеде, Ешкі жүні бөртеде, Қырғауылы қызыл екен, Құйрық жүні ұзын екен»* деп басталатын ертеі студенттердің өздерін де ерекше әлемге баурап жетелейтін ілмек ретінде қызмет ететінін атап кетуіміз керек. Ертегінің мазмұнын ғана емес, айтылу ерекшелігін сақтау өте маңызды. Сондықтан да бұл – арт-әдіс болып саналады [102].

Релаксациялық жаттығулар – ойын түрінде ұйымдастыруға болатын, әуенмен қозғалу, тыныс алу жаттығуларын орындау, саусақтарды майыстырып би фрагменттерін орындау немесе үстелді түртіп, түрлі дыбыстар шығару, жаңылтпаштар айту түрінде орындауға болатын ерекше жаттығулар [103].

Болашақ бастауыш білім педагогын даярлауда мектеп табалдырығын енді аттап, әлі әлеуметтік қарым-қатынастың түйінін мол жүйесіне ене алмай жатқан бастауыш сынып оқушыларының ұстазы болуы үшін студенттердің соған арнайы арт-технологияны меңгеруі арқылы дайындаудың қажеттілігі мен маңыздылығы осы тұста таныла түсетіні белгілі.

Бастауыш білім педагогын арт-технология негізінде кәсіби даярлаудың педагогикалық негіздері дидактикалық және тәрбие теориясы арқылы жүйелінеді. Тәрбие теориясының ішінде гуманистік тәрбие, қазақ ұлттық педагогикасы, эстетикалық тәрбие, қоғамдық-әлеуметтік тәрбие, интеллектуалдық тәрбие, креативтік-шығармашылық тәрбие, интеллектуалдық тәрбие жеке тұлға тәрбиесі, ақпараттық-коммуникациялық теория, инновациялық тәрбие т.б. тәрбие негіздері қарастырылды.

Болашақ бастауыш білім педагогын даярлауда жеке тұлғаға бағдарланған педагогикалық технологияға [104] көбірек орын берілетінін атап кетеміз. Өйткені студенттің жеке тұлғасына бағдарланған осы тәсілдеменің өзіндік тиімді ерекшеліктері бар. Оның біріншісі боп болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғасына маңызды орын беру бағыты аталса, екіншісі арт-технология негізінде даярлауда студенттің жеке тұлғалық мүмкіндіктерін барынша пайдалануға арналған оқу бағдарламасы әзірленгенін айтуға болады.

Болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлауда арт-технологияны қолданудың психологиялық негіздері студенттердің денсаулығының ішкі қажыр-қуатына, олардың ой-сезімдерінің табиғи көрініс беруіне, шығармашалық процесте сезімі мен көңіл-күйінің ерекшелігіне талдау жасау барысында танылады. Арт-технологияның психологиялық қырлары барлық жастағы

адамдардың, оның ішінде студенттердің де көркем өнер қабілеттерінің ашылу мүмкіндіктері мен соған тірек болатын тиімді психологиялық амал-тәсілдерді тануды керек етеді [105].


Арт-технологияны педагогика мен өнердің түйіскен нүктесіндегі табиғатын психологиялық тұрғыдан тануда, біздің ойымызша, өнер мен педагогиканың, психологияның бірлігі бойынша ерекше еңбек қалдырған К.С.Станиславскийдің жүйесін де танып, талдауымыз керек. Осы шығармашылық педагогиканың басты ұстанымдарын талдау арқылы арт-технологияның сүйенуге болатын педагогикалық негізі ретінде анықтауға болады. К.С.Станиславский педагогикасының басты қағидасының бірі – актердің өзін дамытумен, өзін жетілдірумен жұмыс жасауы [106].

Сонымен қатар, И.А. Зязюн бойынша басты қағиданың бірі ретінде актердің өзінің рөлімен жұмыс жасауы саналады. Оның ойынша, актердің өзіндік ерекшелігі мен рөлін ойнап тұрған кейіпкердің ерекшеліктері тұтасып, шынайы бір ғана адамның бейнесіне айналуы тиіс [107].

Арт-технологияны жүзеге асыру жүйесі сахна өнерінің ғылыми негізделген теориясы ретінде бағаланып келеді. Бұл жүйе бойынша актер шығармашылықтың түпкі нәтижесін тануға емес, яғни актер бейнені сомдауға және актер бейненің өзіне айналуына бағытталуы керек.

Арт-технологияның психологиялық негізі ретінде біздің ойымызша, болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлауда «Станиславский жүйесінің» алғашқы бөлімін, актердің өзімен жұмыс жасауы теориясына сүйену керек. Бұл жерде актердің ақыл-ойы, ерік-жігері, сезімдері, оның сыртқы және ішкі актерлік келбеті шығармашылықтың элементтері болып саналады. Ол элементтерге актердің қиялы, зейіні, қарым-қатынас қабілеті, ақиқатқа адалдық, эмоциялық есте сақтауы, әуен, ырғақ сезімдері, сөйлеу техникасы, қимыл-қозғалыс икемділігі де қосылады.

К.С. Станиславсикйдің шығармашылық ұстанымдары төмендегі суретте көрсетілді (сурет 6).



Сурет 6 – К.Станиславскийдің шығармашылық ұстанымдары

Арт-технологияны болашақ бастауыш білім педагогын даярлауда қолдану студенттердің арнаулы курстан алатын арт-технология туралы теориялық білімі мен практикалық дағдыларын меңгерту деп саналады. Өнер әдістері арқылы

педагогтің тұлғасын жан-жақты байытып, тұлғаның шығармашылық күйін қалыптастыру үдерісі келесідей өзара тығыз байланысқан компоненттерден тұрады. Олар:

- белсенді түрде ойын шоғырландыруы немесе сахналық зейін;
- денесін сахнада еркін ұстау;
- сахнадағы жағдайларды дұрыс бағалап, сахнада өзін сенімді ұстау;
- осылардың негізінде рөлін ойнауға көшу яғни, сахналық іс-әрекетке көшу [108].

Бірақ бұл тұста театр өнерінің педагогикалық жүйесін әзірлеген К.С. Станиславскийдің әдістемесін жалаң қолдану тікелей бастауыш білім педагогын дарлау жүйесіне «көшіре салу» – жасандылық тудыруы да мүмкін екендігі де ескеріледі.

Сонымен қатар XX ғасырдың 80-90 жылдарында кеңестік педагогиканың догмалық жүйесінің дамытуға жаңашыл мұғалімдердің болашақ педагогтерді даярлауда ерекше әдістер қолданғаны белгілі. Соның ішінде И.А. Зязюннің «Педагогикалық шеберлік негіздері» деп аталатын кітабында болашақ педаогтерді дайындауда көркем өнердің, шығармашылықтың алатын үлкен орны туралы қарастырылған [108,с. 312]. Бұл аталған еңбектің және оның ізімен жүргізілген зерттеу жұмыстарының қазіргі арт-технологияның қалыптасуына әрқайсысы өз үлесін қосатыны сөзсіз.

С.В. Гиппиус шығармашылық әрекетті қалыптастыруда сахналық зейінді шоғырландыру, дене еркіндігін қамтамасыз ету, ұсынылған жағдайларды саналы қабылдау және сахналық іс-әрекетке көшудің маңызын қарастырады. Ғалымның тұжырымдары болашақ педагогтердің шығармашылық қабілеттерін арт-технологиялар арқылы дамытуға теориялық негіз болады [109].

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауда студенттердің университетте кәсіби қалыптасуын оның тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы деп қарау болады. Сол жақсы қасиеттер жиынтығы арқылы ғана студент өзінің оқу-кәсіби іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан басқарып реттей алады. Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогының кәсіби қалыптасуының психологиялық ерекшеліктерін анықтауда А. Байтұрсынұлының [110], М.Жұмабаевтың [111], Ж.Аймауытовтың [112], Л.С. Выготскийдің [113], В.В.Давыдовтың [114], Н.Ф.Талызинаның [115], И.А. Зимняяның [116], В.Д.Шадриковтың [117] т.б. ғалымдардың теориялары негізге алынады. Осы еңбектерде болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлау барысындағы психологиялық сипаттары қарастырылады. Арт-технология негізінде кәсіби даярлаудың психологиялық негіздері туралы арнайы зерттелмегенімен, студенттің болашақ педагог тұлғасы ретінде қалыптасуы кезең-кезеңмен зерттелген [118].

Бірінші курстан бастап соңғы курсқа дейінгі уақыт аралығында студент кәсіби бағдары толық қалыптаспаған деңгейден пассив-кәсіби деңгейге, одан таңдаулы-шығармашылық деңгейге дейінгі жолды жүріп өтеді. Сондықтан арт-технология сол бір деңгейден екінші деңгейге өсіп жатқан студентті өнер әдістері

арқылы шығармашыл-педагог тұлғасына дейін жеткізуге әлеуеті мол технология болып табылады.

Арт-технология негізінде болашақ педагогтерді кәсіби даярлауда олардың тұлғалық қалыптасуын психологиялық тұрғыдан реттеп отыратын тетіктерін ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып [119], шартты түрде төрт топқа бөліп қарастырамыз. Олар:

- арт-әдістерді жалпы қолдану, арт-әдістердің өнер мен мәдениетпен байланыстырушы дәнекерлік қызметін түсіну, танымдық белсенділігін арттыру, тәртіпті болып, ынтагер болу, өз бетімен жұмыс жасауға толық дағдылану, оқу міндеттерін шешуде өнер мен шығармашалық әдістерді еркін қолдана білу, айнала қоршаған ортамен тегіс тіл табыса алатын болуы;
- өзіндік бағалау тетіктерінен тұрады, оған өзіне сенімді болуы, түрлі жағдаяттарды дұрыс түсініп, бағалап, мақсат қоя білуі;
- өзін бақылай алатын, ұстай алатын болуы, эмоциялық жағынан қалыпты, сабырлы, шыдамды болуы, әдепті болуы, ақыл-ойының зеректігі, жауапкершілігі болуы;
- студенттің жеке және типтік қасиеттері, атап айтқанда, креативті, шығармашыл, өнерпаз, жүйке жүйесінің дұрыс дамуы т.б.

Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогін кәсіби даярлауда студентті табысқа жеткізетін маңызды тұлғалық қасиеттері – табысты болуға, жеңімпаз болға, өнерпаз болуға, креативті-шығармашыл ұстаз болуға деген үлкен сенімі.

Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлаудың педагогикалық және психологиялық негізі түрлі ғылым салаларының мәліметтерінен жинақталды. Арт-технологияның әлеуеті зор мүмкіндіктері бар екенін педагогикалық және психологиялық ғылым салалары айқын көрсетіп берді. Келесі бөлімдерде осы мәселені жан-жақты қарастырамыз.

2 АРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Арт-технологиялар болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құралы ретінде

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев өзінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Менің цифрландыру ісіне және инновацияны енгізу мәселесіне баса мән беретінімді баршаңыз білесіздер. Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес. Біз электронды үкіметті және финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз. Былтырдың өзінде IT саласындағы экспортымыз бес есе өсті... Әрине, мұнымен шектелмейміз... Үкімет жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс... Жасанды интеллект оны дамыта білген елдердің ішкі жалпы өніміне айтарлықтай үлес қосуы мүмкін. Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз... Білікті мамандар даярлауымыз қажет... Сондай-ақ мәліметті сақтау және өңдеу саласында Қазақстанның мүддесін ілгерілету қажет. Цифрландыру ісінде басшылыққа алынатын қағидаттарды заң жүзінде бекітетін кез келді. Үкіметтен, сарапшылар қауымынан, Парламент депутаттарынан біртұтас салалық құжат әзірлеу мәселесімен айналысуды сұраймын» былай деп атап көрсеткен болатын [120].

Еліміздің Президенті алға қойған осындай үлкен міндеттің бір шешімі болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби дайындауда инновациялық технологияларды қолданудың бір бағытын цифрлық контентті қолданумен байланысты танылады.

Цифрлық дидактика – заманауи педагогиканың жаңа қалыптасып келе жатқан бір саласы. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау процесінде цифрлық контентті пайдалану үшін цифрлық дидактиканың ерекшеліктері мен негіздерін нақтылау керектігі белгілі. Қазіргі педагогикалық процесті ақпараттық-коммуникациялық құралдарсыз, атап айтқанда, планшет, компьютер, мобильді телефонсыз елестету мүмкін емес. Ендеше біз, Арт технологиялардың қазіргі қолданысын цифрлық біліммен байланыста қарастырамыз.

Қазақстандағы білім беру жүйесін цифрландыруға қатысты 2017 жылы қабылданып, 2022 жылы күшін жойған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасындағы «адами капиталды дамыту» бойынша бірқатар шараларды жүзеге асыру көзделгенін көреміз [121]. Бұл бағдарламада бастауыш сыныптарға ақпараттық технологиялар бойынша пән енгізілетіні, робототехниканы жолға қою қажеттілігі, креативті ойлау мен техникалық дағдыларын дамыту бойынша білім мазмұнына өзгерістер енгізу мүмкіндіктері туралы айтылған.

Қазақстандық ғалымдардың пікірінше, еліміздің жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлауда, цифрлық білім беру ресурстарын оқу процесінде тиімді, жүйелі, дұрыс пайдалана білуге үйрету кезек күттірмейтін

өзекті мәселеге айналып отыр. Болашақ мұғалімдерді университет қабырғасында жүрген кезінен бастап цифрлық білім беру ресурстары мен цифрлық білім беру платформаларын қолдануды сабақ жоспарына сай таңдап алып, талдау жүргізуге әдістемелік тұрғыда дайындау қажет екеніне ғалымдар баса назар аударады [122].

Ғалымдардың атап көрсетуінше, цифрлық ортада барлығы трансформацияланатынын атап көрсетеді. Нақты айтқанда, педагогикалық жүйеден, оның әдіснамалық негіздемесінен бастап, психологиялық позицияларына дейін өзгеріске ұшырайтыны көрсетеді. Оның ішінде білім беру процесі субъектілерінің, яғни білім алушылардың, педагогтердің, білім беру мекемелері менеджментінің ұстанымдары да өзгеріске түседі. Ғалымның айтуынша, осы процесте білім беру мақсаты, құралдары, формалары, оқу міндеттерінің қойылымы мен оларды шешудің әдіс-амалдары да өзгереді. Білім беру процесінің өту барысы да өзгереді, білім беру заңдылықтары да өзгереді, оқыту принциптері де классикалық дидактиалық принциптерден өзгеше болады. Ендігі уақытта цифрлық орта болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың жаңа нысанына айналатын болады. Оның ерекшелігі өз бетімен студентті болашақ мұғалім ретінде дайындауда алға қойылған мақсатқа жету үшін керекті білім Т.Носкованың «Цифрлық ортаның дидактикасы» деген кітабында беру алгоритмдері мен автоматтануының биік деңгейге өсуін қажет етуінде [123].

Цифрлық контентті арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құралы ретінде пайдалану үшін цифрлық контенттің өзіндік ерекшеліктерін талдау керек деп ойлаймыз. Цифрлық контентті пайдалануда арт-технологияны қолдану процесінде дәстүрлі әдіс-тәсілдердің барлығы белгілі бір өзеріске түсетінін ғалымдар жиі айтады. Өйткені қолданылатын цифрлық контент онымен жұмыс жасау ортасын және дәрістің не практикалық сабақтың мазмұнын, құрал-жабдықтарын, әдістерін, оқытушы мен студенттің дидактикалық қарым-қатынасын, тұтас оқу барысының жүйесіне елеулі өзгерістер жасайды. Ең бастысы, болашақ бастауыш білім педаготерінің цифрлық дидактикалық құзыреттілігі дамытылады, өйткені цифрлық контенттерді қолдау болашақ педагогтерге кең мүмкіндіктер туғызады. Бірақ ол мүмкіндікті болашақ педагог жүйелеп жасауға және пайдалануға университеттегі даярлық кезеңінде машықтануы міндетті болып табылады.

Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауда пайдаланылатын цифрлық контент дегеніміз – цифрлық құрылымдарда пайдалануға арналған және аралас, электронды, мобильді, желілік оқыту технологияларында жүзеге асыруға бағытталған оқу материалдарының жиынтығы. Цифрлық контенттің мазмұны дыбыстық және бейнелік қатарлар берілен символдық ақпараттан құралған. Ақпараттың түрлі формада келуі, ал бейнелік ақпарат қозғалысты немесе тұрақты берілуі мүмкін. Ал цифрлық контентті әзірленуі бойынша екі қырдан қарастыруға болады. Бірінші қырдан қарастырылатын цифрлық контенттер арнайы құрылған, мамандар әзірлеген, қалыпқа түсіріліп берілген контенттер болып табылады. Ал екінші қырынан қарастырылатын контенттер болса, сабақтарға мұғалімнің

өздері дайындап әкелетін контенттер деп аталады. Болашақ бастауыш білім педагогтеріне осы екі бағытты да меңгеруі маңызды болып табылады.

Еуропалық Кеңес халықтың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту мақсатында Білім беру саласындағы цифрлық құзыреттілікті Еуропалық моделіне (EU Digital Competence Framework for Educators) сүйенеді. Төмендегі суретте еуропалық модель көрсетіліп отыр. Материал В.И. Колыхматовтың кітабынан алынды, фото-өңдеу арқылы сөздер қазақшаланып берілді (сурет 7) [124].




Білім беру саласындағы цифрлық құзыреттіліктің Еуропалық моделінің сызбасы

Сурет 7 – Цифрлық құзыреттіліктің Еуропалық моделі

Ғалымдар цифрлық құзыреттің түпнегізінде жататын цифрлық дағдыларды «пайдаланушы» және «кәсіби» деп қарастыра отырып, олардың мазмұндарын талдап көрсетеді. Біздің жағдайымызда болашақ бастауыш білім педагогтерінің «пайдаланушы» ретінде дағдылары мектеп кезінен және өз бетімен біршама жетілген. Атап айтқанда, компьютерлік, электрондық құралдарды, қосымшаларды, бағдарламаларды, интернетті, қосу, пайдалану, ақпарат іздеу, клавиатураны басу, сенсорлық экрандарды басқару сияқты дағдылары бар. Бірақ базалық пайдаланушы дағдыларының өзін одан әрі жетілдіру, яғни кәсіби қажттілік жағдайына бейімдеп жетілдіру тұрақты түрде іске асырылып жататын процесс деп атауға болады. Өйткені ақпараттық, оқу порталдарын пайдалану, өзінің циярлық контентін жасау және оны тарату, пайдалану, ақпаратты іздеу, жинау, құрылымға түсіріп сақтау, біреуге жіберу – пайдаланушылық дағдылардың жетілген деңгейі болып табылады. Ал «кәсіби» цифрлық дағдылар – цифрлық әлем ортасында жұмыс жасайтын бағдарламашылар, веб-сайт жасаушылар, үлкен мәліметтермен жұмыс жасаушылар. Олар арнайы оқу орнына оқып, кәсіби цифрлық сала мамандары болып саналады [124,с. 135]. Осы еңбекте көрсетілгендей, біз де заманауи педагог цифрлық дағдыларды игеріп, модератор, білімдік контенттерді әзірлеуші, тьютор, жобалық оқуды басқарушы, стартап меноры, ойын шебері, ойын педагогы, майнд-фитнес

жаттықтырушысы, тәлімгер, білімдік ақпаратты жеткізуші, тасушы, онлайн-платформаның үйлестірушісі рөлдерін меңгеруі тиіс деп санаймыз.

ЮНЕСКО мен Халықаралық электр байланыс одағының Кең жолақты байланыс комиссиясы 2017 жылғы қыркүйек айында әзірлеген «Өмір мен жұмысқа арналған цифрлық дағдылар» атты баяндамасы жарияланды [125]. Бұл баяндамада адамзаттың цифрлық дағдыларды меңгерудегі жынысы, әлеуметтікк деңгейі, географиялық және жас ерекшелігі бойынша теңсіздіктер орын алып отырғаны туралы кең талданған материалдар берілген. Сонымен қатар 2018 жылы ЮНЕСКО әзірлеген «Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігінің құрылым бойынша ұсыныстарында» қарапайым базалықтан бастап кәсіби деңгейге дейінгі цифрлық дағдылар мен құзыреттіліктер сипатталып көрсетілген [126]. Төменде осы Ұсыныстан алынған сурет көрсетілді. Ондағы критерийлер біздің тарапымыздан фото-өңдеу арқылы қазақша жазылды (сурет 8).



Сурет 8 - ЮНЕСКО-ның мұғалімдердің АКТ құзыреттілігінің құрылымы бойынша ұсыныстары


8-суреттен көріп отырғанымыздай, педагогтердің АКТ құзыреттілігінің алты қыры мен үш деңгейі берілен. Осы көрсетілген 24 дағдының барлығы да

маңызды. Соның ішінде, атап өтетін болсақ, «Цифрлық дағдылар» деп аталған деңгейінде болашақ бастауыш білім мұғалімдері цифрлық өнімдерді қолдана білу білімі, білімдерді интерациялау, өңдеу мен өзерту дағдылары қалыптастырылыуы көзделен. Ал соңғы, яғни «Педагогтердің кәсіби даярлығы» деп аталатын деңгейінде педагогтердің цифрлық сауаттылығы, желілік өзара әрекеттер жасауы, новатор-жаңашыл мұғалім ретінде дайын болуы атап көрсетілген.

Сонымен бірге, студенттер желілік өзара әрекеттерді де орындай алады, бірақ әрине, оқып-білім алу бағытында түрлі білімдік платформаларды меңгеру жағы, шынын айтқанда, қазақстандық студенттердің барлығында бірдей деңгейде деп айту қиын екені белгілі. Әлеуметтік желілерге веб-сайттар және самортфондағы қосымшалар жатады және олар бір ортақ мәселемен байланысты пайдаланатын адамдардың интерактивтік қарым-қатынасына бейімделген.

Біздің зерттеу тақырыбымызға байланысты, кәсіби педагогтерді даярлауда арт-технологиялардың мазмұны, әдістер, тапсырма түрлері туралы желілік контенттермен де жұмыс жасауына мүмкіндіктер туғызу қажеттілігі ескерілді. Бұл мәселе жөнінде ғалымдар өз зерттеулерінде көптеген ұсыныстарын ортаға салады. Яғни білім беру саласының заманауи мамандарына міндетті болып саналатын кәсіби педагогикалық дағдылардың бел ортасында цифрлық дағдылар болуы міндеттеледі [127]. Цифрлық дағдылар болашақ педагогтің цифрлық мәдениетін қалыптастырудың негізі болып саналады [128].

Арт-технология негізінде болашақ бастауыш мұғалім кәсібіне даярлауда цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында ақпараттық-техникалық мүмкіндіктерді бірқатар бағыттар бойынша жүргізу керек деп ойлаймыз. Ол бағыттар төмендегі 9-суретте көрсетілді (сурет 9).



Сурет 9 – Болашақ бастауыш білім мұғалімдерін кәсіби даярлауда цифрлық контенттер жасау және Арт білімде пайдалану дағдыларын қалыптастыру бағыттары

Болашақ бастауыш білім мұғалімдерін кәсіби даярлауда цифрлық контенттерді өзі әзірлеп, пайдаланып, таратып, анықтап ресурс ретінде жүйеге түсіруінде, бір жағынан кәсіби педагог ретінде дамуы көзделеді. Ал екінші жағынан, педагогтің өз оқушысының цифрлық контенттерді өз деңгейінде әзірлеу дағдыларын қалыптастыруға және пайдалану мүмкіндігін және құқығын сақтауға ұмтылуы көзделеді. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби дайындауда цифрлық контенттерді қолдану міндетін шешу үшін танымал оқу, тестілеу платформалары талданды. Олардың қатарында студенттердің өз бетімен білім ізденуіне қолайлы платформалар ретінде келесілері таңдалынып алынды (сурет 10).



Сурет 10 – Арт білімде қолданылған цифрлық оқу платформалары

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құралы ретінде цифрлық контенттерді жүйеленуде тағдалған оқу платформаларының ерекшеліктері бойынша қысқаша сипаттама беріп өтіледі.

Courcera – жалпы бұқара халық пайдалануы үшін 2012 жылы Стэнфорд университетінің информатика ғалымдары Эндрю Ын және Дафна Коллер негізін қалаған оқу платформасы. Зерттеу жұмысымызда осының ішінде «Музыка және өнерге» байланысты [129] сайтымен жұмыс жасап, әлемдік деңгейде мәртебесі анықталған сапалы дәрістер арқылы студенттердің әлемдік өнерге ұмтылысын, әрдайым әлемдік даму процесінде болу дағдысы мен ізденіс қабілеттерін дамыту міндеттері шешілуі көзделді.

MOOC.org – Massive Open Online Courses – бұқаралық ашық онлайн білімдік курстарды 2012 жылы MIT және Гарвард университетінің ғалымдары тегін онлайн білім беру курстары ретінде негізін қалаған. Ғалымдардың мақсаты – барлық адам баласы үшін білімнің тегін қолжетімді болуына жағдай жасау. Ал кейін бұл жерде де көптеген курстар мен бағдарламалар ақылыға айналды. Бұл онлайн курстар жүйесінің ішіндегі өнер мен шығармашылыққа арналған бөлім бойынша [130] болашақ бастауыш білім педагогтерін өз бетімен білім алуға жетекші болатын тақырыптармен жұмыс жасауға үйрету арқылы студенттің цифрлық құзыреттілігін дамытуға, сыни ойлауын дамытуға және алға қойылған

мәселелерді шешуде креативті жолдар таба білу дағдыларын қалыптастыруға және болашақтағы оқушыларына осындай дағдыларды меңгертуіне керекті жұмыстар жүргізілді.

Kahoot! - 2012 жылы Норвегия жаратылыстану және техника ғылымдары университетінің студенттері мен оқытушылары негізін қалған ойын арқылы оқыту платформасы [131]. Бұл платформаны білімді бекіту немесе тексеру үшін тест ретінде қолдану өте тиімді. 2017 жылы бұл платформаның Jamble функциясы қосылыд, мұның ерекшелігі – аралас жауаптар болуы. Kahoot! – негізінен ақылы, бірақ тегін пайдалануға ұсынылған мүмкіндіктері де біршама.

Kami – PDF форматында берілген материалдарды түрлі өңдеулер мен өзгерту арқылы меңгеруге, сақтауға комментарийлер беруге, студент/ оқушы тапсырма орындау процесінде жетекшілік етіп отыруға өте ыңғайлы веб сервис [132].

Nearpod – бір платформаны қолдана отырып, нақты бір мезгілде, нақты уақыт режимінде интерактивті сабақтарда презентация, интерактивті бейнелер қолданып, ойын арқылы оқыту, оқу процесін жазып алу мүмкіндігі бар оқыту режимі. Аудиторияда және онлайн интерактивті дәріс оқуға өте қолайлы, сабақтан соң сабақ барысы турыл есеп-ақпаратты PDF форматта жүктеуге болатын, талдауға болатын сервис. Мұнда студент, оқушы, оқытушылар, мен әкімшіліктің өздерінің қосылу режимдері бар [133].

Зерттеу жұмысымызда қолданылған осы цифрлық платформалардан басқа қазақстандық және шетелдік көптеген оқу платформалары белгілі. Олардың ішінде отандық EDU.kz, «Күнделік», «Білімланд», «Онлайн-мектеп», «Өрлеу», «Смарт-Nation» және шетелдік «GeekBrains», «Skillbox», «Лекториум», «Универсариум», жаңа мамандықтар және оларды меңгеру жолдары туралы «Нетология» платформасын т.б. айтуға болады.Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құралы ретінде цифрлық контенттерді пайдаланудың жоғарыда көрсетілген келесі жолы болашақ педагогтерді интернеттен қажетті материалды іздеп таба білуге, соның ішінде арт-технологияға қатысты контентті іздеп таба білуге дағдыландыру болып табылады. Бұл міндетті шешуде арнайы курстың бағдарламасында берілген тақырыптар бойынша интернеттен нені және қайдан, қалай және не үшін іздеу керектігі көрсетіліп берілді. Өрнек-үлгі үшін бір тақырып пен сол бойынша интернетпен жұмыс жасау тапсырмалары мен жолдары көрсетілді (кесте 3).

Кесте 3 – Үлгі: Интернетпен жұмыс жасау

Курс тақырыптары	ИНТЕРНЕТПЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ			
	Ғылыми-зерттеулер	Берілген анықтамалар Арт-технологияның қандай қыры анықталған	Онлайн-кітапханалар т.б.	Веб-сайт мекенжай
Арт-технологияның мәні, анықтамасы, жіктемесі.				

Жоғарыда көрсетілген арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құралы ретінде цифрлық контенттерді пайдаланудың тағы бір жолы ретінде әлеуметтік желіні кәсіби дамуы ретінде пайдалана білуі көрсетілген болатын. Бұл ретте қазіргі уақытта Фейсбукте, Инстаграмда, Тик-Токта түрлі пән мұғалімдерінің осы әлеуметтік желілерді қолдану тәжірибелері жарияланып жүргенін атап өтуге болады.

Әрине, әлеуметтік желі болашақ педагогтерді кәсіби дайындауда арт-технологияны қолдану барысында өте бай аутентикалық / түпнұсқалық материалдар көзі бола алады. Сондықтан әлеуметтік желілерден ақпарат алу және пікір алмасу т.б. функцияларын тиімді қолдана отырып, студенттерді кәсіби дайындаудың сапалы жолдарының бірі ретінде арт-технологияны негізге алу жаңа сапалы білім мазмұны мен сапалы дағдыларды қалыптастыруға тірек болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің инстаграмы «nationalmuseumkz», Әлем тарихы музейі «museum_history_world» инстаграмы немесе «МИР МУЗЕЯ| THE WORLD OF MUSEUM» журналының инстаграмы «mirmus_magazine» т.б. Нақ осындай фейсбук материалдарын да қолдануға болады. Қазақ әндері туралы әлеуметтік желілер, сурет туралы желі Ә.Қастеев атындағы Өнер музейінің «kasteyev_museum» инстаграмы, Қазақ Ұлттық Хореография Академиясының инстаграмы «balletacademy_kz». Сонымен қатар, киім үлгілері, ұлттық сән бұйымдары туралы әлеуметтік желілер де бір модульге жинақталып ұсынылды. Атап өтетін болсақ, Сымбат колледжінің инстаграмы «symbat.edu.kz», «Сымбат» сән акадмиясының инстаграмы «symbat.fashion», зергерлік өнерге байланысты «Казахювелир» АҚ инстаграм «kazakhyuvelir_official», жеке зергерлердің, мысалы Ильяс зергердің фейсбуктегі жеке парағы және инстаграмдағы «zergerilyas» парақшасы өте қызықты, бай, жаңа заман зергерлік бұйымдарындағы даму бағыттарын тануға қызықты материалдары өте көп екендігіне студенттердің көздері жетті.

Болашақ педагогтерді кәсіби даярлауда арт-технологияны негізге алу процесінде жанды орта мен виртуалды ортаның өзара байланысын дидактикалық тұрғыдан үйлестіріп қолданудың маңызы зор. Өйткені, аталған әлеуметтік желілер, қалай болғанда да, виртуалды орта, виртуалды әлем. Дәріс пен семинарлар, көп ретте, квест-сабақтар форматында және интерактивті дәріс түрлерінде ұйымдастырылып өткізілді. Арт-технологияны негізге ала отырып, болашақ педагогтерді кәсіби даярлауда қолданылған цифрлық контенттің келесі бір көзі – оқытушы тарапынан студент үшін кәсіби қалыптасуына қажетті арт-технология материалдарын оқу ресурстары модулі түрінде жинақтап, студенттердің жеке пайдалануы үшін ұсыну.

Біздің тарапымыздан студенттерге және экспериментке қатысушы топтарға дәріс оқитын оқытушыларға арналған «Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби дайындауға арналған оқу ресурстары» тақырыбы бойынша «КӨРКЕМ» атты цифрлық контентті дидактикалық қоржын-папка әзірленді.Әрине, электронды дидактикалық қоржын-папкаға қосылған материалдарды веб-мекенжайларын қосып, бірден қолжетімді етуге болатыны белгілі. Ал, қағаз материалдарды суретке түсіріп, немесе PDF

форматына айналдырып, жинақтап беруге және компьютердің өзінен «Гиперсілтеме» арқылы тауып алуға болатын локалды адрестерін көрсеттік.

Оқу ресурстары ретінде жинақталып ұсынылған дидактикалық қоржын-папкадағы материалдар тақырыптар бойынша келесі 4-кестеде көрсетілгендей тізімде берілді.

Кесте 4 – «Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби дайындауға арналған оқу ресурстары» тақырыбы бойынша «КӨРКЕМ» атты цифрлық контентті дидактикалық қоржын-папкасының құрылымы мен мазмұны

Арт-технология модульдері	Орналасқан мекенжайлары /адрестері						
	Веб-сайт	Фейсбук	Инстаграм	Тик-ток	Компьютер: PDF, Word, Power Point т.б.	CD – электрон. оқу құралы /аудио. бейне	Тестілер
1	2	3	4	5	6	7	8
Көркем сөз: тіл, әдебиет, поэзия, шешендік өнер	Abai.kz Adebietportal.kz http://keruenjournal.kz massaget.kz	Madenietporyal.kz	debut_art_academy	-	1.Қазақ шешендік сөздері. 2.Цицерон. Три трактата об ораторском искусстве. 3.Дейл	Аудиокітап Kitap.kz / аудио «Дұрыс сөйлейік»	Googletest арқылы оқы тушы әзірлеген тест
	https:// kk.wikipedia.org/ wikihttps:// openu.kz/ - Өнер				Карнеги. Шешендік шеберліктің төрт шарты. 4.С.Негимов. Шешендік өнер. 5.А.Қыдыршаев. Шешендік өнер әдістемесі.		
Көркем сән: қазақ ұлттық киімі, заманауи сән, педагог сәні	https:// kk.wikipedia.org/wiki Қазақ ұлттық киімдері http:// kazmuseum.kz/ ekspozitsiya/ item/1777-	Madenietporyal.kz	Nationalmuseumkz museum_history_world mirmus_magazine	Жеке киім дизайнер сайттары	Gucci. История модного дома. Prada. История модного дома. Картье. История модного дома.	История Аллы Ильчун. Казашка в Доме моды Dior.	Kahoot бойынша тест

	muzej-ekspozitsiyasynda-y-						

4-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
	kazakty-lttyk-kiimderi		symbat.edu.kz symbat.fashion		100 женщин 100стилей. Иконы стиля, изменившие моду		
Көркем үй дизайны: қазақы киіз үй, жабдықтар, Астана қаласы сәулеті, заманауи үй сәні	https://e-history.kz/kz/seo-materials/show/28882 Қазақтың киіз үйі. https://astana.citypass.kz Қазақстанның 7 архитектуралық кереметі	https://www.facebook.com/citypasskz	National museum kz museum_history_world mirmus_magazine		Жорн Утзонның таңдаулы жұмыстары архитектура портфолио	-	«Kami» платформасында тестілеу
Көркем дастархан: қазақ ұлттық дастарханы, әлемдік дастархан, заманауи дастархан рәсімдері	https://kazakhstan.travel Қазақ Дастарханы	-	Жеке инстаграмдар	Жеке түсірілімдер	Қазақтың ұлттық дастарқаны. С.Кенжахметов	Қазақтың дастарханы – Бейнефильм - https://www.youtube.com/watch?v=YMjsuz1IExA.	Kahoot бойынша тест
Көркем мінез: адами көркем мінез, қазақы көркем мінез, педагог тұлғасы	Театрлар сайттары https://qazaqstan.tv/news/97345/ - Көркем мінез қалай қалыптасады?	Madeniet poryal.kz -	-	-	Ы.Алтынсарин әңгімелері. Абай.Қара сөздері Ж.Жүсіпова. Педагогикалық шеберлік	ҚР Педагог мәртебесі туралы заңы» https://qazaqstan.tv/news/97345/	Googletest арқылы оқытушы әзірлеген тест

4-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Көркем келбет: макияж,сұлулық сыры, педагог келбеті	Әйелдер құрған 7 сұлулық империясы: Мэри Кэй, Орифлэйм т.б. https:// syrlasu.kz/ sulylyq-pen-kutim-egiz-u-ym/ -Сырласу. Қазақ қызының, қазақ әйелінің сұлулық сыры Педагогтің келбеті сұлулығы.	-	-	-	Заманауи мұғалімнің сырт келбеті. - https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/43375/	ҚР Педагог мәртебесі туралы заңы» https:// qazaqstan.tv/news/ 97345/	«Kami» платформа-сында тестілеу
Көркем зергерлік бұйым: қазақ зергер бұйымы, заманауи зергер бұйымы. Педагог және зергер бұйымы.	ҚР Ұлттық Музейінің сайты: https://nmrk.kz/ Зергерлік өнер. – https:// bilimdiler.kz/ tehnologia/ 3180-zergerlik-oner.html	Madenietporyal.kz Zerger_Ilyas	Nationalmuseumkz museum_history_world mirmus_magazine kazakhyuvelir_official zergerilyas	-	ҚР Ұлттық музейі. Этнография залына виртуалды тур. https://nmrk.kz/halls/115/	Ш.Ж.ТОхтабаева. Қазақтың зергерлік өнері. – Алматы кітап, 2011,	Kahoot бойынша тест
Көркем өнер: сурет, фото, қолөнер бұйымы т.б.	https:// openu.kz/ - Өнер ҚР Ұлттық музейі сайты	Madenietporyal.kz Қазақстандағы ең мықты 10 суретші.	Nationalmuseumkz museum_history_world mirmus_magazine Kasteyev_museum	-	Қазақ халқының қолөнері. – С.Қасиманов	https://ppt-online.org/ 209045 Презентация - XX ғ.басындағы Қазақстан мәдениеті	Googletest арқылы оқытушы әзірлеген тест

4-кесте мәліметтері бойынша цифрлық ресурстар жеткілікті деп айтуға болады. Веб-сайттар, әлеуметтік желінің барлық дерлік түрлері арқылы оқу ресурстарын жүйеге түсіріп, олардың барлығы студенттің қоржын папкасына аутентикалық-түпнұсқа материал ретінде студенттің портфолиосы түрінде жинақталады. Әрбір студентті болашақ новатор-жаңашыл педагог ретінде даярлауда оларға цифрлық контенттің ресурстарын «цифрлық кітапхана» форматында жасақтауды үйрету де маңызды болып табылады. Тағы бір тиімді бағыты ретінде әр студенттің «Арт-технология бойынша цифрлық контенттер портфолиосын» жасақтауға дағдылануы деп ойлаймыз. Қазіргі уақытта мектеп оқулықтарының электронды нұсқасы қоса әзірленетіні белгілі. Сондықтан болашақ мұғалімдер бастауыш мектеп оқулықтарымен танысуы барысында олардың электрондық нұсқаларын да тиімді және орынды пайдалану жолдарын меңгеруі керек. Бұл тұста студенттің сілтемелерді (гиперссылкаларды) пайдаланып, материалдардың барлығын сабақ уақытында актив қолданыс режиміне енгізе отырып, барлық материалдардың қол астында болатындай жүйеге түсіре білуі маңызды.

Цифрлық контенттерге, сонымен қатар, болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологияны қашықтан оқыту технологиясының талаптарына сәйкестендіре қолдану дағдысы да енігізліп отыр. Бұл мәселеде студентті zoom, googlemeet платформаларымен жұмыс жасауға дағдыландыру маңызды болып табылады.

Цифрлық контентпен жұмыс жасаудың соңғы көрсетілген бір бағыты – болашақ бастауыш білім педагогтеріне Жобалық оқытуды үйретіп, арт-технологияны қолданып, курстастарымен және практикаға барғанда сыныптарымен, болашақта әріптес педагогтерімен, сыныптарымен, ата-аналарымен біріге отырып, түрлі қызықты мазмұндағы жобаларды бірігіп ұйымдастыруға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру да көзделді. Ол жобалардың форматы да, мазмұны да арт-технологияның ішкі мазмұнындағы бағыттардың түрлілігіне қарай өте көп болатыны белгілі. Зерттеу барысында студенттерге меңгертілген жобалық оқытудың бір тақырыбы – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне виртуалды саяхат жасау болды.

Жұмыстың алдын ала белгіленген жоспары бойынша, ең алдымен, тақырып бойынша оның орындалу алгоритмдері анықталды. Одан соң жобаны қорғау күніне арналған түрлі-түсті афиша жасалынды. Жобаны орындаушы студенттер Алматы қаласындағы Ұлттық музейге барып, ондағы залдарды, атауларын, мазмұнын шынайы түрде көріп келді. Рұқсат етілуіне қарай, смартфонға суретке, бейнелерге түсіріп әкелді. Ал жобаны қорғау кезінде виртуалды саяхат өткізу барысында, жоба авторлары басқа студенттерге яғни тыңдаушыларға әрбір ірілі-ұсақты детальдарына шейін талдап түсіндіріп берді. Презентация, бейнелер, фотолар жайлы музыкамен безендірілуі де қамтылды. Тұтастай алғанда, цифрлық контенттердің қолда бар мүмкіндіктерін тегіс қолдана алды. Бұл жұмыстардың мазмұндық сипаты мен әдістері экспериментке қатысты толыққанды сипатталады. Бұл жерде цифрлық контенттердің көрсетілгендерінің

барлығы да қолданылғаны, соның негізінде студенттердің цифрлық құралдардың мүмкіндіктерін түсініп қолдана алғаны тиек етіліп айтылды.

Жинақтай келгенде, цифрлық контент арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құралы ретінде сапалы көрсеткіштерге жеткізе алатын дидактикалық әлеуеті мол екені анықталды.

2.2 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мүмкіндіктері

Қазіргі жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ бастауыш білім педагогін даярлау тек пәндік білім мен оқыту әдістемесін меңгертумен шектелмейді. Бастауыш сынып мұғалімі оқу үдерісін ұйымдастырумен қатар, оқушының танымдық белсенділігін арттыруы, шығармашылық әрекетін қолдауы, жас және жеке ерекшеліктерін ескеруі, педагогикалық жағдаяттарды дербес шешуі және өзінің кәсіби әрекетін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Осы талаптар болашақ педагогтерді кәсіби даярлау мазмұнына оқытудың студент тұлғасын әрекетке енгізетін, оның кәсіби қызығушылығын, шығармашылық ізденісін және рефлексиясын қамтамасыз ететін құралдарды енгізуді талап етеді.

Арт-технологиялардың кәсіби даярлаудағы ерекшелігі өнердің жекелеген түрлерін меңгертуде ғана емес, көркемдік және шығармашылық әрекетті педагогикалық міндеттерді шешудің құралына айналдыруында деп түсінеміз. Болашақ педагог сурет салу, музыка, көркем мәтін, театр, фото, қозғалыс, қолөнер немесе басқа да шығармашылық әрекеттерді өзі орындаумен шектелмей, олардың оқу-тәрбие үдерісіндегі қызметін түсініп, бастауыш білім беру мазмұнына бейімдеп қолдануға даярлануы тиіс.

Ғылыми еңбектерді талдау арт-технологиялардың кәсіби даярлыққа қатысты мүмкіндіктерінің бір-бірінен оқшау жүзеге аспайтынын көрсетті. Олар студенттің кәсіби қызығушылығынан басталып, білімдерді кіріктіру, педагогикалық міндеттерді шығармашылықпен шешу, жинақталған тәжірибені болашақ кәсіби әрекетке көшіру және өз әрекетін жетілдірумен жалғасады. Осыған байланысты зерттеуімізде арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың төмендегідей ***бес мүмкіндігі*** айқындалды:

- арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық құрал ретінде меңгеруге ынталандыру мүмкіндігі;
- педагогикалық, пәндік және көркемдік білімді өзара кіріктіру мүмкіндігі;
- кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды шығармашылықпен модельдеу және шешу мүмкіндігі;
- өзіндік шығармашылық тәжірибені болашақ педагогикалық әрекетке көшіру мүмкіндігі;
- кәсіби әрекетті талдау, бағалау және жетілдіру мүмкіндігі.

Арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық құрал ретінде меңгеруге ынталандыру мүмкіндігі.

Болашақ бастауыш білім педагогінің кәсіби даярлығы оның мамандыққа қатысты білімінің көлемімен ғана емес, сол білім мен әдістерге қандай қатынас

танытатынымен де анықталады. Студент өзі меңгеріп жатқан технологияның болашақ қызметіндегі қажеттілігін түсініп, оның педагогикалық мағынасын қабылдаған жағдайда ғана алынған білім кәсіби-тұлғалық мәнге ие болады. Сондықтан арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық құрал ретінде меңгеруге ынталандыруды кәсіби даярлаудың бастапқы әрі маңызды мүмкіндіктерінің бірі ретінде қарастырамыз.

Бұл мүмкіндік студенттің арт-технологияға деген қарапайым қызығушылығын біртіндеп кәсіби қызығушылыққа айналдыруды көздейді. Алғашқы жағдайда студент сурет салу, драмалау, музыкалық немесе қолөнер тапсырмаларын жаңалығы мен эмоциялық тартымдылығына байланысты орындауы мүмкін. Кәсіби даярлау барысында осы бастапқы қызығушылық педагогикалық мағынамен толықтырылуы қажет. Студент «бұл әрекет қызықты ма?» деген сұрақтан «бұл әдіс бастауыш сыныпта қандай оқу немесе тәрбие міндетін шешеді?» деген кәсіби сұраққа көшуі тиіс.

Т.Г. Неретина жоғары оқу орнында арт-технологияларды пайдалануды студенттердің оқу қызығушылығын қалыптастырумен, эмоциялық-құндылықтық ортасын, креативті ойлауын, қиялын, коммуникативтік және реттеушілік дағдыларын дамытумен байланыстырады [134]. Арт-технологиялардың осындай көпқырлы сипаты студентке өнерге негізделген әрекетті тек жеке шығармашылық ретінде емес, педагогикалық мақсатқа қызмет ететін құрал ретінде қабылдауға негіз болады.

М.В. Холодова арт-технологиялардың білім беру процесіндегі міндеттері қатарында оқу әрекетіне жағымды қызығушылық қалыптастыруды, білім алушының эмоциялық-құндылықтық ортасын, креативті ойлауын, қиялы мен қабылдауын дамытуды көрсетеді [135]. Болашақ педагог үшін мұның маңызы – шығармашылық әрекетке деген жағымды қатынастың жаңа әдістерді үйренуге, оларды тереңірек зерттеуге және болашақ тәжірибесінде байқап көруге ішкі қажеттілік туғызуында.

Арт-технологияны меңгеруге ынта студенттің сол әрекетті өзінің тәжірибесінен өткізуі арқылы да қалыптасады. Өнер туындысын қабылдау, музыканы тыңдау, көркем мәтінді интерпретациялау, бейне жасау, драмалық жағдаятқа ену немесе қолөнер өнімін әзірлеу барысында студент белгілі бір эмоциялық және шығармашылық тәжірибе жинақтайды. Алайда кәсіби даярлықта бұл тәжірибе өздігінен мақсат болып қалмауы керек. Оқытушы студентті «осы жұмысты бастауыш сынып оқушысына қалай ұсынамын?», «бұл әдіс арқылы қандай нәтижеге қол жеткізуге болады?», «оның пән мазмұнымен байланысы қандай?» деген мәселелерге бағыттауы қажет.

Мұнда студенттің оқу әрекетіндегі еркін таңдау мен бастамашылықтың да маңызы бар. Шығармашылық тапсырманың бір ғана қатаң алгоритмге құрылмауы студенттің өз шешімін ұсынуына, жаңа тәсілді байқап көруіне, материалды таңдауына және жұмыс нәтижесіне жауапкершілікпен қарауына мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе арт-технологияға қызығушылықты тұрақтандырып, қосымша ақпарат іздеуге және өздігінен үйренуге жетелейді.

Зерттеуімізде студенттердің арт-технологияларды меңгеруге деген ынтасын қолдаудың аудиториядан тыс формалары да ескерілді. Студенттік Арт-клубта шығармашылық жұмыстар, шеберлік сабақтары, сөйлеу, бейнелеу, ертегі, драмалық, музыкалық және қолданбалы әрекеттердің ұйымдастырылуы студенттің арт-технологияны өз еркімен байқап көруіне жағдай жасайды. Мұнда студенттің белсенділігі оқу тапсырмасын орындаумен шектелмей, шығармашылық ортадағы дербес әрекетке ұласады.

Осылайша арт-технологияларды меңгеруге ынталандыру үдерісі қызығушылық → кәсіби мағынасын түсіну → белсенді меңгеру → дербес іздену → болашақ педагогикалық әрекетте қолдануға ұмтылу сабақтастығы арқылы дамиды. Нәтижесінде студент арт-технологияларды оқу үдерісінің сыртқы тартымдылығын арттыратын қосымша тәсіл ретінде емес, болашақ кәсіби қызметінде қолдануға болатын педагогикалық ресурс ретінде қабылдайды.

Педагогикалық, пәндік және көркемдік білімді өзара кіріктіру мүмкіндігі.

Бастауыш білім педагогінің кәсіби қызметі өзінің табиғаты жағынан кіріктірілген сипатқа ие. Бастауыш сынып мұғалімі бірнеше пәннің мазмұнын меңгертіп қана қоймай, оларды баланың біртұтас танымдық және тұлғалық дамуымен байланыстырады. Сондықтан болашақ педагогтің кәсіби даярлығы педагогикалық, психологиялық, әдістемелік және пәндік білімдерді бір-бірінен бөлек меңгерумен шектелмеуі керек. Ол әртүрлі білім салаларының арасындағы байланысты көріп, оларды нақты педагогикалық міндет аясында біріктіре білуі қажет.

Н.А. Асташкина қазіргі бастауыш сынып мұғалімін даярлауда арнайы білім мен біліктермен бірге тұлғалық сапалардың, кәсіби тәжірибенің, коммуникативтік даярлықтың және заманауи педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызына тоқталады. Автор болашақ мұғалімдерді даярлаудың пәнаралық сипат алу қажеттігін көрсетіп, студенттің педагогика, психология, ақпараттық технология және өнер салаларындағы білімдерді игеруін қазіргі кәсіби даярлықтың маңызды бағыты ретінде қарастырады [136].

Арт-технологиялар осы пәнаралық байланысты нақты оқу әрекетіне көшіруге қолайлы жағдай жасайды. Өйткені көркемдік әрекет бір мезгілде бірнеше таңбалық жүйеге сүйенеді: сөзге, бейнеге, түске, дыбысқа, қозғалысқа және кеңістікке. Студент белгілі бір оқу мазмұнын осы құралдардың көмегімен қайта қарастырғанда пәндік білімді жай қайталамайды, оның негізгі белгілерін бөліп, өзге формада бейнелейді. Бұл білім мазмұнын тереңірек ұғынуға жағдай жасайды.

Мысалы, көркем мәтіннің мазмұны драмалық әрекет, кейіпкер бейнесі, сурет немесе коллаж арқылы ашылуы мүмкін; табиғи құбылысты түсіндіруде фото, түс, кеңістік және композиция пайдаланылады; ұлттық мәдениетке қатысты материал ән-күймен, қолөнермен, ауыз әдебиетімен немесе бейнелеу әрекетімен байланысады. Мұндай жағдайда көркемдік құрал пәндік білімнің орнын алмастырмайды. Керісінше, оны басқа қырынан түсіндіруге, құрылымдауға және есте сақтауға мүмкіндік береді.

О. Красовска, Н. Мискова және А. Веремчук кәсіби даярлауда академиялық оқу әрекеті мен болашақ кәсіби әрекеттің өзара сабақтастығын қамтамасыз ететін контекстік оқытуға ерекше мән береді. Олардың зерттеуінде теориялық, әдістемелік және көркемдік білімдер студенттің практикалық қызметімен байланыстырылып, оқу әрекетін болашақ кәсіби әрекетке біртіндеп көшіру көзделеді [137]. Контекстік даярлаудың бұл қағидасы біздің зерттеуіміз үшін де маңызды, өйткені студент арт-технология туралы теориялық білімді жеке меңгерумен шектелмей, оны бастауыш білім берудегі пәндік және әдістемелік міндетпен байланыстыруы тиіс.

Арт-технологиялардың кіріктірушілік мүмкіндігі студенттің педагогикалық мәселені тек бір пән шеңберінде қарастыруының алдын алады. Мысалы, ертегіні оқыту тек әдеби мәтінді оқумен аяқталмай, сөйлеу, бейнелеу, сахналау, музыка немесе қолөнер әрекеттерімен жалғасуы мүмкін. Табиғи нысанды зерттеу барысында бақылау, сипаттау, бейнелеу және шығармашылық өнім жасау бір сабақ мазмұнында сабақтастырылады. Бұл жағдайда студент оқу материалын пәндік тұрғыдан ғана емес, оны бала әрекетінің әртүрлі формалары арқылы ұйымдастыру тұрғысынан да қарастырады.

Кіріктірудің тағы бір маңызды жағы – педагогикалық және көркемдік білімнің байланысы. Болашақ педагог тек «коллаж деген не?», «драмалау қалай орындалады?» немесе «фотоны қалай жасауға болады?» деген сұрақтарға жауап берумен шектелмеуі керек. Ол белгілі бір арт-технологияны не үшін, қай жағдайда, қандай жастағы балаға және қандай оқу мақсатына қолдануға болатынын түсінуі қажет. Осы кезде өнер туралы білім кәсіби-әдістемелік біліммен бірігеді.

Демек педагогикалық, пәндік және көркемдік білімді кіріктіру мүмкіндігі болашақ бастауыш білім педагогінің әртүрлі білім салаларын бір кәсіби міндет төңірегінде біріктіруіне, оқу материалын бірнеше формада ұсынуына және арт-технологияны пән мазмұнына педагогикалық тұрғыдан негіздеп енгізуіне жағдай жасайды. Мұндай кіріктіру студенттің арт-технологиялардың мәні, түрлері және педагогикалық қолданылуы туралы жүйелі түсінігін қалыптастыруға негіз болады.

Кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды шығармашылықпен модельдеу және шешу мүмкіндігі.

Болашақ мұғалімнің кәсіби қызметі барлық жағдайда дайын әдістемелік нұсқаулықпен жүзеге аса бермейді. Сабақтың нақты барысы оқушылардың қызығушылығына, білім деңгейіне, белсенділігіне, жас ерекшелігіне және туындаған педагогикалық жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін. Сондықтан болашақ педагогті даярлауда студенттің дайын үлгіні қайталауынан педагогикалық жағдаятқа өзіндік шешім ұсынуға көшуі маңызды.

Бұл тұрғыда шығармашылықты тек өнер туындысын жасай алу қабілеті ретінде түсіндіру жеткіліксіз. Болашақ бастауыш білім педагогі үшін оның кәсіби мағынасы – оқу мақсатына жетудің бірнеше жолын қарастыру, белгілі әдісті жаңа жағдайға бейімдеу, тапсырманы оқушы ерекшелігіне қарай өзгерту,

қолда бар ресурсты жаңаша пайдалану және педагогикалық мәселенің балама шешімін ұсыну.

К.А. Володина білім беру үдерісінде импровизация, имитация, сахналау сияқты театрландырылған-ойын әрекеттерін, бейнесюжетті талдау мен жасауды, топтық сурет, коллаж, фотоматериалдар және мәтіндермен жұмысты арт-технологиялардың тиімді түрлерінің қатарына жатқызады [138]. Мұндай жұмыстар студентке бір ғана дайын шешім ұсынбайды. Ол тапсырманы орындау барысында өз нұсқасын таңдап, оны негіздеуге және шығармашылық нәтижеге жетудің жолдарын салыстыруға мәжбүр болады.

И.А. Егорова арт-технологиялардың мазмұндық жағын көркем шығармаларды талдау, визуалды-пластикалық құралдарды, музыканы, драманы, қозғалысты, биді пайдалану және кәсіби қызметтің түрлі аспектілерін модельдейтін жағдаяттарды ойнаумен байланыстырады [139]. Бұл тұрғыдан арт-технологияның кәсіби құндылығы нақты педагогикалық жағдайды оқу аудиториясында шартты түрде қайта құруға мүмкіндік беруінен байқалады.

Л.Г. Светоносова болашақ мұғалімнің педагогикалық мәдениетін қалыптастыруда бейнелеу, аудиовизуалды және театрландырылған-ойын технологияларының орнын қарастырады [140]. Бейне жасау, коллаж, импровизация немесе инсценировка студенттің оқу материалына дайын нұсқа бойынша емес, өз көзқарасы тұрғысынан қайта оралуына мүмкіндік береді. Бір мазмұнның бірнеше көркемдік шешімін қарастыру педагогикалық ойлаудың икемділігін дамытады.

И.М. Кунгурова, Е.В. Воронина және С.Г. Долженко арт-технологияларды студенттердің инновациялық педагогикалық әрекетін қалыптастырумен байланыстыра отырып, рөлдік және іскерлік ойындар, кейс, бейне талқылау, сценарий жазу, театралдық қойылым мен импровизацияны кәсіби даярлауда қолданады [141]. Мұндай әрекеттерде студент нақты кәсіби міндетке тап болып, оны шешудің жолын өзі таңдайды.

Кәсіби-педагогикалық жағдаятты шығармашылықпен модельдеу бірнеше әрекетті қамтиды. Ең алдымен студент педагогикалық мәселені түсінеді, содан кейін оқу мақсатын анықтап, сол міндетке сәйкес бірнеше арт-технологиялық нұсқаны қарастырады. Олардың ішінен тиімдісін таңдап, оны нақты сабақ жағдайына бейімдейді. Бұдан кейін шығармашылық тапсырманы, сабақ фрагментін немесе жобаны іске асырып, алынған нәтижеге қайта оралады.

Мәселен, мәтінді терең түсінуді көздеген студент оны сахналау, кейіпкер атынан әңгімелеу, комикс немесе коллаж жасау сияқты бірнеше жолмен ұйымдастыра алады. Бірақ олардың қайсысын таңдау керектігі тапсырманың сыртқы тартымдылығына емес, оқу мақсатына байланысты шешіледі. Егер басты міндет кейіпкердің әрекетін түсіну болса – драмалау; оқиғаның ретін жүйелеу қажет болса – визуалды композиция; оқушының өзіндік көзқарасын анықтау қажет болса – шығармашылық мәтін тиімді болуы мүмкін.

Арт-технологиялық әрекеттің маңызды ерекшелігі – шығармашылық ойдың нақты өнімге айналуы. Студенттің шешімі сурет, композиция, коллаж, фото, бейнематериал, сценарий, қойылым, ертегі, поэтикалық мәтін, қолөнер бұйымы

немесе сабақ фрагменті түрінде көрініс табады. Материалданған нәтиже өзінің бастапқы идеясын қайта қарауға, өзге студенттердің шешімдерімен салыстыруға және жұмысты жетілдіруге мүмкіндік береді.

Осыдан кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды шығармашылықпен шешудің мынадай логикасы көрінеді: педагогикалық жағдаятты түсіну → оқу мақсатын анықтау → ықтимал шешімдерді қарастыру → арт-технологияны таңдау → жағдайға бейімдеу → шығармашылық шешімді іске асыру → нәтижені талдау.

Бұл жағдайда кәсіби шығармашылық міндетті түрде бұрын болмаған жаңа технология жасау дегенді білдірмейді. Ол көбіне белгілі әдісті нақты жағдайға орынды бейімдеуден, бірнеше тәсілді үйлестіруден немесе оқушының ерекшелігіне сәйкес өзгертуден байқалады. Осы тұрғыда студент дайын әдістің орындаушысы емес, педагогикалық әрекетті жобалайтын болашақ маман позициясына өтеді.

Өзіндік шығармашылық тәжірибені болашақ педагогикалық әрекетке көшіру мүмкіндігі

Болашақ бастауыш білім педагогін арт-технологиялар арқылы даярлаудың ерекшелігі – студенттің белгілі бір шығармашылық әрекетті алдымен өзінің тәжірибесінен өткізуінде. Теориялық түрде оқылған немесе сырттай бақыланған әдістің мүмкіндігін түсіну мен оны өзі орындап көрудің арасында айырмашылық бар. Студент белгілі бір әрекетке қатысқан кезде оның күрделілігін, орындау ретін, материалдың ерекшелігін, уақыт мөлшерін және сол әрекеттің қандай сезім мен ой туғызатынын тікелей сезінеді.

А.Б. Айтбаева мен Г.А. Қасен арт-әдістерді өнер құралдары арқылы оқыту, тәрбиелеу және дамытуды жүзеге асыратын педагогикалық әрекет ретінде қарастырады. Авторлар арт-педагогикада оқыту мен өзіндік оқудың, тәрбие мен өзіндік тәрбиенің, даму мен өзіндік дамудың өзара байланысын атап көрсетеді [142]. Бұл қағида болашақ мұғалімнің шығармашылық тапсырманы сырттай меңгеруінен гөрі, оны өзі орындап, әрекеттің ішкі құрылымын сезінуінің маңызын айқындайды.

Студент арт-технологияны меңгеру барысында екі түрлі позицияда болады. Бірінші позицияда ол – білім алушы, шығармашылық тапсырманы өзі орындаушы. Екінші позицияда – болашақ мұғалім, сол әрекетті оқушыға қалай ұйымдастыру керектігін ойластырушы. Мысалы, студент өзі ертегі құрастырып, коллаж жасап немесе драмалық рөл орындағаннан кейін сол жұмысты бастауыш сыныпқа бейімдеу жолдарын талдайды.

Осы ауысу кәсіби даярлықта өте маңызды. Егер студент тек өзі шығармашылық өнім жасаса, оның әрекеті жеке тәжірибемен аяқталады. Ал сол тәжірибеге педагог тұрғысынан қайта оралғанда: «тапсырманы балаға қалай түсіндіремін?», «қандай материал қажет?», «қай жаста қолдануға болады?», «тапсырманы қалай жеңілдетемін немесе күрделендіремін?», «нәтижені қалай талдаймын?» деген сұрақтар пайда болады. Осы сәттен бастап өзіндік шығармашылық тәжірибе кәсіби-педагогикалық сипат алады.

М. Либманн топтық арт-әрекеттің әлеуметтік дағдыларды дамытуға, қатысушылардың өзара қолдауына, ортақ мәселені шешуіне, өз әрекетінің

өзгелерге әсерін байқауына, жаңа рөлдерді меңгеруіне және шешім қабылдауына жағдай жасайтынын көрсетеді [143]. Болашақ педагог мұндай жұмыстың қатысушысы болған кезде топ ішіндегі әрекетті «ішкі жағынан» байқайды. Кейін оқушылардың топтық шығармашылық жұмысын ұйымдастырғанда міндеттердің бөлінуіне, барлық қатысушының жұмысқа тартылуына, өзара көмек пен ортақ нәтижеге жауапкершілікке мән бере алады.

Өзіндік тәжірибені педагогикалық әрекетке көшіру әдісті сол күйінде қайталау емес. Университет студентіне ұсынылған тапсырма бастауыш сынып оқушысына көлемі, мазмұны және күрделілігі жағынан сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан тәжірибені көшіру үдерісі міндетті түрде бейімдеуді қамтиды. Студент тапсырманың көлемін азайтады, кезеңдерге бөледі, материалын өзгертеді, жеке жұмысты жұптық немесе топтық форматқа ауыстырады, нұсқаулықты баланың жасына сәйкес қайта құрады.

Мәселен, студент өзі күрделі композициялық коллаж жасаған болса, оны бастауыш мектепке ұсынғанда дайын суреттер, қысқа уақыт аралығы және нақты тақырып беруі мүмкін. Өзі толық драмалық қойылымға қатысқан жағдайда бастауыш сынып оқушыларына қысқа диалог немесе шағын эпизод ұсына алады. Осы өзгерістер шығармашылық тәжірибенің механикалық көшірілмейтінін, оның педагогикалық мақсат пен оқушы ерекшелігіне қарай қайта өңделетінін көрсетеді.

Өзіндік шығармашылық тәжірибені болашақ кәсіби әрекетке көшірудің ішкі логикасын: шығармашылық әрекетті өзі орындау → оның ерекшелігін сезіну → орындалу жолын түсіну → педагогикалық мақсатын анықтау → бастауыш сынып оқушысына бейімдеу → оқу-тәрбие үдерісінде қолдану түрінде көрсетуге болады.

Нәтижесінде студент «арт-технология туралы білемін» деңгейінен «оны өзім орындап көрдім, ерекшелігін түсіндім және оқушы әрекетіне қалай айналдыру керектігін білемін» деген кәсіби деңгейге өтеді. Осы ауысу өзіндік шығармашылық тәжірибенің педагогикалық тәжірибеге айналғанын білдіреді.

Кәсіби әрекетті талдау, бағалау және жетілдіру мүмкіндігі.

Арт-технологияларды кәсіби тұрғыдан меңгеру әдісті таңдап, оны практикада орындаумен аяқталмайды. Болашақ педагог орындалған әрекетке қайта оралып, оның қаншалықты нәтижелі болғанын, күтілетін нәтижеге не себепті жеткенін немесе жетпегенін түсініп, келесі әрекетіне өзгеріс енгізе алуы тиіс. Сондықтан, кәсіби әрекетті талдау, бағалау және жетілдіру арт-технологиялар негізіндегі даярлықтың маңызды мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Кәсіби рефлексияны орындалған әрекет туралы жалпы пікір білдірумен теңестіруге болмайды. «Тапсырма жақсы өтті», «әдіс тиімді болды», «оқушыларға ұнады» деген жауаптар педагогикалық әрекеттің сапасын анықтауға жеткіліксіз. Болашақ педагог нақты қай әрекеттің қандай нәтижеге алып келгенін, қай тұста қиындық болғанын және оның себебін анықтай білуі керек.

Б. Ларриви рефлексивтік практиканы мұғалімнің кәсіби әрекетін саналы қайта қарауы және рефлексия деңгейінің біртіндеп тереңдеуімен байланыстырады. Ол жасаған мұғалімнің рефлексивтік практика деңгейін бағалау құралы болашақ және қызметтегі педагогтің кәсіби әрекетін қаншалықты саналы саралай алатынын анықтауға бағытталған [144]. Біздің зерттеуімізде осы идея негізінде студенттің жоспарланған және нақты нәтижені салыстыруына, қолданылған тәсілдің тиімділігін бағалауына және келесі әрекетке түзету енгізуіне мән берілді.

Рефлексия үш өзара байланысты әрекетті қамтиды. Біріншісі – жоспарланған және алынған нәтижені салыстыру. Екіншісі – нәтижеге алып келген немесе кедергі болған себептерді анықтау. Үшіншісі – келесі әрекетті нақты өзгерту. Егер осы үш әрекеттің соңғысы болмаса, рефлексия өткен жұмысты сипаттаумен ғана шектеледі.

Мысалы, студент топтық коллажды сабақта қолданғаннан кейін «балалар белсенді болды» деген қорытындыдан әрі өтуі керек. Қай балалар белсенді болды, кім жұмысқа аз қатысты, уақыт жеткілікті болды ма, тапсырманың нұсқаулығы түсінікті болды ма, топтағы рөлдер қалай бөлінді деген мәселелерді талдайды. Егер кейбір оқушылар жұмысқа тартылмай қалған болса, келесі жолы рөлдерді нақты бөлу немесе топ көлемін азайту сияқты түзету ұсынуы мүмкін.

Л.Д. Лебедева өнерге негізделген әрекеттің болашақ педагог тұлғасын дамытудағы гуманистік әлеуетін және кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасуымен байланысын қарастырған [145]. Бұл тұрғыда шығармашылық әрекет нәтижесін тек дайын өнімнің сапасымен өлшеу жеткіліксіз. Студент сол жұмыс барысында өзі қандай тәжірибе жинақтағанын, қандай қиындықтарды байқағанын және кәсіби тұрғыдан нені өзгертетінін де түсінуі керек.

В.В. Горев көркемдік әрекетті болашақ педагогтің өзін-өзі тануы мен тұлғалық дамуының факторы ретінде талдайды. Зерттеуші көркемдік әрекет барысында тұлғалық-мағыналық салада, жетістікке деген мотивацияда, креативтілікте, өзін-өзі тануда және өзге адамдарға қатынаста өзгерістер болатынын көрсетеді [146]. Бұл тұжырым кәсіби әрекетті жетілдірудің тек сыртқы әдістемелік өзгеріспен емес, студенттің өзінің әрекетін түсінуімен де байланысты екенін көрсетеді.

Кәсіби әрекетті бағалауда қателік пен күтілмеген нәтиженің де өзіндік маңызы бар. Педагогикалық даярлық барысында сәтсіз нәтиже студенттің қабілетсіздігін білдіретін белгі емес, келесі әрекетке қажетті ақпарат ретінде қарастырылуы тиіс. Егер шығармашылық тапсырма жоспарланған уақыттан ұзақ орындалса – тапсырманың көлемін азайту; нұсқаулық түсініксіз болса – оны нақтылау; белгілі бір арт-тәсіл күтілген нәтижеге жеткізбесе – басқа тәсілді таңдау қажеттігі туындайды.

Осыдан кәсіби рефлексия: күтілетін нәтижені белгілеу → әрекетті жүзеге асыру → нақты нәтижені анықтау → салыстыру → себептерін талдау → әрекетті бағалау → нақты түзету енгізу → келесі әрекетті қайта жоспарлау сабақтастығында жүзеге асады.

Бұл жерде түзетудің нақты болуы маңызды. «Келесі жолы жақсы өткіземін» немесе «көбірек дайындаламын» деген жалпы қорытынды кәсіби жетілдіруді қамтамасыз етпейді. Түзету нақты педагогикалық әрекетке бағытталуы керек: тапсырманың көлемін өзгерту, нұсқаулықты ықшамдау, басқа материал таңдау, жұмыс формасын өзгерту, оқушыға таңдау беру, қосымша көрнекілік пайдалану немесе басқа арт-технологияға көшу.

Демек кәсіби әрекетті талдау, бағалау және жетілдіру мүмкіндігі студенттің арт-технологияны қолданғаннан кейін өз шешіміне қайта оралып, әрекет пен нәтиже арасындағы байланысты анықтауынан, сәтті және әлсіз тұстарын ажыратуынан және келесі кәсіби әрекетіне негізделген өзгеріс енгізуінен көрінеді. Бұл студентті арт-технологияны жай орындаушыдан өз педагогикалық әрекетін саналы басқарып, жетілдіре алатын маман деңгейіне бағыттайды.

Жоғарыда қарастырылған бес мүмкіндік өзара бірлікте жүзеге асады. Біріншісі студенттің арт-технологияларды кәсіби құрал ретінде қабылдауына және оларды меңгеруге ішкі ынтасының қалыптасуына негіз болса, екіншісі педагогикалық, пәндік және көркемдік білімдердің байланысын қамтамасыз етеді. Үшінші мүмкіндік осы білімдерді кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды шығармашылықпен шешуге жұмылдырса, төртіншісі студенттің өзіндік шығармашылық тәжірибесін болашақ педагогикалық әрекетке көшіруге мүмкіндік береді. Бесінші мүмкіндік орындалған кәсіби әрекетті талдау, бағалау және жетілдіру арқылы алдыңғы тәжірибені келесі әрекетпен байланыстырады.

Аталған педагогикалық мүмкіндіктердің мазмұны арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау үдерісін өзара сабақтас кәсіби-бағдарлы, теориялық және кәсіби-шығармашылық кезеңдер бойынша ұйымдастыру қажеттігін айқындайды. Бұл кезеңдер студенттің арт-технологияларға бастапқы қызығушылығынан оларды кәсіби-педагогикалық әрекетте саналы, шығармашылық және дербес қолдану деңгейіне дейінгі бірізді дамуын қамтамасыз етеді.

Кәсіби-бағдарлы кезеңде студенттің арт-технологиялардың педагогикалық құндылығын түсінуіне, олардың болашақ кәсіби қызметтегі маңызын ұғынуына және меңгеруге деген тұрақты қызығушылығы мен ынтасын қалыптастыруға басымдық беріледі. Осы кезеңде арт-технология студент үшін тек шығармашылық әрекетті ұйымдастыру тәсілі ретінде емес, бастауыш білім беру үдерісіндегі педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін кәсіби құрал ретінде қабылдана бастайды.

Теориялық кезеңде студенттер арт-технологиялардың мәні, түрлері, қызметтері, педагогикалық мүмкіндіктері және оларды бастауыш білім мазмұнымен кіріктіру жолдары туралы жүйелі білімді меңгереді. Педагогикалық, пәндік-әдістемелік, көркемдік және мәдени білімдердің өзара байланысы қамтамасыз етіліп, арт-технологияларды нақты оқу мақсаттарына сәйкес таңдау мен қолданудың теориялық негіздері қалыптастырылады.

Кәсіби-шығармашылық кезеңде студент меңгерген теориялық білімдерін практикалық әрекетке көшіреді: нақты педагогикалық жағдаяттарға сәйкес арт-технологияларды таңдайды және бейімдейді, шығармашылық идеялар мен

өнімдер әзірлейді, оларды оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың жолдарын модельдейді. Сонымен қатар өзінің шығармашылық тәжірибесін болашақ педагогикалық қызметпен байланыстырып, орындалған әрекеттің нәтижесін талдайды, бағалайды және қажет болған жағдайда оны жетілдіруге бағытталған түзетулер енгізеді.

Демек аталған кезеңдердің мазмұны зерттеу барысында айқындалған педагогикалық мүмкіндіктермен тікелей сабақтасып, болашақ бастауыш білім педагогінің арт-технологияларды құндылық ретінде қабылдауынан – теориялық тұрғыдан меңгеруіне, шығармашылықпен қолдануына және кәсіби әрекет нәтижесін рефлексивтік тұрғыдан бағалауына дейінгі кәсіби даму логикасын сипаттайды. Бұл өзара байланыс 5-кестеде жүйеленіп көрсетілді.

Кесте 5 – Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктері

Педагогикалық мүмкіндік	Негізгі мазмұны	Кәсіби даярлықтағы нәтижесі
1	2	3
Арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық құрал ретінде меңгеруге ынталандыру мүмкіндігі	Арт-технологияларға қызығушылықты қалыптастыру, олардың кәсіби-педагогикалық мәнін түсіндіру, меңгеруге тұрақты ынта туғызу	Арт-технологияларды болашақ кәсіби қызметтің құндылығы мен педагогикалық ресурсы ретінде қабылдау
Педагогикалық, пәндік және көркемдік білімді өзара кіріктіру мүмкіндігі	Педагогика, пән әдістемесі, өнер мен мәдениет салаларындағы білімдерді өзара байланыстыру және оларды педагогикалық міндеттерді шешуде ықпалдастыру	Арт-технологиялардың мәні, түрлері, қызметтері және оларды бастауыш білім мазмұнында қолдану жолдары туралы жүйелі білімнің қалыптасуы
Кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды шығармашылықпен модельдеу және шешу мүмкіндігі	Педагогикалық жағдаятты шығармашылық тұрғыдан талдау, дербес идея ұсыну, шығармашылық өнім әзірлеу және стандартты емес шешімдер табу	Педагогикалық міндеттерді шешуде арт-технологияларды шығармашылықпен таңдау және қолдану білігінің қалыптасуы
Өзіндік шығармашылық тәжірибені болашақ педагогикалық әрекетке көшіру мүмкіндігі	Жеке шығармашылық тәжірибені оқу-тәрбие міндеттерімен байланыстыру, оны педагогикалық жағдаяттарға бейімдеу және кәсіби әрекетте қолдану	Жинақталған шығармашылық тәжірибені болашақ педагогикалық қызметте мақсатты және дербес қолдану тәжірибесінің қалыптасуы
Кәсіби әрекетті талдау, бағалау және жетілдіру мүмкіндігі	Арт-технологияны педагогикалық мақсатқа сәйкес таңдау, қолдану нәтижесін талдау мен бағалау және қажет болған жағдайда әрекетке түзету енгізу	Арт-технологияларды педагогикалық жағдаяттарда саналы әрі дербес қолдану, өз кәсіби әрекетін рефлексивтік тұрғыдан жетілдіру білігінің қалыптасуы

5-кестеде ұсынылған педагогикалық мүмкіндіктер бір-бірінен оқшау қарастырылмайды, керісінше, болашақ педагогтің кәсіби даярлығының біртұтас үдерісінде өзара сабақтастықта жүзеге асырылады. Бірінші мүмкіндік студенттің арт-технологияларды меңгеруге бағытталған кәсіби уәжін қалыптастыруға негіз болса, екінші мүмкіндік олардың теориялық және әдістемелік білім жүйесін қамтамасыз етеді. Үшінші және төртінші мүмкіндіктер меңгерілген білімді нақты педагогикалық жағдаяттарда шығармашылық әрекетке айналдыруға және өзіндік тәжірибені кәсіби қызметке көшіруге бағытталады. Ал бесінші мүмкіндік осы әрекеттің нәтижесін талдау, бағалау, түзету және жетілдіру арқылы рефлексивтік сипат алуын қамтамасыз етеді.

Осы тұрғыдан педагогикалық мүмкіндіктер мен кәсіби даярлау кезеңдерінің өзара байланысын 11-суреттен көруге болады.



Сурет 11 – Педагогикалық мүмкіндіктер мен кәсіби даярлау кезеңдерінің өзара байланысы

Мұндай сабақтастық болашақ бастауыш білім педагогінің арт-технологияларды жай ғана меңгеруін емес, оларды педагогикалық мақсатқа сәйкес саналы түрде таңдайтын, шығармашылықпен қолданатын және өз әрекетінің нәтижесін бағалап, жетілдіре алатын кәсіби даярлығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда ұсынылған педагогикалық мүмкіндіктер, олардың жүзеге асу кезеңдері, мазмұны мен күтілетін нәтижелері зерттеуіміздің келесі бөлімінде ұсынылатын арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеудің тұжырымдамалық негізін құрады. Аталған модельде осы мүмкіндіктер мақсаттық, мазмұндық, үдерістік және нәтижелік құрамдастардың өзара байланысы арқылы нақты көрініс табады.

2.3 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Қазіргі жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау мазмұнын жаңарту, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте инновациялық технологияларды тиімді қолдану қабілеттерін қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру болашақ

педагогтердің теориялық білімін практикалық іс-әрекетпен ұштастыруды, кәсіби құндылықтарын дамытуды, шығармашылық ізденіске ынталандыруды және педагогикалық әрекет нәтижелерін саналы талдауға бағытталған даярлау үдерісін ұйымдастыруды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, арт-технологияларды болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлығына кіріктіру олардың шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар, көркем шығармашылық әдістерін бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық мақсатқа сәйкес қолдану мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Зерттеу жұмысымыздың алдыңғы бөлімдерінде арт-технологиялардың теориялық-әдіснамалық негіздері, олардың болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудағы мазмұны, ерекшеліктері мен педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылды. Жүргізілген теориялық талдау арт-технологияларды кәсіби даярлықта қолдану студенттердің кәсіби қызығушылығын арттырумен, теориялық білімдерін тереңдетумен, шығармашылық әрекетке тартумен және кәсіби іс-әрекетті рефлексиялық тұрғыдан жетілдірумен өзара байланысты екенін көрсетті. Алайда аталған мүмкіндіктердің нәтижелі жүзеге асуы олардың оқу үдерісінде кездейсоқ немесе жекелеген әдістер ретінде қолданылуына емес, нақты мақсатқа бағдарланған, мазмұны мен технологиялары өзара үйлескен педагогикалық жүйе негізінде ұйымдастырылуына байланысты.

Осыған сәйкес арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау үдерісін ғылыми тұрғыдан негіздеу, оның мазмұндық құрылымын анықтау, жүзеге асыру жолдарын жүйелеу және күтілетін нәтижелерін бағалау қажеттілігі туындады. Бұл міндеттерді шешудің маңызды құралы ретінде зерттеу барысында құрылымдық-мазмұндық модель әзірленді.

Педагогикалық модельдеу зерттелетін үдерістің маңызды құрамдас бөліктерін, олардың өзара байланыстарын, қызметтерін және нәтижеге жету тетіктерін тұтас жүйе түрінде бейнелеуге мүмкіндік береді. Модель зерттеу нысанының сыртқы белгілерін ғана сипаттамай, оның ішкі құрылымын, даму логикасын, жүзеге асырылу жағдайларын және нәтижелілігін анықтауға негіз болады. Сондықтан құрылымдық-мазмұндық модельді әзірлеуде болашақ педагогтің кәсіби даярлығын қалыптастырудың мақсаты мен әдіснамалық негіздері, мазмұндық компоненттері, ұйымдастыру формалары, технологиялары, әдістері, құралдары және бағалау көрсеткіштері өзара байланыста қарастырылды.

Арт-технологиялардың педагогтердің кәсіби дамуына ықпалын зерттеген А.Т. Қожағұлов олардың мүмкіндіктерін болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, кәсіби қызығушылығы мен ынтасын арттыру, эмоционалдық-коммуникативтік дағдыларын жетілдіру, көркемдік-танымдық белсенділігін күшейту және кәсіби іс-әрекетін рефлексиялық тұрғыдан бағалау бағыттарымен байланыстырады [147]. Ғалымның зерттеуінде арт-технологиялар болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін

педагогикалық ресурс ретінде қарастырылып, оларды кәсіби даярлыққа енгізудің құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған.

Аталған ғылыми тұжырымдар біздің зерттеуімізде арт-технологияларды болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлығымен байланыстыра қарастыруға теориялық негіз болды. Сонымен бірге бастауыш білім беру саласының ерекшеліктері, кіші мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық-педагогикалық даму заңдылықтары, оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны және болашақ мұғалімнің кәсіби қызметіне қойылатын талаптар ескерілді. Өйткені болашақ бастауыш білім педагогі арт-технологияларды өзі меңгеріп қана қоймай, олардың педагогикалық мүмкіндіктерін түсініп, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, оқу мақсаттарына және тәрбиелік міндеттеріне сәйкес шығармашылықпен қолдануға даяр болуы тиіс.

Зерттеуімізде арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау студенттердің арт-технологиялардың теориялық-әдіснамалық негіздерін меңгеруіне және оларды бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық мақсатқа сәйкес шығармашылықпен қолдану біліктерін қалыптастыруға бағытталған жүйелі үдеріс ретінде қарастырылады.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі болашақ педагогтердің арт-технологияларды кәсіби құндылық ретінде қабылдауын, олардың мәні мен педагогикалық мүмкіндіктерін саналы меңгеруін, шығармашылық іс-әрекетте қолдануын және өз әрекетінің нәтижесін рефлексиялық тұрғыдан бағалауын қамтамасыз ететін өзара байланысты құрылымдық бөліктердің бірлігі ретінде жасалды.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық модельді әзірлеуде оның мақсаттылығы, жүйелілігі, бірізділігі, мазмұндық тұтастығы, практикалық бағыттылығы, шығармашылық сипаты және нәтижесінің диагностикалануы негізгі талаптар ретінде басшылыққа алынды. Бұл талаптар модельдің әрбір құрылымдық бөлігінің нақты міндет атқаруын, олардың бір-бірімен байланысын және кәсіби даярлықтың күтілетін нәтижесіне бағытталуын қамтамасыз етеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін, арт-технологиялардың анықталған педагогикалық мүмкіндіктерін және болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлығына қойылатын талаптарды басшылыққа ала отырып, арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді.

Ұсынылған модель өзара байланысты үш блоктан тұрады:

- мақсаттық-әдіснамалық блок;
- мазмұндық-технологиялық блок;
- бағалаушы-нәтижелік блок.

Аталған блоктар біртұтас педагогикалық жүйені құрай отырып, кәсіби даярлаудың мақсатынан бастап оның мазмұнын, жүзеге асыру тетіктерін және күтілетін нәтижелерін анықтауға мүмкіндік береді. Әрбір блок өзіндік қызмет

атқарғанымен, олардың тиімділігі өзара байланыста жүзеге асырылуымен сипатталады.

Құрылымдық-мазмұндық модельдің мақсаттық-әдіснамалық блогы арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың ғылыми-теориялық бағдарын анықтайды. Бұл блокта зерттеу мақсаты, тұжырымдамалық негізі, әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары қамтылды.

Модельдің мақсаты – арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауды жүзеге асыру.

Аталған мақсат болашақ педагогтердің арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға қызығушылығын дамыту, олардың теориялық және әдістемелік білімдерін қалыптастыру, шығармашылықпен қолдану қабілеттерін жетілдіру және кәсіби әрекетін рефлексиялық тұрғыдан бағалау дағдыларын дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Модельдің тұжырымдамалық негізінде болашақ педагогтің кәсіби даярлығы арт-технологиялардың құрамдас бөліктері мен оларды қолдану тетіктерін меңгеру негізінде қалыптасатын, кәсіби-тұлғалық сапаларының кіріктірілген сипаттамасы ретінде қарастырылады. Бұл сипаттама студенттің арт-технологияларды меңгеруге құндылықтық қатынасын, олардың теориялық және әдістемелік негіздері туралы білімін, шығармашылық әрекетке даярлығын, кәсіби міндеттерді шешу қабілетін және өз іс-әрекетін жетілдіруге бағытталған рефлексиялық дағдыларын біріктіреді.

Осы тұрғыдан модельдің тұжырымдамалық негізі кәсіби даярлықтың мотивациялық, танымдық және практикалық жақтарын бірлікте қарастыруды көздейді. Болашақ педагогтің арт-технологияларды қолдануға деген қызығушылығы оларды меңгеруге бағытталған танымдық белсенділігін арттырса, теориялық және әдістемелік білімдері шығармашылық әрекетті саналы ұйымдастыруға негіз болады. Ал арт-технологияларды практикалық қолдану барысында қалыптасқан тәжірибе кәсіби рефлексия арқылы талданып, жетілдіріледі.

Модельдің әдіснамалық негіздерін жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік және инновациялық-технологиялық тұғырлар құрайды. Аталған тұғырлар арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлаудың мазмұнын анықтауға, оны ұйымдастырудың тиімді жолдарын таңдауға және күтілетін нәтижелерді негіздеуге мүмкіндік береді.

Жүйелілік тұғыр арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауды өзара байланысқан мақсаттардан, мазмұндық компоненттерден, педагогикалық әрекеттерден, әдістер мен құралдардан және бағалау нәтижелерінен тұратын тұтас жүйе ретінде қарастыруға негіз болады. *Жүйелілік тұғыр* дидактика заңдылықтарының әдістемеде орнымен, реттілігімен, сыртқы және ішкі байланыстарды реттей отырып орындалуына тірек болады [148].

Бұл тұғырға сәйкес кәсіби даярлаудың әрбір құрамдас бөлігі белгілі бір қызмет атқарып, ортақ мақсатқа жетуге бағытталады. Мәселен, студенттердің

арт-технологияларды меңгеруге қызығушылығын қалыптастыру олардың теориялық білімдерін дамытуға негіз болса, меңгерілген білім шығармашылық тапсырмаларды орындау және педагогикалық жағдаяттарды шешу барысында практикалық тәжірибеге айналады. Ал практикалық әрекетті рефлексиялық тұрғыдан талдау кәсіби даярлықтың одан әрі жетілуін қамтамасыз етеді.

Тұлғалық-бағдарлы тұғыр болашақ педагогтердің жеке ерекшеліктерін, шығармашылық қабілеттерін, қызығушылықтары мен кәсіби қажеттіліктерін ескеру негізінде даярлау үдерісін ұйымдастыруды көздейді. Арт-технологияларды меңгеру барысында әрбір студентке өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін танытуға, көркемдік бейнелеу құралдары арқылы ойы мен сезімін білдіруге, дербес шешім қабылдауға және жеке шығармашылық тәжірибесін қалыптастыруға жағдай жасалады. Бұл тұғыр студентті дайын білімді қабылдаушы ғана емес, кәсіби дамуының белсенді субъектісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар студенттердің жеке тәжірибесі мен шығармашылық ерекшеліктерін ескеру болашақта бастауыш сынып оқушыларының даралық ерекшеліктеріне сәйкес арт-технологияларды таңдау және қолдану қабілеттерін дамытуға негіз болады.

Іс-әрекеттік тұғыр болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлығын олардың белсенді оқу-танымдық, практикалық және шығармашылық әрекеті арқылы қалыптастыруға бағытталады. Бұл тұғырға сәйкес арт-технологиялардың теориялық мазмұнын меңгеру олардың әдістерін тәжірибеде орындаумен, педагогикалық жағдаяттарды шешумен, шығармашылық тапсырмаларды жобалаумен және оқу-тәрбие үдерісіне бейімдеумен ұштастырылады. Студенттердің көркем шығармашылық жұмыстарға қатысуы, арт-жобалар дайындауы, сабақ фрагменттерін әзірлеуі және олардың нәтижелерін талдауы теориялық білімдерінің практикалық мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша болашақ педагог арт-технологияларды сипаттап қана қоймай, оларды нақты педагогикалық міндеттерді шешудің құралы ретінде қолдану тәжірибесін меңгереді.

Құзыреттілік тұғыр арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық мақсатта қолдануға қажетті білім, білік, дағды және кәсіби-тұлғалық сапалардың бірлігін қалыптастыруға бағдарланады. Бұл тұғыр аясында болашақ педагогтің даярлығы арт-технологиялардың түрлері мен ерекшеліктерін білуімен ғана емес, оларды педагогикалық жағдаятқа сәйкес таңдау, шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру, оқушылардың әрекетін бағыттау және алынған нәтижелерді бағалау қабілеттерімен анықталады. С.А. Жолдасбекова мен Д. Мадиеваның арт-технологиялық құзыреттілікке қатысты ғылыми тұжырымдары да арт-технологияларды кәсіби қызметте меңгеру мен тиімді қолданудың маңызын көрсетеді [149]. Осыған сәйкес құзыреттілік тұғыр болашақ педагогтердің меңгерген білімін кәсіби әрекетте өздігінен пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Инновациялық-технологиялық тұғыр арт-технологияларды болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау үдерісіне инновациялық педагогикалық әдістер мен заманауи технологияларды кіріктіру негізінде

қолдануды көздейді. Бұл тұғыр студенттердің арт-технологияларды педагогикалық мақсатқа сәйкес таңдау, жобалау және бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдану біліктерін қалыптастыруға бағытталады. Нәтижесінде болашақ педагогтердің инновациялық әрекетке даярлығы, шығармашылық әлеуеті және арт-технологияларды кәсіби қызметінде тиімді пайдалану қабілеті дамиды.

Аталған әдіснамалық тұғырлар өзара байланыста жүзеге асырылады. Жүйелілік тұғыр кәсіби даярлау үдерісінің құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етсе, тұлғалық-бағдарлы тұғыр студенттердің жеке шығармашылық мүмкіндіктерін ескеруге, іс-әрекеттік тұғыр білімді практикалық әрекет арқылы меңгеруге, құзыреттілік тұғыр кәсіби міндеттерді шешуге қажетті даярлықты қалыптастыруға, ал инновациялық-технологиялық тұғыр арт-технологияларды заманауи педагогикалық және цифрлық құралдармен үйлестіріп қолдануға негіз болады.

Ғалымдардың айтуынша, мақсатты-әдіснамалық блоктың құрамындағы мәселелер қазіргі қоғамымыздың арт-технологияны негіз етуі арқылы болашақ бастауыш білім педагогін даярлауға беретін тапсырысының педагогикалық категориялар мен ұғымдарға айналуын көрсетеді [150].

Құрылымдық-мазмұндық модельдің мақсаттық-әдіснамалық блогында жалпы педагогикалық ұстанымдармен қатар шығармашылық арт-технология әдістемесіне тән ұстанымдар басшылыққа алынды. Жалпы педагогикалық ұстанымдар қатарына ғылымилық, жүйелілік пен бірізділік, саналылық пен белсенділік, қолжетімділік, теория мен практиканың байланысы және білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру жатқызылды. Ал арт-технологияларды қолданудың әдістемелік ұстанымдары шығармашылық еркіндікті қамтамасыз ету, көркемдік әрекетке белсенді қатыстыру, студенттің дербес шығармашылық шешімін қолдау, өнер мен педагогикалық мазмұнның кіріктірілуі, шығармашылық нәтижені рефлексиялық бағалау және арт-әдістерді педагогикалық мақсатқа сәйкестендіру бағыттарымен сипатталды.

Бұл ұстанымдардың өзара үйлесуі арт-технологияларды тек көркем шығармашылық тапсырмалар жиынтығы ретінде емес, болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Құрылымдық-мазмұндық модельдің мазмұндық-технологиялық блогы арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мазмұнын, оны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық және технологиялық тетіктерін сипаттайды. Аталған блок студенттердің кәсіби даярлық барысында меңгеруі тиіс құндылықтық бағдарларын, теориялық білімдерін, шығармашылық қабілеттері мен практикалық-рефлексиялық дағдыларын қамтиды.

Мазмұндық-технологиялық блоктың құрылымы өзара байланысты үш компоненттен тұрады: аксиологиялық-мотивациялық, гносеологиялық-танымдық және іс-әрекеттік-рефлексивтік. Әрбір компонент белгілі бір

өлшемдер мен көрсеткіштер арқылы нақтыланып, болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді.

Аталған компоненттерді анықтауда арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлаудың мазмұны студенттің арт-технологияларды меңгеруге және қолдануға деген кәсіби қызығушылығы мен ынтасын, олардың теориялық-әдістемелік негіздері туралы түсінігі мен білімін, сондай-ақ практикалық әрекетте шығармашылықпен пайдалану және өз әрекетін бағалау қабілеттерін қамтуы тиіс екендігі басшылыққа алынды.

Аксиологиялық-мотивациялық компонент болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген құндылықтық қатынасын, қызығушылығын және оларды меңгеруге бағытталған ынтасын сипаттайды. Бұл компоненттің мәні студенттердің арт-технологияларды кәсіби қызметінде пайдаланудың маңызын түсінуімен, көркем шығармашылық әдістерінің педагогикалық мүмкіндіктерін құндылық ретінде қабылдауымен және оларды меңгеруге саналы ұмтылысымен анықталады.

В.А. Сластенин мен Г.И. Чижакова педагогикалық аксиология тұрғысынан құндылықтардың адамның іс-әрекетінде бағдар болуы оның құндылықтық санасы мен қатынасының қалыптасуына байланысты екенін атап көрсетеді [151]. Бұл тұжырым болашақ педагогтердің арт-технологияларды меңгеруге деген қызығушылығын олардың кәсіби құндылықтық бағдарларымен байланыстыра қарастыруға негіз болады.

Арт-технологияларды кәсіби даярлықта қолдану студенттердің көркем шығармашылық әрекетке эмоционалдық жағынан қатысуына, өз мүмкіндіктерін танытуына және педагогикалық міндеттерді шығармашылық жолмен шешуге қызығушылық танытуына жағдай жасайды. Дегенмен қызығушылықтың өзі кәсіби даярлықтың жеткілікті көрсеткіші бола алмайды. Ол студенттің арт-технологияларды саналы меңгеруге, жаңа әдістер туралы ақпарат іздеуге, шығармашылық тапсырмаларды орындауға және оларды болашақ педагогикалық тәжірибесінде қолдануға бағытталған тұрақты ынтасымен толықтырылуы қажет.

Осыған сәйкес аксиологиялық-мотивациялық компонент құндылықтық-мотивациялық өлшем арқылы анықталады. Оның көрсеткіштері:

- арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылығы;
- арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынтасы.

Бірінші көрсеткіш студенттің арт-технологияларға жағымды эмоционалдық қатынасын, олардың педагогикалық мүмкіндіктерін тануға қызығушылығын және болашақ кәсіби қызметінде қолданудың мәнін қабылдауын сипаттайды. Екінші көрсеткіш арт-технологияларды меңгеруге бағытталған ішкі ұмтылысын, шығармашылық жұмыстарға белсенді қатысуын, өздігінен ізденуін және меңгерген әдістерін кәсіби әрекетте қолдануға ниетін айқындайды.

Осылайша аксиологиялық-мотивациялық компонент болашақ педагогтің арт-технологияларды сыртқы тартымдылық құралы ретінде ғана емес, кәсіби-педагогикалық мүмкіндіктері бар маңызды ресурс ретінде қабылдауына негіз болады.

Гносеологиялық-танымдық компонент болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологиялардың теориялық негіздері, мәні, түрлері, ерекшеліктері, педагогикалық мүмкіндіктері және оларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы түсінігі мен білімін сипаттайды.

Аталған компонент студенттердің арт-технологияларды ғылыми-педагогикалық тұрғыдан саналы меңгеруіне бағытталады. Бұл ретте болашақ педагог арт-технологиялардың көркем шығармашылық әдістеріне негізделетінін түсініп қана қоймай, олардың бастауыш мектептің оқу-тәрбие міндеттерін шешудегі педагогикалық қызметін, қолдану шарттарын және жас ерекшеліктеріне сәйкестігін ажырата білуі қажет.

Гносеологиялық-танымдық компоненттің мазмұнында арт-технологиялардың ұғымдық негіздерін меңгеру, негізгі түрлерін жүйелеу, педагогикалық мүмкіндіктерін сипаттау, әртүрлі әдістер мен тәсілдердің ерекшеліктерін салыстыру және оларды нақты оқу жағдайларымен байланыстыру маңызды орын алады [152]. Бұл білімдер студенттің шығармашылық идеяларын педагогикалық тұрғыдан негіздеуіне және арт-технологияларды мақсатты таңдауының теориялық алғышарттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мысалы, студент ертегі құрастыру, драматизация, коллаж жасау немесе цифрлық әңгімелеу тәсілдерін меңгеру барысында олардың көркемдік ерекшеліктерімен қатар, оқу мазмұнын түсіндіру, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және шығармашылық қабілеттерін жетілдіру мүмкіндіктерін анықтайды. Осы арқылы студент арт-технологияларды қолданудың педагогикалық мақсаты мен әдістемелік ерекшеліктері арасындағы байланысты түсінеді.

Аталған компонент танымдық-креативтік өлшем арқылы анықталады. Оның көрсеткіштері:

- арт-технологиялардың мәні, түрлері және педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігі;
- арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы білімі.

Бірінші көрсеткіш арт-технологиялардың ұғымдық мазмұнын, негізгі түрлерін, ерекшеліктерін және олардың педагогикалық әлеуетін түсіну деңгейін сипаттайды. Екінші көрсеткіш арт-технологияларды нақты педагогикалық мақсатта қолданудың әдістемелік жолдарын білуімен, олардың қолданылу жағдайларын ажырата алуымен және оқу міндеттеріне сәйкес тәсілдерді негіздеуімен анықталады.

Гносеологиялық-танымдық компоненттің мазмұны «Арт-технология теориясы және әдістемесі» элективті курсы, тақырыптық дәрістер, семинарлар,

шығармашылық және практикалық тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады. Гносеологиялық-танымдық компоненттің іске асырылу жолы зерттеу барысында жинақталған материалдар негізінде «Арт-технология теориясы мен әдістемесі» арнаулы таңдау курсын ұйымдастырып өткізу болып табылады.

Бұл компонентті қалыптастыру студенттердің арт-технологияларды кейінгі практикалық әрекетінде саналы әрі мақсатты қолдануына теориялық негіз қалайды. Болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технология негізінде кәсіби даярлануы барысында аксиологиялық дайындығы гносеологиялық-танымдық дайындығымен бір қатарда болу керектігін есте сақтау маңызды [153].

Іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологияларды педагогикалық мақсатқа сәйкес таңдау, шығармашылықпен қолдану, алынған нәтижелерді талдау, бағалау және өз әрекетіне қажетті түзетулер енгізу қабілеттері мен дағдыларын сипаттайды.

Бұл компонент арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлаудың практикалық нәтижесін көрсетеді. Өйткені болашақ педагогтің арт-технологияларды меңгеруі олар туралы теориялық білім жинақтаумен ғана шектелмей, сол білімдерді бастауыш мектеп жағдайында қолдануға даярлығымен айқындалады.

Іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент шеңберінде студенттер арт-технологияларға негізделген шығармашылық тапсырмаларды құрастырады, сабақ фрагменттерін жобалайды, көркем шығармашылық әдістерін қолданудың әртүрлі нұсқаларын салыстырады және педагогикалық жағдаяттарға сәйкес тиімді шешімдер қабылдайды. Мұндай әрекеттер арт-технологияларды қолданудың практикалық біліктерін дамытуға, шығармашылық дербестікті қалыптастыруға және педагогикалық міндеттерді шешудің баламалы жолдарын іздеуге мүмкіндік береді. Педагогикалық еңбектерде педагогикалық рефлексияны педагог өзінің кәсіби қызметінде қол жеткен нәтижелерін және қол жеткізе алатын нәтижелерін, сондай-ақ олардың сапасын өз бетімен анықтай алатын педагогикалық іс-әрекеттің бір түрі деп анықтайды [154].

Сонымен бірге практикалық әрекеттің нәтижелілігі студенттің өз әрекетін талдау және бағалау қабілетімен тығыз байланысты. Болашақ педагог арт-технологияны қолдану барысында белгіленген мақсат пен алынған нәтижені салыстыруы, қолданылған әдістің тиімді және әлсіз жақтарын анықтауы, туындаған қиындықтардың себептерін түсіндіруі және оларды жоюдың жолдарын ұсынуы қажет. Бұл кәсіби рефлексияның қалыптасуына негіз болады.

Аталған компонент практикалық-рефлексивтік өлшем арқылы сипатталады. Оның көрсеткіштері:

- арт-технологияларды таңдап, шығармашылықпен қолдану қабілеті;
- арт-технологияларды қолдану нәтижелерін талдау, бағалау және өз әрекетіне түзету енгізу дағдысы.

Бірінші көрсеткіш студенттің педагогикалық мақсатқа сәйкес арт-технологияларды дербес таңдауымен, таңдаған әдісін негіздеуімен, оны оқу-тәрбие жағдайына бейімдеуімен және шығармашылықпен қолдануымен

анықталады. Екінші көрсеткіш студенттің орындалған әрекет нәтижесін талдауымен, жетістіктері мен қиындықтарын анықтауымен, өзіндік бағалау жүргізуімен және келесі педагогикалық әрекетін жетілдіруге бағытталған шешім қабылдауымен сипатталады.

Осылайша іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент болашақ педагогтердің теориялық білімдерін практикалық кәсіби әрекетке айналдырып, арт-технологияларды саналы және шығармашылықпен қолдану тәжірибесін қалыптастыруға бағытталады.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мазмұны бүгінгі күнге ғана емес, технология жетіліп, оқу-тәрбие процесінің жаңа деңгейлерге көтерілетін, ертеңгі күні педагогтерден креативтілік пен шығармашылықты керек ететін алдағы уақытқа да лайық болуы тиіс деп ойлаймыз. Бұл идея Л.С.Выготскийдің «жақын өрістегі даму» теориясының тәжірибедегі көрінісі болып табылады [155].

Жоғарыда сипатталған үш компонент пен олардың өлшемдері және көрсеткіштері өзара байланысты жүйені құрайды. Аксиологиялық-мотивациялық компонент студенттің арт-технологияларды меңгеруге құндылықтық қатынасын қалыптастырса, гносеологиялық-танымдық компонент олардың теориялық және әдістемелік негіздерін саналы түсінуін қамтамасыз етеді. Ал іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент меңгерілген білім мен қалыптасқан ынтаның нақты кәсіби әрекетте жүзеге асуына мүмкіндік береді. Аталған компоненттердің мазмұны, өлшемдері мен көрсеткіштері 6-кестеде жүйеленді.

Кесте 6 – Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
1	2	3
Аксиологиялық-мотивациялық	Құндылықтық-мотивациялық	- арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылығы; - арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынтасы.
Гносеологиялық-танымдық	Танымдық-креативтік	- арт-технологиялардың мәні, түрлері және педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігі; - арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы білімі.
Іс-әрекеттік-рефлексивтік	Практикалық-рефлексивтік	- арт-технологияларды таңдап, шығармашылықпен қолдану қабілеті; - арт-технологияларды қолдану нәтижелерін талдау, бағалау және өз әрекетіне түзету енгізу дағдысы.

6-кестеде көрсетілген компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштер болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологиялар негізіндегі кәсіби

даярлығының мазмұнын нақтылап, оның қалыптасу деңгейін анықтауға негіз болады. Сонымен қатар олар модельдің мазмұндық-технологиялық және бағалаушы-нәтижелік блоктары арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Болашақ бастауыш білім педагогын арт-технология негізінде кәсіби даярлау моделінің бағалаушы-нәтижелілік блогының іске асырылуына қатысты жасалған осы кестеде анықталған өлшемдер мен көрсеткіштер өзара синтез құрып, студенттердің әдістемелік әрекетіне технологиялық даярлығының деңгейлерін көрсетеді. Ғалымдардың атап көрсетуінше, белгіленген өлшемдер мен көрсеткіштер болашақ педагогтерді технологиялық қырынан даярлауда икемділікпен және динамикалық түрде дами береді [156].

Мазмұндық-технологиялық блокта болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын қалыптастыру мазмұнымен қатар, оны жүзеге асырудың ұйымдастыру формалары, технологиялары мен әдістері және құралдары айқындалды. Оларды іріктеу барысында студенттердің арт-технологияларды теориялық меңгеруі мен практикалық қолдануы арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, шығармашылық белсенділігін арттыру және кәсіби әрекетке бағдарлау міндеттері ескерілді.

Модельде арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлауды ұйымдастырудың формалары ретінде интерактивті және проблемалық дәрістер, семинар-пікірталастар, шығармашылық шеберханалар, жеке, жұптық және топтық жұмыстар, студенттердің өзіндік жұмыстары, «Арт-клубы» , шығармашылық көрмелер, жобаларды қорғау және виртуалды экскурсиялар қарастырылды.

Интерактивті және проблемалық дәрістер студенттердің арт-технологиялар туралы теориялық түсініктерін қалыптастыруға, олардың кәсіби-педагогикалық мүмкіндіктерін талдауға және нақты оқу-тәрбие міндеттерімен байланыстыруға бағытталады. Дәрістер барысында арт-технологиялардың мәні, түрлері, қолдану ерекшеліктері және педагогикалық мүмкіндіктері түсіндіріліп, студенттердің өз пікірін білдіруіне, мәселелік сұрақтарға жауап іздеуіне және әдістемелік шешімдерді салыстыруына жағдай жасалады.

Семинар-пікірталастар арт-технологияларды педагогикалық мақсатта қолдануға қатысты ғылыми-әдістемелік мәселелерді талқылауға, студенттердің кәсіби көзқарасын қалыптастыруға және шығармашылық шешімдерін негіздеуге мүмкіндік береді. Бұл формада арт-технологиялардың әртүрлі әдістерін қолдану мүмкіндіктері талданып, олардың бастауыш сынып оқушыларының танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дамуына ықпалы қарастырылады.

Шығармашылық шеберханалар болашақ педагогтердің арт-технологияларды практикалық тұрғыдан меңгеруіне бағытталады. Студенттер көркем шығармашылық тапсырмаларды орындап, әртүрлі материалдармен және цифрлық құралдармен жұмыс істейді, шығармашылық өнімдер әзірлейді және оларды педагогикалық мақсатқа сәйкес қолданудың жолдарын анықтайды. Бұл форма арт-технологияларды орындаушы ретінде меңгеруден оларды педагогикалық әрекетті ұйымдастыру құралы ретінде пайдалануға көшуге мүмкіндік береді.

Жеке, жұптық және топтық жұмыстар студенттердің шығармашылық дербестігін, өзара әрекеттесу және бірлескен шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға бағытталады. Жеке жұмыс барысында студент өз шығармашылық идеясын жүзеге асырса, жұптық және топтық жұмыстарда ортақ шығармашылық міндеттерді шешуге, әрекеттерді келісуге, бір-бірінің ұсыныстарын талдауға және нәтижені бірлесіп бағалауға үйренеді.

Студенттердің өзіндік жұмыстары арт-технологияларды меңгеруге бағытталған дербес ізденістерді, оқу-әдістемелік материалдарды талдауды, шығармашылық тапсырмалар мен арт-жобаларды дайындауды қамтиды. Бұл жұмыстар студенттердің өз білімін толықтыруына, арт-технологияларды қолданудың жаңа тәсілдерін іздестіруіне және жеке кәсіби шығармашылық тәжірибесін жинақтауына мүмкіндік береді.

«Арт-клубы» студенттердің аудиториядан тыс шығармашылық әрекетін ұйымдастыру, арт-технологияларды еркін шығармашылық ортада меңгеру және олардың кәсіби қолданылу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында қарастырылды.

Шығармашылық көрмелер мен жобаларды қорғау студенттердің орындаған жұмыстарын таныстыруға, олардың педагогикалық мәнін түсіндіруге, алынған нәтижелерді талдауға және кәсіби рефлексия жүргізуге бағытталады. Көрмелер мен жоба қорғау барысында студенттер шығармашылық өнімдерінің ерекшеліктерін сипаттап қана қоймай, оларды бастауыш мектепте қандай мақсатта және қалай қолдануға болатынын негіздейді.

Виртуалды экскурсиялар көркем өнер туындыларымен, шығармашылық тәжірибелермен және арт-технологияларды қолданудың әртүрлі мүмкіндіктерімен танысуға жағдай жасайды.

Аталған ұйымдастыру формалары болашақ педагогтердің арт-технологияларды меңгеру әрекетін әртүрлі оқу жағдайларында жүзеге асырып, олардың теориялық білімін практикалық тәжірибемен байланыстыруға бағытталады.

Модельде арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлауды жүзеге асырудың технологиялары мен әдістері ретінде арт және цифрлық технологиялар, бейнелеу және коллаж жасау, ертегі құрастыру, драматизация, рөлдік ойын, қуыршақ театры, музыкалық-ырғақтық жаттығулар, құммен сурет салу, сандық пен ермексаздан мүсіндеу, көлемді-шығармашылық жобалау, цифрлық әңгімелеу, педагогикалық жағдаяттарды шешу, пікірталас және рефлексия қарастырылды.

Арт-технологияларды қолданудың аталған әдістері студенттердің шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастырумен бірге оларды бастауыш білім беру мазмұнымен байланыстыруға бағытталады.

Цифрлық технологиялармен кіріктірілген арт-әдістер студенттердің көркем шығармашылық мазмұнды цифрлық ортада жобалауына, өңдеуіне және ұсынуына мүмкіндік береді. Цифрлық әңгімелеу, электрондық коллаж, мультимедиалық шығармашылық жұмыстар және виртуалды көркемдік материалдар арт-технологияларды қолданудың баламалы жолдарын меңгеруге ықпал етеді.

Сонымен қатар педагогикалық жағдаяттарды шешу, пікірталас және рефлексия әдістері студенттердің арт-технологияларды таңдауын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеуіне, оларды қолданудың нәтижелерін салыстыруына және кәсіби әрекетін жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді.

Арт-технологияларды қолдануда олардың көркемдік тартымдылығынан бұрын педагогикалық мақсатқа сәйкестігі басшылыққа алынады. Сондықтан болашақ педагог әрбір әдісті таңдаған кезде оқу мақсатын, күтілетін нәтижені, бастауыш сынып оқушыларының жас және жеке ерекшеліктерін, оқу материалының мазмұнын, қолданылатын құралдардың қолжетімділігі мен қауіпсіздігін ескеруі қажет.

Модельде кәсіби даярлауды жүзеге асырудың негізгі құралдары ретінде «Арт-технология теориясы және әдістемесі» элективті курсы, «КӨРКЕМ» цифрлық дидактикалық қоржыны, оқу-әдістемелік нұсқаулықтар, шығармашылық тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі анықталды.

«Арт-технология теориясы және әдістемесі» элективті курсы студенттердің арт-технологиялардың теориялық негіздерін, негізгі түрлерін, педагогикалық мүмкіндіктерін және бастауыш білім беру үдерісінде қолдану әдістемесін жүйелі меңгеруіне бағытталады.

«КӨРКЕМ» цифрлық дидактикалық қоржыны арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлаудың оқу-әдістемелік мазмұнын цифрлық ортада ұсыну және студенттердің дербес жұмысын ұйымдастыру құралы ретінде қарастырылды.

Оқу-әдістемелік нұсқаулықтар арт-технологияларды қолданудың мақсаттарын, ұйымдастыру шарттарын, орындалу кезеңдерін және күтілетін нәтижелерін түсіндіруге бағытталады. Ал шығармашылық тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі студенттердің меңгерген теориялық білімдерін бекітуге, арт-әдістерді практикалық тұрғыдан қолдануға және шығармашылық шешімдер әзірлеуге негіз болады.

Осылайша мазмұндық-технологиялық блокта ұсынылған ұйымдастыру формалары, технологиялар мен әдістер және құралдар өзара байланыста жүзеге асырылады. Олардың бірлігі студенттердің арт-технологияларды меңгеруге қызығушылығын дамытуға, теориялық білімдерін жүйелеуге, практикалық шығармашылық тәжірибесін қалыптастыруға және кәсіби әрекетін рефлексиялық тұрғыдан жетілдіруге жағдай жасайды.

Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық модельдің бағалаушы-нәтижелік блогы арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлығын қалыптастыру үдерісін бағалау, оның нәтижелерін анықтау және жүзеге асырылған әдістемелік жүйенің тиімділігін тексеру міндеттерін қамтиды. Бұл блок модельдің мазмұндық-технологиялық бөлігінде айқындалған компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштердің қалыптасу дәрежесін анықтауға негізделеді.

Бағалаушы-нәтижелік блоктың мазмұнында кәсіби даярлықтың қалыптасу деңгейлері, диагностикалық әдістемелер, зерттеудің анықтау, қалыптастыру

және бақылау кезеңдері және күтілетін нәтижесі өзара байланыста қарастырылды.

Болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологиялар негізіндегі кәсіби даярлығы төмен, орта және жоғары деңгейлер арқылы сипатталды. Аталған деңгейлерді анықтауда студенттердің арт-технологияларды қолдануға қызығушылығы мен ынтасының тұрақтылығы, олардың мәні мен педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігінің жүйелілігі, қолдану әдістері туралы білімінің толықтығы, шығармашылықпен қолдану қабілеті және кәсіби рефлексиялық дағдыларының қалыптасуы ескерілді.

Төмен деңгей арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға қызығушылығының әлсіздігімен немесе тұрақсыздығымен, оларды меңгеруге және шығармашылық жұмыстарда пайдалануға ынтасының жеткіліксіздігімен сипатталады.

Орта деңгей арт-технологияларға қызығушылықтың болуымен, бірақ оның әрдайым тұрақты сипат алмауымен ерекшеленеді. Бұл деңгейдегі студенттер арт-технологиялардың мәні мен негізгі түрлері туралы жалпы түсінікке ие болып, олардың жекелеген педагогикалық мүмкіндіктерін сипаттай алады.

Жоғары деңгей арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға тұрақты қызығушылығымен, олардың педагогикалық мүмкіндіктерін кәсіби құндылық ретінде қабылдауымен және оларды меңгеруге айқын ынтасымен сипатталады. Диалог формасында өтетін эвристикалық оқыту студенттің өзінің даму және таным мүмкіндіктерін жүзеге асыруда адамгершілік-дамытушылық, когнитивтік, эмоциялық-құндылық, шығармашылық-рефлексивтік қабілеттерін жетілдіре түседі [157].

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлығының деңгейлік сипаттамасы 7-кестеде берілді.

Кесте 7 – Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлығының деңгейлік сипаттамасы

Компоненттер	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
1	2	3	4
Аксиологиялық-мотивациялық	Болашақ педагог арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға тұрақты қызығушылық танытады, олардың мүмкіндіктерін құндылық ретінде қабылдайды. Арт-технологияларды	Арт-технологияларды қолдануға қызығушылығы бар, бірақ ол тұрақты сипатта емес және көбіне нақты тапсырмаға немесе оқу жағдайына байланысты көрінеді.	Арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға қызығушылығы әлсіз немесе тұрақсыз. Оларды меңгеруге,

7-кесте жалғасы

	меңгеруге, олар туралы қосымша ақпарат іздеуге, шығармашылық тапсырмаларда пайдалануға және болашақ кәсіби тәжірибесіне енгізуге айқын ынта білдіреді.	Оларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға ынтасы болғанымен, өздігінен іздену белсенділігі мен жаңа тәсілдерді қолдануға ұмтылысы жүйелі байқалмайды.	шығармашылық тапсырмаларда пайдалануға және қосымша ізденуге ынтасы жеткіліксіз. Көбіне тек берілген тапсырманы орындаумен шектеледі, өздігінен бастама танытпайды.
Гносеологиялық-танымдық	Арт-технологиялардың мәнін, негізгі түрлерін, ерекшеліктерін және педагогикалық мүмкіндіктерін толық әрі жүйелі түсінеді. Оларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдерін біледі, олардың мақсаты мен қолдану жағдайларын ажырата алады. Нақты оқу міндетіне сәйкес арт-технологияның қай түрі мен тәсілін қолдануға болатынын дұрыс анықтайды.	Арт-технологиялардың мәні мен негізгі түрлері туралы жалпы түсінігі қалыптасқан, жекелеген педагогикалық мүмкіндіктерін сипаттай алады. Қолдану әдістері мен тәсілдері туралы білімі бар, бірақ оларды жүйелеуде және нақты оқу жағдайымен байланыстыруда қиындықтар кездеседі.	Арт-технологиялардың мәні, түрлері және педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігі үстірт және үзік. Оларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы білімі жеткіліксіз. Арт-технологияның мақсаты, түрі мен қолдану жағдайларын ажыратуда қиналады.
Іс-әрекеттік-рефлексивтік	Педагогикалық мақсатқа, оқу мазмұнына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес арт-технологияларды дербес әрі негізді таңдайды, оларды шығармашылықпен қолдана алады. Сабақ немесе шығармашылық тапсырма нәтижесін	Арт-технологияны таңдап, оны оқу әрекетінде қолдана алады, алайда таңдауды негіздеу мен шығармашылық тұрғыдан түрлендіруі әрдайым жеткілікті емес. Өз әрекетінің нәтижесін жалпы талдап, сәтті және әлсіз тұстарын анықтайды, бірақ олардың себептерін	Арт-технологияларды оқу мақсатына сәйкес таңдауда және шығармашылықпен қолдануда қиналады, көбіне дайын үлгілерге сүйенеді. Өз әрекетінің нәтижесін сипаттаумен шектеледі, оны терең талдау және

7-кесте жалғасы

	талдайды, өз әрекетінің тиімді және әлсіз тұстарын нақты бағалайды.Нәтижеге әсер еткен себептерді анықтап, қажет жағдайда қолданған әдіс-тәсілдеріне саналы түрде түзету енгізеді және балама шешім ұсына алады.	толық түсіндіруде немесе нақты түзету енгізуде қиындық байқалады.	объективті бағалау жеткіліксіз. Қателіктердің немесе қиындықтардың себептерін анықтауда қиындық танытады.

7-кестеде ұсынылған деңгейлік сипаттамалар арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлығын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Бағалаушы-нәтижелік блокта арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлауды жүзеге асыру және оның нәтижелілігін тексеру анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдері арқылы ұйымдастырылды.

Анықтау кезеңінде аксиологиялық-мотивациялық компонент бойынша Р.М. Райан және әріптестерінің «Ішкі мотивация сауалнамасындағы» «Қызығушылық» шкаласының бейімделген нұсқасы мен авторлық сауалнама [158], гносеологиялық-танымдық компонент бойынша Н.Л. Миллер мен А.Дж. Каньястың ұғымдық картаны семантикалық бағалау әдістемесінің бейімделген нұсқасы [159] мен авторлық тест, іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент бойынша практикалық тапсырмалар мен Б. Ларривидің «Рефлексивтік практиканы бағалау» әдістемесінің бейімделген нұсқасы пайдаланылады [160].

Қалыптастыру кезеңі болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологияларды кәсіби құндылық ретінде қабылдауын, теориялық-әдістемелік білімдерін және оларды шығармашылықпен қолдану қабілеттерін қалыптастыруға бағытталды. Бұл кезеңде «Арт-технология теориясы және әдістемесі» элективті курсы, «Арт-клубы» , «КӨРКЕМ» цифрлық дидактикалық қоржыны, шығармашылық тапсырмалар, арт-жобалар, практикалық жұмыстар және рефлексиялық әдістер қолданылды.

Қалыптастыру кезеңінде студенттердің арт-технологияларды кәсіби тұрғыдан қабылдауы, теориялық меңгеруі, шығармашылықпен қолдануы және рефлексиялық бағалауы өзара сабақтастықта жүзеге асырылып, аксиологиялық-мотивациялық, гносеологиялық-танымдық және іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттердің кешенді қалыптасуы қамтамасыз етілді.

Бақылау кезеңі қалыптастыру кезеңінде жүзеге асырылған педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін анықтауға және болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлығындағы өзгерістерді бағалауға бағытталады.

Бұл кезеңде анықтау кезеңінде қолданылған диагностикалық әдістемелер қайта пайдаланылып, олардың нәтижелері салыстырылады. Аксиологиялық-


мотивациялық компонент бойынша арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға қызығушылық пен оларды меңгеруге деген ынтадағы өзгерістер; гносеологиялық-танымдық компонент бойынша студенттердің арт-технологиялардың мәні мен педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігінің және оларды қолдану әдістері жөніндегі білімінің дамуы; іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент бойынша шығармашылықпен қолдану қабілеті мен кәсіби рефлексиялық дағдыларының қалыптасуы бағаланады.

Анықтау және бақылау кезеңдерінің нәтижелерін салыстыру арқылы болашақ педагогтердің кәсіби даярлығының деңгейлік өзгерістері анықталады. Алынған деректер сандық және сапалық тұрғыдан талданып, қажет болған жағдайда тиісті математикалық-статистикалық әдістер арқылы тексеріледі. Бұл арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлауға бағытталған әдістемелік жүйенің нәтижелілігін бағалауға негіз болады.

Бағалаушы-нәтижелік блоктың қорытынды *нәтижесі* – арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлығы қалыптасқан болашақ бастауыш білім педагогі.

Аталған нәтиже арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолданудың маңызын түсінетін, оларды меңгеруге тұрақты қызығушылығы мен ынтасы қалыптасқан, арт-технологиялардың теориялық және әдістемелік негіздерін білетін, бастауыш білім беру үдерісінде педагогикалық мақсатқа сәйкес таңдап, шығармашылықпен қолдана алатын және өз әрекетінің нәтижесін талдап, бағалап, жетілдіруге қабілетті болашақ педагогтің кәсіби даярлығын сипаттайды.

Ұсынылған модельде мақсаттық-әдіснамалық, мазмұндық-технологиялық және бағалаушы-нәтижелік блоктар өзара байланысты біртұтас жүйені құрайды. Мақсаттық-әдіснамалық блок арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлаудың ғылыми-теориялық бағдарын анықтаса, мазмұндық-технологиялық блок оның компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін, сондай-ақ жүзеге асыру формалары, технологиялары, әдістері мен құралдарын қамтиды. Бағалаушы-нәтижелік блок кәсіби даярлықтың қалыптасу деңгейлерін анықтауға, диагностикалық нәтижелерді салыстыруға және ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін бағалауға бағытталады (12-суретте ұсынылды).



Сурет 12 – Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін

кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Ұсынылған модельдің ерекшелігі – арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлаудың студенттің тұлғалық-шығармашылық дамуы мен болашақ педагогикалық қызметке даярлығының бірлігінде қарастырылуы. Бір жағынан, студент арт-технологиялар арқылы өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін танып, кәсіби қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытады. Екінші жағынан, меңгерген көркем шығармашылық әдістерін бастауыш мектептің оқу-тәрбие міндеттерін шешуге бейімдеп, оларды педагогикалық мақсатта қолданудың әдістемелік тәжірибесін қалыптастырады. Осы екі бағыттың өзара ықпалдасуы арт-технологияларды кәсіби даярлықтың мазмұндық және әрекеттік құрамдас бөлігі ретінде жүйелі меңгеруге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әзірленген, болашақ педагогтердің арт-технологияларды меңгеруге құндылықтық қатынасын, теориялық-әдістемелік білімін, шығармашылықпен қолдану қабілетін және кәсіби рефлексиялық дағдыларын өзара байланыста қалыптастыруға бағытталған ғылыми негізделген педагогикалық құрылым болып табылады.

Модельдің мазмұны арт-технологияларды кәсіби даярлықта қолдануды жүйелеуге, олардың педагогикалық мүмкіндіктерін мақсатты жүзеге асыруға, студенттердің кәсіби даярлығының қалыптасу деңгейін анықтауға және нәтижелілігін тәжірибелік-эксперименттік тұрғыдан тексеруге мүмкіндік береді.

Осыған сәйкес әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесін құрудың теориялық және мазмұндық негізі ретінде алынды. Модельде айқындалған компоненттер, ұйымдастыру формалары, технологиялар, әдістер мен құралдар келесі бөлімде ұсынылатын әдістемелік жүйенің мазмұнын анықтауға және оны тәжірибелік-эксперимент жұмысында жүзеге асыруға негіз болады.

3 АРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ

3.1 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың бастапқы диагностикасы

Зерттеудің тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсаты – арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін іске асыруға бағытталған әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру және алынған нәтижелерді талдау.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының барысында ұсынылған теориялық қағидалар мен әдістемелік шешімдердің тиімділігін нақты педагогикалық жағдайда тексеруге мүмкіндік беретін негізгі әдістердің бірі болып табылады. «Эксперимент» ұғымы латынның experimentum – тәжірибе, сынау, байқау деген мағынаны білдіретін сөзінен шыққан. Ғылыми әдебиеттерде педагогикалық эксперимент арнайы ұйымдастырылған жағдайда педагогикалық үдерістің мазмұнына, әдістеріне немесе шарттарына мақсатты өзгеріс енгізіп, оның нәтижесін бақылауға және бағалауға бағытталған зерттеу әдісі ретінде сипатталады [161].

Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуіміздің тәжірибелік бөлігі арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау моделінің мазмұнын нақты оқу үдерісінде жүзеге асыруға, ұсынылған әдістемелік жүйенің мүмкіндіктерін тексеруге және студенттердің кәсіби даярлығындағы өзгерістерді анықтауға бағытталды. Тәжірибелік-эксперимент жұмысында арт-технологиялардың студенттердің кәсіби қызығушылығы мен ынтасына, теориялық түсінігі мен біліміне, оларды практикалық жағдайда шығармашылықпен қолдануына және өз әрекетін рефлексивтік тұрғыдан бағалай алуына ықпалы қарастырылды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыру барысында зерттеудің теориялық бөлімінде негізделген модель мен әдістемелік жүйенің мазмұны басшылыққа алынды. Эксперимент барысында студенттердің бастапқы даярлық деңгейін анықтау, қалыптастыру жұмыстарының мазмұнын жүйелі жүзеге асыру және қорытынды өзгерістерді салыстырмалы түрде бағалау көзделді.

Осы мақсатқа сәйкес тәжірибелік-эксперимент жұмысының негізгі міндеттері белгіленді:

- арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлығының бастапқы деңгейін анықтау;
- зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделін жүзеге асыруға арналған әдістемелік жүйені тәжірибеге енгізу;
- болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау үдерісінде арт-технологияларды жүйелі қолданудың мазмұны мен әдістерін нақтылау;
- Арт-клуб жұмысын ұйымдастырудың әдістемесін тәжірибелік процеске енгізу;

- қалыптастыру жұмыстары барысында студенттердің кәсіби даярлығында орын алған өзгерістерді анықтау;

- эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстырып, ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін математикалық-статистикалық әдістер арқылы дәлелдеу.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің базасында жүргізілді. Зерттеуге барлығы 105 білім алушы қатысты. Оның ішінде эксперимент тобына – 54, бақылау тобына – 51 студент алынды.

Эксперимент және бақылау топтарын ұйымдастыру барысында екі топ үшін оқу үдерісінің жалпы талаптарының сақталуына назар аударылды. Бақылау тобында білім беру үдерісі қалыптасқан оқу бағдарламасы негізінде жүргізілсе, эксперименттік топта зерттеу аясында әзірленген әдістемелік жүйе кезең-кезеңімен енгізілді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы өзара сабақтас анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдерінен тұрды. Әр кезеңнің зерттеу мақсатына сәйкес өзіндік міндеттері, мазмұны, қолданылатын әдістері және күтілетін нәтижелері белгіленді.

Анықтау кезеңінің мақсаты – эксперимент басталғанға дейін болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологиялар негізіндегі кәсіби даярлығының бастапқы жағдайын анықтау және эксперименттік пен бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштерін салыстыру болды. Бұл кезеңде зерттеу моделінде айқындалған аксиологиялық-мотивациялық, гносеологиялық-танымдық және іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттердің көрсеткіштеріне сәйкес диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Қалыптастыру кезеңінде эксперимент тобы студенттерімен арт-технологиялар негізінде кәсіби даярлауға бағытталған арнайы әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылды. Осы кезеңде дәріс және практикалық сабақтар мазмұны арт-технологиялық тапсырмалармен толықтырылып, шығармашылық жұмыстар, педагогикалық жағдаяттар, сабақ фрагменттерін құрастыру, «Арт-клуб» жұмысы және кәсіби-рефлексивтік тапсырмалар жүйелі түрде қолданылды.

Бақылау кезеңінің мақсаты – қалыптастыру жұмыстары аяқталғаннан кейін студенттердің кәсіби даярлық деңгейіндегі өзгерістерді қайта анықтау, эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру және ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін бағалау болды.

Зерттеудің анықтау және бақылау кезеңдерінде қолданылған диагностикалық әдістемелер кәсіби даярлықтың әр компонентіне сәйкес таңдалды. Әдістемелер бірін-бірі қайталамай, зерттелетін көрсеткіштердің мазмұнын жан-жақты қамтуға бағытталды. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлық деңгейін анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер 8-кестеде берілген.

Кесте 8 – Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің кәсіби даярлық деңгейін анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер

Компоненттер	Диагностикалық әдістемелер
Аксиологиялық-мотивациялық	- Р.М. Райан және әріптестерінің «Ішкі мотивация сауалнамасындағы» «Қызығушылық» шкаласының бейімделген нұсқасы; - Арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынтаны анықтауға арналған авторлық сауалнама.
Гносеологиялық-танымдық	- Н.Л. Миллер мен А.Дж. Каньястың ұғымдық картаны семантикалық бағалау әдістемесінің бейімделген нұсқасы; - Арт-технологияларды қолдану әдістері мен тәсілдері туралы білімді анықтауға арналған авторлық тест.
Іс-әрекеттік-рефлексивтік	- Арт-технологияларды таңдау және шығармашылықпен қолдану қабілетін анықтауға арналған практикалық тапсырмалар; - Б. Ларривидің «Рефлексивтік практиканы бағалау» әдістемесінің бейімделген нұсқасы.

Диагностикалық құралдардың әрқайсысы зерттеу компоненттерінің нақты бір көрсеткішін айқындауға бағытталды. Осы арқылы студенттердің арт-технологияларға құндылықтық-мотивациялық қатынасын, теориялық түсінігі мен білімін, практикалық қолдану қабілетін және рефлексивтік білігін өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік туды.

Анықтау кезеңіндегі диагностика эксперимент және бақылау топтарында бірдей ұйымдастырушылық жағдайда жүргізілді. Тапсырмалар мен сауалнамаларды орындау тәртібі, бағалау талаптары және нәтижелерді өңдеу шарттары екі топ үшін де бірдей сақталды. Бұл алынған мәліметтерді өзара салыстыруға және топтардың тәжірибелік жұмыстың басындағы жағдайын объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Анықтау кезеңінде алдымен аксиологиялық-мотивациялық компоненттің бірінші көрсеткіші – болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылығы зерттелді. Осы мақсатта *Р.М. Райан және әріптестерінің «Ішкі мотивация сауалнамасындағы» «Қызығушылық» шкаласының зерттеу мақсатына бейімделген нұсқасы* қолданылды (Қосымша А).


Диагностиканы жүргізу барысында студенттерге арт-технологияларды педагогикалық және шығармашылық іс-әрекетте қолдануға қатысты жеті тұжырым ұсынылды. Әр тұжырым бойынша респонденттер өз көзқарасы мен субъективті қатынасын 1-ден 7 балға дейінгі шкала бойынша бағалады. Тұжырымдардың мазмұны студенттердің арт-технологияларды қолдануға қызығушылығын, мұндай әрекеттерге ықыласпен қатысуын, шығармашылық тапсырмаларды орындаудан жағымды әсер алуын және арт-технологиялық іс-әрекетке зейін қою ерекшеліктерін айқындауға бағытталды. Кері мазмұнда берілген тұжырымдардың балдары нәтижелерді өңдеу барысында қайта кодталды.

Әр студент бойынша алынған балдар жинақталып, орташа көрсеткіш есептелді. Осы көрсеткіш негізінде студенттердің қызығушылық деңгейі жоғары, орта және төмен деңгейлерге жіктелді.

Диагностика эксперимент және бақылау топтарында бірдей нұсқаулық, бірдей бағалау шкаласы және бірдей өңдеу тәртібі негізінде жүргізілді. Алынған нәтижелер 9-кестеде және 13-суретте ұсынылды.

Кесте 9 – Анықтау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылық деңгейлері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	7	12,96	23	42,59	24	44,45
Бақылау тобы	9	17,65	19	37,25	23	45,1



Сурет 13 – Анықтау кезеңіндегі арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылық деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

9-кесте мәліметтеріне сәйкес, эксперимент тобындағы 54 студенттің 7-еуі, яғни 12,96%-ы жоғары деңгейді, 23 студенті немесе 42,59%-ы орта деңгейді, ал 24 студенті, яғни 44,45%-ы төмен деңгейді көрсетті. Бақылау тобында жоғары деңгей 9 студентте (17,65%), орта деңгей 19 студентте (37,25%), төмен деңгей 23 студентте (45,10%) анықталды.

Алынған көрсеткіштер екі топта да төмен деңгей үлесінің басым екенін байқатады. Эксперимент тобында төмен деңгейдегі студенттердің үлесі 44,45%-ды, бақылау тобында 45,10%-ды құрады. Орта деңгей көрсеткіші эксперимент тобында 42,59%, бақылау тобында 37,25% болды. Жоғары деңгей екі топта да салыстырмалы түрде төмен: эксперимент тобында 12,96%, бақылау тобында 17,65%.

Бұл нәтижелер анықтау кезеңінде студенттердің арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылығының жеткілікті дәрежеде тұрақты қалыптаспағанын көрсетеді. Студенттердің басым бөлігінде арт-технологияларға белгілі бір қызығушылық байқалғанымен, оны кәсіби-педагогикалық әрекетпен байланыстыру, шығармашылық тапсырмаларға

тұрақты ықыласпен қатысу және арт-технологияларды болашақ кәсіби қызметінде қолдануға бағытталған белсенді қызығушылық деңгейі жеткіліксіз болды.

Аксиологиялық-мотивациялық компоненттің екінші көрсеткіші болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынтасын сипаттайды. Аталған көрсеткішті анықтау мақсатында зерттеу мазмұнына сәйкес *әзірленген «Арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынтаны анықтау» авторлық сауалнамасы* қолданылды (Қосымша Ә).

Сауалнаманы жүргізу барысында студенттерге арт-технологиялардың жаңа әдістері мен тәсілдерін меңгеруге талпынысын, қосымша ақпаратты өздігінен іздеуін, жаңа арт-технологияларды практикалық әрекетте байқап көруге ұмтылысын, қиындықтарға қарамастан жұмысты жалғастыру дайындығын және оларды болашақ кәсіби іс-әрекетінде пайдалануға ниетін анықтауға бағытталған 10 тұжырым ұсынылды. Әрбір тұжырым бойынша студенттер өз пікірін төрт жауап нұсқасының бірін таңдау арқылы білдірді: «толық келісемін», «келісемін», «нақты айта алмаймын», «келіспеймін».


Сауалнама мазмұнын құрастыруда қызығушылық пен ынта ұғымдарының ара-жігін ажыратуға назар аударылды. Бірінші көрсеткіште студенттің арт-технологияларға эмоционалдық жағымды қатынасы мен қызығушылығы қарастырылса, бұл диагностикалық құралда студенттің оларды меңгеруге бағытталған нақты талпынысы, өздігінен ізденуге дайындығы, қосымша уақыт пен күш жұмсауы, шығармашылық іс-әрекетте қолданып көруге ұмтылысы және кәсіби тәжірибесіне енгізуге ниеті басшылыққа алынды.

Нәтижелерді өңдеу кезінде 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 10-тұжырымдарға берілген жауаптар тікелей бағаланды. «Арт-технологияларды тек оқу тапсырмасын орындау қажет болған жағдайда ғана меңгеруге тырысамын» мазмұнындағы 9-тұжырым кері бағытта берілгендіктен, оның балдары кері есептелді. Әр студент бойынша алынған балдар қосылып, жиынтық нәтиже шығарылды. Ең төменгі көрсеткіш 10 балды, ең жоғары көрсеткіш 40 балды құрады. Нәтижелер жоғары, орта және төмен деңгейлер бойынша жіктелді.

Алынған нәтижелер 10-кестеде және 14-суретте көрсетілді.

Кесте 10 – Анықтау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынта деңгейлері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	6	11,11	20	37,04	28	51,85
Бақылау тобы	8	15,69	18	35,29	25	49,02



Сурет 14 – Анықтау кезеңіндегі арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынта деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Алынған мәліметтер екі топта да төмен деңгей көрсеткішінің басымдығын аңғартады. Эксперимент тобындағы 54 студенттің 6-уы жоғары деңгейді көрсетті, бұл топтың 11,11%-ын құрады. Орта деңгей 20 студентте анықталып, олардың үлесі 37,04% болды. Студенттердің ең көп бөлігі төмен деңгейде тіркелді: 28 студент немесе 51,85%.

Бақылау тобындағы 51 студенттің 8-і жоғары деңгейге сәйкес келіп, 15,69% көрсетті. Орта деңгейде 18 студент болды, бұл 35,29%-ды құрады. Төмен деңгей 25 студентте анықталып, олардың үлесі 49,02% болды.

Эксперимент тобындағы студенттердің жартысынан астамында - 51,85%, ал бақылау тобында 49,02% жағдайда арт-технологияларды меңгеруге және оларды шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынта төмен деңгейде байқалды. Бұл студенттердің бір бөлігінің арт-технологияларды меңгеруге тұрақты түрде қосымша уақыт бөлуге, жаңа әдістер мен тәсілдерді өздігінен іздеуге және оларды практикалық әрекетте қолданып көруге жеткілікті дәрежеде ұмтылмайтынын көрсетеді.

Орта деңгей көрсеткіштері эксперимент тобында 37,04%, бақылау тобында 35,29% болды. Бұл деңгейдегі студенттер арт-технологияларды меңгеруге белгілі бір ынта білдіргенімен, олардың ізденісі мен шығармашылық әрекетке араласуы тұрақты сипатта емес. Мұндай студенттер ұсынылған тапсырмаларды орындауға қатысады, жаңа тәсілдерді меңгеруге талпынады, алайда бұл белсенділік көбіне оқу тапсырмасының талабына немесе нақты жағдаятқа байланысты көрінеді.

Жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі екі топта да салыстырмалы түрде аз болды. Эксперимент тобында бұл көрсеткіш 11,11%, бақылау тобында 15,69% құрады. Жоғары деңгей көрсеткен студенттер арт-технологияларды тереңірек меңгеруге, жаңа әдістер мен тәсілдерді өздігінен іздестіруге, қосымша уақыт бөлуге және оларды шығармашылық-педагогикалық әрекетінде тәжірибеден өткізуге айқын ынта танытты.

Осы нәтижелер анықтау кезеңінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің едәуір бөлігінде арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-

әрекетте пайдалануға деген тұрақты ынтаның жеткілікті қалыптаспағанын көрсетті. Студенттердің көпшілігі арт-технологияларды меңгеруге белгілі бір дәрежеде оң көзқарас білдіргенімен, оларды өздігінен тереңірек үйрену, қосымша материал іздеу, жаңа тәсілдерді тәжірибеде сынап көру және болашақ кәсіби қызметіне жүйелі түрде енгізуге бағытталған белсенді ұмтылыс жеткіліксіз байқалды.

Қорыта келе, аксиологиялық-мотивациялық компоненттің екінші көрсеткіші бойынша алынған бастапқы нәтижелер арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынтаны мақсатты түрде қалыптастыру қажеттігін көрсетті. Бұл тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде студенттердің өздігінен ізденуін, шығармашылық белсенділігін, жаңа арт-технологияларды тәжірибелік тұрғыдан меңгеруін және оларды болашақ кәсіби іс-әрекетпен байланыстыруын күшейту қажеттігін негіздейді.

Гносеологиялық-танымдық компоненттің бірінші көрсеткіші - болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологиялардың мәні, түрлері және педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін *Н.Л. Миллер мен А.Дж. Каньястың ұғымдық картаны семантикалық бағалау әдістемесінің* зерттеу мақсатына бейімделген нұсқасы қолданылды (Қосымша Б).

Диагностика барысында студенттерге «Арт-технологиялар» тақырыбында ұғымдық карта құрастыру ұсынылды. Картада орталық ұғым ретінде «арт-технологиялар» алынып, студенттер оның мәнін, негізгі түрлерін, педагогикалық мүмкіндіктерін, бастауыш білім беру үдерісінде қолданылуын және оқушының дамуына ықпалын өз түсінігі негізінде жүйелеуі тиіс болды. Дайын ұғымдар мен байланыстардың алдын ала берілмеуі студенттердің арт-технологиялар туралы қалыптасқан түсінігін дербес түрде көрсетуге мүмкіндік берді.


Тапсырманы орындау кезінде студенттің жеке ұғымдарды атауы ғана емес, олардың арасындағы мазмұндық байланысты дұрыс құруына назар аударылды. Осыған байланысты ұғымдық карталар ұғымдардың өзектілігі мен толықтығы, олардың арасындағы мағыналық байланыстардың дұрыстығы, қате тұжырымдардың болуы, себеп-салдарлық байланыстарды көрсетуі, әртүрлі тармақтар арасындағы тоғыспалы байланыстар және циклдік байланысты құра білуі бойынша бағаланды. Әр критерий бойынша жиналған балдар қосылып, студенттің жалпы нәтижесі анықталды. Ең жоғары көрсеткіш 18 балды құрады.

Нәтижелерді деңгейлер бойынша жіктеу кезінде 12-18 балл жоғары, 9-11 балл орта, 1-8 балл төмен деңгей ретінде қабылданды.

Алынған нәтижелер 11-кестеде және 15-суретте берілді.

Кесте 11 – Анықтау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологиялардың мәні, түрлері және педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігінің деңгейлік көрсеткіштері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	4	7,41	27	50	23	42,59
Бақылау тобы	6	11,76	25	49,02	20	39,22



Сурет 15 – Анықтау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологиялардың мәні, түрлері және педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігі деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

11-кесте мәліметтері эксперимент тобында жоғары деңгей көрсеткен студенттер санының аз екенін көрсетті. Эксперимент тобындағы 54 студенттің 4-еуі немесе 7,41%-ы жоғары деңгейге сәйкес келді. Студенттердің жартысы - 27 студент, яғни 50%-ы орта деңгейді көрсетті. Төмен деңгей 23 студентте анықталып, олардың үлесі 42,59%-ды құрады.

Бақылау тобындағы 51 студенттің 6-уы немесе 11,76%-ы жоғары деңгейде болды. Орта деңгей 25 студентте анықталып, 49,02%-ды, ал төмен деңгей 20 студентте тіркеліп, 39,22%-ды құрады.

Жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі эксперимент тобында 7,41%, бақылау тобында 11,76% ғана болды. Бұл студенттер ұғымдық карталарында арт-технологиялардың мәнін, түрлерін, қолданылу аясы мен педагогикалық мүмкіндіктерін өзара байланыстырып, олардың оқушының шығармашылық, танымдық және тұлғалық дамуына ықпалын бірізді көрсете алды.

Орта деңгей эксперимент тобында 50%, бақылау тобында 49,02% болып, көрсеткіштердің өзара жақын екені байқалды. Бұл деңгейдегі студенттер арт-технологиялардың негізгі түрлерін атап, олардың жекелеген педагогикалық мүмкіндіктерін көрсете алғанымен, ұғымдарды біртұтас жүйеге біріктіруде, олардың арасындағы себеп-салдарлық және тоғыспалы байланыстарды анықтауда қиындық танытты.

Төмен деңгей эксперимент тобында 42,59%, бақылау тобында 39,22% болды. Аталған деңгейдегі студенттердің ұғымдық карталарында негізгі түсініктердің толық қамтылмауы, ұғымдардың бір-бірімен әлсіз

байланыстырылуы, арт-технологияның нақты педагогикалық мүмкіндіктері мен күтілетін нәтижелерінің жеткілікті ашылмауы байқалды. Кейбір студенттер арт-технологиялардың жеке түрлерін атағанымен, олардың бастауыш білім беру үдерісіндегі мақсаты мен қызметін жүйелі түрде байланыстыра алмады.

Осы нәтижелер анықтау кезеңінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологиялардың мәні мен түрлері туралы белгілі бір бастапқы түсініктерінің болғанын, алайда олардың педагогикалық мүмкіндіктерін жүйелі түсіндіру, әртүрлі арт-технологиялардың қолданылу ерекшеліктерін өзара байланыстыру және олардың оқушының дамуына ықпалын себеп-салдарлық тұрғыдан негіздеу жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетті. Бұл гносеологиялық-танымдық компонентті жетілдіру барысында арт-технологиялар туралы білімді жеке ұғымдар деңгейінде меңгертумен шектелмей, олардың педагогикалық мәнін, өзара байланысын және бастауыш білім беру үдерісіндегі мүмкіндіктерін жүйелі түрде меңгерту қажеттігін айқындады.

Гносеологиялық-танымдық компонентінің арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы білімі көрсеткішін диагностикалау үшін *арт-технологияларды қолдану әдістері мен тәсілдері туралы білімді анықтауға арналған авторлық тест пайдаланды.*

Мақсаты: болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы білім деңгейін анықтау.

Нұсқаулық: әр тапсырманы мұқият оқып, ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс нұсқаны таңдаңыз.

1. Бастауыш сынып сабағында арт-технологияны таңдауда ең алдымен нені ескеру қажет?

А) оқу мақсаты мен оқушылардың жас ерекшелігін;

Ә) мұғалімге ұнайтын өнер түрін;

Б) қолданылатын материалдардың санын;

В) сынып бөлмесінің безендірілуін.

2. Оқу материалын сурет, түс, бейне және коллаж арқылы меңгертуде қандай тәсіл басым қолданылады?

А) драмалау тәсілі;

Ә) бейнелеу-шығармашылық тәсілі;

Б) пікірталас тәсілі;

В) түсіндіріп баяндау тәсілі.

3. Әдеби шығарманың немесе ертегінің мазмұнын оқушыларға рөлдерге бөліп орындату қандай арт-технологиялық тәсілге жатады?

А) музыкалық импровизацияға;

Ә) коллаж жасауға;

Б) драмалау мен рөлдік әрекетке;

В) графикалық модельдеуге.

4. Музыканы сабақ барысында арт-технология ретінде қолданудың педагогикалық тұрғыдан дұрыс жолы қайсы?

А) музыканы тек сабақ аяқталған кезде тыңдату;

Ә) музыка арқылы тақырыптың көңіл күйін, образын немесе мазмұнын сезінуге жағдай жасау;

Б) барлық оқу тапсырмаларын ән түрінде орындату;

В) музыкалық терминдерді жаттатумен шектелу.

5. Арт-технологияға негізделген шығармашылық тапсырманы ұйымдастырудың дұрыс реттілігін анықтаңыз.

А) нәтижені бағалау – нұсқаулық беру – мақсат қою – рефлексия;

Ә) мақсат қою – тапсырманы түсіндіру – шығармашылық әрекет – нәтижені ұсыну – рефлексия;

Б) бағалау – тапсырма беру – түсіндіру – нәтиже шығару;

В) шығармашылық әрекет – мақсат қою – бағалау.

6. Оқушыға мәтіннің негізгі ойын сурет, белгі немесе түстер арқылы бейнелеу ұсынылса, қандай тәсіл қолданылады?

А) визуализация тәсілі;

Ә) жаттау тәсілі;

Б) бақылау тәсілі;

В) репродуктивтік тәсіл.

7. Топтық арт-жұмысты ұйымдастыру барысында мұғалімнің қандай әрекеті тиімді болып саналады?

А) әр оқушыға бірдей дайын үлгі беру;

Ә) шығармашылық жұмысты мұғалімнің өзі орындап көрсету;

Б) оқушылар арасында міндеттерді бөліп, ортақ шығармашылық өнім жасауға мүмкіндік беру;

В) тапсырманы тек жақсы үлгеретін оқушыларға орындату.

8. Арт-технология қолданылған сабақтан кейінгі рефлексияның негізгі мазмұны қандай болуы тиіс?

А) мұғалімнің оқушы жұмысын бағалауы;

Ә) оқушының өз әрекетін, сезімін және қол жеткізген нәтижесін талдауы;

Б) орындалған тапсырманы қайта көшіріп жазуы;

В) сабақта пайдаланылған материалдарды жинауы.

9. Арт-технологияларды пән мазмұнымен кіріктіріп қолданудың тиімді үлгісін көрсетіңіз.

А) табиғат құбылысын зерттеп, оның ерекшеліктерін сурет, музыка немесе драмалық әрекет арқылы бейнелеу;

Ә) тақырып бойынша мәтінді оқулықтан көшіріп жазу;

Б) берілген анықтаманы бірнеше рет қайталау;

В) барлық оқушыға бірдей дайын суретті боятып қою.

10. Арт-технологияға негізделген тапсырманың нәтижесін бағалауда нені ескеру маңызды?

А) тек орындалған жұмыстың сыртқы әдемілігін;

Ә) тек тапсырманы орындау жылдамдығын;

Б) оқу мақсатына сәйкестігін, мазмұнын, шығармашылық шешімін және оқушының рефлексиясын;

В) оқушылардың жұмыстарын бір-бірімен салыстыруды.

Жауаптар кілті:

1 – А; 2 – Ә; 3 – Б; 4 – Ә; 5 – Ә; 6 – А; 7 – Б; 8 – Ә; 9 – А; 10 – Б.

Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл, қате жауапқа 0 балл беріледі. Жалпы нәтиже 0-ден 10 балға дейін есептеледі.

8-10 балл – жоғары деңгей. Студент арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдерін жақсы біледі, оларды ұйымдастырудың реттілігі мен педагогикалық ерекшеліктерін ажырата алады.


5-7 балл – орта деңгей. Студент арт-технологияларды қолданудың негізгі әдістері мен тәсілдері туралы біледі, алайда жекелеген педагогикалық жағдаяттарда оларды таңдау мен ұйымдастыруда толық емес білім байқалады.

0-4 балл – төмен деңгей. Студенттің арт-технологияларды қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы білімі жеткіліксіз, оларды бастауыш білім беру жағдайында қолдану ерекшеліктерін ажыратуда қиындық байқалады.

Нәтижелер 12-кестеде және 16-суретте ұсынылды.

Кесте 12 – Анықтау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы білімінің деңгейлік көрсеткіштері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	9	16,67	18	33,33	27	50
Бақылау тобы	11	21,57	17	33,33	23	45,10



Сурет 16 – Анықтау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы білім деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Авторлық тест мәліметтері бойынша эксперимент тобындағы 54 студенттің 9-ы жоғары деңгей көрсетті, бұл топтың 16,67%-ын құрады. Орта деңгей 18 студентте анықталып, олардың үлесі 33,33% болды. Төмен деңгейге 27 студент жатқызылып, бұл көрсеткіш 50%-ды құрады.

Бақылау тобындағы 51 студенттің 11-і жоғары деңгей көрсетті, яғни олардың үлесі 21,57% болды. Орта деңгей 17 студентте анықталып, 33,33%-ды, ал төмен деңгей 23 студентте тіркеліп, 45,10%-ды құрады.

Алынған нәтижелер екі топта да төмен деңгейдегі студенттердің үлесі басым болғанын көрсетті. Эксперимент тобында студенттердің жартысы, яғни 50%-ы, бақылау тобында 45,10%-ы арт-технологияларды қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы жеткіліксіз білім деңгейін көрсетті. Бұл студенттердің арт-технологиялардың жекелеген түрлерін атауы мүмкін болғанымен, оларды нақты оқу мақсатына сәйкес таңдау, сабақ құрылымына енгізу, шығармашылық әрекетті ұйымдастыру және нәтижесін бағалау ерекшеліктері жөніндегі білімдерінің әлі де толық жүйеленбегенін аңғартады.

Орта деңгей көрсеткіші екі топта да бірдей - 33,33% болды. Бұл деңгейдегі студенттер арт-технологияларды қолданудың негізгі әдістері мен тәсілдерін ажырата алғанымен, оларды нақты педагогикалық жағдаятқа сәйкестендіруде, жұмыс кезеңдерін бірізді ұйымдастыруда және бірнеше тәсілді пән мазмұнымен кіріктіріп қолдануда жекелеген қиындықтар танытты.

Жоғары деңгей эксперимент тобында 16,67%, бақылау тобында 21,57% болды. Аталған деңгейдегі студенттер оқу мақсаты мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес арт-технологияны дұрыс таңдай алатынын, шығармашылық жұмысты ұйымдастырудың реттілігін білетінін, арт-технологиялардың әртүрлі тәсілдерін бір-бірінен ажыратып, олардың қолданылу ерекшеліктерін дұрыс анықтай алатынын көрсетті. Сонымен бірге мұндай студенттер арт-технологияларды пән мазмұнымен кіріктіру және орындалған шығармашылық жұмыстың нәтижесін бағалау ерекшеліктері туралы неғұрлым толық білім танытты.

Қорыта келе, анықтау кезеңінде студенттердің басым бөлігінде арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы білім орта және төмен деңгейде қалыптасқаны анықталды. Әсіресе арт-технологияны педагогикалық мақсатқа сәйкес таңдау, шығармашылық әрекетті кезең-кезеңімен ұйымдастыру, әртүрлі арт-тәсілдерді пәндік мазмұнмен кіріктіру және алынған нәтижені бағалау бағыттарында білімді тереңдету қажеттілігі байқалды.

Іс-әрекеттік-рефлексивтік компонентті анықтаудың келесі бағыты студенттердің арт-технологияларды нақты педагогикалық жағдайда таңдап, оны шығармашылық тұрғыдан қолдана алу қабілетін айқындауға арналды. Осы мақсатта білім алушыларға мазмұны мен орындалу сипаты *әртүрлі үш практикалық тапсырма* ұсынылды.

Мақсаты: болашақ бастауыш білім педагогтерінің оқу мақсаты мен педагогикалық жағдаятқа сәйкес арт-технологияны таңдау, оның мүмкіндіктерін түсіндіру және оны шығармашылық тұрғыдан оқу үдерісінде қолдану қабілетінің қалыптасу деңгейін анықтау.

Практикалық тапсырмаларды орындауда дайын үлгіні қайталау емес, оқу мақсатына сәйкес дербес шешім қабылдау, арт-технологияны негізді таңдау және оны шығармашылықпен қолдану ескеріледі.

1-тапсырма. Көркем фрагмент негізінде арт-технологиялық тапсырма әзірлеу

Студентке «Қазақ Елі» сериалынан қысқа бейнефрагмент ұсынылады. Фрагментті мұқият қарап, кейіпкерлердің сөйлеу ерекшеліктеріне, олардың тұлғалық болмысына, қоршаған ортадағы түстерге, ұлттық киім мен тұрмыстық заттарға назар аудару тапсырылады. Көру, тыңдау және байқау әрекеттеріне арналған материал 17-суретте берілген.




Сурет 17 – Көру, тыңдау және байқау әрекеттеріне арналған материал

Тапсырма. Келесі тапсырмаларды орындаңыз:

1. Бейнефрагменттен бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеуге болатын бір мазмұндық бағытты анықтаңыз.

2. Осы мазмұнды меңгертуге сәйкес келетін арт-технологияның бір түрін немесе тәсілін таңдаңыз.

3. Таңдауыңызды қысқаша негіздеңіз.

4. Таңдаған арт-технологияңыз негізінде оқушыларға арналған 5-7 минуттық шығармашылық тапсырма құрастырыңыз.

5. Тапсырманың соңында оқушы қандай шығармашылық өнім немесе нәтиже көрсетуі тиіс екенін жазыңыз.

Студент бейнефрагменттегі табиғат көрінісін негізге алып, түстер арқылы көңіл күйді бейнелеу, кейіпкер бейнесін коллаж арқылы беру, диалогты драмалау немесе ұлттық өрнектер арқылы шығармашылық жұмыс ұйымдастыру жолдарының бірін таңдай алады.

Бұл тапсырмада арт-технологияны педагогикалық мазмұнға сәйкестендіріп таңдай алуы және оны жаңа шығармашылық тапсырмаға айналдыра алуы бағаланады.

2-тапсырма. Арт-технологияға негізделген сабақ фрагментін құрастыру

Бастауыш мектептің 1-4-сыныптарының бірін және бір оқу пәнін таңдаңыз. Сол пәндегі нақты оқу мақсатына сәйкес арт-технология қолданылатын 15-20 минуттық сабақ фрагментін әзірлеңіз.

Жұмыста:

- сынып пен сабақ тақырыбын;
- оқу мақсатын;
- таңдаған арт-технологияны;
- неліктен осы технологияны таңдағаныңызды;
- қажетті материалдар мен құралдарды;
- мұғалімнің әрекетін;

- оқушының шығармашылық әрекетін;
- күтілетін нәтижені;
- қысқаша рефлексия тәсілін көрсетіңіз.

Сабақ фрагментінде арт-технология тек безендіруші құрал ретінде емес, оқу мақсатына жетудің тәсілі ретінде қолданылуы тиіс.

Мәтінді түсінуде драмалау, жаратылыстануда табиғи құбылысты бейнелеу, математикада пішіндерден композиция құрастыру, дүниетануда ұлттық мәдениетті коллаж немесе театрландырылған әрекет арқылы ашу ұсынылады.

3-тапсырма. Педагогикалық жағдаятқа шығармашылық шешім ұсыну

Педагогикалық жағдаят: 3-сынып оқушылары жаңа тақырыпты түсінгенімен, сабақ барысында белсенділігі төмен, өз ойын еркін жеткізуге және шығармашылық тапсырмаларға қатысуға қиналады. Мұғалім келесі сабақта олардың белсенділігін арттырып, тақырып мазмұнын шығармашылық әрекет арқылы бекіткісі келеді.

Тапсырма: Ұсынылған арт-технология бағыттарының ішінен осы жағдаятқа сәйкес біреуін таңдаңыз:

- ертегі және сөйлеу-шешендік әрекет;
- қуыршақ театры немесе драмалау;
- графика, сурет немесе фотобейне;
- қолөнер, handmade;
- құм, сазбалшық немесе ермексазбен жұмыс;
- ойын және релаксациялық әрекет;
- би және қимыл әрекеті;
- музыка, аспап немесе ән.

Таңдалған бағыт бойынша:

- арт-технологияны таңдаудың себебін түсіндіріңіз;
- оқушыларға арналған шығармашылық тапсырма ұсыныңыз;
- тапсырманың орындалу ретін сипаттаңыз;
- оқушылар қандай өнім немесе нәтиже көрсетуі тиіс екенін белгілеңіз;
- ұсынылған тапсырманың оқу мақсатына қалай әсер ететінін түсіндіріңіз.

Әр тапсырма үш белгі бойынша бағаланды:

- арт-технологияны орынды таңдау – оқу мақсатына, тапсырманың мазмұнына және бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкестігі;
- шығармашылықпен қолдану – дайын үлгіні қайталаумен шектелмей, арт-технология мүмкіндіктерін өзіндік шешіммен пайдалана алуы;
- практикалық іске асыру – тапсырманың түсініктілігі, орындалу реттілігі және нақты педагогикалық жағдайда қолдануға жарамдылығы.

Әр белгі 0-2 балмен бағаланды:

2 балл – толық әрі негізді орындалған;

1 балл – ішінара орындалған, жекелеген кемшіліктер бар;

0 балл – талап орындалмаған немесе арт-технологияны қолдану мазмұнға сәйкес келмейді.

Бір тапсырма бойынша ең жоғары нәтиже - 6 балл, үш тапсырма бойынша - 18 балл.

14-18 балл – жоғары деңгей. Студент педагогикалық мақсатқа сәйкес арт-технологияны дербес және негізді таңдайды, оны шығармашылықпен түрлендіріп қолданады, нақты әрі орындалатын педагогикалық шешім ұсынады.


8-13 балл – орта деңгей. Студент арт-технологияны жалпы дұрыс таңдайды, алайда оны шығармашылықпен қолдану немесе педагогикалық жағдаятқа бейімдеу барысында жекелеген қиындықтар байқалады.

0-7 балл – төмен деңгей. Арт-технологияны таңдау көбіне кездейсоқ немесе жеткіліксіз негізделген, дайын үлгіге сүйену басым, оны оқу мақсатына сәйкес шығармашылықпен қолдану қабілеті жеткіліксіз.

Практикалық тапсырмалардың нәтижелері 13-кесте мен 18-суретте берілген.

Кесте 13 – Анықтау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды таңдау және шығармашылықпен қолдану қабілетінің деңгейлік көрсеткіштері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	5	9,26	27	50	22	40,74
Бақылау тобы	7	13,73	20	39,22	24	47,05



Сурет 18 – Анықтау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды таңдау және шығармашылықпен қолдану қабілеті деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Практикалық тапсырмалардың нәтижелері студенттердің басым бөлігінде арт-технологияларды таңдау мен шығармашылық тұрғыдан қолдану қабілетінің әлі де орта және төмен деңгейде екенін көрсетті. Эксперимент тобында жоғары деңгейге 5 студент немесе 9,26% ғана жеткен. 27 студенттің нәтижесі 50% көрсеткішпен орта деңгейге сәйкес келсе, 22 студент немесе 40,74% төмен деңгейді көрсетті.

Бақылау тобында жоғары деңгейдегі студенттер саны 7 адам болып, 13,73%-ды құрады. Орта деңгей 20 студентте немесе 39,22%-да, ал төмен деңгей 24 студентте, яғни 47,05%-да анықталды.

Бұл жерде екі топтың нәтижелерінде белгілі бір ерекшелік байқалады. Эксперимент тобында орта деңгейдегі студенттердің үлесі басым болса, бақылау

тобында төмен деңгей бірінші орынға шықты. Эксперимент тобындағы орта деңгей көрсеткіші бақылау тобынан 10,78 пайызға жоғары. Ал бақылау тобындағы төмен деңгей көрсеткіші эксперимент тобымен салыстырғанда 6,31 пайызға артық болды. Жоғары деңгей екі топта да аз үлесті құрады.

Орта деңгейдегі студенттер арт-технологияның жалпы бағытын дұрыс таңдай алғанымен, оны нақты оқу мақсатына сәйкестендіруде немесе шығармашылық тұрғыдан түрлендіруде толық дербестік көрсете алмады. Кейбір жұмыстарда ұсынылған тәсіл педагогикалық жағдаятқа сәйкес болғанымен, оны не үшін таңдағанын негіздеу жеткіліксіз болды. Сабақ фрагменттерінде де арт-технологияның түрі көрсетілгенімен, оның оқушы әрекетімен және күтілетін нәтижемен байланысы үнемі анық ашыла бермеді.

Төмен деңгей көрсеткен студенттердің жұмыстарында арт-технологияны таңдау көбіне жалпы сипатта болды. Кейбір жағдайда студенттер нақты оқу мақсатына қарамастан өздеріне таныс тәсілді таңдауға бейім болды. Шығармашылық тапсырманы құрастыру кезінде дайын үлгіге сүйену, мұғалім әрекетін басым көрсету, ал оқушының дербес шығармашылық әрекетін жеткілікті ашпау байқалды. Бұл арт-технологияны білу мен оны нақты педагогикалық жағдайда қолдана алу арасында айырмашылық бар екенін көрсетті.

Жоғары деңгейдегі студенттер арт-технологияны таңдауда оқу мақсатын, мазмұнды және оқушының жас ерекшелігін өзара байланыстыра алды. Олар ұсынылған технологияны дайын күйінде қолданумен шектелмей, оны педагогикалық жағдаятқа бейімдеп, шығармашылық сипаттағы нақты тапсырма ұсынды. Сонымен бірге күтілетін нәтижені алдын ала белгілеп, оқушының әрекетін бірізді ұйымдастыру жолдарын көрсете алды.

Анықтау кезеңінде студенттердің арт-технологиялар туралы белгілі бір білімдері болғанымен, оларды нақты педагогикалық жағдайға сәйкес дербес таңдау, шығармашылықпен түрлендіру және практикалық әрекетке енгізу тәжірибесінің жеткіліксіз екендігін көрсетті. Осыған орай қалыптастыру кезеңінде студенттердің тек дайын арт-технологиялық әдістерді меңгеруіне емес, оларды оқу мақсатына қарай таңдау, педагогикалық жағдаятқа бейімдеу, өзіндік шығармашылық шешім ұсыну және практикалық тұрғыдан жүзеге асыру әрекеттерін жүйелі ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді.

Іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттің екінші көрсеткіші білім алушылардың арт-технологияларды қолданғаннан кейінгі өз әрекетіне қайта оралып, оның нәтижесін саралау, тиімді және әлсіз тұстарын бағалау, қажет болған жағдайда әрекет тәсілін өзгерту білігін анықтауға бағытталды. Осы мақсатта *Б. Ларривидің «Рефлексивтік практиканы бағалау» әдістемесінің зерттеу мазмұнына бейімделген нұсқасы* пайдаланылды (Қосымша В).

Диагностиканың ерекшелігі студенттің тек өз әрекеті жөнінде пікір білдіруімен шектелмей, орындалған жұмыс пен алынған нәтиженің арасындағы байланысты түсіндіруіне мән берілуінде болды. Сондықтан әдістеме студенттердің арт-технологияны қолданғаннан кейінгі әрекетін үш қырынан қарастыруға мүмкіндік берді: біріншіден, жоспарланған және нақты нәтижені

салыстырып талдау, екіншіден, қолданылған тәсілдің тиімділігіне және өзінің әрекетіне баға беру, үшіншіден, анықталған кемшіліктерге сәйкес келесі әрекетке түзету енгізу.


Әдістеме студент арт-технология қолданылатын практикалық тапсырманы немесе сабақ фрагментін орындағаннан кейін жүргізілді. Білім алушыларға 12 диагностикалық тұжырым ұсынылып, әрқайсысын 1-ден 5 балға дейін бағалау тапсырылды. Тұжырымдардың бір бөлігі кері мазмұнда беріліп, нәтижелерді өңдеу кезінде олардың балдары қайта есептелді. Осы тәсіл жауаптардың біржақты берілуін азайтып, студенттің өз әрекетіне саналы түрде қатынас жасауын анықтауға мүмкіндік берді.

Диагностикалық жұмыстың келесі бөлігі рефлексивтік тапсырмалардан тұрды. Студенттер өз жұмысында қандай нәтижеге қол жеткізуді жоспарлағанын, нақты нәтиженің сол мақсатқа қаншалықты сәйкес келгенін, қай әрекеттің тиімді болғанын және қай тұстың күтілген нәтижеге жеткізбегенін түсіндірді. Сонымен қатар жұмысты қайта орындау мүмкіндігі болған жағдайда қандай өзгеріс енгізетіні және ол өзгерістің нәтижеге қалай ықпал ететіні туралы жауап берді.

Жинақталған балдар негізінде 45-60 балл жоғары, 28-44 балл орта, 12-27 балл төмен деңгей ретінде белгіленді. Диагностиканың нәтижелері 14-кестеде, 19-суретте берілді.

Кесте 14 – Анықтау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды қолдану нәтижелерін талдау, бағалау және өз әрекетіне түзету енгізу білігінің деңгейлік көрсеткіштері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	10	18,52	21	38,89	23	42,59
Бақылау тобы	8	15,69	22	43,14	21	41,17



Сурет 19 – Анықтау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды қолдану нәтижелерін талдау, бағалау және өз әрекетіне түзету енгізу білігі деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

14-кестеде көрсетілгендей, эксперимент тобындағы 54 студенттің 10-ы, яғни 18,52%-ы жоғары деңгейге сәйкес келді. Орта деңгей 21 студентте анықталып, 38,89%-ды, ал төмен деңгей 23 студентте тіркеліп, 42,59%-ды құрады.

Бақылау тобында жоғары деңгейдегі студенттер саны 8 адам немесе 15,69% болды. Орта деңгей 22 студентте байқалып, 43,14%-ды, төмен деңгей 21 студентте анықталып, 41,17%-ды құрады.

Нәтижелердің арақатынасы екі топта да рефлексивтік біліктің жоғары деңгейде жеткілікті қалыптаспағанын байқатады. Эксперимент тобында жоғары деңгейдің үлесі 18,52%, бақылау тобында 15,69% ғана болды. Бұл көрсеткіш студенттердің аз бөлігінің ғана қолданылған арт-технологияның нәтижесін нақты талдап, өз әрекетінің күшті және әлсіз тұстарын дәлелді бағалай алатынын және соның негізінде әрекет тәсілін өзгертуге дайын екенін көрсетеді.

Орта деңгей эксперимент тобында 38,89%, бақылау тобында 43,14% болды. Бұл деңгейдегі білім алушылар өзінің әрекетін жалпы сипаттап, кейбір сәтті және әлсіз тұстарын анықтай алғанымен, олардың пайда болу себептерін толық түсіндіруде және әрекетті жетілдіруге бағытталған нақты түзету ұсынуда бірізділік таныта бермеді. Ұсынылған өзгерістердің бір бөлігі жалпы сипатта қалып, нақты педагогикалық әрекетпен толық байланыстырылмады.

Төмен деңгей эксперимент тобында 42,59%, бақылау тобында 41,17% болды. Мұндай нәтижелер студенттердің елеулі бөлігінде өз әрекетін терең талдаудан гөрі орындалған жұмысты сипаттап шығу басым екенін көрсетті. Олар қолданылған арт-технология мен алынған нәтиже арасындағы байланысты түсіндіруде, қиындықтың себебін өз әрекетімен байланыстыруда және келесі жұмысына нақты өзгеріс енгізу жолдарын белгілеуде қиналды.

Қорыта келе, студенттердің арт-технологияларды қолданғаннан кейін өз жұмысын бағалай алатыны байқалғанымен, нәтижені терең талдау, себептерді анықтау, балама шешім іздеу және сол қорытындыға сәйкес әрекетіне нақты түзету енгізу білігінің әлі де жеткілікті қалыптаспағанын аңғартады.

Анықтау кезеңіндегі бұл нәтижелер іс-әрекеттік-рефлексивтік компонентті қалыптастыру барысында студенттердің тек арт-технологияларды қолдануына ғана емес, әрбір практикалық әрекеттен кейін нәтижені саралауына, өз шешімін дәлелді бағалауына, жіберілген кемшілікті анықтауына және келесі әрекетті саналы түрде өзгертуіне арнайы жағдай жасау қажеттігін көрсетті.

Жоғарыда қарастырылған диагностикалық әдістемелер бойынша алынған нәтижелерді жинақтап, алдымен әр компонент құрамындағы екі көрсеткіштің деңгейлік арақатынасын салыстыру орынды. Осыған байланысты алдыңғы кестелерде жеке берілген диагностикалық мәліметтер бір жүйеге келтіріліп, эксперимент және бақылау топтары бойынша жоғары, орта және төмен деңгейлердің сандық және пайыздық көрсеткіштері қорытындыланды. Әр компонентке сәйкес қолданылған екі диагностикалық әдістеменің нәтижелері негізінде олардың орташа мәндері есептелді (кесте 15).

Кесте 15 – Анықтау кезеңіндегі диагностикалық әдістемелер бойынша алынған деңгейлік нәтижелер

Диагностикалық әдістемелер	Эксперимент тобы						Бақылау тобы					
	Жоғары		Орта		Төмен		Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Р.М. Райан әдістемесінің бейімделген нұсқасы	7	12,96	23	42,59	24	44,45	9	17,65	19	37,25	23	45,1
Авторлық сауалнама	6	11,11	20	37,04	28	51,85	8	15,69	18	35,29	25	49,02
Орташа мәлі	6,5	12,035	21,5	39,815	26	48,15	8,5	16,67	18,5	36,27	24	47,06
Н.Л. Миллер мен А.Дж. Каньястың әдістемесінің бейімделген нұсқасы	4	7,41	27	50	23	42,59	6	11,76	25	49,02	20	39,22
Авторлық тест	9	16,67	18	33,33	27	50	11	21,57	17	33,33	23	45,10
Орташа мәлі	6,5	12,04	22,5	41,665	25	46,295	8,5	16,665	21	41,175	21,5	42,16
Практикалық тапсырмалар	5	9,26	27	50	22	40,74	7	13,73	20	39,22	24	47,05
Б. Ларривидің әдістемесінің бейімделген нұсқасы	10	18,52	21	38,89	23	42,59	8	15,69	22	43,14	21	41,17
Орташа мәлі	7,5	13,89	24	44,445	22,5	41,665	7,5	14,71	21	41,18	22,5	44,11

Осы мәліметтерді компоненттер деңгейінде ықшамдап көрсету үшін әр компонентке тиесілі екі диагностикалық құралдың нәтижелері бойынша орташа көрсеткіштер есептелді. Нәтижесінде зерттеудің үш компонентінің бастапқы деңгейлік көрінісін өзара салыстыруға мүмкіндік беретін жинақталған мәліметтер алынды. Олар 16-кестеде берілді.

Кесте 16 – Анықтау кезеңіндегі зерттеу компоненттері бойынша орташа деңгейлік көрсеткіштер

Компоненттер	Эксперимент тобы						Бақылау тобы					
	Жоғары		Орта		Төмен		Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Аксиологиялық-мотивациялық	6,5	12,035	21,5	39,815	26	48,15	8,5	16,67	18,5	36,27	24	47,06
Гносеологиялық-танымдық	6,5	12,04	22,5	41,665	25	46,295	8,5	16,665	21	41,175	21,5	42,16

16-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Іс-әрекеттік-рефлексивтік	7,5	13,89	24	44,445	22,5	41,665	7,5	14,71	21	41,18	22,5	44,11

Анықтау кезеңінде эксперимент және бақылау топтарының зерттелетін компоненттер бойынша бастапқы көрсеткіштерінің өзара сәйкестігін статистикалық тұрғыдан тексеру мақсатында Қ. Кенжеғалиев ұсынған медианалық критерий қолданылды. Аталған критерий бір-біріне тәуелсіз екі таңдаудың нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік береді. Критерийді қолдану барысында екі таңдаудың нәтижелері біріктіріліп, ортақ медиана анықталады да, зерттелушілердің көрсеткіштері медианадан жоғары және медианаға тең немесе төмен болып екі санатқа бөлінеді [162].

Зерттеуде эксперимент тобында 54, бақылау тобында 51 білім алушы қамтылды. Анықтау кезеңінде олардың даярлық деңгейлері жоғары, орта және төмен деңгейлер бойынша жіктелді. Үш деңгейдің реттік орналасуын ескере отырып, орта деңгей медианалық шекара ретінде қабылданып, статистикалық есептеуде нәтижелер екі санатқа біріктірілді: бірінші санатқа жоғары деңгей, екінші санатқа орта және төмен деңгейлер енгізілді.

Статистикалық болжамдар төмендегідей тұжырымдалды:

H_0 – эксперимент және бақылау топтарының зерттелетін компоненттер бойынша бастапқы деңгейлерінде статистикалық мәнді айырмашылық жоқ;

H_1 – эксперимент және бақылау топтарының зерттелетін компоненттер бойынша бастапқы деңгейлерінде статистикалық мәнді айырмашылық бар.

Медианалық критерийдің эмпирикалық мәні мына формула бойынша есептелді:

$$T=\frac{N\left(|AD-BC|-\frac{N}{2}\right)^2}{(A+B)(A+C)(B+D)} \quad (1)$$

мұндағы A, B, C, D - салыстырылатын топтардың екі санат бойынша жиіліктері; N – екі таңдаудың жалпы саны.

α=0,05 мәндік деңгейінде және ν=1 еркіндік дәрежесінде критикалық мән $T_{кр}$=3,84 деп алынып, егер $T_{эмп}<T_{кр}$ болса, нөлдік болжамды қабылдамауға негіз жоқ.

Аксиологиялық-мотивациялық компонент бойынша эксперимент тобында жоғары деңгейдің орташа мәні A=6,5, орта және төмен деңгейлердің жиынтық мәні B=21,5+26=47,5 болды. Бақылау тобында сәйкес көрсеткіштер C=8,5 және D=18,5+24=42,5-ті құрады. Осы мәндерді формулаға қою нәтижесінде:

$$T=\frac{105\left(|6,5\cdot 42,5-47,5\cdot 8,5|-\frac{105}{2}\right)^2}{(6,5+47,5)(8,5+42,5)(6,5+8,5)(47,5+42,5)}\approx 0,16 \quad (2)$$

$T_{эмп}$=0,16.

Салыстыру нәтижесі: 0,16<3,84.

Демек, аксиологиялық-мотивациялық компонент бойынша эксперимент және бақылау топтарының анықтау кезеңіндегі көрсеткіштері арасында статистикалық мәнді айырмашылық анықталған жоқ.

Гносеологиялық-танымдық компонент бойынша эксперимент тобында жоғары деңгейдің орташа мәні A=6,5, орта және төмен деңгейлердің жиынтық көрсеткіші B=22,5+25=47,5 болды. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер тиісінше C=8,5 және D=21+21,5=42,5-ті құрады. Есептеу нәтижесінде:

$$T=\frac{105\left(|6{,}5\cdot 42{,}5-47{,}5\cdot 8{,}5|-\frac{105}{2}\right)^2}{(6{,}5+47{,}5)(8{,}5+42{,}5)(6{,}5+8{,}5)(47{,}5+42{,}5)}\approx 0{,}16 \quad (3)$$

$T_{эмп}$=0,16.

Алынған мән критикалық көрсеткіштен төмен: 0,16<3,84.

Осыған байланысты гносеологиялық-танымдық компонент бойынша да екі топтың бастапқы деңгейлік көрсеткіштері арасында статистикалық мәнді айырмашылық жоқ деп қабылданды.

Іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент бойынша эксперимент тобындағы жоғары деңгей көрсеткіші A=7,5, орта және төмен деңгейлердің жиынтық мәні B=24+22,5=46,5 болды. Бақылау тобында жоғары деңгей C=7,5, орта және төмен деңгейлердің жиынтығы D=21+22,5=43,5-ті құрады. Формула бойынша есептелген эмпирикалық мән:

$$T=\frac{105\left(|7{,}5\cdot 43{,}5-46{,}5\cdot 7{,}5|-\frac{105}{2}\right)^2}{(7{,}5+46{,}5)(7{,}5+43{,}5)(7{,}5+7{,}5)(46{,}5+43{,}5)}\approx 0{,}03 \quad (4)$$

$T_{эмп}$=0,03.

Бұл көрсеткіш те критикалық мәннен төмен:0,03<3,84.

Демек іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент бойынша эксперимент және бақылау топтарының бастапқы нәтижелерінде статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық байқалмады.

Жүргізілген математикалық-статистикалық өңдеу нәтижелері үш компонент бойынша да эмпирикалық көрсеткіштердің критикалық мәннен төмен екенін көрсетті. Аксиологиялық-мотивациялық компонент бойынша $T_{эмп}$=0,16, гносеологиялық-танымдық компонент бойынша $T_{эмп}$=0,16, іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент бойынша $T_{эмп}$=0,03 болды. Барлық жағдайда $T_{эмп}<T_{кр}$ шарты орындалды. Сондықтан H_0 нөлдік болжамын қабылдамауға негіз жоқ.

Қорыта келе, тәжірибелік-эксперимент жұмысының анықтау кезеңінде эксперимент және бақылау топтары арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың аксиологиялық-мотивациялық, гносеологиялық-танымдық және іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттерінің қалыптасу деңгейлері бойынша статистикалық тұрғыдан өзара салыстырмалы бастапқы жағдайда болды деген қорытынды жасалды.

Анықтау кезеңінде эксперимент және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштерінің салыстырмалы болуы зерттеудің келесі кезеңінде мақсатты педагогикалық жұмысты ұйымдастыруға негіз болды. Осыған сәйкес қалыптастыру кезеңінде арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім

педагогтерін кәсіби даярлаудың әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделін жүзеге асыруға бағытталған әдістемелік жүйе енгізілді. Аталған әдістемелік жүйенің мазмұны, ұйымдастыру формалары, әдістері мен құралдары келесі бөлімде қарастырылады.

3.2 Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесі

Болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау барысы қазіргі кезде Болон келісімі аясында халықаралық құзыреттіліктер жүйесімен анықталатыны белгілі. Бакалаврлерді дайындау барысында әр уақытта жаңа оқыту технологияларын қолдану мәселесі алдыңғы орынға қойылып қарастырылып келеді. Сондай заманауи технологиялардың бірі ретінде арт-технологияны пайдалана отырып, болашақ педагог мамандарды даярлау ісін сапалы деңгейге көтері бағыты ұсталынып отыр. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлау барысында өнер мен мәдениеттің бай арсеналын арт-технологиялар негізінде пайдалану мүмкіндіктері қазіргі уақытта мол деуге болады.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемесін анықтап, жүйелеу барысында жаңа педагогикалық технологияны пайдалану мен тиімді қолдау жолдары анықталады. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін айқындап, оны жүзеге асырудың, тиімді қолданудың әдістемесі жүйеге түсіріледі. Әрбір студенттің, болашақ педагогтің жеке тұлғасы мен кәсіби педагог тұлғасының қалыптасуында арт-технологиясы ерекше тірек болуын көздей отырып, өнер мен педагогиканың әдістерін бір әдістемелік жүйеге тоғыстыру міндеті шешіледі.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемесі, біздің ойымызша, жоғары оқу орнында бастауыш сыныптар мұғалімін өнер арқылы даярлаудың икемді бір технологиялық тиімді қадамдар жүйесі ретінде анықталады. Студенттің арт-дидактикалық процестерде аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстар орындауы сапалы болуы үшін білім мазмұнындағы көркем өнер және оқу-тәрбие мазмұнның, мақсат-міндеттерінің тоғысуын сапалы етіп құру қажет. Бұл жерде дәрістер мен практикалық, семинар сабақтардың құрылымы мен әдістері арт-педагогикалық принциптерге негізделеді. Бұл принциптер әрбір дәрістің, сабақтың мазмұны мен міндеттері, қолданылатын әдістері болашақ педагогте тек қана оң, жайлы, жағымды әсерлер қалыптасуына және жайлы, жағымды ықпал етуіне басшылық жасайды. Цифрлық контент және барлық оқу ресурстары оны қолданатын әдістердің тиімділігіне көптен-көп байланысты.

Арт-технология жүйесіндегі әдістер педагогикалық міндеттерді шешуде, барлық әдістердің студентте болашақ педагог ретінде өмірлік оң көзқарастар қалыптастыруға, педагог кәсібіне мақтанышпен қарауға және көркем өнердің адам жанын тәрбиелеудегі потенциалын болашақ педагог қызметінде пайдалануға үйретететін қуаты мол әдістер ретінде анықталады. Көркем өнер материалдарымен жұмыс жасау технологиясының мазмұнындағы әдістер мен

амалдар арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемесі ретінде біртұтастықты құрайды. Көркем өнер материалдары мен олармен жұмыс жасау әдістер, жинақтала келе, арт-педагогикалық процестің маңызды құраушылары болып табылады. Болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауда арт-технологияны қолдану еркіндік пен дамудың жаңа тынысын ашады, өзінің дүниетанымын өзінің педагогтік кәсібімен ұштастыра қалыптастыруына қажетті жаңа серпінді күш береді.

Жоғарғы тармақтарда анықталған арт-технология жүйесінің жіктемесінде көрсетілген бағыттар, негізінен, «сөйлеу – шешендік өнер – ертегі әлемі», «тұлғалық-келбет-makeup», «қуыршақ театры – драмалық – поэтикалық», «графикалық – сурет салу – фотоға түсіру», «имитациялық – hand-made», «құммен сурет салу – саз балшық-ермексаз», «ойын – релакс», «би – спорт жаттығулары», «музыка – аспап – ән» түрінде топталынады.

Аудиториялық сабақтарда осы бағыттар бойынша жұмыс жасау теориясы мен әдістері таныстырылып, қолданылу реті мен жолы меңгертіледі, ал аудиториядан тыс сабақтар «Арт-клуб» жұмысында және студенттердің жеке тұлғасын дамытуға байланысты арнайы құрылған «Арт-педагогикалық жұмыс жоспары» бойынша жұмыстар жүргізіледі. Бұл көрсетілген тоғыз топтама бойынша шығармашылық, арт-педагогикалық жаттығулар жүйесі құрастырылды. Осымен бірге «Арт-клубтың жұмыс жоспары» және студенттің өз бетімен орындауы міндеттелген «Арт-педагогикалық жұмыс жоспары» бойынша тапсырмалар жүйесі құрастырылды. Жинақтай келгенде, арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемесі төрт блоктан құралатынын атап кетеміз (сурет 20).



Сурет 20 – Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау әдістемесі

«Арт-технологияның теориялық негіздері және әдістемелік жүйесі» атты элективті курста көрсетілген оқу формалары мен аудиториядан тыс жұмыстар түрлерінің іске асырылуында маңызды орын алатын әдістер мен амал-тәсілдер саны мен сапасы жағынан іріктелді және олардың арт-педагогикалық сипаттары анықталды.

Курстың теориялық негіздерін меңгертетін оқу формасы – дәрістердің түрлері мен олардың ерекшеліктеріне тоқталайық. Ф.Ф. Шариповтың айтуынша, заманауи дәрістердің ерекшеліктері онда ақпараттық-коммуникациялық технологияны (АКТ) қолдану мүмкіндігінің мол болуымен байланысты. Сондықтан әр сабақта АКТ мүмкіндіктерін қолдану цифрлық контенттермен тиімді жұмыс жасауға, сапалы нәтижелерге қол еткізуге тірек болады [163].

Ақпараттық дәріс – болашақ бастауыш білім педагогтерінің естеріне сақтауы тиіс ғылыми ақпараттарды баяндап, ол ақпаратты студенттердің саналылықпен ұғынып, есте сақтауына бағытталған дәріс түрі [164].

Проблемалық дәріс – атауынан көрініп тұрғанындай, жаңа білім мазмұнын белгілі бір проблеманы қойып, соны шешу мақсатында оқытушы мен студенттің бірігіп оқу міндетін шешуіне бағытталған дәріс түрі.

Конференция-дәріс, көп ретте, екі түрлі болып келеді: оның бірінішісінде оқытушы дәрісте қарастырылатын мәселелерді студенттерге алдын ала бөліп береді; әр студент өзі дайындаған мәселе бойынша 6-8 минут баяндама жасайды. Ал екінші түрінде оқытушы студенттерге тақырып бойынша өздерін қызықтырған мәселелерді сұрақ етіп жазып беруін тапсырады. Осылайша, оқытушы өзінің дәріс мазмұнын баяндауда сұрақтарға жауап ретінде емес, бір-бірімен сабақтастыра отырып, біртұтас тақырып туралы баяндау мүмкіндігіне ие болады [165].

Презентация/көрнекі дәріс – оқытушы дәріс тақырыбы бойынша жүйелеген көрнекіліктерді презентациялайды және олардың әрқайсысына комментарий/түсініктеме беріп отырады. Соның негізінде тақырыпты толық ашуға тірек болатын көрнекіліктерді бір тақырып аясында топтастырады. Оқытушы көрнекіліктерге сүйене отырып, дәрісті бірсыдырғы оқудан арылып, студенттерді қызықтыратын көрнекіліктерді ретімен қолданып, тақырып мазмұнын есте сақтауына және жан-жақты тануына мүмкіндіктер жасайды. Әрине, презентация-дәріске дайындалудың өз қиындығы да болады. Бірақ көрнекіліктің ішінде аудио, бейне, иллюстрациялық материалдар, мәтін – барлығын үйлесіммен қолдану мүмкіндігі болатынын назарға аламыз. Арт-технология бойынша белгілі бір тақырыпты өткізуде презентация/ көрнекі дәрістің орны үлкен болатыны анық [166].

Интерактив дәріс – А.С. Сластениннің атап көрсетуінше, педагог пен студентердің арасындағы өзара оқыту-оқу әрекеттерін белсендіріп, оқытудың интерактивті әдістерін қолдануды керек ететін дәріс түрі [167]. Бұл дәрістің құрамында викториналар да, түрлі белсенді әдістерді қолдана отырып орындайтын тапсырмалар да, тілдік-сөйлеу әдістері де, қысқаша пікірталас та, белгілі бір арт-педагогикалық жағдаятты шешу тапсырмалары да қолданылады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың практикалық бөлімінде қолданылып көрсетілген барлық дәрістің жалпы құрылымы жоспарланып біркелкі сценарий болып, технологиялық сипаты айқындалып белгіленді. Онда дәрістің тақырыптары, құрылымы, қарастырылатын ақпараттар түйіні көрсетілді (кесте 17).

Кесте 17 – Дәріс құрылымы мен мазмұны кестесі

Дәріс құрылымының негізгі бөлімдері	Баяндалатын ақпарат
Дәрістің тақырыбы	
Кіріспе бөлім	Қарсы алу, сәлемдесу. Студенттердің қатысуын тексеру. Тақырыпты атау, мақсаттарын, негізгі міндеттерін көрсету.
Дәрістің баяндау жоспарын құру	Дәріс тақырыбы бойынша проблеманы нақтылау: мәселенің негізі ұғымдары және мәні.
Баяндалған ақпаратты беткіту	Сұрақ-жауап, жалпы сұрау, қателіктермен жұмыс жасау.
Қорытынды жасау	Баяндалған дәріс нәтижесі мен дәрістің басында қойылған мақсат-міндеттеріне салыстыру жүргізу. Студенттердің жұмысы мен орындаған тапсырмаларын бағалау.
Келесі дәрістің анонсы, үйге тапсырма беру.	Студенттің өзіндік жұмысына арналған тапсырма, оны орындау амал-тәсілдерін дұрыс таңдауға кеңес беру.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау әдістемесіндегі дәрістер жүйесі бірыңғай технологиялық сипатта болғанымен, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Заманауи дәрістерді өткізуде студенттер орындайтын, зияткерлік тапсырмалар жүйесі әзірленеді, студенттердің теориялық және кәсіби ойлауын және сөйлеу тілін дамытуға байланысты жұмыстар орындатылады. Олардың барлығында келесі әдістер қолданылады:

- студенттерге дәріс мазмұнынан түсінгендерін қарапайым кластер түрінде құрастыру;
- дәріс мазмұнын графикалық түрде көрсету; баяндалған ғылыми мазмұнның құрылымын жасау; ұғымдардың өзара байланыстарын белгілеу;
- жаңа терминдердің мән-мағынасына өзіндік тұрғыдан анықтама беру;
- «ми шабуылы» әдісін қолданып, дәрістің проблемалық мәселелеріне қатысты бірнеше жауап нұсқаларын толтыру;
- қарастырылып отырған құбылыстарды талдап, кестелерді толтыру, дәрістен алған білімін топтастырып жинақтау;
- оқылған дәріс мазмұнына бірнеше қырынан қорытынды жасау.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау әдістемесіндегі дәрістер жүйесі мен семинар, практикалық сабақтар, лабораториялық сабақ, студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) мен Арт-клуб жұмысы мен оларды өткізу әдістері анықталып, курс жоспарының құрылымы мен мазмұны келесі 18-кестеге түсіріліп көрсетілді.

Кесте 18 – Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау әдістемесінің тақырыптар жүйесі және оқыту формалары

Курс мазмұны. Тақырыптар.	Аудиториялық сабақтар			Аудиториядан тыс жұмыстар	
	Дәріс (Д)	Семинар, практ. сабақ (ПС)	Лабор. сабақ (ЛС)	БӨЖ	«Арт-клуб»
Арт-технологияның қалыптасуы және негізгі ұғымдары мен түсініктері	Интерактивті дәріс	+	+	+	+
Арт-технологияның кәсіби педагогикамен байланысу жолдары	Проблемалық дәріс	+	+	+	+
Арт-технологиядағы цифрлық контент	Презентация-дәріс	+	+	+	+
Арт-технологияның «сөйлеу-шешендік өнер- ертегі әлемі» топтамасы	Конференция-дәріс	+	+	+	+
Арт-технологияның «тұлғалық-келбет-makeup» топтамасы	Ақпараттық –визуалдық дәріс	+	+	+	+
Арт-технологияның «қуыршақ театры –драмалық - поэтикалық» топтамасы	Интер-активті дәріс	+	+	+	+
Арт-технологияның «графикалық – сурет салу – фотоға түсіру» топтамасы	Ақпараттық-визуалдық дәріс	+	+	+	+
Арт-технологияның «имитациялық – hand-made» топтамасы	Конференция дәріс	+	+	+	+
Арт-технологияның «құммен сурет салу – саз балшық-ермексаз» топтамасы	Интер-активті дәріс	+	+	+	+
Арт-технологияның «ойын – релакс» топтамасы	Проблемалық дәріс	+	+	+	+
Арт-технологияның «би – спорт жаттығулары» топтамасы	Ақпараттық –визуалдық дәріс	+	+	+	+
Арт-технологияның «музыка – аспап- ән» топтамасы	Интерактивті дәріс	+	+	+	+

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау әдістемесіндегі теориялық дәрістер жүйесін практикалық тұрғыдан және өзіндік жұмыс пен аудиториядан тыс жұмыс қырларынан толықтыратын практикалық сабақ, лабораториялық сабақ, БӨЖ және Арт-клуб жұмыстарының мазмұны да жүйеге түсіріліп, белгіленген тақырыптар бойынша тапсырмалар жүйелері әзірленді (кесте 19).

Кесте 19 – Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау әдістемесінің семинарлар жүйесі және олардың қарастыратын мәселелері

Семинар реті және түрі	Қарастырылатын мәселелер:
1	2
№1 семинар Семинар-талқылау	1) Арт-технологияның қалыптасуы 2) Арт-технологияның негізгі ұғымдары мен түсініктері
№2 семинар Рефераттарды талқылау	1) Арт-технология және педагогика 2) Арт-технологияның болашақ педагогтерді даярлаудағы орны. 3) Арт-технологияның психологиялық-педагогикалық негіздері.
№3 семинар Семинар -коллоквиум	1) Арт-технологиядағы цифрлық контентті қолдану маңызы. 2) Арт-технология және мультимедиалық ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктері
№4 семинар Семинар-«дөңгелек үстел». Кең түрде әңгімелесу	1) Арт-технологиядағы болашақ педагогтердің «сөйлеу тілін дамыту әдістері» 2) Арт-технологиядағы болашақ педагогтерді шешендік өнерге баулу әдістері. 3) Арт-технологиядағы ертегі әлемі және оны пайдалану әдістері.
№5 семинар Семинар-практикум. Өзіндік ойлау бойынша жатты ғулар орындау	1) Арт-технологияның болашақ педагогтің кәсіби тұлғасын қалыптастырудағы маңызды орны. 2) Арт-технологияның ұстаздық келбетін (мәдениеті мен киіну, өзін ұстау әдептерін) қалыптастыру мүмкіндіктері. 3) Арт-технология және заманауи «makeup қолдану мәдениеті».
№6 семинар Семинар-пікірталас	1) Арт-технологияның «қуыршақ театрын» құру және іске асырудағы мүмкіндіктері. 2) Арт-технологияның драмалық сахналық өнерге баулу мүмкіндіктері. 3) Арт-технологияның «поэтикалық», поэзиялық қырлары және оны жүзеге асыру әдістері.
№7 семинар Семинар-практикум. Жазбаша бақылау жұмысы	1) Арт-технологияның «графикалық» дағдыларды қалыптастыру мүмкіндіктері. 2) Арт-технологияның «кескіндеме, сурет салу» дағдыларын дамыту әдістері. 3) Арт-технологиядағы «фотоға түсірудің» тиімді әдістері.
№8 семинар Семинар-тренинг. Жаттығулар орындату	1) Арт-технологиядағы «имитациялық» қолөнер бұйымдарын жасату әдістері. 2) Арт-технологияның «hand-made» жасауға үйрету әдістері.
№9 семинар Семинар-талқылау, жаттығулар орындау	1) Арт-технологияның «құммен сурет салу» арқылы релакс жасауға дағдыландыру әдістері. 2) Арт-технологияның «саз балшық және ермексаз» түрлеріне
№10 семинар Семинар-кеңейтілген әңгімелесу	1) Арт-технологияның «ойын» формалары мен әдістерін қолдануы. 2) Арт-технологияның «рефлексия және релакс» мүмкіндіктерін іске асыру жолдары.

19-кестенің жалғасы

1	2
№11 семинар Семинар-тренинг	1) Арт-технологияның би, қазақ билері, заманауи би, вальс қимылдарын үйрету мүмкіндіктері. 2) Арт-технологияның спорт жаттығуларын үйрету мүмкіндіктері.
№12 семинар Семинар-практикум.	1) Арт-технологияның «музыка – релакс» мүмкіндіктері. 2) Арт-технологияның түрлі музыкалық «аспапта ойнау, үйрету» мүмкіндіктері. 3) Арт-технологияның «ән айту –релакс ретінде» топтамасы.

Бұл 19-кестеде көрсетілген семинардың түрлері арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін даярлауда түрлілігімен ғана емес, мазмұндық икемділігімен де тиімді нәтижеге қол жеткузуге мүмкіндік береді деп іріктелініп алынды. Олардың интернет-ресурстағы және т.б. материалдарда берілген сипаттамаларына тоқталынады [168,169].

1. *Семинар-талқылау*. Бұл семинар түрі жоғары оқу орындарында өткізіліп жүрген дәстүрлі семинарға жақын келеді, дегенмен оның өзіндік ерекшелігі, мұнда семинардың әр сұрағы бойынша топтағы барлық студенттің қысқаша пікір беруі талап етіледі. Курс мазмұнындағы семинар барысында *«Арт-технологияның қалыптасуы», «Арт-технологияның негізгі ұғымдары мен түсініктері»* сұрақтарын талқылауда семинар-талқылау түрін қолдану студенттердің өз ойларын ортаға салуына және арт-технологияның қалыптасуы мн ұғым-түсініктері туралы дәрісте берілген және өз бетімен ізденіп тапқан ой-пікірлерді өзінің тұрғысынан талқылауына арнайы ұсынылған алаң болып табылады.

2. *Рефераттарды талқылау. Семинардың бұл түрі* студенттерге алдын ала берілген 4 команда болып орындаған *«Арт-технология және педагогика», «Арт-технологияның болашақ педагогтерді даярлаудағы орны», «Арт-технологияның психологиялық-педагогикалық негіздері», «Бастауыш мектепте арт-технология негізінде оқыту әдістемесі»* деп белгіленген рефераттар тақырыптары бойынша талқылауға арналады. Әр команда бірігіп көрсетілген төрт мәселе қамтылған бір реферат орындайды. Ол рефератты аудаиторияның талқысына ұсынады. Көпшіліктің пікірін жазып отырады, соңынан келісу немесе келіспеу туралы ойларын және себептерін баяндайды.

3. *Семинар-коллоквиум*. Модератор ретінде бір студент белгіленеді, ол *«Арт-технологиядағы цифрлық контентті қолдану маңызы», «Арт-технология және мультимедиалық ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктері»* деп аталатын мәселелер бойынша студенттердің жазбаша немесе ауызша дайындықтарын тексереді. Оқытушы модератор-студентке алдын ала көмекші нұсқаулықтар дайындап береді. Яғни, қандай жетекші сұрақтар қоюға болатыны, қай жерде қандай қолпаштау, мақтау, ескерту айту керектігі туралы кеңес береді.

Бұл семинарда арт-технология және цифрлық контент туралы сөз етілетін болғандықтан, студенттердің қызығушылықпен араласатыны белгілі. Дегенмен,

«арт» деген барлық контентті ала беруге болмайтындығы, дидактикалық, этикалық, ұлттық, адамгершілік ережелердің сақталуын педагог және болашақ педагог қадағалауы тиіс екендігі модераторға және студенттерге де дәрісте және семинар барысында ескертіледі.

4. *Семинар-«дөңгелек-үстел»*. Кең түрде әңгімелесу. Арт-технологияның сөз мәдениетін дамыту, шешендік өнерге баулу, тіл дамыту бағытындағы функциясы туралы қарастырылатын кең түрде әңгімелесу семинарына қазақ тілі мен қазақ әдебиеті маманын, ғалымын, шешендік өнерге баулитын маманды шақырылады. Қарастырылатын мәселелер *«Арт-технологиядағы болашақ педагогтердің «сөйлеу тілін дамыту әдістері», «Арт-технологиядағы болашақ педагогтерді шешендік өнерге баулу әдістері», «Арт-технологиядағы ертегі әлемі және оны пайдалану әдістері»* деп аталады. Әр мәселе бойынша шақырылған мамандар және студенттер пікір алмасады, өз ойларын ортаға салады.

5. *Семинар-практикум*. Өзіндік ойлау бойынша жаттығулар орындау. Бұл семинарда қарастырылатын мәселелер *«Арт-технологияның болашақ педагогтің кәсіби тұлғасын қалыптастырудағы маңызды орны», «Арт-технологияның ұстаздық келбетін (мәдениеті мен киіну, өзін ұстау әдептерін) қалыптастыру мүмкіндіктері», «Арт-технология және заманауи «makeup қолдану» мәдениеті»* деп аталады. Студенттер арт-технологияның болашақ педагогтің жүріс-тұрыс әдебіне үйрету, киім киісіне, бояну, шаш үлгісін қою сияқты мәдениеттілік әліппесін үйрету жолдары туралы, жалпы болашақ бастауыш білім педагогының келбеті мен тұлғасы туралы ой-пікірлерін ортаға салады. Жаңадан, тың ой қосқан студенттерге оқытушының ерекше қолауы мен мақтау сөздері көп болғаны құпталады.

6. *Семинар-пікірталас*. Бұл семинарда қарастырылатын мәселелер – *«Арт-технологияның «қуыршақ театрын» құру және іске асырудағы мүмкіндіктері», «Арт-технологияның драмалық сахналық өнерге баулу мүмкіндіктері», «Арт-технологияның «поэтикалық», поэзиялық қырлары және оны жүзеге асыру әдістері»* деп аталады. Студенттерге «Қуыршақ театрын» құру жолдары мен ережелерін, сахналық өнердің ерекшеліктері мен тәрбиелік-дамыту маңызын, қазақ жырлары мен поэзиясына деен сүйіспеншілігін қалыптастыру жолдары туралы алдын ала қарастырып келу тапсырылғандықтан, бұл семинарды пікірталас ретінде құруға болады.

7. *Семинар-практикум. Жазбаша бақылау жұмысы*. Семинар мәселелері *«Арт-технологияның «графикалық» дағдыларды қалыптастыру мүмкіндіктері», «Арт-технологияның «кескіндеме, сурет салу» дағдыларын дамыту әдістері», Арт-технологиядағы «фотоға түсірудің» тиімді әдістері»* деп аталады. Осы тақырып бойынша оқылған дәрісті меңгеріп және өз бетімен ізденуге тапсырылған әдебиеттер мен цифрлық контенттерді алдын ала қарап шыққан студенттер берілген сұрақтарға жазбаша жауап береді.

8. *Семинар-тренинг. Жаттығулар орындату*. Семинар мәселелері «*Арт-технологиядағы «имитациялық» қолөнер бұйымдарын жасату әдістері», «Арт-технологияның «hand-made» жасауға үйрету әдістері»* деп аталады.

Семинар-тренингтің өзіндік ерекшелігі – студенттер өздерінің дайындалған сұрақтары бойынша әрі ақпарат береді әрі, басқаларға арт-технологияның сурет салу, фотоға түсіру, қолмен жасалған бұйым бойынша ісмерлік элементтердің жасалу жолын көрсету т.б. сияқты шеберліктерді үйретеді. Көрсетілген семинар мәселелеріне қатысты қолөнер және ісмерлік бұйым дайындап әкелу оқытушы тарапынан студенттерге семинар тақырыбын ұсыну барысында бірден ескертіледі.


Семинар-тренинг – студенттердің белсенді қатысуын қамтамасыз ететін әдістері мол, локалды коммуникациялық, студенттердің арт-технология мүмкіндіктерін танып, қажетті дағдыларды меңгеруіне көру және жасауға, әзірлеуге тікелей қатысу мүмкіндігін ұсынатын семинар түрі. Семинар тақырыбына байланысты ақпараттық, әдістемелік, реквизиттік, материалдармен жабдықталған семинар-тренингте болашақ бастауыш білім педаогы көркем өнер туындысының жасалу жолын өзінің курстастарының баяндауынан және солардың көрсетуінен үйреніп алады. Мұндай семинар-тренингтің яғни студенттің өз қатарластарынан үйренуіне жағдай туғызуы ерекше ықпал етеді. Семинар қорытындысын оқытушы өзі жасап, студенттердің болашақ педагогтік кәсібінде аса қажетті дағдылардың маңызы туралы ерекше мән бере түйіндейді.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемесі жүйесінде лабораториялық сабақтардың да алатын орны маңызды. Заманауи лабораториялық сабақтарда қолданылатын әдістер лабораториялық сабақтардың да жаңашылдануына, инновациялық ортада болуына ықпалын тигізеді.

Ғалымдардың айтуынша, заманауи лабораториялық сабақтардың қатарында «виртуалдық лабораториялық сабақтар» [170], «оқу фильмдері», «3D-мен жұмыс жасау сабақтары» [171], «кешенді лабораториялық сабақтар» [172] атауға болады.

Виртуалдық лабораториялық сабақтар – мультимедиалық құралдар негізінде өткізілетін лабораториялық сабақтың түрі. Шынайы болмыстан гөрі виртуалды ортада тапсырма орындау аудиторияда отырып, оқытушы мен студенттің әрбірімен дербес жұмыс жасауға мүмкіндік болып табылады.

Виртуалды лабораториялық сабақтарының қатарында, сонымен қатар, «Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» курсының оқу материалдарының кейс формасында дайындаған электронды нұсқаларының жиынтығын қолдану сабақтары өткізілгенін де атап кетеміз. Виртуалды сабақты, сонымен бірге «АРТ-технология және педагогика» атты уақытша веб-сайтты қолдана отырып өткізу де тиімді нәтижелерге қол жеткізеді (сурет 21).



Сурет 21 – Цифрлық контент жинақтауға әзірленген веб-сайт

Болашақ бастауыш білім педагогының кәсіби шыңдалуы семинар және лабораториялық сабақтардағы шығармашылық білім алуымен көптен-көп байланысты. Лабораториялық сабақтарда болашақ педагог барлық дидактикалық элементтерге жіті назар қойып, әрбір қадамның нақты нәтижелі болуына ұмтылады.

Оқу фильмдерімен жұмыс жасау сабағы – арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлауда өте тиімді *лабораториялық сабақтың бір түрі*. Бұл ретте студенттерге арт-технология бойынша «қазақша би үлгісін», «аспапта орындау», «makeup жасау», қолөнер бұйымын жасау сияқты тақырыптарда Youtube немесе Kaztube ресурстарын пайдалануға болады.

Ал ең тиімді жолы – студенттердің өздеріне белгілі бір тақырыпқа оқу фильмдерін түсіруді тапсыру. Оқу бағдарламасын қолдану барысында оқу фильмдерімен жұмыс жасау «*Арт-технологияның «құммен сурет салу – саз балшық-ермексаз» топтамасы»* тақырыбына қатысты қолданылуы тиімді болды. Құммен сурет салуға үйрету бейне-сабақтарды [173] көруден бастап, студенттердің өздері құммен сурет салу процесін түсірген бейнефильмдерін көруге дейін жалғасты.

«3D-мен жұмыс жасау сабақтары» – арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлау процесіндегі лабораториялық сабақтың бір түрі. *3DS Max* деген соңғы үлгілері де болашақ мамандарға кәсіби қажеттіліктерін өтей алатын мүмкіндік деп атауға болады. Оның Geometry (Геометрия), Shapes (Формалар), Lights (Жарық көзі), Cameras (Камералар), Helpers (Көмекші нысандар), Space Warps (Көлемді деформациялар), Systems (Қосымша құралдар) сияқты ішкі категориялары модельдеуге, үшөлшемді сияқты кеңістікте орналастыруға, түрлі атмосфералық эфектілерді көрсетуге мүмкіндіктері бар. Болашақ бастауыш білім педагогының кәсіби даярлығында

цифрлық контенттерді жасаудың жаңа сатысына көтерілуін мүмкін ету үшін осындай лабораториялық сабақтар өткізу маңызды.

Зерттеу жұмысымызда инновациялық лабораториялық сабақтардың қатарында «*кешенді лабораториялық сабақтар»* деген тағы бір түрі қолданылды. Кешенді лабораториялық жұмыстар арт технология негізінде кәсіби даярлауда өте қолайлы сабақ түрі болып табылады. Кешенді лабораториялық сабақтарда студенттердің кәсіби педагоикалық білімі мен дағдыларын шығармашылықпен байланыстырып жаңа ой туындатуға, жаңа бұйым жасауға тірек құруға мүмкіндіктер мол болып келеді. Кешенді лабораториялық сабақтың құрылымы үшдеңгейлі функция атқарады, олар: оқыту функциясын, компьютерді қолдана отырып, білімін дамыту функциясын, бақылау-тексеру функциясын атқарады.

Аудиториядан тыс орындалатын жұмыстар түрі зерттеу жұмысымызда «Білім алушының өзіндік жұмысы» (БӨЖ) және «Арт-клуб» форматында ұйымдастырылды. Студенттердің өзіндік жұмысының маңызы туралы педаоикалық зерттеулер мен еңбектерде көп айтылып келді, алдағы уақытта да оның ерекшеліктері зерделене беретіні белгілі. Аудиториялық және аудиториядан тыс БӨЖ-дің студенттің оқу-танымдық қызметін ұйымдастыруда ерекше орын алатыны белгілі. БӨЖ-ді ұйымдастыру және орындау барысында меңгеретін біліміне студент те болашақ маман ретінде тұлғалық тірек, сүйенетін интеллектуалдық қазына ретінде қарауға дағдыланады. БӨЖ – студенттің танымдық және шығармашылық-креативтік күш-қуаты мен қабілеттеріне қозғау салып, білімнің тереңіне, танымның биігіне ұмтылуға ынталандырып отырады. Өйткені өз бетімен ізденіп тапқан білім қазынасы, шын мәнінде рухани күшке айналатыны белгілі. Дидактикада студенттің өзіндік жұмысының маңызы туралы Б.П. Есиповтің [174], И.Я.Лернердің [175], М.И. Махмутовтың [176], Е.В.Сериков [177], Г.Н. Юшко [178] тағы басқа ғалымдардың еңбектері белгілі. БӨЖ-ді ұйымдастырып өткізуде аудиториялық және аудиториядан тыс ормасына қарай, мотивациялық, өткізу барысына қатысты, технологиялық қамтамасыз етуге қатысты ерекшеліктері маңызды орын алатынын ұмытпау керек.

Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлауда БӨЖ-ді ұйымдастыруда және өткізуде дамыта оқыту технологиясының, оның ішінде тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясының, проблемалық оқыту технологиясының, эвристикалық оқыту технологиясының қажеттілігі айқын бола түседі. Өйткені, аталған технологиялардың ерекшелігі онда студенттердің шығармашылық, креативтік, танымдық әрекеттің кеңдігі мен еркіндігі және тұлғалық өсу жолының міндеттілігі айқын көрсетілген.

БӨЖ-ді ұйымдастыру мен өткізуде оның тақырыптары белгілі болғанымен, орындайтын тапсырма түрлілігі студенттермен ақылдаса отырып жүйеге түсірілді. Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогын кәсіби даярлау процесінде тек қана жекелеген пәндерді оқытатын мұғалім ретінде даярлаудан гөрі педагог тұлғасының өрісін кеңейтіп, алынатын кәсіби білімінің мазмұнында көркем өнер және мәдениет әдістерін қолдану дағдыларын меңгеру

мазмұны енгізіледі. Сондықтан көркем өнер әдістерін оның мазмұнымен және қолдану дағдыларын игерумен бірге өткізіледі. Бұл тұста студенттің өзіндік жұмыстануының маңызы үлкен болатыны анық. БӨЖ мазмұнында:

- пәнаралық байланыстарды қолдану әдістері;
- интеграциялық әдістер;
- пәннің ішкі байланыстарын пәнаралық байланыстар деңгейіне көтеру әдістері;
- БӨЖ тапсырмасын орындау алгоритмін алдымен мұғалім көрсетіп беруімен, содан кейін мұғаліммен бірігіп отырып, сосын өз бетімен құрауға дағдыланады;
- репродуктивті (*көргенін, оқығанын, естігенін қайталап айтып беру*) әдістен продуктивті (*көргенін, оқығанын, естігенін өз ойынша қорытып айтып беру*) әдіске, одан шығармашылық (*әдісті қолданудың жаңа қырын өзі ойлап табуы*), креативтік әдіске (*жаңа, бұрын қолданбаған қолданыс орнын таба алуы*) қарай өсу жолдарын игеру;
- БӨЖ-де проблемаландыру, диалог, жеке тұлғалық өсуін айқындайтын тапсырмалар болуы;
- БӨЖ-ге студентті болашақ бастауыш білім педагогы ретінде кәсіби шебер тұлға ретінде өсуіне акмеологиялық тұрғыдан қарау мәселелері қамтылуы көзделінді.

Элективті курстың 12 БӨЖ тақырыбы белгіленді, олардың әрқайсысына 3 тапсырма құрастырылып, репродуктивті, продуктивті, шығармашылық-креативті тапсырмалардан құралған БӨЖ тапсырмалар жүйесі әзірленді.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемесі жүйесінде ерекше орын алатын – аудиториядан тыс ұйымдастырылған «Арт-клуб» жұмысы.

«Арт-клубтың» жұмысын ұйымдастырудың бастауы – оның «Тұжырымдамасынан» басталатыны белгілі. «Тұжырымдама» әзірленген соң, кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды. «Тұжырымдаманың» мақсаты, міндеттері анықталып, әдіснамалық тұғырлары мен «Арт-клубтың» жұмыс бағыты айқындалды.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау процесінде студенттің жеке тұлғасын гармониялық үйлесімділікте қалыптастыру үшін арт-технологияның педагогті кәсіби даярлау бағытындағы аудиториялық сабақтардын басқа аудиториядан тыс жұмыстың көлемді, мазмұн байлығы зор, іс-әрекетке, оның түрлі болуына негізделген болуы міндетті екені белгілі.

«Тұжырымдамада» «Арт-клуб» жұмысында цифрлық контентті де молынан қолдану орны мен қажеттілігі көрсетілді. Студенттердің жеке тұлғасын заманауи және болашақ заман педагогы ретінде дамытуға бет алып, ол үшін көркем өнер және мәдениет әдістерін қолданудың нақты практикалық жүйесі осы «Арт-клуб» жұмысынның жоспарында шоғырланып берілді. Клуб жұмысында тіл дамыту, дене шынықтыру, би, саз, ән айту, қолөнер, қолдан бұйым жасау, ертегі, қуыршақ театры, поэзия, сурет салу, құммен сурет салу, фотоға түсіру, түрлі ойын арқылы

үйрету, реалкс жаттығулар студенттерге үйретіледі, меңгертіледі, мол дағдылар қалыптастырылады.

«Арт-клубтың» ерекшелігі тек студенттерді дамытумен шектеліп қоймайды, олардың әрқайсысына болашақ педагог ретінде қарай отырып, олардың кәсіби педагогикалық тұлғасын акмеологиялық талаптар тұрғысынан шыңдауды да көздейді. Бастауыш білім педагогтерінің жұмысының өте қиын екендігі белгілі. Өйткені бастауыш мектепке келген баланың өмірге көзін саналы білім арқылы ашу қаншама күш-қуат пен қажырлы қайратты керек ететіні ешбір есепке көнбейді. Сондықтан кәсібінен берекелі нәтиже ала білетін бастауыш білім педагогтерінің өзінің тұлғасын, дене және рухани саулығын сақтауға университет қабырғасынан бастап дағдылануы маңызды болып саналады.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемесі туралы әлі де болса көптеген зерттеулер жүргізіп, олардың өміршеңдігі мен қажеттілігі жөнінде әлі де мол айтылуы керек. Үзбей жалғастыратын, осы терең тамырлы тақырыптың маңызы – бастауыш білім педагогының жеке тұлғасын, күш-қайраты мен жан саулығын және рухани саулығын, дене саулығын гармониялықпен сақтау, қорғауға, шыңдауға университет қабырғасынан бастап арнайы түрде дағдылануы міндетті екендігі. Бұл міндеттердің маңыздылығы зерттеу барысында нақтылана түсті деп айтуға болады.

Арт-технология негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби дайындаудың басты мақсаты – педагогиканың теориясы мен тәжірибесін және жаңа оқыту технологияларын, соның ішінде арт-технологияны игеруге қабілетті білікті маман, тұлға қалыптастыру. Әзірленген «Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» элективті курсының оқу бағдарламасы бойынша арт-педагогикалық әдістеменің қолданылу мүмкіндіктерін қарастырып көрейік.

Қалыптастыру кезеңінде өткізілген «Арт-технологиядағы цифрлық контент» тақырыбындағы дәрісті өткізуден фрагменттер келтіріп өтейік.

Дәріс.

Тақырыбы - «Арт-технологиядағы цифрлық контент».


Дәріс барысы:

Оқытушы дәріс алдында студенттерге конспект жасап отыру қажеттілігі туралы ескертіп, арт-технологияны тиімділікпен қолданудың сапалы бір жолы цифрлық контенттермен байланысты екеніне назар аударды. Цифрлық контент білім беру процесінің барлық деңгейінде сөзбен түсіндіргеннен гөрі дәріс мазмұнының тиімділігін жоғарылатады. Бірақ цифрлық контентті дәріс мазмұнына тек қосымша ретінде қолданбау керек. Цифрлық контентті қолдана отырып дәріс оқуда тыңдаушылардың ақпаратты қабылдап өңдеуінде есту каналы мен көру каналы қатар жұмыс жасайтын болады.

Оқытушы компьютерді тек презентация үшін ғана емес, сонымен қатар 2D, 3D құралдарының мүмкіндіктерін көрсету үшін де қолданып, болашақ педагогтердің цифрлық контентті игеруге деген ынтасын оянуына ықпал етті. Графикалық және бейнепрезентация құралдарын қолдана отырып, оқытушы

медиаконтентті табуға және көрсетуге аз ғана уақыт жұмсап, цифрлық ресурстың мүмкіндіктерін әрі қарай игеруге және арт-технологияның жаңа мүмкіндіктерін үйренуге жол салады.

Дәріс оқу барысында студенттерге *digital art* яғни цифрлық өнер туралы ақпарат беріліп, интернет арқылы өз бетімен нейрожелілер жасаған «тірілген портреттерді» іздеуді тапсырдық. Интернеттен қазақ ақын-жазушыларының нейрожелі арқылы «тірілген жанды портреттерін» іздеу де тапсырылды. Студенттердің интернеттен Алматыдағы *Lumiere-Hall* мультимедиалық музей [https://lumierehall.kz/] материалдарын тауып, жаңа проекциялық техниканың көмегімен өнер туындысын, көркемсурет туындыларын (Ван Гог туындылары, т.б.) ерекше форматта жанды сияқты етіп көрсету мүмкіндіктерін баяндауы дәрістің мазмұнын байыта түсті (сурет 22).




Сурет 22 – Қазақстанда нейрожелі арқылы «тірілген суреттер көрмесі»

Сонымен бірге, қазақтың кеңестік дәуірде құрбан болған интеллигенциясының потртреттерін нейрожелі арқылы «тірілтуі» де үлкен жаңалық болып саналатыны туралы дәрісте бейнеклип түріндегі «тірілген суреттерді» көрсете отырып түсіндірілді (сурет 23).



Сурет 23 – Нейрожелі /нейросеть арқылы «тірілген Қазақ ағартушыларының суреттері»

Нейрожелінің мүмкіндіктері арт-технологияда цифрлық контентті қолданудың заманауи және ең көрнекті түрі болып табылады. Атап көрсететін болсақ, 100-150 жыл бұрын түсірілген қазақ тұрмысына қатысты сурет-фотолардың «тірілтірілуі» арқылы өткен заман мен бүгінгі заманның арасындағы алшақтық азая түскендей болатынын көреміз (сурет 24).



Сурет 24 – Нейрожелі /нейросеть арқылы «тірілген ескі суреттер»

Осылармен қатар, дәрісте арнайы жинақталған цифрлық контенттің құрамында Қазақстандағы ірі музейлерге виртуалды саяхаттауға мүмкіндік беретін «Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік орталығы» атты https://kazmuseum.kz сайттың ресурстары таныстырылды [179].


Дәрісте осы аталған сайттың «Музей педагогикасы» атты бөліміндегі материалдар бойынша студенттерге:

- ҚазМУ студенттерінің квест саяхаты туралы не айтылған?
- Серік Қондыбайдың мифтік кейіпкерлерінің музейі қай жерде орналасқан?
- Музей педагогикасының маңызы қандай деп ойлайсыздар?
- Қазақстанның ірі музейлерінің сайттарын тізімдеп жазыңыздар.

деген сұрақтар мен тапсырма беріліп, жауабын сайттан іздеп табу ұсынылды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде оқылған осы дәрістің мазмұнында сонымен қатар, түрлі оқу платформаларын қолдану мүмкіндіктері туралы айтылды, бұлардың функциялары мен ерекшеліктері туралы, 2.1 тармақта баяндалған.

Дәрісте осылардың ішінде **Courcera, Kahoot!** платформаларына қысқаша тоқталып, оларды қолдану мүмкіндіктері экранда көрсетілді. **Courcera** платформасының [180] мекенжайы көрсетіліп, студенттерге экраннан қарап отыру және андроид телефондарынан немесе қолында болса ноутбуктерінде осы адресті ашып, бірге іздеу, бірге танысу ұсынылды. Экранда ашылған сайттағы материалдар ағылшын немесе орыс тілінде беріледі (сурет 25).



Сурет 25 – Courcera платформасының скрині

Студенттерге осы сайттың музыка мен өнер салалары туралы бірге ізденіп, сөз, әдеби шығармашылық курстары бойынша берілген квест тапсырманы орындау ұсынылды.


Квест-тапсырма. *Берілген https://www.coursera.org/browse/arts-and-humanities/music-and-art сайттағы «Әдеби шығармашылық» (Литературное творчество) деп аталатын бөлімде көрсетілген:*

- *Creative Writing,*
- *Transmedia Storytelling,*
- *Poetry*
- *Script Writing*
- *Comic Book*

курстарымен толық танысып, қайсысын таңдау мүмкіндігіңіз бар екенін жазыңыз. Неліктен осы курс сіз үшін қолайлы деп ойлайсыз, өз ойыңызды айтыңыз.

Студенттер тапсырманы қызыға орындады. Қолдарындағы андроид, ноутбуктерін, экраннан бірге іздене отырып, дәрістің ынтымақтастық мазмұнда өтуіне өз үлестерін қосып отырды.

Дәрісте қамтылған платформалардың ішінен тағы бір дайындалуы мұқият болуды және тиянақтылықты қажет ететін, қолдану процесі өте қызықты өтетін **Kahoot!** платформасы болды (сурет 26).



Сурет 26 – Kahoot! платформасы скрині

Дәрісте бұл платформаның ерекшеліктері түсіндіріліп, оны қолданудың тиімділігі бойынша әдістемелік нұсқаулар берілді. Осы платформа арқылы студенттерге семинар кезінде қысқаша ойын ұйымдастырылатыны айтылды.

Оқылған осы дәрістің мазмұнында «Цифрлық контент жинақтау» туралы мәселе де сөз етіліп, осындай веб-сайт және студенттердің цифрлық контент кейсін құрастыру жолдары баяндалды.

Диссертацияның 2.1. тармағында берілген «КӨРКЕМ» цифрлық контентті дидактикалық қоржын-папканың құрылымы мен мазмұны дәріс барысында студенттерге ұсынылып, осы кейстің / дидактикалық қоржын-папканың іске асырылуы күнделікте баяндалып отырылуы тапсырылды. Дәрістің мазмұны қысқаша алдын ала әзірленген силлабуста берілген, соны студенттер тереңдете оқып, көрсетілген әдебиеттерді конспектілеу тапсырылды.

Студенттердің болашақ педагог ретіндегі қызығушылығы жоғары болды деп сеніммен айтуға болады. Дәріс тақырыбының өзі екі заманауи тақырыпты біріктіргендіктен, арт-технологияның педагогикалық мүмкіндіктері және цифрлық контент арт-технологияның дидактикалық мазмұнын байытатын мүмкіндіктері көрсетілгендіктен, дәріс мазмұны студенттердің кәсіби маман ретінде қалыптасуына үлес қоса алды деп ойлаймыз.

Қалыптастырушы кезеңдегі «Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» элективті курсының оқу бағдарламасы бойынша өткізілген бір семинардан фрагмент келтіріп өтейік.

№6 семинар.

Формасы - Семинар-пікірталас.

Қарастырылатын мәселелер:

4) Арт-технологияның «қуыршақ театрын» құру және іске асырудағы мүмкіндіктері.

5) Арт-технологияның драмалық сахналық өнерге баулу мүмкіндіктері.

6) *Арт-технологияның «поэтикалық», поэзиялық қырлары және оны жүзеге асыру әдістері.*

Студенттер берілген сұрақтар бойынша дайындалып, «Қуыршақ театрын» құру талаптарын білуі, сахналық өнердің тәрбиелік маңызын айқындауы, қазақ поэзиясы мен жырларына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру жолдарын білуі туралы өзара шағын пікірталас құруы тапсырылды. Модератор - эксперимент жүргізуші оқытушы, студенттер пікірталасқа қатысушылар болды.

Пікірталасты көпшілік арасындағы ой таласы, сөз таласы деп қарастыратын болсақ, ол пікірталастың модераторы мен қатысушыларының бірігіп жасаған әрекетіне ғана байланысты болатынын атап өту керек. Модератор пікірталастың ұйымдастырушысы ғана емес, түрлі пікірлерді өзара байланыстырып, интеграциялап отырушы тұлға ретінде танылады.

Осындай модераторлық әрекеті арқылы ғана пікірталас – бір тақырыптың аясында өрбіген тұтас бір мәтін сияқты бола алады. Бұл семинардағы пікірталас ауызша сөйлеу арқылы өтіледі және қарама-қарсы деуден гөрі, бір мәселеге байланысты түрлі пікірлердің тоғысуын керек ететін пікірталас деп бағаланады.

Пікірлас түріндегі ауызша мәтіннің құрастырылуы үшін студенттер қажетті сөйлеу дағдылары мен пікіріталасқа қатысу ережелерін білуі тиіс.

Модератор: - Құрметті семинарға қатысушылар, бүгінгі пікірталасымыздың алғашқы яғни «*Арт-технологияның «қуыршақ театрын» құру және іске асырудағы мүмкіндіктері»* мәселесі бойынша өз пікірлеріңізді ортаға салуларыңызды сұраймын. Регламент сақтап, нақты ұсыныстар, олардың орындалу мүмкіндіктері және орындалмау қауіптері туралы айтсаңыздар.

Студент Р.: - Қазіргі жастар да, балалар да барлық бос уақыттарын телефонға шұқшиюмен, компьютерде ойын ойнаумен, кино, мультфильм қараумен, әлеуметтік желілерді қараумен өткізіп жатыр. Кітап оқу - мектеп оқулығына ғана байланысты болып қалды. Сондықтан, қуыршақ театрын құру – бізді, яғни болашақ педагогтерді алдағы уақытта оқытатын шәкірттерімізді театр әлеміне баурап-баулуға үйретететін ерекше және нәтижелі жоба болар еді. Өзіміздің стуенттік кезімізге де қатысты, мысалы, «Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасы бойынша қуыршақ театрын құрып, жатақханада немесе студенттер аудиториясында қойып көрсетсек, педагогтік қана емес, қандай көркем шығармашылық, тұлғалық жағынан өсіретін серпінді күш болар еді!

Студент Н.: - Р.-ның айтқанына келісемін. Бірақ әр нәрсенің екі жағы болатыны белгілі. Ол қуыршақ театрын біз қалай құрамыз, оның киімдері бар, сценарий жазу керек, дайындық бар, көрермендер кім болады? Осының барлығын алдын ала шешіп алмайынша, бос қиялдау қажет болар ма екен?

Студент П.: - Бос қиял деп мүлде жоламауға болмайды. Біздер, қыздар киімдерді өзіміз тігер едік, бірақ оған мата, мақта, ілгек, жіп дегендей құрал-жабдықтарды қайдан аламыз? Ал дүкендегі қуыршақтарды сатып алсақ, ол да қымбатқа түсуі мүмкін. Себебі, менің ойымша, бір дегенде 6-7 қуыршақ қажет болады.

Модератор: - Құрметті пікірталасқа қатысушылар! Менің ойымша, қуыршақ театрын құру мүмкіндігін кім режиссер болады және кім сценарий жазады дегеннен бастау дұрысырақ сияқты. Қалай ойлайсыздар?

Эксперимент тобында өткен семинар сабақтың бастапқы фрагменті осылай басталып, нәтижесінде болашақ бастауыш білім педагогтері үшін қуыршақ театрын құру және іске қосу мүмкіндіктерін білу және үйрену маңызды және қажет деп шешім қабылданды.

Модератор: - Құрметті пікірталасқа қатысушылар! Біздің семинардың алғашқы сұрағы бойынша оң нәтижеге қол жеткіздік, құттықтаймын. Енді екінші мәселе, атап айтқанда, «*Арт-технологияның драмалық сахналық өнерге баулу мүмкіндіктері»* бойынша пікірлеріңізді ортаға салыңыздар.

Студент С.: - Арт-технология туралы тыңдаған дәрістерім және осыған дейінгі семинар-практикалық сабақтар арт-технологияның адамды сахналыө өнерге баулу мүмкіндіктерінің үлкен екенін сенімді түрде дәлелдеді деп айта аламын. Бірақ кез келген студент өзіне сенімді ме? Арт-технологияның мүмкіндігіктеріне сенімді ме? деген сұраққа жауап айта білуі тиіс деп ұсынамын. Студент сенімді болмаса, арт-технология өзі сахналық өнерге қалай баулиды?

Студент М.: Бауыржан Момышұлының «Сенімділік табысқа жетуге деген құлшынысты арттырады, бойға қуат береді» деген сөзі бар. Сондықтан студенттердің сенміді болуы сахна өнеріне араласуына арт-технологияның мол мүмкіндіктері, тек біз бірігіп бастауымыз керек.

Модератор: - Құрметті пікірталасқа қатысушылар! Біздің семинардың екінші сұрағы бойынша да оң нәтижеге жеттік, құтты болсын! Енді үшінші мәселе, «*Арт-технологияның «поэтикалық», поэзиялық қырлары және оны жүзеге асыру әдістері»* бойынша пікірлеріңізді ортаға салыңыздар.

Студент М.: - Арт-технологияның сексен сегіз қыры бар ерекше оқыту технология екендігін мойындаймын. Осы технолоия бойынша элективті курсқа қатысқаныма да қуанамын. Көптеген жаңа әдістемелік құнды ой жинақтадым. Соның бірі – арт-технологияның «поэтикалық», поэзиялық қырлары арқылы оқыту мүмкіндіктері.

Модератор: - Қазақ халқы – табиғатынан шешен халық. Ал шешендіктің биік деңгейі, әрине, ақиқатты айта білуде, ақиқатты жырлауда. Сондықтан өлең-жырдың адам дамытудағы мүмкіндіктері туралы пікірлеріңізді ортаға салуыңыз керек.

Студент М.: - Бір жақсы кітаптан «Өлең сөзде даналық бар» дегенді оқып едім. Сонда шешендік даналық болса, сөйлеген кезде рифмалап сөйлеу және халық санасынан бірен орын алу - қазақ халқына ғана тән ерекше қасиет. Қазақтың жыраулары мен жыршыларының мұрасын оқып-игеруде арт-технологияның мүмкіндіктері өте зор. Сондықтан мен осы жыраулық, поэзиялық бағытта өз бойымнан көп мүмкіндіктерімді тани алдым. Соның бірі - салыстырудың ерекше орны. «Денсаулықтың қадірін – ауырғанда білерсің», «Ата-ананың қадірін, балалы болғанда білерсің» деген сияқты өте мол салыстыруларды оқу өзіме пайда да берді, сонымен қатар, сондай салыстырулар жасау қабілетімді ашты десем болады. Мысалы, *«Сөзің барда сөйле, ал, Сөзің жоқта – қой, демал».*

Модератор: - Қазақ жыршыларының, жырауларының, ақындарының сөздік қоры мен жаңа сөз, жаңа тіркесім жасау қабілеттері өте ерекше. Сіз де сондай деңгейге жетерсіз, талабыңызға нұр жаусын!

Семинардың студенттерді қызықтыруы қарастырылған мәселелерге байланысты және арт-технологияның мүмкіндіктерін қолдана білсем деген ұмтылыстарынан танылды. Берілген семинардан алынған фрагменттер студенттердің креативтік, шығармашылық, тұлғалық, кәсіби даярлығын, арт-технологияның қандай қырынан қарастырса да студенттердің қызыға бейімделетініне көз жеткізілді.

Қалыптастырушы кезеңнің басшылыққа алынған оқу бағдарламасы бойынша барлық дәріс, семинар, практикалық сабақтар, арт-дидактикалық талаптарға негізделген, Оқу бағдарламасында көрсетілген 12 тақырыпқа арналған 36 жаттығудан тұратын жүйесі әзірленді, лабораториялық сабақтар, БӨЖ, арт-технология бойынша жекелеген жобалар орындау жұмыстары ретімен ұйымдастырылып өткізілді. Студенттерге арналған Силлабус әзірленді.

Сонымен қатар, аудиториядан тыс «Арт-клуб» жұмысы ұйымдастырылды. Студенттердің клубтағы түрлі бағыттағы жұмыстарға қатысуы арқылы көркем өнер және шығармашылық әдістерді меңгеруіне аудиториядан тыс жүргізілетін үлкен жағдай жасалынды. «Арт-клубтың» қағидалары мен жұмыс жоспары әзірленіп, кафедраның тәрбиелік жұмысымен үйлесуі көзделінді, «Арт-клуб» мүшелерінің тізімі нақтыланды. Төменде тек «Арт-клуб» мәліметін көрсетіп өтеміз (кесте 20).

Кесте 20 – Арт-клуб мәліметі

Клубтың атауы	«Арт»
Мекенжайы	
Негізгі оқу мекемесінің телефон номері	
Қандай оқу мекемесінің базасында құрылған	
Құрылған жылы	
Қандай құжатқа негізделіп құрылған	Арт-клуб Қағидалары
Арт-клубтың бейіні	Көпжанрлы (шешендік өнер, поэзия, ән/вокал, фото, сурет салу, сурет көрмелерін ұйымдастыру, музыкалық аспаптар, би, құммен сурет салу, қолөнер бұйымдары)
Іс-шараның жиілілігі	Аптасына 2 рет
Қатысушылар саны	
Арт-клуб жетекшісі	
Білімі	
Жұмыс орны	
Телефон нөмірі	

Арт-клуб – болашақ бастауыш білім педагогтері үшін құрылған, студенттерді көркем өнер түрлеріне баулу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған клуб. «Арт-клубқа» қатысушылар – өнердің түрлерін меңгере отырып өздерін дамытуға ниетті студенттер. «Арт-клуб» болашақ бастауыш білім педагогтерін ортақ қызығушылықтары бойынша, мәдени тұрғыдан дамуы үшін өнер түрлерін игеруге, өзінің болмысын шығармашылықпен дамытуға ұмтылған студенттердің басын қосатын көркем өнер мен шығармашылық алаңына айналуы үшін құрылды. Болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауды сапалы ету үшін де элективтік курстан алған теориялық білімін шынайы студенттердің практикада жүзеге асыруына «Арт-клуб» сенімді тірек болды.

Қорыта келе, тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде:

- эксперимент тобындағы әрбір студенттің жеке тұлғасы көркем өнер мен шығармашылық әдістерді игеру арқылы гуманистік және кәсіби тұрғыдан дамуына;

- әрбір экспериментке қатысушының шығармашылық талғамы дамытылып, кәсіби педагог ретінде қалыптасуына жаңа серпінді күштің көзін көркем өнерден ала білетін жол таба алуына;

- болашақ бастауыш білім педагогы ретінде кәсіби қалыптасуына арт-технологияның тірек болып, әр студенттің шығармашылық қабілеттері ашылуына, ойлауы дамуына, көру және есту, есте сақтау мен сезімі дамуына ықпал етуіне қажетті жағдайлар ұйымдастырылып, эксперимент оқу бағдарламасы іске қосылды деп айта аламыз.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру кезеңінде эксперимент тобының уақыттың белгілі бір кезеңінде, яғни элективті курсты өткізу кезеңінде көркем өнер әдістерін дидактикалық әдістермен қатар қолдану барысында жан-жақты дамығанына көз жеткізілді. Әзірленген модельдің тиімділігін дәлелдеуде қолданылған әдістемелік жүйенің білімдік, дамытушылық, тәрбиелік, технологиялық, эмоциялық компоненттері өзара үйлесімділікте болып, болашақ бастауыш білім педагогтерін сапалы кәсіби даярлауға мол мүмкіндіктері бар екендігі айқындалды, ол мүмкіндіктер тәжірибелік-эксперимент жұмысында қолданылды.

3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қорытынды кезеңі арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлауға бағытталған әдістемелік жүйені жүзеге асыру нәтижесінде білім алушылардың кәсіби даярлық деңгейінде болған өзгерістерді анықтауға арналды. Осы кезеңде қалыптастыру жұмыстарының нәтижелілігін бағалау үшін эксперимент және бақылау топтарында қайта диагностикалық жұмыстар жүргізіліп, алынған мәліметтер анықтау кезеңіндегі бастапқы көрсеткіштермен салыстырылды.

Бақылау кезеңіндегі диагностикалау зерттеу барысында айқындалған аксиологиялық-мотивациялық, гносеологиялық-танымдық және іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттер бойынша жүзеге асырылды. Әр компоненттің екі көрсеткіші жеке бағаланып, анықтау кезеңінде пайдаланылған диагностикалық әдістемелер мен соларға мазмұндық тұрғыдан сәйкес келетін бақылау тапсырмалары қолданылды. Бұл бастапқы және қорытынды нәтижелерді бірдей өлшемдер мен деңгейлік сипаттамалар негізінде салыстыруға мүмкіндік берді. Зерттеудің бақылау кезеңінде эксперимент тобында 54, бақылау тобында 51 білім алушы қамтылды.

Қалыптастыру кезеңінде эксперимент тобы студенттерімен «Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» әдістемелік жүйесі аясында дәріс, практикалық және шығармашылық жұмыстар, арт-технологиялық тапсырмалар, өзіндік жұмыстар мен «Арт-клуб» жұмыстары жүйелі ұйымдастырылды. Сондықтан бақылау кезеңінде білім алушылардың арт-технологияларға қызығушылығы мен оларды меңгеруге ынтасының өзгеруімен қатар, арт-технологиялардың мәні мен педагогикалық мүмкіндіктерін түсінуі, оларды бастауыш білім беру үдерісінде қолдану әдістері туралы білімі, нақты педагогикалық жағдайда таңдап, шығармашылықпен

қолдану қабілеті және өз әрекетінің нәтижесін талдап, бағалап, түзете алу білігі зерделенді.


Бақылау кезеңінде алынған нәтижелер әр көрсеткіш бойынша сандық және сапалық тұрғыдан талданып, эксперимент және бақылау топтарының деңгейлік көрсеткіштері өзара салыстырылды. Сонымен бірге эксперимент тобының анықтау және бақылау кезеңдеріндегі өзгерістердің динамикасы айқындалды. Жинақталған нәтижелер компоненттер бойынша жүйеленіп, тәжірибелік-эксперимент жұмысының қорытындысында математикалық-статистикалық өңдеуден өткізілді. Мұндай кешенді талдау ұсынылған әдістемелік жүйенің болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологиялар негізіндегі кәсіби даярлығына ықпалын нақты бағалауға мүмкіндік берді.

Қалыптастыру жұмыстары аяқталғаннан кейін аксиологиялық-мотивациялық компонентті бойынша білім алушылардың арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылығы қайта диагностикаланды. Бақылау кезеңінде де анықтау кезеңінде пайдаланылған Р.М. Райан және әріптестерінің «Ішкі мотивация сауалнамасындағы» «Қызығушылық» шкаласының бейімделген нұсқасы қолданылды.

Бақылау кезеңінде эксперимент тобы студенттерінің жауаптарында арт-технологияларға деген жағымды қатынастың күшейгені, арт-технологиялық тапсырмаларды орындауға қызығушылықтың тұрақтанғаны және оларды кәсіби-педагогикалық әрекетпен байланыстыруға ұмтылыстың артқаны байқалды. Алынған нәтижелер 21-кестеде және 27-суретте берілді.

Кесте 21 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылық деңгейлері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	34	62,96	12	22,22	8	14,82
Бақылау тобы	11	21,57	21	41,18	19	37,25



Сурет 27 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылық деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Сауалнаманың нәтижелері бойынша эксперимент тобындағы 54 студенттің 34-і жоғары деңгейге жетіп, бұл көрсеткіш 62,96%-ды құрады. Орта деңгей 12 студентте анықталып, олардың үлесі 22,22%, ал төмен деңгейдегі студенттер саны 8 адам немесе 14,82% болды.

Бақылау тобында жоғары деңгей 11 студентте байқалып, 21,57%-ды құрады. Орта деңгейдегі 21 студенттің үлесі 41,18%, төмен деңгейдегі 19 студенттің үлесі 37,25% болды. Бақылау тобында орта деңгейдің үлесі басым болғанымен, жоғары деңгейдегі студенттер саны эксперимент тобымен салыстырғанда едәуір төмен күйінде қалды.

Эксперимент тобы нәтижелерінің құрылымында бақылау кезеңінде елеулі өзгеріс байқалды. Анықтау кезеңінде жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі 12,96% болса, бақылау кезеңінде бұл көрсеткіш 62,96%-ға дейін көтерілді. Керісінше, төмен деңгей анықтау кезеңіндегі 44,45%-дан 14,82%-ға дейін төмендеді. Орта деңгей де 42,59%-дан 22,22%-ға дейін азайды.

Бақылау тобындағы өзгерістер салыстырмалы түрде баяу жүрді. Жоғары деңгей анықтау кезеңіндегі 17,65%-дан 21,57%-ға дейін өсіп, орта деңгей 37,25%-дан 41,18%-ға дейін жоғарыласа, төмен деңгей 45,10%-дан 37,25%-ға дейін азайды.

Бақылау кезеңіндегі нәтижелер қалыптастыру кезеңі барысында студенттердің арт-технологияларды тек жеке шығармашылық әрекет ретінде емес, болашақ кәсіби қызметінде қолдануға болатын педагогикалық құрал ретінде қабылдауы күшейгенін көрсетеді. Эксперимент тобы студенттерінің арт-технологияларға негізделген тапсырмаларға белсенді қатысуы, оларды сабақ мазмұнымен байланыстыруы және әртүрлі педагогикалық жағдаяттарда қолдануға ұмтылысы қызығушылық көрсеткішінің жоғарылауынан көрініс тапты.


Қорыта келе, аксиологиялық-мотивациялық компоненттің алғашқы көрсеткіші бойынша бақылау кезеңінде эксперимент тобында айқын оң динамика қалыптасты. Алынған сипаттамалық нәтижелер арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылықтың эксперимент тобында тұрақты сипат ала бастағанын көрсетеді.

Аксиологиялық-мотивациялық компоненттің екінші көрсеткіші бойынша бақылау кезеңіндегі диагностика студенттердің арт-технологияларды меңгеруге бағытталған белсенді ұстанымында қандай өзгерістер болғанын анықтауға арналды. Осы мақсатта анықтау кезеңінде қолданылған авторлық сауалнама қайта жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері білім алушылардың жаңа арт-технологиялық тәсілдерді игеруге, оларды өздігінен іздестіруге, тәжірибеде байқап көруге және болашақ кәсіби қызметінде қолдануға деген ынтасының деңгейін бағалауға мүмкіндік беріп, оның нәтижелері 22-кесте мен 28-суретте берілген.

Кесте 22 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынтасының деңгейлік көрсеткіштері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	39	72,22	9	16,67	6	11,11
Бақылау тобы	14	27,45	20	39,22	17	33,33



Сурет 28 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынта деңгейлерінің салыстырмалы көрінісі

Бақылау кезеңінде эксперимент тобындағы 54 білім алушының 39-ы жоғары деңгейге жетіп, олардың үлесі 72,22% болды. Орта деңгей 9 студентте немесе 16,67%, төмен деңгей 6 студентте, яғни 11,11% көлемінде анықталды. Мұндай арақатынас эксперимент тобы студенттерінің басым бөлігінде арт-технологияларды меңгеруге деген ынтаның тұрақты сипат алғанын көрсетеді.

Бақылау тобында көрсеткіштердің бөлінуі біршама басқаша болды. 51 студенттің 14-і жоғары деңгей көрсетіп, 27,45%-ды құрады. Орта деңгей 20 студентте немесе 39,22%-да, төмен деңгей 17 студентте немесе 33,33%-да тіркелді. Демек, бақылау тобында орта деңгейдің үлесі басым болып, төмен деңгейдегі студенттердің саны да әлі едәуір сақталған.

Эксперимент тобындағы өзгерістерді анықтау кезеңінің нәтижелерімен салыстырғанда, жоғары деңгейдің 11,11%-дан 72,22%-ға дейін өскені байқалады. Сонымен қатар төмен деңгейдің үлесі 51,85%-дан 11,11%-ға дейін қысқарды. Бұл студенттердің арт-технологияларды меңгеруді тек оқу тапсырмаларын орындаудың бір бөлігі ретінде емес, болашақ кәсіби іс-әрекетіне қажетті тәжірибе ретінде қабылдай бастағанын аңғартады.

Орта деңгейдегі көрсеткіштің 37,04%-дан 16,67%-ға төмендеуі де сапалық өзгерістің болғанын көрсетеді. Яғни қалыптастыру барысында олардың қосымша материал іздеуі, жаңа тәсілдерді өздігінен меңгеруге уақыт бөлуі, арт-технологияларды шығармашылық тапсырмаларда қолданып көруі және оларды кәсіби әрекетпен байланыстыруға ұмтылысы күшейген.

Бақылау тобындағы өзгерістер жоғары деңгей 15,69%-дан 27,45%-ға дейін артқанымен, бұл көрсеткіш эксперимент тобындағы нәтижемен салыстырғанда төмен болды. Төмен деңгей 49,02%-дан 33,33%-ға дейін азайған, алайда студенттердің үштен бір бөлігі аталған деңгейде қалған. Бұл бақылау тобында да белгілі бір оң өзгерістің болғанын, бірақ оның айқын әрі тұрақты сипат алмағанын көрсетеді.


Жалпы алғанда, бақылау кезеңінің нәтижелері эксперимент тобында арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға бағытталған ынтаның айқын жоғарылағанын көрсетті. Студенттердің жаңа тәсілдерді өз бетімен игеруге, оларды практикалық әрекетте сынақтан өткізуге, кәсіби тәжірибесіне енгізуге талпынысы күшейді. Осы өзгерістер әдістемелік жүйенің білім алушылардың кәсіби-шығармашылық белсенділігіне оң ықпал еткенін көрсетеді.

Қалыптастыру кезеңінен кейін гносеологиялық-танымдық компоненттің алғашқы көрсеткіші бойынша білім алушылардың арт-технологиялар жөніндегі түсініктерінде қандай өзгерістер болғаны қайта анықталды. Осы мақсатта Н.Л. Миллер мен А.Дж. Каньястың ұғымдық картаны семантикалық бағалау әдістемесінің бейімделген нұсқасы қайта қолданылды. Бақылау диагностикасында студенттер бұрынғыдай «Арт-технологиялар» ұғымын орталық түсінік ретінде алып, оның түрлері, педагогикалық мүмкіндіктері, қолданылу бағыттары және оқушы дамуына ықпалын өзара байланыстырып көрсетуге тиіс болды.

Бұл кезеңде тек картадағы ұғымдардың санына емес, олардың мазмұндық байланысына, себеп-салдарлық қатынастардың берілуіне, арт-технология түрлерін педагогикалық міндеттермен байланыстыруына және жалпы картаның жүйелілігіне ерекше назар аударылды. Эксперимент тобы студенттерінің жұмыстарында арт-технологиялардың жекелеген түрлерін жай атаудан гөрі, оларды оқу мақсаты, шығармашылық әрекет және күтілетін педагогикалық нәтижемен байланыстыра көрсету жиірек байқалды. Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологиялардың мәні, түрлері және педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігінің деңгейлік көрсеткіштері 23-кестеде және 29 суретте бейнеленген.

Кесте 23 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологиялардың мәні, түрлері және педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігінің деңгейлік көрсеткіштері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	36	66,67	9	16,67	9	16,66
Бақылау тобы	9	17,65	26	50,98	16	31,37



Сурет 29 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологиялардың мәні, түрлері және педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігі деңгейлерінің салыстырмалы көрінісі

Н.Л. Миллер мен А.Дж. Каньястың ұғымдық картаны семантикалық бағалау әдістемесінің нәтижесі бойынша эксперимент тобындағы 54 білім алушының 36-сы жоғары деңгейге жетіп, олардың үлесі 66,67% болды. Орта деңгей 9 студентте анықталып, 16,67%-ды, төмен деңгей де 9 студентте тіркеліп, 16,67%-ды құрады. Осылайша, эксперимент тобында жоғары деңгейдің айқын басымдығы қалыптасты.Эксперимент тобының анықтау кезеңіндегі нәтижелерімен салыстырғанда өзгеріс айқын байқалады. Бастапқы кезеңде жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі 7,41% болса, бақылау кезеңінде бұл көрсеткіш 66,67%-ға дейін өсті. Өсім 59,26 пайыздық тармақты құрады. Орта деңгей 50%-дан 16,67%-ға дейін, төмен деңгей 42,59%-дан 16,67%-ға дейін азайды. Бұл өзгерістер студенттердің арт-технологиялар туралы түсініктері жекелеген ұғымдар жиынтығы деңгейінен олардың өзара байланысын, қызметін және педагогикалық маңызын жүйелі түсіну деңгейіне көтерілгенін көрсетеді.

Бақылау тобындағы жағдай өзгеше сипат алды. Жоғары деңгей 9 студентте анықталып, 17,65% болды. Орта деңгей 26 студентте немесе 50,98%-да, төмен деңгей 16 студентте немесе 31,37%-да байқалды. Бұл топта негізгі үлес орта деңгейге шоғырланғанымен, арт-технологиялар туралы жүйелі әрі терең түсінік қалыптастырған студенттердің саны әлі де шектеулі болды.

Бақылау тобында жоғары деңгейдің үлесі анықтау кезеңіндегі 11,76%-дан 17,65%-ға дейін көтерілгенімен, бұл өзгеріс эксперимент тобындағыдай айқын емес. Орта деңгей 49,02%-дан 50,98%-ға дейін шамалы өзгерсе, төмен деңгей 39,22%-дан 31,37%-ға дейін төмендеді. Демек, бақылау тобында да белгілі бір оң қозғалыс байқалғанымен, білім алушылардың көпшілігі арт-технологиялардың мәні мен педагогикалық мүмкіндіктерін толық жүйелейтін деңгейге жете қоймаған.Эксперимент тобындағы ұғымдық карталардың сапалық сипаты да өзгерді. Студенттер арт-технологиялардың түрлерін бір-бірінен ажыратып қана қоймай, олардың бастауыш білім беру үдерісіндегі қолданылуын, оқушының шығармашылық белсенділігіне, эмоционалдық күйіне, қарым-қатынасына және оқу әрекетіне ықпалын бірізді байланыстыра алды. Карталарда тоғыспалы және себеп-салдарлық байланыстардың көбеюі студенттердің арт-технологияларды

тұтас педагогикалық жүйе ретінде түсіне бастағанын көрсетті.Осы нәтижелер гносеологиялық-танымдық компоненттің аталған көрсеткіші бойынша эксперимент тобында сапалық өзгеріс болғанын көрсетеді. Студенттердің арт-технологиялардың мәнін, түрлерін және педагогикалық мүмкіндіктерін өзара байланыста қарастыруы, оларды бастауыш білім беру міндеттерімен ұштастыруы және педагогикалық нәтижесін түсіндіре алуы қалыптастыру жұмыстары барысында тереңдей түсті.

Гносеологиялық-танымдық компоненттің екінші көрсеткіші бойынша бақылау кезеңінде білім алушылардың арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы біліміндегі өзгерістер анықталды. Бұл жолы анықтау кезеңіндегі тапсырмаларды тікелей қайталаудың орнына мазмұны жағынан баламалы параллель тест нұсқасы пайдаланылды. Тест құрылымы, тапсырмалар саны, бағалау тәртібі мен деңгейлік шектері өзгеріссіз сақталды. Бұл бастапқы және қорытынды нәтижелерді бір өлшем негізінде салыстыруға мүмкіндік берді.

Мақсаты: болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде орынды таңдау, ұйымдастыру және пән мазмұнымен кіріктіріп қолдану әдістері мен тәсілдері туралы біліміндегі өзгерістерді анықтау.

Нұсқаулық: төмендегі әр тапсырманы оқып, ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс нұсқаны таңдаңыз.

1. 2-сыныпта оқылған ертегінің кейіпкерлері арасындағы қарым-қатынасты тереңірек түсіндіру үшін қай тәсілді қолдану орынды?

А) мәтінді бірнеше рет көшіріп жаздыру;

Ә) ережені жаттату;

Б) кейіпкерлер әрекетін рөлге бөліп сахналау;

В) дайын жауапты тақтадан жаздыру.

2. Жаратылыстану сабағында «Жыл мезгілдерінің өзгерісі» тақырыбын арт-технологиямен бекітудің тиімді жолын көрсетіңіз.

А) табиғаттағы өзгерістерді түс, дыбыс және бейне арқылы шығармашылық композицияда көрсету;

Ә) анықтамаларды сөзбе-сөз жаттау;

Б) тақырыпты тек мұғалімнің түсіндіруі;

В) оқулықтағы мәтінді толық көшіріп жазу.

3. Арт-технологияны сабаққа енгізген кезде мұғалім әрекетінің дұрыс реттілігі қай нұсқада берілген?

А) шығармашылық өнімді көрсету – мақсат қою – тапсырма беру;

Ә) оқу мақсатын анықтау – сәйкес арт-тәсілді таңдау – шығармашылық әрекетті ұйымдастыру – нәтижені талдау;

Б) бағалау – тапсырма беру – өнер түрін таңдау;

В) материал тарату – жұмыс жасату – сабақ мақсатын айту.

4. Арт-технологияның белгілі бір түрін таңдаудың негізгі әдістемелік шарты қандай?

А) мұғалімнің сол өнер түрін жақсы көруі;

Ә) қажетті құралдардың көп болуы;

Б) жұмыстың сыртқы көркемдігі;

В) таңдалған тәсілдің оқу мақсатына, мазмұнға және оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі.

5. Бірлескен коллаж жасау кезінде оқушылардың белсенділігін арттыру үшін қандай ұйымдастыру тәсілі тиімді?

А) ортақ тақырыпты анықтап, топ мүшелерінің міндеттерін бөліп, бірлескен өнім құрастыру;

Ә) коллажды бір оқушыға ғана орындату;

Б) дайын үлгіні барлық оқушыға дәл қайталату;

В) жұмысты толығымен мұғалімнің өзі орындауы.

6. Мәтіндегі кейіпкердің көңіл күйін түс, сызық және бейне арқылы көрсету қандай арт-тәсілдің қолданылуын білдіреді?

А) репродуктивтік қайталау;

Ә) алгоритмдік жаттығу;

Б) көркем-бейнелік интерпретация;

В) бақылау диктанты.

7. Бастауыш сыныпта арт-технологиялық тапсырманың мазмұнын күрделендіргенде нені ескеру қажет?

А) шығармашылық жұмыстың көлемін мүмкіндігінше көбейтуді;

Ә) оқушының жас ерекшелігін, тәжірибесін және тапсырманың қолжетімділігін;

Б) тек жұмыстың безендірілуін;

В) бір сабақта бірнеше өнер түрін міндетті түрде қолдануды.

8. Бір оқу тапсырмасында музыка, сурет және қимыл әрекетін өзара байланыстыра қолдану нені көрсетеді?

А) тек ойын әдісін қолдануды;

Ә) дәстүрлі түсіндіруді;

Б) бақылау әдісін;

В) арт-технологияларды кіріктіріп қолдануды.

9. Шығармашылық жұмыс аяқталғаннан кейін «Не сәтті болды? Қай тұсы қиын болды? Келесі жолы нені өзгертер едің?» деген сұрақтарды қолданудың мақсаты қандай?

А) оқушылардың есте сақтауын тексеру;

Ә) жұмысты қайта орындату;

Б) оқушының өз әрекеті мен нәтижесіне рефлексия жасауына жағдай туғызу;

В) жұмыстың сыртқы көркемдігін анықтау.

10. Арт-технологияға негізделген тапсырманы бағалаудың неғұрлым толық тәсілін анықтаңыз.

А) оқу мақсатына сәйкестігін, мазмұндық шешімін, шығармашылық дербестігін және нәтижені түсіндіре алуын бірге бағалау;

Ә) тек суреттің әдемілігіне назар аудару;

Б) жұмысты орындау жылдамдығын негізгі өлшем ету;

В) барлық жұмысты бір үлгімен салыстыру.

Жауаптар кілті: 1 – Б; 2 – А; 3 – Ә; 4 – В; 5 – А; 6 – Б; 7 – Ә; 8 – В; 9 – Б; 10 – А.

Әр дұрыс жауапқа 1 балл, қате жауапқа 0 балл беріледі. Ең жоғары нәтиже – 10 балл.

8–10 балл – жоғары деңгей. Білім алушы арт-технологияларды оқу мақсатына және педагогикалық жағдаятқа сәйкес қолданудың әдістері мен тәсілдерін жүйелі біледі, ұйымдастыру реттілігін және кіріктіру ерекшеліктерін дұрыс ажыратады.

5–7 балл – орта деңгей. Негізгі әдістер мен тәсілдер жөніндегі білімі қалыптасқан, алайда оларды нақты педагогикалық жағдайда таңдауда немесе өзара кіріктіруде жекелеген қателіктер кездеседі.


0–4 балл – төмен деңгей. Арт-технологияларды қолданудың әдістемелік негіздері жөніндегі білімі жеткіліксіз, тәсілді оқу мақсатына сәйкестендіруде және шығармашылық әрекетті ұйымдастыруда қиналады.

Бақылау тестінде теориялық анықтамаларды есте сақтау емес, арт-технологияны нақты оқу мақсатына сәйкес таңдау, оны пән мазмұнымен кіріктіру, шығармашылық жұмысты ұйымдастыру, топтық әрекетті үйлестіру, рефлексия жүргізу және нәтижені бағалау жөніндегі білімге басымдық берілді.

Авторлық тест нәтижелері 24-кесте мен 30-суретте берілген.

Кесте 24 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы білім деңгейлері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	38	70,37	9	16,67	7	12,96
Бақылау тобы	10	19,61	23	45,10	18	35,29



Сурет 30 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды қолданудың әдістері мен тәсілдері туралы білім деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Авторлық тестегі нәтижелер эксперимент тобындағы деңгейлік арақатынастың айтарлықтай өзгергенін байқатады. 54 студенттің 38-і жоғары

деңгей көрсетіп, олардың үлесі 70,37% болды. Орта деңгейге 9 студент немесе 16,67%, төмен деңгейге 7 студент немесе 12,96% сәйкес келді.

Бұл мәліметтердің мазмұнын анықтау кезеңіндегі нәтижелермен салыстырғанда эксперимент тобында елеулі өзгеріс бар екенін көруге болады. Бастапқы диагностикада жоғары деңгей небәрі 16,67% болған еді, бақылау кезеңінде ол 70,37%-ға жетті. Демек, жоғары деңгейдің үлесі 53,70 %-ға артқан. Сонымен қатар төмен деңгей 50%-дан 12,96%-ға дейін азайып, 37,04%-ға төмендеді. Орта деңгей де 33,33%-дан 16,67%-ға қысқарды.

Олардың жауаптарында арт-технологияны сабақтың мақсатына қарай таңдаудың қажеттілігін түсіну, әртүрлі көркем-шығармашылық тәсілдерді пән мазмұнымен байланыстыру, оқушы әрекетін ұйымдастыру және шығармашылық өнімді оқу нәтижесімен ұштастыру жөніндегі білімнің жүйеленуі көрінді.

Бақылау тобында нәтижелердің негізгі бөлігі орта және төмен деңгейлер арасында бөлінді. Жоғары деңгей 10 студентте анықталып, 19,61%-ды құрады. Орта деңгейдегі 23 студенттің үлесі 45,10%, төмен деңгейдегі 18 студенттің үлесі 35,29% болды.

Бақылау тобында өзгеріс басқа бағытта жүрді. Жоғары деңгей анықтау кезеңіндегі 21,57%-дан 19,61%-ға дейін аздап төмендеді. Орта деңгей 33,33%-дан 45,10%-ға дейін жоғарылады, ал төмен деңгей 45,10%-дан 35,29%-ға дейін кеміді. Бұл көрсеткіштер бақылау тобында төмен деңгейдегі білім алушылардың бір бөлігінің орта деңгейге көтерілгенін, бірақ жоғары деңгейде тұрақты өсім болмағанын көрсетеді.

Бақылау тобында білімнің ішінара толықтырылуы байқалса, эксперимент тобында арт-технологияларды қолданудың әдістемелік негіздері анағұрлым жүйелі меңгерілген. Әсіресе оқу мақсатына сәйкес тәсілді таңдау, бірнеше арт-әрекетті кіріктіру, шығармашылық тапсырманың орындалу ретін анықтау және нәтижені рефлексия арқылы бағалау мәселелеріндегі жауаптардың дұрыстығы артқан.

Осы мәліметтер эксперимент тобы студенттерінің арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолдануды жеке әдістер жиынтығы ретінде емес, оқу мақсаты, оқушы әрекеті, шығармашылық тәсіл және күтілетін нәтиже өзара байланысқан әдістемелік жүйе ретінде меңгере бастағанын көрсетеді.

Іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттің арт-технологияларды таңдап, шығармашылықпен қолдану қабілеті көрсеткіші бойынша қалыптастыру кезеңінен кейінгі өзгерістерді анықтау үшін білім алушыларға мазмұны жағынан жаңартылған үш практикалық тапсырма ұсынылды. Тапсырмаларды құрастыру кезінде студенттің арт-технологияны жай атауы емес, оны оқу мақсатына сәйкестендіріп таңдауы, педагогикалық тұрғыдан негіздеуі және нақты шығармашылық әрекетке айналдыра алуы басты назарда ұсталды.

Мақсаты: болашақ бастауыш білім педагогтерінің педагогикалық міндетке сәйкес арт-технологияны дербес таңдау, оның мүмкіндіктерін шығармашылықпен түрлендіру және нақты оқу жағдайында қолдану қабілетін анықтау.

1-тапсырма. Көрнекі материалды арт-педагогикалық тапсырмаға айналдыру

Студентке қазақтың ұлттық тұрмысына, мәдени мұрасына қатысты 31-сурет берледі.



Сурет 31 – Қазақтың ұлттық тұрмысына, мәдени мұрасы

Тапсырма:

1. Ұсынылған материалды бастауыш мектептің қай пәнінде және қай тақырыпта пайдалануға болатынын анықтаңыз.
2. Нақты оқу мақсатын белгілеңіз.
3. Осы мақсатқа сәйкес бір арт-технологиялық тәсілді таңдаңыз.
4. Таңдаған тәсіліңізді неліктен тиімді деп есептейтініңізді түсіндіріңіз.
5. Оқушылар орындайтын қысқа шығармашылық әрекетті құрастырыңыз.
6. Жұмыстың соңында алынатын шығармашылық өнімді көрсетіңіз.

Мысалы, бір ғана фотосуретті қарастырумен шектелмей, оның негізінде шағын әңгіме құрастыру, ою-өрнек композициясын жасау, дыбыстық бейне қалыптастыру, кейіпкер атынан монолог айту, көріністі драмалау ұсынылады.

Бұл тапсырмада студенттің дайын материалдан педагогикалық мүмкіндікті көре алуы және оны арт-технологиялық әрекетке түрлендіруі бағаланады.

2-тапсырма. Дәстүрлі оқу тапсырмасын арт-технология негізінде қайта құрастыру

Студентке бастауыш сыныпқа арналған дәстүрлі тапсырма беріледі:

«Мәтінді оқып, негізгі ойын анықтаңыз. Мәтін бойынша үш сұраққа жауап беріңіз».

Тапсырма: осы тапсырманы арт-технология мүмкіндіктерін пайдалана отырып қайта құрастырыңыз.

Жұмыста: сыныпты; пәнді; оқу мақсатын; қолданылатын арт-технология түрін; дәстүрлі тапсырмаға енгізілетін өзгерісті; оқушының шығармашылық әрекетін; қажетті құралдарды; күтілетін нәтижені; жұмысты аяқтайтын қысқаша рефлексияны көрсетіңіз.

Студент мәтін мазмұнын суретпен бейнелеу, оқиғаны кадрларға бөлу, кейіпкерлер диалогын сахналау, дыбыстық фон таңдау, коллаж жасау немесе символдар арқылы негізгі ойды көрсету сияқты шешімдердің бірін немесе бірнешеуін ұсына алады.

Бұл тапсырманың ерекшелігі – студенттің бұрыннан белгілі оқу жұмысын жай ғана «безендірмей», оның құрылымын арт-технология арқылы педагогикалық тұрғыдан қайта жобалай алуын анықтау.

3-тапсырма. Шектеулі жағдайда шығармашылық педагогикалық шешім ұсыну

Педагогикалық жағдаят: 4-сыныпта сабақ өтіп жатыр. Оқушылар тақырыптың мазмұнын түсінгенімен, бір бөлігі тапсырманы орындауға белсенді қатыспайды. Сыныпта арнайы көркем материалдар аз: түрлі түсті қағаз, маркер, бірнеше сурет және телефон арқылы дыбыс тыңдату мүмкіндігі ғана бар. Мұғалім 10 минут ішінде барлық оқушыны ортақ шығармашылық әрекетке тартқысы келеді.

Тапсырма:

1. Осы жағдайда қолдануға болатын арт-технологияны таңдаңыз.

2. Таңдауды оқу мақсаты және оқушылардың жас ерекшелігімен байланыстырып негіздеңіз.

3. Қолда бар материалдарды қалай пайдаланатыныңызды көрсетіңіз.

4. Оқушылардың әрекетін кезең-кезеңімен жазыңыз.

5. Белсенділігі төмен оқушыларды жұмысқа тартудың бір тәсілін ұсыныңыз.

6. Қандай нақты нәтиже немесе шығармашылық өнім алынатынын көрсетіңіз.

Бұл тапсырма студенттің арт-технологияны дайын жағдайға механикалық енгізуін емес, нақты шектеулерді ескере отырып, икемді және орындалатын шешім құра алуын бағалайды.

Әр тапсырма бұрынғыдай үш белгі бойынша бағаланды:

- арт-технологияны орынды таңдау – оқу мақсатына, мазмұнға және оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі;

- шығармашылықпен қолдану – дайын үлгіні қайталамай, арт-технология мүмкіндіктерін өзіндік шешіммен түрлендіруі;

- практикалық іске асыру – ұсынылған әрекеттің түсініктілігі, орындалу реттілігі және нақты сабақ жағдайында қолдануға жарамдылығы.


Әр белгі: 2 балл – толық және негізді орындалған, 1 балл – ішінара орындалған, 0 балл – орындалмаған немесе ұсынылған шешім педагогикалық мақсатқа сәйкес келмейді.

Үш тапсырма бойынша ең жоғары көрсеткіш – 18 балл: 14–18 балл – жоғары деңгей, 8–13 балл – орта деңгей, 0–7 балл – төмен деңгей.

Нәтижелер 25-кесте мен 32-суретте көрсетген.

Кесте 25 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды таңдау және шығармашылықпен қолдану қабілетінің деңгейлік көрсеткіштері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	33	61,11	10	18,52	11	20,37
Бақылау тобы	12	23,53	19	37,25	20	39,22



Сурет 32 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды таңдау және шығармашылықпен қолдану қабілеті деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Бақылау кезеңіндегі практикалық жұмыстарды талдау студенттердің тапсырманы орындау тәсілінде өзгеріс болғанын көрсетті. Әсіресе эксперимент тобының жұмыстарында арт-технологияны атаумен шектелмей, оны оқу мақсатына бейімдеу, оқушының шығармашылық әрекетін алдын ала жобалау және күтілетін нәтижені нақтылау жиі кездесті.

Эксперимент тобындағы 54 білім алушының 33-і жоғары деңгейге сәйкес нәтиже көрсетіп, олардың үлесі 61,11%-ды құрады. Орта деңгей 10 студентте анықталып, 18,52%, ал төмен деңгей 11 студентте тіркеліп, 20,37% болды.

Бақылау тобында жоғары деңгейдегі студенттердің саны 12 адам немесе 23,53% болды. 19 студенттің нәтижесі орта деңгейге сәйкес келіп, 37,25%-ды, ал 20 студенттің нәтижесі төмен деңгейге жатқызылып, 39,22%-ды құрады.

Эксперимент тобының практикалық жұмыстарында педагогикалық шешімдердің мазмұны да өзгергені байқалды. Студенттер арт-технологияны таңдағанда оның сыртқы тартымдылығын емес, оқу мақсатына қаншалықты қызмет ететінін негіздеуге көбірек көңіл бөлді. Шығармашылық тапсырмаларда оқушының әрекеті, орындалу реттілігі, қажетті материал және күтілетін нәтиже өзара байланысты берілді. Бірқатар жұмыстарда бір ғана арт-тәсілді қолданумен шектелмей, бейнелеу, драмалау, сөздік шығармашылық пен цифрлық материалдарды өзара үйлестіру байқалды.

Анықтау кезеңіндегі көрсеткіштермен салыстыру нәтижесінде эксперимент тобында жоғары деңгей бастапқы 9,26%-дан 61,11%-ға дейін көтерілді. Өсім 51,85 пайыздық тармақты құрады. Орта деңгей 50%-дан 18,52%-ға дейін төмендеді, ал төмен деңгей 40,74%-дан 20,37%-ға дейін азайды. Бұл орта және

төмен деңгейлерде болған студенттердің елеулі бөлігінің тапсырманы орындауда неғұрлым дербес әрі шығармашылық сипаттағы шешімдер ұсына бастағанын көрсетеді.


Бақылау тобындағы өзгеріс жоғары деңгей анықтау кезеңіндегі 13,73%-дан 23,53%-ға дейін көтерілді. Орта деңгей 39,22%-дан 37,25%-ға дейін шамалы төмендеді, төмен деңгей 47,05%-дан 39,22%-ға дейін азайды. Яғни бұл топта да белгілі бір оң қозғалыс бар, бірақ студенттердің басым бөлігі әлі де орта және төмен деңгейлерде қалып отыр.

Практикалық жұмыстарды сапалық талдау эксперимент тобы студенттерінің арт-технологияларды таңдауда дайын үлгілерге тәуелділігі азайып, өзіндік педагогикалық шешімдерінің көбейгенін аңғартты. Олар оқу мақсатына сәйкес арт-тәсілді таңдап қана қоймай, оны нақты сабақ жағдайына бейімдеуге, қолда бар ресурсты тиімді пайдалануға және шығармашылық өнімнің оқу нәтижесімен байланысын көрсетуге ұмтылды.Демек, бақылау кезеңінің нәтижелері іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттің арт-технологияларды таңдап, шығармашылықпен қолдану қабілеті көрсеткіші бойынша эксперимент тобында жағымды деңгейлік өзгерістің қалыптасқанын байқатады. Іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттің екінші көрсеткіші бойынша бақылау диагностикасында білім алушының орындалған жұмысты жай бағалауы емес, өзінің педагогикалық шешіміне қайта оралып, оның нәтижесін түсіндіруі, сәтті және әлсіз тұстарының себептерін анықтауы, сондай-ақ келесі әрекетіне қандай өзгеріс енгізетінін негіздеуі назарға алынды. Осыған байланысты Б. Ларривидің «Рефлексивтік практиканы бағалау» әдістемесінің бейімделген нұсқасымен алынған жауаптар рефлексивтік тапсырма және әрекетті түзету парағындағы мәліметтермен сабақтастықта қарастырылды.

Бақылау кезеңінде эксперимент тобы студенттерінің жауаптарында рефлексияның мазмұны тереңдей түскені байқалды. Егер жұмыстың алғашқы кезеңдерінде студенттер көбіне «тапсырма орындалды», «әдіс тиімді болды», «оқушыларға ұнады» деген жалпы сипаттағы пікірлермен шектелсе, қорытынды диагностикада олардың едәуір бөлігі нақты әрекетті белгілі бір нәтижемен байланыстырып түсіндіруге ұмтылды. Әсіресе таңдаған арт-технологияның оқу мақсатына сәйкестігін бағалау, күтілген және нақты нәтижені салыстыру, туындаған қиындықтың себебін анықтау және келесі сабаққа өзгеріс ұсыну жауаптарында айқынырақ көрінді. Сауалнаманың нәтижесі 26-кестеде және 33-суретте берілген.

Кесте 26 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды қолдану нәтижелерін талдау, бағалау және өз әрекетіне түзету енгізу білігінің деңгейлік көрсеткіштері

Топ	Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%
Эксперимент тобы	45	83,33	5	9,26	4	7,41
Бақылау тобы	15	29,41	20	39,22	16	31,37



Сурет 33 – Бақылау кезеңіндегі білім алушылардың арт-технологияларды қолдану нәтижелерін талдау, бағалау және өз әрекетіне түзету енгізу білігі деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Эксперимент тобындағы 54 білім алушының 45-і жоғары деңгейге сәйкес келіп, бұл топтың 83,33%-ын құрады. Орта деңгей 5 студентте немесе 9,26%-да, төмен деңгей 4 студентте немесе 7,41%-да анықталды. Демек, бақылау кезеңінде эксперимент тобының негізгі бөлігі өз әрекетін талдау, бағалау және алынған қорытынды негізінде оны өзгертуге даяр жоғары деңгейге шоғырланды.

Эксперимент тобындағы жоғары деңгейлі жұмыстардың ерекшелігі студенттердің нәтижені бағалаумен ғана шектелмей, оған әсер еткен өз әрекетін анықтай алуынан көрінді. Мысалы, студент таңдалған арт-технологияның не себепті нәтижелі болғанын оқушының белсенділігімен, тапсырманың құрылымымен, қолданылған материалмен немесе жұмыс формасымен байланыстырып түсіндірді. Егер нәтиже күтілген деңгейге жетпесе, тапсырманың көлемін азайту, нұсқаулықты нақтылау, басқа арт-тәсілді пайдалану, жұмыс формасын өзгерту немесе оқушыларға таңдау мүмкіндігін беру сияқты нақты түзетулер ұсынды. Мұндай жауаптар рефлексияның сипаттаушы деңгейден әрекетті жетілдіруге бағытталған практикалық деңгейге ауысқанын аңғартады.

Анықтау кезеңімен салыстырғанда бұл бағыттағы өзгеріс айқын байқалады. Эксперимент тобында жоғары деңгей бастапқы 18,52%-дан 83,33%-ға дейін көтеріліп, 64,81%-ға артты. Орта деңгей 38,89%-дан 9,26%-ға, ал төмен деңгей 42,59%-дан 7,41%-ға дейін азайды. Төмен деңгейдің 35,18%-ға қысқаруы студенттердің едәуір бөлігінің орындалған әрекетті жай сипаттаудан оның себептері мен нәтижелерін талдауға қарай өткенін көрсетеді.

Бақылау тобында деңгейлер біркелкілеу бөлінді. 51 білім алушының 15-і, яғни 29,41%-ы жоғары деңгейді көрсетті. Орта деңгейге 20 студент немесе 39,22%, төмен деңгейге 16 студент немесе 31,37% жатқызылды. Бұл топта орта деңгейдің үлесі басым болғанымен, төмен деңгейдегі білім алушылардың үштен бірге жуық бөлігінің сақталуы рефлексивтік әрекеттің барлық студентте бірдей қалыптаспағанын байқатады.

Бақылау тобында да бастапқы және қорытынды нәтижелер арасында белгілі бір өзгеріс орын алды, алайда оның сипаты эксперимент тобымен салыстырғанда

бәсең болды. Жоғары деңгей 15,69%-дан 29,41%-ға дейін өссе, орта деңгей 43,14%-дан 39,22%-ға, төмен деңгей 41,17%-дан 31,37%-ға дейін төмендеді. Яғни бақылау тобында да рефлексивтік біліктің даму белгілері байқалғанымен, студенттердің басым бөлігі өз әрекетінің нәтижесін толық себеп-салдарлық байланыста талдау және соған сәйкес нақты түзету ұсыну деңгейіне бірдей жете алмады.

Осы нәтижелер бақылау кезеңінде эксперимент тобы студенттерінің кәсіби әрекетке рефлексивтік тұрғыдан қарау тәсілінде сапалық ілгерілеу болғанын көрсетеді. Олар арт-технологияны қолданғаннан кейінгі нәтижені тек тіркеп қана қоймай, өз шешімдерінің тиімділігін пайымдау, қиындықтың себебін анықтау, балама жол ұсыну және келесі әрекетті соған сәйкес өзгертуге көбірек бейімделген. Бұл іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттің мазмұнына сәйкес студенттің «әрекет – нәтиже – себеп – бағалау – түзету» байланысын саналы түрде құра алу білігінің қалыптаса бастағанын сипаттайды.

Бақылау кезеңінде алынған нәтижелерді анықтау кезеңінің көрсеткіштерімен салыстыру үшін әр компонент бойынша қолданылған диагностикалық әдістемелердің деңгейлік нәтижелері бір жүйеге келтірілді. Бұл салыстыру қалыптастыру жұмыстары барысында эксперимент тобы білім алушыларының жоғары, орта және төмен деңгейлеріндегі өзгерістерді жеке әдістемелер бойынша анықтауға мүмкіндік берді. Жинақталған мәліметтер 27-кестеде ұсынылды.

Кесте 27 – Эксперимент тобындағы анықтау және бақылау кезеңдерінде диагностикалық әдістемелер бойынша алынған деңгейлік нәтижелер

Диагностикалық әдістемелер	Анықтау кезеңі						Бақылау кезеңі					
	Жоғары		Орта		Төмен		Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Р.М. Райан әдістемесінің бейімделген нұсқасы	7	12,96	23	42,59	24	44,45	34	62,96	12	22,22	8	14,82
Авторлық сауалнама	6	11,11	20	37,04	28	51,85	39	72,22	9	16,67	6	11,11
Орташа мәлі	6,5	12,035	21,5	39,815	26	48,15	36,5	67,59	10,5	19,445	7	12,965
Н.Л. Миллер мен А.Дж. Каньястың әдістемесінің бейімделген нұсқасы	4	7,41	27	50	23	42,59	36	66,67	9	16,67	9	16,66

27-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Авторлық тест	9	16,67	18	33,33	27	50	38	70,37	9	16,67	7	12,96
Орташа мәлі	6,5	12,04	22,5	41,665	25	46,295	37	68,52	9	16,67	8	14,81
Практикалық тапсырмалар	5	9,26	27	50	22	40,74	33	61,11	10	18,52	11	20,37
Б. Ларривидің әдістемесінің бейімделген нұсқасы	10	18,52	21	38,89	23	42,59	45	83,33	5	9,26	4	7,41
Орташа мәлі	7,5	13,89	24	44,445	22,5	41,665	39	72,22	7,5	13,89	7,5	13,89

27-кестедегі диагностикалық нәтижелерді компоненттер бойынша жинақтау мақсатында әр компонентке тиесілі екі әдістеменің көрсеткіштері негізінде орташа мәндер есептелді. Осы арқылы аксиологиялық-мотивациялық, гносеологиялық-танымдық және іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттердің анықтау кезеңінен бақылау кезеңіне дейінгі өзгерісін тұтас салыстыруға мүмкіндік туды. Алынған орташа көрсеткіштер 28-кестеде берілді.

Кесте 28 – Эксперимент тобындағы зерттеу компоненттері бойынша анықтау және бақылау кезеңдерінің орташа деңгейлік көрсеткіштері

Компоненттер	Анықтау кезеңі						Бақылау кезеңі					
	Жоғары		Орта		Төмен		Жоғары		Орта		Төмен	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
Аксиологиялық -мотивациялық	6,5	12,035	21,5	39,815	26	48,15	36,5	67,59	10,5	19,445	7	12,965
Гносеологиялық -танымдық	6,5	12,04	22,5	41,665	25	46,295	37	68,52	9	16,67	8	14,81
Іс-әрекеттік-рефлексивтік	7,5	13,89	24	44,445	22,5	41,665	39	72,22	7,5	13,89	7,5	13,89

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының бақылау кезеңінде қалыптастыру жұмыстары аяқталғаннан кейін эксперимент тобының зерттелетін компоненттердің анықтау және бақылау кезеңдеріндегі деңгейлік көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтарың статистикалық мәнділігін анықтау міндеті қойылды. Осы мақсатта хи-квадрат критерийі қолданылды.

Хи-квадрат критерийінің есептеу формуласы төмендегідей берілген:

$$T=\sum_{i-1}^{C}\frac{(O_{2i}-O_{1i})^2}{O_{1i}+O_{2i}} \quad (5)$$

мұндағы: n_1 – анықтау кезеңіндегі эксперимент тобының саны; n_2 – бақылау кезеңіндегі эксперимент тобының саны;

O_{1i} – анықтау кезеңіндегі і-деңгейдің байқалған жиілігі;

$O2_i$ – бақылау кезеңіндегі і-деңгейдің байқалған жиілігі;

С – салыстырылатын деңгейлер саны.

Біздің зерттеуімізде үш деңгей – жоғары, орта және төмен – қарастырылғандықтан: С=3, ν =С-1=2.

α=0,05 мәндік деңгейінде және ν=2 еркіндік дәрежесінде хи-квадрат критерийінің критикалық мәні:$T_{кр}$=5,99.

Статистикалық болжамдар төмендегідей тұжырымдалды:

H_0 – эксперимент тобының анықтау және бақылау кезеңдеріндегі зерттелетін компоненттердің деңгейлік көрсеткіштері арасында статистикалық мәнді айырмашылық жоқ;

H_1 – эксперимент тобының анықтау және бақылау кезеңдеріндегі зерттелетін компоненттердің деңгейлік көрсеткіштері арасында статистикалық мәнді айырмашылық бар.

Егер $T_{эмп}>T_{кр}$ болса, H_0 нөлдік болжам қабылданбайды және H_1 альтернативті болжамы қабылданады.

Бақылау кезеңінде аксиологиялық-мотивациялық компонент бойынша эксперимент тобында деңгейлердің орташа көрсеткіштерінің мәндерін формулаға саламыз:

$$T=\frac{(36,5-6,5)^2}{6,5+36,5}+\frac{(10,5-21,5)^2}{21,5+10,5}+\frac{(7-26)^2}{26+7}=35,65 \quad (6)$$

Критикалық мәнмен салыстырамыз:35,65>5,99. Демек, аксиологиялық-мотивациялық компонент бойынша H_0 нөлдік болжамы қабылданбайды және H_1 альтернативті болжамы қабылданады. Эксперимент тобындағы анықтау және бақылау кезеңдерінің нәтижелері арасында статистикалық мәнді айырмашылық бар.

Гносеологиялық-танымдық компонент:

$$T=\frac{(37-6,5)^2}{6,5+37}+\frac{(9-22,5)^2}{22,5+9}+\frac{(8-25)^2}{25+8}=35,93 \quad (7)$$

Салыстыру: 35,93>5,99. Осыған сәйкес гносеологиялық-танымдық компонент бойынша да H_0 болжамы қабылданбайды. Эксперимент тобының анықтау және бақылау кезеңдеріндегі деңгейлік көрсеткіштері арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді.

Іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент:

$$T=\frac{(39-7,5)^2}{7,5+39}+\frac{(7,5-24)^2}{24+7,5}+\frac{(7,5-22,5)^2}{22,5+7,5}=37,48 \quad (8)$$

Критикалық мәнмен салыстырғанда: 37,48>5,99.

Демек, іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент бойынша да H_0 нөлдік болжам қабылданбайды және эксперимент тобының анықтау және бақылау кезеңдеріндегі деңгейлік көрсеткіштері арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді.

Алынған нәтижелер эксперимент тобында анықтау кезеңінен бақылау кезеңіне қарай аксиологиялық-мотивациялық, гносеологиялық-танымдық және іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттердің деңгейлік көрсеткіштерінде

статистикалық тұрғыдан мәнді өзгерістер болғанын көрсетті. Атап айтқанда, бақылау кезеңінде жоғары деңгейдегі білім алушылар үлесі едәуір артқан, ал орта және төмен деңгейлердегі білім алушылар үлесі азайған.

Бұл өзгерістердің барлық компоненттер бойынша $T_{эмп}>T_{кр}$ шартымен статистикалық тұрғыдан расталуы зерттеу барысында жүзеге асырылған арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесінің тиімділігін айқындайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың теориялық негіздерін жүйелеуге, оның мазмұны мен құрылымын нақтылауға және жоғары оқу орны жағдайында жүзеге асыруға арналған әдістемелік жүйені тәжірибеде тексеруге бағытталды. Зерттеу нәтижелері алға қойылған міндеттерге сәйкес төмендегідей тұжырымдар жасауға негіз болды.

1. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды.

Отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді талдау негізінде «арт-технология», «арт-педагогика», «арт-терапия», «кәсіби педагогикалық даярлық» ұғымдарының мазмұны сараланып, олардың өзара байланысы нақтыланды. Арт-технология мен арт-терапияның мақсаттық бағыттары ажыратылып, арт-технология өнер мен педагогиканың өзара ықпалдастығына негізделген, көркем-шығармашылық әдістерді оқу-тәрбие міндеттерін шешуде қолдануға бағытталған педагогикалық технология ретінде қарастырылды.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті, ән-күйі, қолөнері, ұлттық ойындары, салт-дәстүрлері мен көркем мұрасы болашақ педагогтерді даярлауда пайдаланылатын арт-педагогикалық мазмұнның ұлттық негізі ретінде зерделенді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік және инновациялық-технологиялық тұғырлар құрады. Осы негізде арт-технологиялар арқылы кәсіби даярлау студенттің өнер мен шығармашылық әдістерді педагогикалық мақсатта қолдануға қызығушылығы мен ынтасын, теориялық білімін, практикалық білігін және өз әрекетін талдап, жетілдіру дағдысын қалыптастыратын біртұтас үдеріс ретінде нақтыланды.

2. Цифрлық контент арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың тиімді құралы ретінде сипатталды.

Зерттеуде цифрлық контентті іздеу, таңдау, өңдеу, сақтау, жүйелеу және оқу мақсатына сәйкес пайдалану болашақ педагогтің кәсіби даярлығының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Coursera, Kahoot!, Kami, Nearpod платформаларын, виртуалды музейлерді, білімдік веб-сайттар мен әлеуметтік желілердегі мәдени-көркем материалдарды арт-технологиялық тапсырмалармен байланыстыра қолдану жолдары жүйеленді.

Студенттер мен оқытушыларға арналған «КӨРКЕМ» цифрлық контентті дидактикалық қоржын-папкасы әзірленді. Оның мазмұны көркем сөз, әдебиет пен поэзия, шешендік өнер, би және қимыл, ән-күй мен музыка, ұлттық және заманауи сән, ұлттық мәдениет, педагогтің келбеті, зергерлік өнер, сурет, фото және қолөнер бағыттары бойынша топтастырылды.

3. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктері нақтыланды. Олар: арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық құрал ретінде меңгеруге ынталандыру; педагогикалық, пәндік және көркемдік білімді өзара кіріктіру; кәсіби-педагогикалық жағдаяттарды шығармашылықпен модельдеу және шешу; өзіндік

шығармашылық тәжірибені болашақ педагогикалық әрекетке көшіру; кәсіби әрекетті талдау, бағалау және жетілдіру мүмкіндіктерін қамтиды.

Аталған мүмкіндіктер болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологиялардың педагогикалық құндылығын түсінуіне, оларды кәсіби міндеттерді шешудің тиімді құралы ретінде саналы таңдауға, нақты педагогикалық жағдаяттарға бейімдеп қолдануға және өз әрекетінің нәтижесін рефлексивтік тұрғыдан бағалауға негіз болады. Сонымен қатар бұл мүмкіндіктер студенттердің шығармашылық дербестігін, кәсіби ойлауын және арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде мақсатты қолдануға даярлығын дамытуға бағытталған.

4. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

Зерттеудің теориялық қағидалары мен анықталған педагогикалық мазмұн негізінде әзірленген модель өзара байланысты мақсаттық-әдіснамалық, мазмұндық-технологиялық және бағалаушы-нәтижелік блоктардан құрылды.

Мақсаттық-әдіснамалық блокта арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың мақсаты, тұжырымдамалық негізі, әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары айқындалды.

Мазмұндық-технологиялық блок болашақ педагогтің кәсіби даярлығын қалыптастыратын негізгі мазмұнды, компоненттерді, кезеңдерді, оқыту формаларын, әдістері мен құралдарын біріктірді. Кәсіби даярлықтың құрылымы үш компонент арқылы анықталды. Аксиологиялық-мотивациялық компонент арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық әрекетте қолдануға қызығушылық пен оларды меңгеруге ынтаны қамтыды. Гносеологиялық-танымдық компонент арт-технологиялардың мәні, түрлері, педагогикалық қызметтері және қолдану әдістері мен тәсілдері туралы түсінігі мен білімін сипаттады. Іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент арт-технологияны оқу мақсатына сәйкес таңдау, шығармашылықпен қолдану, орындалған әрекетті талдау, бағалау және оған түзету енгізу білігін қамтыды.

Бағалаушы-нәтижелік блокта әр компонентке сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштер анықталып, кәсіби даярлықтың жоғары, орта және төмен деңгейлерінің сипаттамалары берілді. Осы блок арқылы студенттердің бастапқы даярлық деңгейі, қалыптастыру жұмысынан кейінгі өзгерістер және күтілетін нәтиженің жүзеге асуы диагностикаланды.

Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық модельдің үш блогы мақсат пен әдіснамалық негізден бастап, мазмұн мен оны жүзеге асыру технологиясына, одан нақты өлшемдер арқылы бағаланатын нәтижеге дейінгі даярлау үдерісін бірізді жүйеге біріктірді.

5. Арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді.

Әдістемелік жүйенің негізгі құрамына «Арт-технология теориясы және әдістемесі» арнаулы курсы, дәріс, семинар, практикалық сабақтар, студенттердің

өзіндік жұмысы, шығармашылық жобалар, «КӨРКЕМ» цифрлық дидактикалық қоржын-папкасы және «Арт-клубы» ның жұмысы енгізілді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысында эксперимент тобында 54, бақылау тобында 51 білім алушы қамтылды. Диагностика аксиологиялық-мотивациялық компонент бойынша Р.М. Райан әдістемесінің бейімделген нұсқасы мен авторлық сауалнама; гносеологиялық-танымдық компонент бойынша Н.Л. Миллер мен А.Дж. Каньяс әдістемесінің бейімделген нұсқасы мен авторлық тест; іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент бойынша практикалық тапсырмалар мен Б. Ларриви әдістемесінің бейімделген нұсқасы арқылы жүргізілді.

Бақылау кезеңінде эксперимент тобында жоғары деңгей аксиологиялық-мотивациялық компонент бойынша 12,04%-дан 67,59%-ға, гносеологиялық-танымдық компонент бойынша 12,04%-дан 68,52%-ға, іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент бойынша 13,89%-дан 72,22%-ға артты. Төмен деңгей сәйкесінше 48,15%-дан 12,97%-ға, 46,30%-дан 14,81%-ға, 41,67%-дан 13,89%-ға дейін төмендеді.

Математикалық-статистикалық өңдеуде аксиологиялық-мотивациялық компонент бойынша $T_{эмп}$=35,65, гносеологиялық-танымдық компонент бойынша $T_{эмп}$=35,93, іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент бойынша $T_{эмп}$ =37,48 алынды. Барлық компонент бойынша $T_{эмп} > T_{кр}$=5,99 шартының орындалуы анықтау және бақылау кезеңдері арасындағы өзгерістердің статистикалық мәнді екені және зерттеу барысында жүзеге асырылған арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесінің тиімділігі тексерілді.

Теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, тәжірибелік-эксперимент барысында тиімділігі дәлелденген әдістемелік жүйені білім беру тәжірибесінде қолдану үшін төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- арт-технологиялар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлаудың теориялық қағидалары мен құрылымдық-мазмұндық моделін педагогикалық бағыттағы кәсіби пәндерге кіріктіріп қолдану;

- «Арт-технология теориясы және әдістемесі» арнаулы курсын, «КӨРКЕМ» цифрлық дидактикалық қоржын-папкасын және «Арт-клуб» жұмысын болашақ бастауыш білім педагогтерін даярлау үдерісінде пайдалану;

- зерттеуде жүйеленген арт-технологиялық әдістерді, шығармашылық тапсырмалар мен диагностикалық құралдарды педагогикалық практикада және болашақ педагогтердің кәсіби даярлық нәтижелерін бағалауда қолдану ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957 16.01.2025.

2 Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы. https: //adilet. zan. kz/kaz/docs/P2300000248

3 UNESCO ICT Competency Framework for Teachers. VERSION 3. – Text: electronic. – Digital library UNESCO: http://ru.unesco.kz/unesco-ict-competencyframework-for-teachers-version-3

4 Никитина И.П. Функции искусства в современном обществе // Наука, литература и искусство; на путях к обретению истины. – 2010. – №5. – С. 297-298.

5 Чурашов А.Г. Арт-педагогика как перспективное направление в современной парадигме образования // Вестник Южно-Уральского государственного гуманитарно-педагогического университета. – 2020. – №6. – С. 227-241.

6 Светоносова Л.Г. Арт-технологии как средство формирования педагогической культуры будущего учителя // Интернет-журнал «Мир науки». – 2016. – Т. 4, №3. – С. 18-29.

7 Подласый, И.П. Педагогика. Новый курс: учебник для студ. пед. ВУЗов // В 2 кн. – М.: Издательство ВЛАДОС, 2002. – 256 с.

8 Ковязина И.В. Арт-педагогическая технология в развитии поликультурного мышления в образовательно-воспитательном процессе подготовки будущих педагогов // Педагогическое образование – Pedagogical Education. – 2025. – Т. 6, №6. – С. 82-91.

9 Булаева М.Н., Ахлынова А.А., Кольцова В.Ю. Возможности арт-педагогических технологий в самореализации молодежи // Проблемы современного педагогического образования. – 2024. - №1. – С. 77 – 79.

10 Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. – М., 1998. – 102 с.

11 Анцыферова Л.И. Личность в трудных жизненных условиях // Переосмысливание, преобразование ситуаций и психологическая защита и психологический журнал. – М., 1994. – 133 с.

12 Вершиловский С.Г. Непрерывное образование: историко-теоретический анализ феномена. – Спб., 2008. – 169 с.

13 Кларин М. В. Педагогическая технология в учебном процессе. – М.: Знание, 2003. - 80 с.

14 Филиппов Ф.Р. Социология образования. – М.: Наука, 1980. – 197 с.

15 Қасымова Р.С., Сүлеймен М.М. The History and Potential of Art Therapy in the Prevention of Social Phobias // Students Journal of Educational Sciences. -Алматы, 2019. - №1. – P. 16-20.

16 Анламасова Г.А. Мектеп оқушыларын адамгершілік құндылықтар негізінде әлеуметтендіру: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы. 2005. – 144 б.

17 Митини Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя. – М., 2004. – 122 с.

18 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: учебное пособие. –Изд-во Питер, 2002. - 255 с.

19 Намазбаева Ж.И., Лавриненко Н.С. Технология формирования психологический здоровой личности: учебно-методическое пособие. – Алматы, 2011. – 138 с.

20 Зеер Э.Ф. Психология профессий: учебное пособие для студентов вузов. – Изд. 5-е., пераб., доп. – М.: Академический проект, 2020. – 300 с.

21 Новиков А.М. Методология художественной деятельности. - М.: Эгвес, 2008. - 105 с.

22 Шабалина О.Л., Рыбаков А.В. Формирование готовности выпускников педагогических специальностей университета к патриотическому воспитанию учащихся средствами краеведения // Современные проблемы науки и образования. - 2014. - №1. - С. 85.

23 Яковлева Н.М. Психологическая помощь дошкольнику: программа комплексного развития и коррекции различных сторон психики. – М.: Сфера, 2002. – 127 с.

24 Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2005. - 85 с.

25 Хан Н.Н., Жампейсова К.К. Педагогика: учебное пособие для студентов бакалавриата специальной группы. – Алматы: Образование, 2017. - 88 с.

26 Хайруллин Г.Т. Педагогика общеобразовательной школы:учебное пособие. – Астана: ПрофиМакс, 2014. - 400 с.

27 Саудабаева Г.С., Шолпанқұлова Г.К. Пәнаралық байланыс негізінде студенттерде метапәндік құзыреттерді қалыптастыру // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2020. – №1(65). – Б. 43–48.

28 Барсай Б.Т.Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру. – Алматы, 2008. – 144 б.

29 Джанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері. - Алматы, 2010. – 127 б.

30 Уайдуллақызы Э. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 168 б.

31 Мулдабекова К.Т. Болашақ мамандардың құзіреттілігін ақпараттық технологиялар негізінде қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 158 б.

32 Оспанбекова М.М. Болашақ мамандарды арт-технологиялар негізінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға даярлау // II Sciehtific Jornal of Pedagogy fyd Economics. - 2023. – Б. 4. – Б. 276-288.

33 Сартаева Н.Т. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекеті және оның мотивациясын қалыптастыру // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеушілер» сериясы. – Алматы, 2016. – №1(17). – Б. 19-27.

34 Асылжанова Д.Е. Формирование иноязычной коммуникативной компетенции младших школьников на основе технологии бучения в сотрудничестве // Известия. Серия: Педагогические науки. – Алматы: КазУМО и МЯ им. Абылай хана, 2023. – Т. 71, №4. – С. 18-27.

35 Умирбекова А.Н. Методика формирования предметных знаниий учащихся начальных классов на основе STEM образования. – Алматы, 2025. – Т.1. – С. 29-38.

36 Жанадилова Қ.Б. Бастауыш сынып оқушыларына эстетикалық тәбие берудің педагогикалық негіздері // Вестник Костанайского инженерно-экономического университета. – Қостанай, 2017. – №3. – С. 18-33.

37 Стамбекова Ж., Ералиева А., Максотова Т. Приобщение будущих педагогов изоброзительного искусства к инновационной деятельности на основе графической программы Procreate // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогические науки». – Алматы, 2024. – №4. – С. 100-133.

38 Нағымжанова Қ.М., Рахметоллақызы А. Инновациялық үдерісте білім беру саласында арттерапияны қолданудың тиімділігі // Научный альманах. – Нұр-Сұлтан, 2021. – №9. – Б. 20-26.

39 Нуржанова С.А. Психолого-педагогические основы формирования креативного мышления будущих специалистов в системе высшего профессионального образования. – Астана, 2010. – 166 с.

40 Жұмаш Ж.Е., Жумабаева А.Е. Креативность будущих учителей начальных классов как научная конструкция // Педагогика и психология. – Алматы, 2018. – №4. – С. 14-27.

41 Жияшева Ж.Ш. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау. – Алматы, 2021. – 122 б.

42 Қыдырбаева Г.Б., Стамбекова А.С. Отношение будущих учителей начальных классов к CLIL технологиям в многоязычном образовании // Вестник НАН РК. – Алматы, 2023. - №1. – С. 164.

43 Әуезов М. Әдебиет тарихы: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

44 Алтынсарин Ы. Этнографиялық очерктер және ауыз әдебиет үлгілері = Этнографические очерки и образцы устного творчества. – Алматы: Алтын кітап, 2007. – 166 с.

45 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.

46 Маслоу А.Новые рубежи человеческой природы. – М.: Смысл, 1999. - 425 с.

47 Роджерс К. Гуманистическая психология. Теория и практика. – М.: Модэк, 2013. – 312 с.
48 Пономарев Я.А. Психология творчества. – М.: Наука, 1976. – 302 с.
49 Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу құралы. -Алматы: Қазақ университеті, 2011. - 162 б.
50 Қасен Г.А., Төлешова Ұ.Б., Мұқашова А.Б. Арт-терапиялық практикум: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2018. – 118 б.
51 Небесаева Ж.О. Технология артпедагогического подхода в подготовке учителя // Материалы Форума Молодых ученых на тему «Живые мифы и легенды родного края».- Алматы, 2016. - С. 35-38.
52 Мынбаева А.К., Сеилханова М.Е., Смайлова А.Е. Арт-педагогика. Дидактическая креативность педагога. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 103 с.
53 Мадалиева З.Б., Мукашева А.Б., Қасен Г.А., Сеилханова М.Е. Развитие арт-педагогических и арт-терапевтических школ: мировой опыт. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 46 с.
54 Елкина М.В., Пушкарева Л.Г., Слепцова Т.В. Арт-педагогика: учебно-методическое пособие. – Омск: СибГУФК, 2023. – 224 с.
55 Нурке М.С. Артпедагогика как условие творческой деятельности в обучении у студентов // Молодёжная наука. – 2016. - №1. – С. 18-27.
56 Юдин Э.Г. Методология науки. Системность. Деятельность. – М.: наука, 2016. – 448 с.
57 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
58 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.
59 Пономарев Я.А. Психика и интуиция: неопубликованные материалы, стихи, рисунки и фотографии / ред.-сост. А.Л. Журавлев, Т.В. Галкина. – М.: Арис, 2010. – 292 с.
60 Айтбаев А.Б., Касен Г.А. Арт методы в образовании: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 100 с.
61 Usama Qamar. Art In Indian Education System https://www.pranjalarts.com/blog/art-in-indian-education-system 19.03.2025.
62 Art Education in China http://np.china-embassy.gov.cn/eng/Education/200410/t20041027_1586472.htm 11.04.2025.
63 Educatin in Japan Community https://educationinjapan.wordpress.com/education-system-in-japan-general/the-present-state-of-arts-education-in-japan/ 19.04.2025.
64 Art Education Egypt -https://fount.aucegypt.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=2408&context=etds 17.08.2025.
65 Türkiye'de sanat eğitimini (yeniden) düşünmek aralik 2014. Bu rapor, İstanbul Kültür Sanat Vakfı'nın kültür politikaları çalışmaları kapsamında

hazırlanmıştır https://www.iksv.org/i/content/230_1_SanatEgitimi_2014.pdf 19.03.2025.

66 European Schools Office of the Secretary-General Pedagogical Development Unit.Syllabus for Art education (Primary cycle) Approved by the joint teaching committee meeting 2013. In Brussels Immediate implementation for a transitional period. - 2014.

67 Небесаева Ж.О. Формирование готовности будущего учителя к творческой художественно-изобразительной деятельности средствами артпедагогики: дис. ... док. филос. (PhD). – Алматы, 2017. - 179 с.

68 Мынбаева А.К., Булатбаева А.А. Арт-педагогика и дидактическая креативность педагога в проектировании новых методов обучения и развития // Вестник Академии педагогических наук Казахстана. – 2017. – №4. – С. 15–24.

69 Жолдасбекова С.А., Мадиева Д.П., Каратаева Г.С. Болашақ педагогтердің арт-технологиялық әрекетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі. - Алматы, 2000. – 120 б.

70 Решетникова Е.Н. Арт-педагогическая технология в развитии изобразительной деятельности детей старшего дошкольного возраста // Журнал «Современные проблемы науки и образования». – 2020. – №3. – С. 18-33.

71 Бакеева Л.Р. Арт-технологии: специфика применения в образовании. – Студенческий научный форум -2019. – XI Международная студенческая научная конференция https://scienceforum.ru/2019/article/2018011490/comments 19.04.2025.

72 Медведева Е.А., Левченко И.Ю., Комиссарова Л.Н., Добровольская Т.А. Артпедагогика и арттерапия в специальном образовании: учебник для студентов сред. и высш. пед. учеб. заведений. – М.:Academia, 2001. - 248 с.

73 Лебедева Л.Д. Педагогические основы арттерапии: дис. … канд. пед. наук. - Спб., 2000. – 215 с.

74 Гришина А.В. Развитие творческой индивидуальности подростков средствами АРТ-терапии в учреждениях дополнительного образования: дис. ... канд. пед.наук. – Волгоград, 2004. - 32 с.

75 Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы: Қазақстан Республикасы. Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы, №31 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031 18.04.2025.

76 Фрейд З. Введение в психоанализ: Лекции. - М.: Наука, 1995. - 456 с.

77 Юнг К.Г. Психология и поэтическое творчество. Самосознание культуры и искусства XX века. Западная Европа и США. - М.; Спб.: Университетская книга, 2000. - С. 114-130.

78 Маслоу А. Мотивация и личность. – Изд. 3-е. – СПб.: Питер, 2018. – 352 с.

79 Роджерс К., Фрейберг Дж. Свобода учиться / под науч. ред. А.Б. Орлова. – М.: Смысл, 2002. – 528 с.

80 Киселева М.В. Арт-терапия в работе с детьми: Руководство для детских психологов, педагогов, врачей и специалистов, работающих с детьми. – СПб.: Речь, 2008. – 160 с.

81 Жұмабаев М. Шығармалары: (әдеби басылым) / құраст. С Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – Т. 1. - 376 б.

82 Кабкова Е.П. Педагогические технологии в дополнительном художественном образовании детей. – М.: Просвщение, 2011. - 176 с.

83 Herbert Read. Education througt ART. - 2000. – 355 p.

84 Yinmei Wan Review of Evidence: Arts Education Research Through the Lens of the Every Student Succeeds Act // «International Journal of Education Through Art» https://www.insea.org/international-journal-of-education-through-art/ 11.09.2025.

85 Elliot W. Eisner. What can education learn from art regarding the practice of education? The article is based on a lecture given by Dr. Eisner in 2002 at Stanford University // International Journal of Education Through Art» https://infed.org/what-can-education-learn-from-the-arts-about-the-practice-of-education/ 20.04.2025.

86 Старикова С.В. Арт-технологии как средство подготовки студентов к социально-педагогической деятельности в системе профессионального образования https://cyberleninka.ru/article/n/art-tehnologii-kak-sredstvo-podgotovki-studentov-k-sotsialno-pedagogicheskoy 22.08.2025.

87 Сергеева Н. Ю. Основы арт-педагогической деятельности: учебное пособие. – Чебоксары: Чувашский ГПУ, 2009. – 234 с.

88 Алексеева М.Ю. Развитие творческого мышления младших школьников средствами арт-терапии (на материале обучения иностранному языку): дис. ... канд. пед. наук. – 2007. – 244 с.

89 Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі, №338 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне, №5750 болып енгізілді.

90 Колосов В.Г. Введение в инноватику: учебное пособие. – Спб.: Изд-во СПбГПУ, 2002. - 148 с.

91 Троянская С.Л. Общекультурная компетентность: опыт определения и структурирования // Культурно-историческая психология. - 2008. - №2. - С. 19–23.

92 Амонашвили Ш.А. Гуманно-личностный подход к детям. – М.: Институт практической психологии, 1998. – 544 с.

93 Копытина А.И. Практическая арт-терапия: лечение, реабилитация, тренинг: сборник научных статей. – М.: Когито-Центр, 2017. – 288 с.

94 Ситникова О.В. Художественный метод в содержании и технологиях педагогического образования: учебное пособие. - Ставрополь: СКФУ, 2014.-137 с.

95 Рабилова З.Ж. Задачи формирования профессионально-творческой активности будущих учителей изобразительного искусства в процессе

пленэрной практики. Пленэрлік практика барысында болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың міндеттері // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки». Алматы, 2010. – №1(25). – С. 57–63.

96 Летин А.С. Компьютерная графика. – М.: ГОУВПО «МГУС», 2005. – 125 с.

97 Ананьев Б.Г. Задачи психологии искусства // Художественное творчество: сборник. – Ленинград, 1982. - С. 236-242.

98 Уильямс Х. Говорящий рисунок, или как познать свое глубинное "Я". – М.:АСТ, 2007. – 204 с.

99 Ивахнова Л.А. Арт-педагогика в подготовке учителей изобразительного искусства // Вестник образования. Гуманитарные исследования. - 2015. – №4(8). - С. 63-65.

100 Брунер Дж. Психология познания за пределами непосредственной информации. – М.: Прогресс, 1977. - 412 с.

101 Маковец Л.А. Арт-педагогика в современном образовании // Педагогический журнал. - 2017. - Т.7, №6. - С. 36-45.

102 Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

103 Богоявленская Д.Б. Психология творческих способностей: учеб. пособие для студентов. – М.: Академия, 2002. - 320 с.

104 Станиславский К.С. Работа актера над собой. – М.: Искусство, 1954. -Ч.1. – 330 с.

105 Станиславский К.С. Моя жизнь в искусстве. – СПб.: Азбука, 2024. – 576 с.

106 Станиславский К.С. Работа над ролью. – М.: АСТ, 2024. – 544 с.

107 Зязюн И.А. Основы педагогического мастерства. – М.: Просвещение, 1989. – 302 с.

108 Зязюн І.А. Педагогіка добра: ідеали і реалії: Наук.-метод, посіб. - К.: МАУП, 2000. – 312 с.

109 Гиппиус С.В. Тренинг развития креативности. Гимнастика чувств. – СПб.: Речь, 2001. – 346 с.

110 Байтұрсынұлы А. Тіл құрал. Алты томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Ер-Шежіре, 2013. – Т. 3. – 384 б.

111 Жұмабаев М. Педагогика: оқулық. – 3-ші басылым. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

112 Аймауытов Ж. Психология // Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-Шежіре, 2019. – Т. 4. - 446 б.

113 Выготский Л.С. Собрание сочинений. – М.: Педагогика, 1982. - Т. 1. -488 с.

114 Давыдов В.В Проблемы развивающего обучения. – М.: Педагогика, 2006. - 240 с.

115 Талызина Н.Ф. Педагогическая психология. – М.: Академия, 1998. – 288 с.

116 Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М.: Логос, 2000. – 384 с.
117 Шадриков В.Д. Проблемы системогенеза профессиональной деятельности. – М.: Наука, 1982. – 185 с.
118 Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.: Знание, 1996. – 308 с.
119 Малашенкова Е.А., Малашенкова Е.С. Психолого-педагогический аспект художественно-творческой деятельности http://pandia.ru/text/78/151/19519.php 17.08.2025.
120 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1-қыркүйек, 2023 жыл https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333 19.05.2025.
121 "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Күшін жойған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы, №827 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 17 мамырдағы, №311 қаулысымен.
122 Утеулиев К.Ж., Ажибеков Н.К. Мадияров М. Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ математика мұғалімдеріне мектеп геометрия курсын оқыту әдістері // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Сериясы: Педагогика. Психология. Социология. – 2022. - №4. - Б. 357-368.
123 Носкова Т.Дидактика цифровой среды. – Спб.: РГПУ им. А.И. Герцена, 2020. – 384 с.
124 Колыхматов В.И. Профессиональное развитие педагога в условиях цифровизации образования. – Спб.: ГАОУ ДПО «ЛОИРО», 2020. – 135 с.
125 Working Group on Education:Digital skills for life and work. September 2017 https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000368076 18.06.2025.
126 UNESCO. UNESCO ICT Competency Framework for Teachers. Version 3. – Paris: UNESCO, 2018. – 68 p.
127 Kharbach M. 10 digital skills for teachers, 2016 https://www.educatorstechnology.com/2016/02/another-excellent-posterfeaturing-10-digital-skills-for-teachers.html 13.05.2025.
128 Ребко О.В. Цифровая культура будущих педагогов: результаты анализа и оценки // Цифровая гуманитаристика и технологии в образовании (DHTE 2022): сб. статей III Всероссийской научно-практической конференции с международным участием / под ред. В.В. Рубцова, М.Г. Сороковой, Н.П. Радчиковой. – М.: Издательство ФГБОУ ВО МГППУ, 2022. – С. 135–147.
129 COURSERA. Arts and Humanites https://www.coursera.org/browse/arts-and-humanities/music-and-art 16.03.2025.
130 EdX. Learn creativity with online courses and programs https://www.edx.org/learn/creativity?hs_analytics_source=referrals&utm_source=mooc.org&utm_medium=referral&utm_campaign=mooc.org-topics 15.01.2025.
131 Kahoot! app. https://kahoot.com/home/mobile-app/ 11.09.2025.

132 Kami. https://web.kamihq.com 13.07.2025.
133 CampEngage https://nearpod.com 26.01.2025.
134 Неретина Т.Г. Использование арт-технологий в высших учебных заведениях: анализ и перспективы // Управление образованием: теория и практика. – 2023. – Т. 13, №11(2). – С. 87–92.
135 Холодова М.В. Арт-технологии в образовании: история, теория и практика // Педагог-исследователь: взгляд в будущее: материалы XII научно-практической конференции студентов и преподавателей. – Красноярск: Красноярский педагогический колледж №1 им. М. Горького, 2020. – С. 113–119.
136 Асташкина Н.А. Профессиональная подготовка будущих учителей начальных классов на современном этапе развития педагогического образования // Международный научный журнал «Вестник науки». – 2025. – Т. 2, №7(88). – С. 222–228.
137 Krasovska O., Miskova N., Veremchuk A. Professional training of future preschool teachers in the field of artistic and aesthetic education by means of contextual learning technologies // Behavioral Sciences. – 2020. – Vol. 10, №2. – P. 50.
138 Володина К.А. Арт-технологии и образовательный процесс в вузе // Экстрабилити как феномен инклюзивной культуры: Дизайн инклюзивного взаимодействия: сборник статей IV Международной научно-практической конференции. – Екатеринбург: Издательский дом «Ажур», 2022. – С. 33–37.
139 Егорова И.А. Сфера и возможности применения арт-технологий в обучении // Вестник Таганрогского института управления и экономики. – 2008. – №1. – С. 1–5.
140 Инновационные процессы в образовании: учеб. пособие / сост. Л.П. Качалова, Л.Г. Светоносова. – Изд. 2-е., стер. – М.: ФЛИНТА, 2024. - 147 с.
141 Кунгурова И.М., Воронина Е.В., Долженко С.Г. Арт-технологии в формировании инновационной педагогической деятельности у студентов (на примере преподавания дисциплины «Технологии и методики обучения иностранным языкам») // Интернет-журнал «НАУКОВЕДЕНИЕ». – 2014. – №6(25). – С. 15.
142 Касен Г.А., Айтбаева А.Б. Арт-педагогика и арт-терапия в инклюзивном образовании: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 300 с.
143 Liebmann M. Art Therapy for Groups: A Handbook of Themes and Exercises. – 2nd ed. – New York: Brunner-Routledge, 2004. – 349 p.
144 Larrivee B. Development of a tool to assess teachers' level of reflective practice // Reflective Practice. – 2008. – Vol. 9, №3. – P. 341–360.
145 Лебедева Л.Д. Педагогические основы арт-терапии в образовании. – СПб.: ЛОИРО, 2001. – 320 с.
146 Горев В.В. Художественная деятельность как способ самопознания и развития личности: автореф. ... канд. психол. наук. – Астрахань, 2003. – 17 с.
147 Кожагулов А.Т. Арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2024. – 314 б.

148 Сокольников Ю.П. Общая педагогическая теория. Системное понимание педагогической действительности. – М.; Белгород: АПСН, ассоциация «Воспитание»; БелГУ, 1997. - 32 с.

149 Жолдасбекова С.А., Мадиева Д. Болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерінің арт-технологиялық құзыреттілігін арттыру // Абылай хан атындағы ҚХҚ ӘТУ Хабаршысы. «Педагогика» сериясы. – 2021. - №3(62). – Б. 29-41.

150 Корытова Г.С. Базисные стратегии совладания в профессиональном поведении // Вестник ТГПУ. - 2013. - №4. - С. 117-123.

151 Сластенин В.А., Чижакова Г.И. Введение в педагогическую аксиологию.- М.: АКАДЕМИЯ, 2003. – 192 с.

152 Успенский В.Б., Чернявская А.П. Введение в психолого -педагоги - ческую деятельность. – М.: ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. – 176 с.

153 Краевский В.В. Общие основы педагогики: учебник для студ. высш. пед. учеб. заведений. - М.: Издат. центр «Академия», 2008. - 256 с.

154 Козырева О.А., Козырев Н.А. Педагогическая рефлексия в модели детерминации, оптимизации и исследования качества профессионально-педагогической подготовки // Электронный научно-практический журнал «Психология, социология и педагогика» https://psychology.snauka.ru/2015/08/5658 17.05.2025.

155 Выготский Л.С. Психология искусства. – М.: Искусство, 1986. – 576 с.

156 Бородина Т.Ф. Формирование творческого мышления будущих учителей как проблема профессионального образования // Педагогика и психология образования. - 2019. - №3. – С. 53-61.

157 Подласый И.П. Педагогика. 100 вопросов - 100 ответов: учеб. пособие для вузов. - М.: ВЛАДОС-Пресс, 2004. - 365 с.

158 Ryan R.M., Mims V., Koestner R. Relation of reward contingency and interpersonal context to intrinsic motivation: A review and test using cognitive evaluation theory // Journal of Personality and Social Psychology. - 1983. - Vol. 45, №4. - P. 736-750.

159 Miller N.L., Cañas A.J. A Semantic Scoring Rubric for Concept Maps: Design and Reliability // Concept Mapping: Connecting Educators: Proceedings of the Third International Conference on Concept Mapping / ed. by A.J. Cañas, P. Reiska, M. Åhlberg, J.D. Novak. – Tallinn; Estonia; Finland; Helsinki, 2008. - Vol. 1. - P. 60-67.

160 Larrivee B. Meeting the Challenge of Preparing Reflective Practitioners // The New Educator. – 2008. – Vol. 4, №2. – P. 87–106.

161 Методы системного педагогического исследования / под ред. Н.В.Кузьминой. – М.: Народное образование, 2002. – 208 с.

162 Кенжеғалиев Қ. Педагогикалық зерттеулерде математикалық статистика әдістерін қолдану: оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2015. - 168 б.

163 Шарипов Ф.Ф. Педагогические условия использования информационно-коммуникационных технологий в учебно-воспитательном

процессе вуза // Вестник Педагогического университета. - 2013. - №2(51). - С. 146-149.

164 Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход: методическое пособие. – М.: Высшая школа, 1991. – 207 с.

165 Киселева Л.С. Инноватика в научно-педагогической деятельности: учебное пособие. – М.: Проспект, 2017. – 144 с.

166 Кожевникова А.А. Лекция-визуализация в учебном процессе // Язык. Культура. Коммуникации. – 2015. – №1. – С. 28-46.

167 Сластенин А.С. Педагогика. – М.: Академия, 2013. – 576 с.

168 М.В.Ретивых Инновационный подход к проектированию и проведению лекционных и семинарских занятий в вузе. - https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsionnyy-podhod-k-proektirovaniyu-i-provedeniyu-lektsionnyh-i-seminarskih-zanyatiy-v-vuze/viewer 13.08.2025.

169 Руденко И.В. и др. Образовательные технологии в вузе. - Тольятти: ТГУ, 2011. – 288 с.

170 Гуламова М.Б., Шарипова Ш.Ш., Шодмонов Ф.К. Виртуальные лаборатории - проблема обучения сегодняшнего дня // Вопросы науки и образования. - 2017. - №5(6). - С. 111-112.

171 Бережнова Е.В. Основы учебно-исследовательской деятельности студентов. – М.: Просвещение, 2006. - 201 с.

172 Нисензон Рубен. Комплексные лабораторные работы как инновационная форма обучения в колледжах ОРТа: дис. ... канд. пед. наук. - Екатеринбург,1998. – 136 с.

173 Рисование песком для начинающих. https://www.youtube.com/watch?v=dKx12lLt5Pg 12.09.2025.

174 Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроках. – М.: Госучпедизд, 1961. – 240 с.

175 Лернер И.Я. Проблемное обучение. – М.: Знание, 1974. – 64 с.

176 Махмутов М.И. Проблемное обучение. – М.: Педагогика, 1975. - 368 с.

177 Сериков Г.Н. Самообразование: совершенствование подготовки студентов. - Иркутск, 1992. - 227 с.

178 Юшко Г.Н. Организация СРС в кредитно-рейтинговой системе. Министерство образования и науки Российской Федерации. Федеральное гос. автономное образовательное учреждение высш. проф. образования "Южный федеральный университет". - Ростов-на-Дону: Издательство Южного Федерального университета, 2011. - 194 с.

179 «Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік орталығы» https://kazmuseum.kz/ 17.04.2025.

180 The Museum of Modern Art (MoMA). Art & Activity: Interactive Strategies for Engaging with Art. – Coursera, 2025 https://www.coursera.org/learn/art-activity 20.10.2026.

ҚОСЫМША А

Р.М. Райан және әріптестерінің «Ішкі мотивация сауалнамасындағы» «Қызығушылық» шкаласының бейімделген нұсқасы

Мақсаты: болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылығының қалыптасу деңгейін анықтау.

Әдістеменің сипаттамасы. Ішкі мотивация сауалнама - нақты әрекетті орындау кезіндегі адамның субъективті тәжірибесін бағалауға арналған көпөлшемді диагностикалық құрал. Оның құрамындағы «Қызығушылық» шкаласы адамның белгілі бір әрекетке қызығушылығы мен сол әрекетті орындаудан алатын жағымды әсерін анықтайды және «Ішкі мотивация сауалнамасындағы» құрылымында ішкі мотивацияның тікелей өзіндік есептік көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Зерттеу мақсатына сәйкес аталған шкаланың мазмұны арт-технологияларды болашақ бастауыш білім педагогінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінде қолдану жағдайына бейімделді. Түпнұсқа шкаладағыдай 7 тұжырым және 7 балдық бағалау жүйесі сақталды. Тұжырымдар сөзбе-сөз көшірілмей, зерттеу нысанына сәйкес мазмұндық тұрғыдан бейімделді. «Ішкі мотивация сауалнамасындағы» авторлары мұндай бейімдеуге жол беретінін атап көрсетеді.

Студентке арналған нұсқаулық. Сізге арт-технологияларды педагогикалық және шығармашылық іс-әрекетте қолдануға қатысты бірнеше пікір ұсынылады. Әр тұжырымды мұқият оқып, оның өз ойыңыз бен сезіміңізге қаншалықты сәйкес келетінін 1-ден 7-ге дейінгі балмен бағалаңыз.

1 балл – мүлдем сәйкес келмейді;
2 балл – сәйкес келмейді;
3 балл – көбіне сәйкес келмейді;
4 балл – нақты айта алмаймын;
5 балл – көбіне сәйкес келеді;
6 балл – сәйкес келеді;
7 балл – толық сәйкес келеді.

Сауалнама тұжырымдары

1. Арт-технологияларды пайдаланып педагогикалық тапсырмаларды орындау менің қызығушылығымды тудырады.
2. Арт-технологияларды бастауыш білім беру үдерісінде қолданып көру маған ұнайды.
3. Арт-технологиялар қолданылатын тапсырмаларды орындау мен үшін жалықтыратын әрекет болып көрінеді.
4. Арт-технологиялармен жұмыс жасағанда оған ұзақ уақыт назар аудару маған қиын.
5. Арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдану тәсілдері мені қызықтырады.
6. Арт-технологиялар негізінде сабақ немесе шығармашылық тапсырма әзірлеу маған жағымды әсер береді.

7. Арт-технологияларды қолданумен байланысты педагогикалық әрекетке ықыласпен қатысамын.

Нәтижелерді өңдеу: 1, 2, 5, 6 және 7-тұжырымдар тікелей бағаланады. Студент белгілеген балл өзгеріссіз есепке алынады.

3 және 4-тұжырымдар кері мазмұнда берілген. Сондықтан олардың нәтижелері кері есептеледі: 1 балл – 7 балл; ... 7 балл – 1 балл.

Нәтиже 1,00-ден 7,00 балға дейінгі аралықта болады. Көрсеткіш жоғарылаған сайын студенттің арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға қызығушылығы жоғары деп қарастырылады.

Зерттеуде қабылданған жоғары, орта және төмен үш деңгейлік жүйеге сәйкестендіру мақсатында нәтижелер келесі аралықтарға бөлінеді:

5-7 балл – жоғары деңгей: Студент арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық әрекетке қолдануға тұрақты қызығушылық танытады. Арт-технологиялар негізіндегі тапсырмаларға ықыласпен қатысады, оларды сабақ барысында қолдануды жағымды қабылдайды және шығармашылық-педагогикалық әрекетке белсенді араласады.

3,1-5 балл – орта деңгей: Студенттің арт-технологияларды қолдануға қызығушылығы байқалғанымен, тұрақты сипатта көрінбейді. Оның белсенділігі тапсырманың мазмұнына, ұйымдастырылуына немесе нақты педагогикалық жағдайға тәуелді болады.

1-3 балл – төмен деңгей: Студенттің арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға қызығушылығы жеткіліксіз. Арт-технологиялар негізіндегі әрекеттерге қатысу белсенділігі төмен, оларды қолдануға деген жағымды эмоционалдық қатынасы әлсіз байқалады.

Әдістеме нәтижесінде студенттің арт-технологияларды қолдануға:

- эмоционалдық жағымды қатынасы;
- практикалық әрекетке қызығушылығы;
- арт-технологиялық тапсырмаларға зейін қоюы;
- оларды педагогикалық іс-әрекетте қолдануға ықыласы анықталады.

Осы белгілердің жиынтығы аксиологиялық-мотивациялық компоненттің «арт-технологияларды кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте қолдануға деген қызығушылығы» көрсеткішінің қалыптасу деңгейін сипаттайды.

ҚОСЫМША Ә

Арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынтаны анықтауға арналған авторлық сауалнама

Мақсаты: болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологияларды меңгеруге, шығармашылық іс-әрекетте қолдануға деген ынтасының қалыптасу деңгейін анықтау.

Нұсқаулық: Төменде арт-технологияларды меңгеру және оларды болашақ кәсіби іс-әрекетте пайдалану туралы тұжырымдар берілген. Әр тұжырымды мұқият оқып, өз көзқарасыңыз бен іс-әрекетіңізге қаншалықты сәйкес келетінін белгілеңіз. Дұрыс немесе қате жауап жоқ. Шынайы пікіріңізді көрсетуге тырысыңыз.

Жауап нұсқалары:

4 – толық келісемін;

3 – келісемін;

2 – нақты айта алмаймын;

1 – келіспеймін.

Сауалнама мақмұны

Кесте Ә.1 – Арт-технологияларды меңгеру және оларды болашақ кәсіби іс-әрекетте пайдалану туралы тұжырымдар

Тұжырымдар	Толық келісемін	Келі семін	Нақты айта алмаймын	Келіс пеймін
1	2	3	4	5
Арт-технологиялардың жаңа әдістері мен тәсілдерін меңгеруге талпынамын.				
Арт-технологияларды болашақ педагогикалық іс-әрекетімде қолдану үшін оларды тереңірек үйренуге дайынмын.				
Арт-технологияларды меңгеру үшін оқу тапсырмаларынан тыс қосымша ақпарат пен материалдарды өздігінен іздеймін.				
Жаңа арт-технологиямен танысқанда оны практикалық әрекетте қолданып көруге ұмтыламын.				
Арт-технологияларды меңгеру барысында қиындық кездессе де, жұмысты жалғастыруға күш саламын.				
Өзіме таныс емес арт-технологияларды меңгеруге қосымша уақыт бөлуге дайынмын.				
Шығармашылық тапсырмаларды орындауда арт-технологиялардың әртүрлі тәсілдерін өз бетімше байқап көруге ұмтыламын.				

Ә.1 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде арт-технологияларды кәсіби тәжірибеме енгізудің жолдарын іздеуге талпынамын.				
Арт-технологияларды тек оқу тапсырмасын орындау қажет болған жағдайда ғана меңгеруге тырысамын.				
Арт-технологияларды қолданудың жаңа мүмкіндіктерін өздігінен іздеп, кәсіби тәжірибемді жетілдіруге ұмтыламын.				

Нәтижелерді өңдеу тәртібі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 10-тұжырымдар тікелей бағаланады: «толық келісемін» – 4 балл; «келісемін» – 3 балл; «нақты айта алмаймын» – 2 балл; «келіспеймін» –1 балл.

9-тұжырым кері мазмұнды, сондықтан балл кері есептеледі: «толық келісемін» – 1 балл; «келісемін» – 2 балл; «нақты айта алмаймын» – 3 балл; «келіспеймін» – 4 балл.

Барлық жауаптар бойынша алынған балдар қосылады.

Ең төменгі балл – 1, ең жоғары балл – 40.

Нәтижелерді интерпретациялау:

Жоғары деңгей (31-40 балл) – студент арт-технологияларды меңгеруге тұрақты ынта танытады; жаңа әдістерді өздігінен іздеуге, қосымша күш пен уақыт жұмсауға, оларды шығармашылық және кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте тәжірибеден өткізуге ұмтылады. Қиындықтар оның әрекетін тоқтатпайды, кәсіби тәжірибесіне арт-технологияларды енгізуге бастамашылық танытады.Орта деңгей (21-30 балл) – студенттің арт-технологияларды меңгеруге және қолдануға ынтасы бар, бірақ ол тұрақты емес. Көбіне оқу тапсырмасы немесе сыртқы жағдайлар әсер еткен кезде белсенділік танытады. Өздігінен ізденуі мен жаңа тәсілдерді тәжірибеде қолдануға ұмтылысы жағдаятқа байланысты байқалады.Төмен деңгей (10-20 балл) – Арт-технологияларды меңгеруге талпынысы әлсіз; қосымша ізденуге, уақыт пен күш жұмсауға, жаңа тәсілдерді өздігінен қолданып көруге ынтасы жеткіліксіз. Арт-технологияларды негізінен міндетті оқу тапсырмаларын орындау шеңберінде ғана қолдануға бейім.

Сауалнама нәтижесінде студенттің:

- арт-технологияларды меңгеруге талпынысы;
- оларды өздігінен үйренуге дайындығы;
- қосымша ізденуге және күш жұмсауға ұмтылысы;
- арт-технологияларды шығармашылық тапсырмаларда қолдануға бастамашылдығы;
- оларды болашақ кәсіби-педагогикалық тәжірибесіне енгізуге ниеті жиынтық түрде бағаланады.

Осы көрсеткіштердің жиынтығы студенттің арт-технологияларды меңгеруге және шығармашылық іс-әрекетте пайдалануға деген ынтасының қалыптасу деңгейін сипаттайды.

ҚОСЫМША Б

Н.Л. Миллер мен А.Дж. Каньястың ұғымдық картаны семантикалық бағалау әдістемесінің бейімделген нұсқасы

Мақсаты: болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологиялардың мәні, түрлері, өзара байланысы және педагогикалық мүмкіндіктері туралы түсінігінің қалыптасу деңгейін анықтау.

Студентке берілетін нұсқаулық: Сізге «Арт-технологиялар» тақырыбында ұғымдық карта құрастыру ұсынылады.

Орталық ұғым ретінде «Арт-технологиялар» ұғымын орналастырыңыз. Онымен байланысты негізгі ұғымдарды анықтап, олардың арасындағы мағыналық байланыстарды көрсетіңіз.

Ұғымдық картада:

- арт-технологиялардың мәнін;
- негізгі түрлерін;
- педагогикалық мүмкіндіктерін;
- бастауыш білім беру үдерісіндегі қолданылуын;
- арт-технологиялардың оқушының дамуына ықпалын өз түсінігіңізге сәйкес көрсетіңіз.

Ұғымдарды жеке сөздер немесе қысқа сөз тіркестері түрінде беріп, олардың арасын бағыттаушы сызықтармен байланыстырыңыз. Әр байланыстың мағынасын түсіндіретін байланыстырушы сөздер немесе сөз тіркестерін жазыңыз.

Орындау уақыты: 20-25 минут.

Негізгі тапсырма.

Бағыттаушы сұрақ: «Арт-технологиялардың мәні неде және олар бастауыш білім беру үдерісінде қандай педагогикалық мүмкіндіктерге ие?»

Студентке алдын ала дайын ұғымдар тізімі берілмейді. Бұл оның арт-технологиялар туралы қалыптасқан түсінігін өздігінен құрылымдауына мүмкіндік береді.

Кесте Б.1 – Зерттеушіге арналған бағалау кілті

Бағалау критерийі	Балл	Зерттеуіңізге бейімделген сипаттамасы
1	2	3
Ұғымдардың өзектілігі мен толықтығы	0-3	Арт-технологиялардың мәні, түрлері және педагогикалық мүмкіндіктерін сипаттайтын негізгі ұғымдардың қамтылуы бағаланады.
Ұғымдар арасындағы мағыналық байланыстардың дұрыстығы	0-2	«ұғым - байланыстырушы сөз - ұғым» құрылымындағы байланыстардың мағыналық тұтастығы бағаланады.
Қате тұжырымдардың болуы	0-2	Арт-технологиялардың мәні мен қолданылуына қатысты ғылыми тұрғыдан дұрыс емес байланыстардың болуы бағаланады.

Б.1 - кестенің жалғасы

1	2	3
Динамикалық байланыстар	0-4	Арт-технологиялардың педагогикалық үдеріске және оқушы дамуына қалай ықпал ететінін көрсететін себеп-салдарлық және әрекеттік байланыстар бағаланады.
Тоғыспалы байланыстардың саны мен сапасы	0-5	Картаның әртүрлі тармақтары, мысалы, «түрлері - қолданылуы - педагогикалық мүмкіндігі - нәтижесі» арасындағы негізді байланыстар бағаланады.
Циклдік байланыстардың болуы	0-2	Өзара тәуелді бірнеше ұғымның тұйық мағыналық байланыс құрауы бағаланады.
Жалпы балл	0-18	

1-критерий. Ұғымдардың өзектілігі мен толықтығы - 0-3 балл

0 балл – картада арт-технологияға қатысты өте аз ұғым берілген; ұғымдардың көпшілігі тақырыптың мәнін ашпайды немесе мағыналық жағынан нақты емес.

1 балл – негізгі ұғымдардың бір бөлігі дұрыс берілгенімен, арт-технологиялардың мәнін, түрлерін немесе педагогикалық мүмкіндіктерін сипаттайтын маңызды ұғымдардың көбі қамтылмаған.

2 балл – негізгі ұғымдардың басым бөлігі дұрыс және тақырыпқа сәйкес, бірақ жекелеген маңызды ұғымдар немесе байланыстар жетіспейді.

3 балл – арт-технологиялардың мәнін, түрлерін және педагогикалық мүмкіндіктерін ашатын негізгі ұғымдар толық әрі тақырыпқа сәйкес берілген.

Бағалау кезінде зерттеуші студенттің мына мазмұндық бағыттарды түсінуіне назар аударады: арт-технология → түрлері → педагогикалық мақсат → қолдану әдістері → шығармашылық әрекет → оқушының дамуы → педагогикалық нәтиже.

Бұл ұғымдар студентке алдын ала көрсетілмейді.

2-критерий. Мағыналық байланыстардың дұрыстығы - 0-2 балл

0 балл – ұғымдар арасындағы байланыстардың көпшілігі түсініксіз немесе мағыналық тұтастық құрмайды.

1 балл – ұғымдардың бір бөлігі дұрыс байланыстырылған, бірақ кейбір байланыстар толық ашылмаған.

2 балл – барлық немесе басым көпшілік байланыстар логикалық және мағыналық тұрғыдан дұрыс құрылған.

3-критерий. Қате тұжырымдардың болуы – 0-2 балл

0 балл – 2-ден көп мазмұндық қате бар.

1 балл – 1-2 қате тұжырым бар.

2 балл – қате тұжырымдар жоқ.

4-критерий. Динамикалық және себеп-салдарлық байланыстар - 0-4 балл

0 балл – тек сипаттамалық байланыстар берілген.

1 балл – әрекетті білдіретін байланыстар кездеседі, бірақ себеп-салдарлық байланыс ашылмаған.

2 балл – 1-2 себеп-салдарлық байланыс анық көрсетілген.

3 балл – 2-ден көп негізді себеп-салдарлық байланыс берілген.

4 балл – арт-технологияның белгілі бір педагогикалық әсерінің өзгеріске немесе нәтижеге қалай әкелетінін көрсететін күрделі динамикалық байланыстар құрылған.

5-критерий. Тоғыспалы байланыстардың саны мен сапасы – 0-5 балл

0 балл – берілген тоғыспалы байланыстар қате.

1 балл – тоғыспалы байланыстар жоқ.

2 балл – байланыстар бар, бірақ олардың тақырыпты түсіндірудегі маңызы төмен.

3 балл – 1-2 дұрыс әрі маңызды тоғыспалы байланыс бар.

4 балл – 2-ден көп дұрыс және маңызды тоғыспалы байланыс бар, бірақ кейбір қажетті байланыстар көрсетілмеген.

5 балл – 2-ден көп дұрыс, маңызды және мазмұнды тоғыспалы байланыс бар, негізгі мағыналық байланыстар толық қамтылған.

6-критерий. Циклдік байланыс – 0-2 балл

0 балл – циклдік байланыс жоқ.

1 балл – циклдік байланыс бар, бірақ оның кейбір бөліктері мағыналық жағынан толық құрылмаған.

2 балл – кемінде бір толық әрі дұрыс құрылған циклдік байланыс бар.

Ең жоғары нәтиже – 18 балл.

Кесте Б.2

Жалпы балл	Деңгей	Сипаттамасы
12-18 балл	Жоғары	Арт-технологиялардың мәнін, түрлерін және педагогикалық мүмкіндіктерін жүйелі түсінеді; ұғымдар арасындағы мазмұндық және себеп-салдарлық байланыстарды дұрыс анықтайды.
9-11 балл	Орта	Негізгі ұғымдарды түсінеді, бірақ олардың арасындағы байланыстарды толық жүйелей алмайды; жекелеген мазмұндық байланыстар жеткіліксіз.
1-8 балл	Төмен	Арт-технологиялар туралы түсінігі үзік; негізгі ұғымдарды ажыратуда және олардың педагогикалық мүмкіндіктері арасындағы байланысты анықтауда қиындық байқалады.
0 балл	Бағаланбайды	Ұғымдық карта семантикалық бағалауға қажетті ең төменгі талаптарға сәйкес келмейді.

ҚОСЫМША В

Б. Ларривидің «Рефлексивтік практиканы бағалау» әдістемесінің бейімделген нұсқасы

Мақсаты: болашақ бастауыш білім педагогтерінің арт-технологияларды қолдану нәтижелерін талдау, өзінің педагогикалық әрекетін бағалау және анықталған кемшіліктерге сәйкес әрекетіне түзету енгізу білігінің қалыптасу деңгейін анықтау.

Б. Ларриви рефлексивтік практиканың төрт деңгейін ажыратады: рефлексияға дейінгі, үстірт, педагогикалық және сыни рефлексия. Педагогикалық рефлексия деңгейінде мұғалім өзінің қолданған әдісінің оқушы нәтижесіне қалай әсер еткенін талдайды, өз тәжірибесін сындарлы тұрғыдан бағалайды, балама жолдарды іздейді және алынған нәтижеге сүйене отырып әрекетін өзгертеді.

Осы ерекшеліктер ескеріліп, әдістеме зерттеу мақсатына сәйкес арт-технологияларды қолдану жағдайына бейімделді.

Өткізу тәртібі. Әдістеме студент арт-технология қолданылатын сабақ фрагментін, шығармашылық тапсырманы немесе педагогикалық жағдаятты орындағаннан кейін жүргізіледі.

Студент алдымен өзінің әрекетін бағалайды. Соңғы кезеңде студент рефлексивтік талдау жасап, әрекетіне енгізетін өзгерістерді көрсетеді.

Студентке арналған нұсқаулық: Өзіңіз әзірлеген немесе өткізген арт-технологияға негізделген сабақ фрагментін еске түсіріңіз. Төмендегі әр тұжырымның сіздің әрекетіңізге қаншалықты сәйкес келетінін белгілеңіз.

Жауап беру кезінде өзіңіз қалаған нәтижеге емес, нақты орындаған әрекетіңізге сүйеніңіз.

Бағалау шкаласы:

5 балл – толық сәйкес келеді;

4 балл – көбіне сәйкес келеді;

3 балл – ішінара сәйкес келеді;

2 балл – көбіне сәйкес келмейді;

1 балл – мүлдем сәйкес келмейді.

Диагностикалық тұжырымдар

1. Арт-технологияны қолданғаннан кейін жоспарланған нәтиже мен нақты алынған нәтижені салыстыра аламын.

2. Оқушылардың әрекеті мен нәтижесіне қарап, қолданған арт-технологиямның қаншалықты тиімді болғанын анықтай аламын.

3. Сабақ барысында сәтті болған және қиындық туғызған әрекеттердің себептерін ажыратып талдай аламын.

4. Тапсырма жоспар бойынша орындалса, оны қайта талдаудың қажеті жоқ деп есептеймін.

5. Таңдаған арт-технологияның оқу мақсатына қаншалықты сәйкес келгеніне өзім баға бере аламын.

6. Өз әрекетімнің күшті және жетілдіруді қажет ететін тұстарын нақты анықтай аламын.

7. Өз жұмысымды бағалағанда тек соңғы шығармашылық өнімге емес, оған жету барысына да назар аударамын.

8. Арт-технологияның тиімділігін негізінен жасалған жұмыстың сыртқы әдемілігіне қарап бағалаймын.

9. Оқушылар күткен нәтижеге жете алмаса, оған әсер еткен өз әрекетімді қайта қарастырамын.

10. Қолданылған арт-технология жеткілікті нәтиже бермеген жағдайда оның орнына басқа тәсілді немесе жұмыс формасын ұсына аламын.

11. Алдыңғы тәжірибеде анықталған кемшіліктерді келесі сабақты жоспарлағанда ескеріп, әрекетіме өзгеріс енгіземін.

12. Бұрын таңдаған арт-технологиям нәтиже бермесе де, оны өзгертпей сол күйінде қолданған дұрыс деп есептеймін.

Бұл тұжырымдар Б. Ларриви сипаттаған педагогикалық рефлексияның негізгі белгілеріне – оқыту әрекеті мен оқушы нәтижесінің байланысын талдау, өз тәжірибесін конструктивті бағалау, балама тәсілдерді қарастыру және оқушы нәтижесіне қарай әдісін өзгертуге сүйеніп арт-технология мазмұнына бейімделіп құрастырылды.

Жауаптарды өңдеу кілті

1, 2, 3, 5, 6, 7, 9, 10 және 11-тұжырымдар тікелей бағаланады:

5 – 5 балл;

4 – 4 балл;

3 – 3 балл;

2 – 2 балл;

1 – 1 балл.

4, 8 және 12-тұжырымдар кері мазмұнда берілген. Сондықтан олардың балдары кері есептеледі:

5 жауабы – 1 балл;

4 – 2 балл;

3 – 3 балл;

2 – 4 балл;

1 – 5 балл.

Кері мазмұндағы тұжырымдар студенттің барлық пікірмен ойланбастан келісу ықтималдығын азайту үшін енгізілді.

Барлық 12 тұжырым бойынша ең төменгі көрсеткіш – 12 балл, ең жоғары көрсеткіш – 60 балл.

Сонымен қатар нәтижені үш мазмұндық бағыт бойынша жеке қарастыруға болады.

1-4-тұжырымдар – нәтижені талдау білігі: студенттің жоспарланған және нақты нәтижені салыстыруы, қолданған тәсілінің салдарын анықтауы және себеп-салдарлық байланысты көре алуы бағаланады.

5-8-тұжырымдар – өз әрекетін бағалау білігі: арт-технологияның оқу мақсатына сәйкестігін, өзінің күшті және әлсіз әрекеттерін, шығармашылық

өнімнің ғана емес, жұмыс үдерісінің де нәтижесін бағалауы анықталады.

9-12-тұжырымдар – әрекетке түзету енгізу білігі: студенттің нәтиже жеткіліксіз болған жағдайда өз әрекетін қайта қарауы, балама тәсіл ұсынуы және келесі іс-әрекетіне нақты өзгеріс енгізуі бағаланады.

Әр бөлік бойынша ең жоғары көрсеткіш – 20 балл.

Рефлексивтік тапсырма: Сауалнамадан кейін студентке өзінің орындаған жұмысына қайта оралып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беру ұсынылады.

1. Арт-технологияны қолданғанда қандай нәтижеге жетуді жоспарладыңыз?

2. Алынған нәтиже бастапқы мақсатыңызға сәйкес келді ме? Оны қандай нақты белгілер арқылы анықтадыңыз?

3. Сіздің қай әрекетіңіз нәтижелі болды? Неліктен?

4. Қай әрекетіңіз күткен нәтиже бермеді? Оның себебін неден көресіз?

5. Осы жұмысты қайта орындау мүмкіндігі берілсе, нені өзгертер едіңіз?

6. Енгізетін өзгерісіңіз нәтижені қалай жақсартады? Нақты түсіндіріңіз.

Бұл бөлімде студенттің «сабақ жақсы өтті» немесе «тапсырма ұнады» деген жалпы пікірінен гөрі, нақты әрекет – нақты нәтиже – себеп – өзгеріс байланысын көрсетуі маңызды.

Әрекетті түзету парағы

Рефлексивтік талдаудан кейін студент төмендегі төрт тармақты толтырады:

Менің жұмысымда нәтижелі болған әрекет: _____

Жетілдіруді қажет ететін әрекет:_____

Оның себебі:_____

Келесі жолы енгізетін нақты өзгерісім:_____

Бұл өзгерістен күтетін нәтижем:_____

Оқытушы немесе сарапшыға арналған бағалау

Студент толтырған 12 тұжырымды оқытушы да студенттің нақты сабақ жоспары, өткізген фрагменті, шығармашылық тапсырмасы және рефлексивтік жауабы негізінде 1-5 балл аралығында бағалайды.

Бұл жерде студенттің өзіндік бағасы мен оқытушы бағасының толық сәйкес келуі міндетті емес. Екі көрсеткіш арасындағы айырмашылық та студенттің өзінің кәсіби әрекетін қаншалықты дәл бағалай алатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Деңгейлер:

45-60 балл – жоғары деңгей: студент арт-технологияны қолдануда өзінің әрекеті мен оқушы нәтижесінің арасындағы байланысты нақты талдайды. Қолданған тәсілінің тиімді және әлсіз жақтарын дәлелді бағалайды. Нәтиже жеткіліксіз болған жағдайда оның себептерін анықтап, балама шешім ұсынады және келесі әрекетіне нақты түзету енгізе алады. Өз пікірін орындалған жұмыс пен алынған нәтижеге сүйеніп негіздейді.

28-44 балл – орта деңгей: студент арт-технологияны қолдану нәтижесін жалпы талдай алады, сәтті және сәтсіз тұстарын ажыратады. Алайда олардың себептерін түсіндіруі әрдайым толық емес. Өз әрекетін бағалауда жекелеген дәлелдер келтіреді, бірақ ұсынылған түзетулер көбіне жалпы сипатта болады немесе нақты педагогикалық әрекетпен жеткілікті байланыстырылмайды.

12-27 балл – төмен деңгей: студент негізінен орындалған әрекетті сипаттаумен шектеледі. Қолданылған арт-технология мен алынған нәтиже арасындағы байланысты анықтауда қиындық байқалады. Өз әрекетіне объективті баға беруі жеткіліксіз, нәтиженің төмен болу себептерін көбіне сыртқы жағдайлармен байланыстырады. Әрекетіне түзету енгізу жолдарын нақты көрсете алмайды немесе бұрынғы тәсілді өзгеріссіз қайталауға бейім болады.

«БЕКІТЕМІН»
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Академиялық қызмет жөніндегі
проректоры
_____ Б.М.Нарбекова
«22» _____ 2024 ж.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу туралы АКТ

2022-2024 оқу жылында 8D01301–Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының PhD докторант Сихаева Акгуль Мейрхановнаның «АРТ– технологиялары негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аясында жүргізілген зерттеу нәтижелері (тәжірибелік-эксперимент жұмыстары «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ, Педагогика және психология факультетінің, 6В01303 - Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен білім беру бағдарламасының 3-курс (4 жылдық), 6В01303 - Бастауыш білім бизнес инновациямен білім беру бағдарламасының 3-курс (4 жылдық), қазақ бөлімі студенттерімен аудиториядан тыс сабақтар «АРТ-Клуб» жұмысында және студенттердің жеке тұлғасын дамытуға байланысты арнайы құрылған «Арт-педагогикалық жұмыс жоспары» бойынша жұмыстар жүргізіліп, 105 білім алушы қатысты.

Осы акт Сихаева А.М. әзірлеген ЖОО студенттеріне арналған «АРТ–технологиялары негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы докторлық зерттеу жұмысының тәжірибелік-экспериментті 2022-2024 оқу жылында жүргізілгенін растайды.

Бастауыш білім беру
кафедрасының меңгерушісі **А.Е.Жумабаева**

Педагогика және психология
факультетінің деканы **Ғ.А.Абаева**